АВИЗОВА А.Қ.

# АРХЕОЛОГИЯ

## ОҚУ ҚҰРАЛЫ

**5В0419 – «Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтары студенттері үшін**

ЭВЕРО
Алматы, 2018

[redacted]

**ӘОЖ 902 (075.8)**
**КБЖ 63.4. я 7**
**А 18**

*ҚР БҒМ Республикалық Кеңестің М.Әуезов атындағы ОҚМУ-і жинағындағы кәсіптік білім, өнер, қызмет көрсету мамандығы бойынша Оқу-әдістемелік секция баспаға ұсынған.*

**Пікір жазғандар:**
**Байтанаев Б.Ә.** - тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Археология институты
**Жолдасов С.Ж.** - тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ә.Марғұлан атындағы Археология институты
**Кукеева М.К.** педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ә.Марғұлан атындағы Археология институты

**Авизова А.Қ.**
**А 18 Археология:** Оқу құралы/ А.Қ. Авизова. – Алматы: Эверо, 2018. – 224 бет.

**ISBN 978-601-310-121-7**

Оқу құралында археологиялық зерттеудің ұстанымдары мен әдістері, зерттеу үдерісі және археологияның тарих ғылым ретіндегі маңызы көрсетілген. Кітапта сонымен қатар Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы мәліметтер жиналып, баяндалған. Басылым археологиялық дәуірлер, мәдениеттер, ескерткіштер және артефактілер туралы қажетті мәліметтер беретін археологиялық терминдер сөздігімен және суреттермен жабдықталған.

Хаттама №5 «12» 06 2012 ж.

**ӘОЖ 902 (075.8)**
**КБЖ 63.4. я 7**

**ISBN 978-601-310-121-7**

© Авизова А.Қ., 2018
© Эверо, 2018

# АЛҒЫ СӨЗ

«Археология» айтарлықтай күрделі пән болып табылады және деректер мен арнайы әдебиеттің бай қорын меңгеру студенттерде біраз қиындықтар туғызады. Осы оқу құралы әлемдік және отандық археология ғылымы, оның негізгі мақсаты мен міндеттері туралы жалпы ұғым қалыптастыра отырып, археологияның тарихи үдерістері зерттеудегі танымдық мүмкіндіктері мен тарихи ғылым ретіндегі маңызын ашып көрсетеді және студенттердің археология пәнін жете меңгеруіне жәрдем береді.

Кітапта археология ғылымының іргелі ғылыми түсініктері, археологиялық деректердің түрлері, археологиялық зерттеудің ұстанымдары мен әдістері, зерттеу үдерісі, сонымен қатар еліміздің маңызды археологиялық ескерткіштері туралы мәліметтер баяндалады.

Оқу құралы үш бөлімнен және қосымшалардан тұрады. Бірінші бөлімде археология ғылымының нысаны, оның іргелі ғылыми түсініктері, археологиялық кезеңдеу және хронология туралы баяндалған. Екінші бөлімде археологиялық зерттеу үдерісінің барлаулар, қазба жұмыстары, далалық консервация және реставрация, лабораториялық сараптау, археологиялық материалдарды түсіндіру және археологиялық фактілер бойынша тарихи тұжырымдар жасау сияқты зерттеу сатылары сипатталған. Үшінші бөлімде Қазақстанның алғашқы дәуірі, ежелгі және ортағасырлық археологиялық ескерткіштері туралы негізгі мәліметтер берілген. Кітаптың мәтіні суреттермен толықтырылған.

Археологиялық терминдер сөздігі археологиялық дәуірлер, мәдениеттер, ескерткіштер және артефактілер туралы қажетті мәліметтер береді.

Қосымша бөлімде студенттерге осы пәнді оқып үйренуге көмек көрсететін тест тапсырмалары берілген.

# 1 АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ

## 1.1 Археологияның зерттеу нысаны, мақсаты және міндеттері

Ғалымдардың көпшілігі археологияны біршама кең ғылымдар жүйесінің саласы ретінде қарастырады. Мысалы, британдық мектеп өкілдерінің басым бөлігі археологияны тарихи ғылым деп санаса, американдық археологтар, керісінше, оны антропологияның бір бөлімі деп есептейді. Осыған байланысты көптеген Британия университеттерінде археология тарих факультеттерінің құрамында болса, кейбіреулерінде бөлек археология факультеттері бар. Американың жоғары оқу орындарында археология мамандығы антропология факультеттерінде оқытылады.

Археологияны өзінің зерттеу әдістері мен теориялық ұстанымдарына ие өзіндік ғылым ретінде қарастыратын зерттеушілер де бар. Ғалымдардың арасында археологияны бары жоғы тарихи, антропологиялық, географиялық, өнертанулық және басқа ғылыми зерттеулерде қолданылатын әдістердің жиынтығы (қазбалар, бұйымдарды қайта қалпына келтіру және сипаттау, лабораториялық сараптама) деп қарастыратындары да кездеседі.

### Археологияның зерттеу нысаны

Адамзаттың өткен тарихы туралы біз тарихи деректерді зерттеу арқылы біле аламыз. Олар ауызша, жазбаша және заттай деректерге бөлінеді. Жылнамалар, құжаттар, тарихи, географиялық және әдеби шығармалар, саяхатшылардың күнделіктері, яғни қағазда, папируста, теріде, таста, металда, ағашта және т.б. жазылғандардың барлығы жазба деректер саналады. Ауызша деректерге ауыз әдебиетінің туындылары жатады. Әдетте, артефактілер деп аталатын заттай деректер - еңбек құралдары, үй бұйымдары, қару-жарақтар, теңгелер, киім-кешек, әшекейлер және т.б. жер астында көміліп қалған археологиялық нысандардан қазып алынады.

Археологиялық қазбалар артефактілермен бір қатарда материалдық қалдықтардың басқа түрлерін де, соның ішінде адамдардың сүйек қаңқалары, жануарлардың сүйектері, өсімдіктердің және т.б. қалдықтарын береді. Археологиялық зерттеу үшін зерттеліп жатқан қоғам адамдарының өмірі, олардың өмір

сүрген ортасы туралы мәлімет бере алатын деректердің барлығы да маңызды. Сондықтан археологияның зерттейтін нысандары қатарына тек артефактілер ғана емес, сонымен қатар материалдық қалдықтардың бір бөлімі болып табылатын археозоологиялық, археоботаникалық, палеоантропологиялық, палинологиялық материалдар да кіреді. Қазіргі ғылыми әдебиетте олар экофактілер немесе экологиялық фактілер деп аталады. Ал археология қойған міндеттерді орындауда түрлі сала мамандары: палеонтологтар, палеоботаниктер, топырақтанушылар, геоморфологтар және т.б. қатысады. Археологиялық зерттеулерге жартас суреттері және эпиграфикалық ескерткіштер де тартылады.

Сонымен, өткен заманның тарихи құбылыстарын және үдерістерін түсіндіріп бере алатын барлық материалдық қалдықтар археологияның зерттеу нысаны болып табылады.

## Археологияның мақсаты мен міндеттері

Ескерткіштер және олардан алынған артефактілер мен экофактілерді зерттей отырып, археологтар көптеген ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар ішіндегі археологиялық мәдениеттердің локальдық және аймақтық сабақтастығын қайта орната алады. Сапалы қазба жұмыстары, материалдық қалдықтарды кешенді зерттеу, ең жаңа зерттеу әдістерін қолдану зерттеушіге ежелгі қоғам өмірінің барлық маңызды қырларын (жеке тарихи құбылыстар, адамдардың күнделікті тіршілігі, діни нанымдары, қоғамдық құрылысы және т.б.) суреттеу мүмкіндігін береді. Одан басқа археологиялық зерттеулер тарихи даму үдерісінің іргелі мәселелері болып табылатын адамның пайда болуы (антропогенез), қоғамның даму сатылары (социогенез), тайпалар және халықтардың қалыптасуы (этногенез) мәселелерін де қамтиды.

Түрлі әдістер мен теориялық схемаларды қолдана отырып, археология көне дүние куәлерін түсіндіріп беру, сол заттарды жасаған адамдардың өмірін, әр түрлі дәуірлердегі тарихи құбылыстар мен үдерістерді реконструкциялау міндеттерін орындайды. Яғни археологияның мақсаты «жер астынан» заттарды қазып алу, тіркеу және суреттеу емес, ал олардың негізінде адамзат тарихын зерттеу болып табылады.

Сонымен, басқа тарихи ғылымдар сияқты археологияның да

мақсаты адамзат тарихын реконструкциялау және оның даму заңдылықтарын түсіндіру болып табылады. Олардың айырмашылығы тек зерттеу деректері мен әдістерінде. Әрине археологиялық материалдың ақпараттық мүмкіндіктері белгілі дәрежеде шектелген. Ол, бірінші кезекте, кез-келген материалдық мәдениет бұйымының қоғам мәдениеті жүйесіндегі орнының көп мағыналы болуына, сонымен қатар, археологиялық қалдықтардың бізге дейін жарым-жартылай және өзгерген күйде жетіп келуіне байланысты.

Соған қарамастан археологиялық деректердің, сөзсіз, өткен заманның (ежелгі дәуір болсын, бір шама жақын дәуір болсын) тарихи үдерістерін қайта қалпына келтірудегі маңызы зор. Археологияның арқасында тарихтың хронологиялық аясы кеңейді, ал көптеген аймақтар үшін археологиялық материалдар қазірге дейін тарихты зерттейтін бірден бір негізгі дерек көзі болып табылады.

Археологиялық зерттеудің төменгі хронологиялық шекарасы адамзат тарихының ең алғашқы кезеңін қамтиды. Жақынға дейін археологиялық зерттеулердің жоғарғы уақыттық шекарасы кейінгі орта ғасырлар дәуірі деп саналған. Бірақ Сібір және Солтүстік Америка аборигендерінің бір шама жақын дәуірде қалдырған қоныстарында жүргізілген қазбалар археологиялық зерттеулердің жаңа мүмкіндіктерін көрсетті және оның хронологиялық шеңберін кеңейтті. Америка археологиясындағы бұл бағыт этноархеология деп аталады. Оның ерекшелігі этникалық жақтан белгілі, қазіргі заманға дейін сақталып қалған этнографиялық қоғамдарға тиісті әдеттегі археологиялық зерттеулерден тұрады.

## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Археологиялық зерттеу нысанына анықтама беріңіз.
2. Археологиялық зерттеулер үшін қандай материалдық қалдықтар маңызды?
3. Мәдени қабаттың құрамындағы артефактілерден басқа қалдықтардан қандай мәліметтер алуға болады?
4. Экофактілер дегеніміз не?
5. Археологиялық зерттеулерге басқа қандай ғылым салаларының өкілдері тартылады?

6. Археологиялық зерттеулер үшін жоғары деңгейде жүргізілген қазбалар жеткілікті ме?
7. Антропогенез дегеніміз не?
8. Социогенез дегеніміз не?
9. Этногенез дегеніміз не?
10. Археологияның мақсаты «жер астынан» заттарды қазып алу, тіркеу және суреттеумен шектеле ме?
11. Археологиялық зерттеудің төменгі және жоғарғы хронологиялық шекарасы?
12. Этноархеологияның археологиядан айырмашылығы?

## 1.2. Археология ғылымының зерттеу әдістері мен ұстанымдары

Кез келген ғылым саласында зерттеудің нәтижелері оның зерттеу әдістері мен ұстанымдарының тиімділігіне тікелей байланысты. Археология ғылымы өзінің бір ғасырлық тарихында сан алуан зерттеу әдістері мен теориялық ұстанымдарын жаратты және дамытты. Оның өзіндік далалық (барлау, қазба, тіркеу, құжаттау және т.б.) және лабораториялық (жіктеу, типологиялық, мерзімдеу, салыстыру және т.б.) зерттеу әдістері қалыптасқан. Археологиялық зерттеу барысында баяндау, жүйелеу, тарихи-генетикалық, тарихи - логикалық сияқты тарихи танымның жалпы әдістері және сонымен қатар жаратылыстану ғылымдарының зерттеу әдістері кеңінен пайдаланылады.

Археология тарихында өткен заманды тарихи интерпретациялаудың келесі теориялық ұстанымдары кең қолданылған.

- **Мәдениетті зерттеудің материалистік ұстанымы** қазіргі әлемнің әлеуметтік-мәдени көп келбеттілігінің түпкі себептерін іздеулерге негізделген. Бұл ұстаным бойынша экономикалық жағдай және техноорта қоғам мен оның идеологиясына селективтік қысым көрсетеді. Ол әсіресе археологтер үшін тартымды, өйткені технологияға, экономикаға және қоршаған ортаға айрықша мән береді, ал археологиялық зерттеулер үшін материал ретінде дәл осы мәліметтер сақталып қалады. Материалистік ұстаным Маркс пен Энгельстің ілімімен тығыз байланысты. Марксизм экомикалық қатынастар ортасындағы

қайшылықтарды (әсіресе өндіріс пен айырбастау арасындағы) айрықша атап өтеді, таптық қайшылықтар мен теңсіздікті әлеуметтік мәдени эволюцияның қозғаушы күші деп санайды. Маркс пен Энгельс Л.Г.Морган ұсынған бірсызықты эволюциялық модельді дамудың негізгі моделі ретінде қарастырған болатын.

- **Структуралық (құрылымдық) ұстаным** бойынша мәдениет ақыл-ойдың біртұтас туындысы болып табылатын жалпы символикалық құрылым ретінде қарастырады. Структуралық анализдер адамзат ақылының әмбебап ұстанымдарын ашуы шарт. Бұл ұстаным белгілі француз антропологі Клод Леви-Стростың атымен байланысты. Ол әр түрлі қоғамдардағы барлық адамдардың ойлау құрылымы бірдей деп болжаған. Клод Леви-Строс ойлау бинарлық қарама-қарсылықтарға негізделген деп санайды, яғни біз барлық нәрсені қарама-карсы типтерге бөлеміз - ыстық және суық, піскен және шикі, табиғат және мәдениет. Оның пікірінше мұндай бинарлық қарама-қарсылықтар кез-келген қоғамда табылады және оны талдау жолымен идентификациялауға болады. Структурализм бойынша адамның қайталанушы ойлау операциялары әртүрлі материалдарда көрініс табуы мүмкін. Археологиялық материалда структуралист қайталанушы моделдерді іздейді және оларды сол кездегі адамдардың түйінді ойлау құрылымдарын суреттейді деп санайды. Археологиядағы структуралық ұстанымның өкілдерінің бірі француз археологы Андре Леруа-Гуран болып табылады.
- **Функционалдық ұстанымдар** (функционализм) археологияда ұзақ уақыт басым болып келді. Бұл ұстаным мәдениетті көптеген өзара әсер етуші бөліктерден құралған жүйе ретінде қарастыратын археологтер үшін маңызды.
- **Эволюциялық ұстаным** археологияда XIX ғасырдан бастап танымал. Полилиниялық мәдени эволюцияны қалыптастырушы концепциялар қазіргі заманғы археологиялық зерттеулермен тығыз байланысты. Көне қоғамдардағы өзгерістерді концепцияландыру уақытында пайдалы.
- **Экологиялық ұстанымдар** ежелгі қауымдастықтарды олардың табиғи ортасымен байланысты зерттеуге аса мән береді. Сыртқы ортаға бейімдесу үдерісі ретіндегі мәдениеттің өзгеруі теориясы XX ғ. ортасында пайда болды және Батыстағы процессуальдық археологияның пайда болуында маңызды рөл

ойнады. Ежелгі қоғамдарды олардың қоршаған ортасымен байланыста зерттеу қазіргі заманғы археологияның негізі болып табылады.

Бұл ұстанымдардың барлығы да белгілі дәрежеде бүгінге дейін қолданылып келуде. Көне заманның мәдениетін түсіндіру үшін, әлеуметтік, саяси және мәдени жүйелерді моделдеу үшін ғалымдар басқа да көптеген теорияларды және концепцияларды құрастырады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ғылымдағы зерттеудің нәтижелері неге байланысты?
2. Археологиядағы барлау, қазба, тіркеу, құжаттау зерттеудің қайсы сатысында жүзеге асырылады?
3. Далалық археологияда қандай зерттеу әдістері қолданылады?
4. Лабораториялық зерттеуде қандай әдістер қолданылады?
5. Археологиялық нысандар мен мәдени қабаттардың мерзімін анықтауда қандай әдістер қолданылады?
6. Археология тарихында өткен заманды тарихи түсіндірудің қандай теориялық ұстанымдары кеңінен қолданылған?
7. Мәдениетті зерттеудің материалистік ұстанымы неге негізделген?
8. Клод Леви-Стростың атымен байланысты зерттеу ұстанымы?
9. Структурализм бойынша адамның қайталанушы ойлау операциялары неде көрініс табуы мүмкін?
10. Андре Леруа-Гуран қандай ұстанымның өкілі?
11. Мәдениетті көптеген өзара әсер етуші бөліктерден құралған жүйе ретінде қарастыратын зерттеу ұстанымы?

## 1.3 Археологиялық түсініктер

Кез-келген ғылым сияқты, археологияда өзінің терминологиялық сөздігі мен түсініктер аппаратына ие. Археологияның қазақ тіліндегі бірыңғай терминологиясы әлі күнге дейін толық қалыптаспаған. Кейбір түсініктердің мәнін және мазмұнын нақтылау, олардың жүйелерін құру Қазақстан археологиясының өзекті мәселелерінің қатарына кіреді.

Төменде ғылыми және оқу әдебиеттерінде кең қолданылып жүрген «археологиялық артефакт», «материалдық қалдықтар», «археологиялық дерек», «археологиялық ескерткіш», «мәдени қабат», «археологиялық мәдениет» секілді археологияның іргелі түсініктеріне тоқтап, олардың мазмұнын ашуға тырысамыз.

## Археологиялық артефактілер

Тұрақ жайлар, жерлеу және табыну ғимараттары, еңбек құралдары, үй бұйымдары, қару-жарақтар, теңгелер, кім-кешек, әшекейлер, өнер туындылары және басқа адамдардың қолымен жасалған көне заман құрылыстары мен заттарын немесе өңделген нысандарды археологияда артефактілер (лат. artefaktum - қолдан жасалған) деп атайды. Артефактілер қатарына белгілі бір бұйымдарды даярлау барысында кездейсоқ пайда болған өндіріс қоқыстары мен әдейі алынған даярламалық заттар (немесе даярламалар) да жатады. Мысалы, еңбек құралдарын жасау үшін нуклеустен сындырып алынған отщептер, ұшып түскен тас сынықтары, металды балқыту кезінде қалып қоятын шлак кесектері және т.б.

Артефактілер адамның өмірінде әдетте белгілі бір міндеттерді орындағаны мәлім. Сондықтан олардың белгілі бір айрықша топтары нақты бір тірлік түрімен байланысты пайдаланылған. Мәселен, аңшылық, егіншілік, үй өндірісі, теміршілік, қыш өндірісі және т.б.

Кез-келген артефакт технология туралы немесе өзінің нақты неге қолданылғаны туралы бағалы мәлімет беруі мүмкін. Бірақ одан пайдаланған адамның тіршілігі туралы білу үшін ол артефактінің басқа артефактілермен және ол табылған мәдени қабатпен байланысын орната білу қажет. Ештеңемен байланыстырылмаған пышақ туралы тек оның еңбек құралы болғанынан басқа ештеңе айту мүмкін емес. Егер ол орақ, дән үккіш және өрнекті керамикалық ыдыспен бірге тұрақжай орнынан табылса одан пайдаланған адамның тіршілігі туралы біршама нақтырақ тұжырымдар жасауға болады. Сондықтан да археологияда қазба кезінде барлық заттардың табылған орнын мұқият тіркеп баруға айрықша мән беріледі.

## Материалдық қалдықтар

«Материалдық қалдықтар» ұғымы топырақ астында сақталып қалған адамның тұрмыс тіршілігінің барлық қалдықтарын қамтиды. Олар сан алуан болып, тек адамның «қолымен жасалған» заттар мен нысандарды (еңбекқұралдарынан ғимараттарға дейін) ғана емес, сонымен қатар адамдар мен жануарлардың қаңқаларын, қазба жәндіктердің сүйектерін, ұлу қабыршақтарын, дән қалдықтарын, өсімдіктердің тозаңдарын, ыдыстардың түбінде қатып қалған тамақ тұнбаларын және т.б. өз ішіне алады. Көне замандағы табиғи орта туралы мәлімет беретін геологиялық шөгінділер де материалдық қалдықтар қатарына қосылады.

## Археологиялық деректер.

Археологиялық ескерткіштер мен олардан табылған материалдық қалдықтар өткен заман адамдарының тіршілік іздері сақталып қалған археологиялық дерек көздері болып табылады. Археологиялық деректер жазба немесе этнографиялық деректерге мүлде ұқсамайды.

Біріншіден, археологиялық деректер - бұл өткен заман мәдениетінің қалдықтары. Сондықтан археологиялық нысанға айналған бұйымдардың уақыты мен пайдалану дәстүріндегі ара қашықтық археологиялық деректердің ерекшелігін құрайды. Археологиялық материалдардың (ескерткіштер, артефактілер және т.б.) мазмұнын дұрыс ұғыну, олардан шынайы тарихи мәліметтер алу зерттеушіден айрықша зерттеу ұстанымын талап етеді.

Екіншіден, барлық археологиялық ескерткіштер және көне заттар бізге дейін белгілі бір деңгейде зақымдалған түрде жеткен. Ежелгі заттардың сақталу дәрежесі олардың сыртқы пішіні, шикізаты және қоршаған ортаға байланысты болады. Ағаш пен тері жылдам бұзылады. Бірақ органикалық заттардың да кейбіреулері, мысалы, сүйек едәуір жақсы сақталады. Шикізаттардың арасындағы ең төзімдісі - шақпақ тас. Одан даярланған құралдар жер бетінде немесе жер астында миллиондаған жылдар бойы жатып, тек патинаның пайда болуы немесе мүжілу нәтижесінде шамалы өзгеріске ұшырайды. Патинизация нәтижесінде шақпақ тас құрғайды, беріктігі төмендейді және морт сынғыш болады.

Патинизация шақпақ тасты химиялық жақтан өзгерте отырып, оның сыртқы көрінісін өзгертпейді. Сондықтан еңбек құралдарында жұмыс іздері (жолақтар, сызықтар, жүйектер) сақталып қалады. Олар бойынша еңбек құралдарының атқарған міндеті анықталады. Ағын судың, ығысқан құмның және басқа заттардың әсерінен шақпақ тас құралдарының өткір және үшкір жақтары мүжіледі. Мүжілу оны химиялық жақтан өзгертпей, оның сыртқы көрінісін өзгертеді, жұмыс іздерін өшіреді.

Металдардың төзімділігі әртүрлі - болып келеді. Алтын химиялық қасиетін жоғалтпайды, мыс пен қола химиялық өзгеріске біраз бейім. Ең төзімсіз металл - темір.

Күйдірілген ылайдан жасалған бұйымдардың төзімділігі жоғары болып келеді. Бірақ оның төзімділігі саз балшықтың құрамы мен күйдірудің сапасына байланысты. Құрамында табиғи қоспа немесе органикалық заттардың қоспасы бар балшықтан жасалған керамика өзеннің құмы араластырылған қышқа қарағанда біраз төзімсіз болады. Күйдірілген кірпіш те ұзақ сақталады. Ал күйдірілмеген кірпіш тез қирайды.

Шыны ылғалдың әсерінен біраз күңгірт тартуына қарамастан өте жақсы сақталады. Органикалық заттардан ең жақсы сақталатындары - сүйек пен мүйіз.

Адамның тұрмыс-тіршілігінің заттай қалдықтары зерттеушінің ұстанымдары мен оның ғылыми қызығушылығына байланысты олардың материалдық өмірінің барлық маңызды қырларын сипаттауға мүмкіншілік береді. Алайда көне заман туралы мәліметтер ескерткіштерде дайын күйде сақталмайды, олар археологиялық зерттеу барысында жиналады. Археологиялық ескерткіш немесе археологиялық артефакт зерттеу нысанына айналғаннан соң ғана ғылыми дерекке айналады. Қазба барысында негізгі түп мәліметтер жиналады және зерттеу жұмысының бір бөлімі ретінде тіркеледі. Бұл мәліметтер тек артефактілерді ғана емес, сонымен қатар мәдени қабаттар мен құрылыс ғимараттарының ерекшеліктері, экофактілер және олардың барлығының уақыттық-кеңістіктік байланыстары туралы бақылауларды қамтиды. Қазба кезінде жиналған және тіркелген археологиялық түп мәліметтер өзгермейтін мәліметтер (деректер) ретінде қарастырылады және жазба деректер сияқты оларға да қайта-қайта оралуға болады, оларға сілтемелер жасалады.

Сонымен, археолог көне дүниенің куәлері болған жекелеген археологиялық деректерден мәліметтер жинайды, олардың ортасында әртүрлі байланыс (хронологиялық, кеңістіктік, мәдени және т.б.) орната отырып, ежелгі мәдениет пен қоғамның жалпы бейнесін қалпына келтіруге тырысады. Археологиялық деректерді зерттеліп жатқан дәуірдегі адамдардың нақты іс-әрекетімен байланыстыру үшін археологияда әртүрлі теориялық схемалардан пайдаланады.

## Археологиялық ескерткіштер

Әдетте, ескерткіш деп белгілі бір адамға арнап қойылған мүсін, монумент (белгілі бір оқиғаға немесе тұлғаға естелік ретінде салынған алып сәулеттік нысан немесе мүсін), обелиск (тас белгі) және сол сияқтылар айтылады.

Археологияда өткен замандағы адамдардың тіршілік іздері сақталып қалған құрылыс нысандарының кез-келген қалдықтары (еңбек құралдарының кішігірім жиынтығы шоғырланған тұрақтардан бастап үлкен қалалардың қирандыларына дейін), сонымен қатар бір кездері адамның қолымен жасалған немесе өздерінің мақсаттарына бейімдеген көне заттардың өздері де ескерткіштер деп аталады. Археологияда «ескерткіш» түсінігін осылай кең мағынада қарастырудың қалыптасқанына біраз уақыт болды.

Археологиялық ескерткіштер сипаты бойынша әр түрлі. Әдетте оларды екі негізгі түрге бөледі: қоныстар (тұрақтар, үңгірлер, елді мекендер, бекіністі қамалдар, қалажұрттары) және жерлеу орындары (жеке молалар, обалар, қорымдар). Археологиялық ескерткіштердің көпшілігі осы екі түрге жатады, бірақ олармен шектеліп қалмайды. Басқа археологиялық ескерткіштер түріне өндірістік ғимараттар мен рухани өмір ескертікштері кіреді. Олар елді мекендердің шетінде (қолөнер ұстаханалары, ғибадатханалар, табыну орындары) немесе олардың сыртында (тау кендері, тас қопару орындары, суару жүйелері, жолдардың қалдықтары, жартас суреттері, тас мүсіндер және т. б.) орналасуы мүмкін.

**Қоныстар.** Археологияда «қоныс» түсінігі өте кең мағынада - ежелгі адамдардың қоныстанған жеріндегі кез-келген тіршілік қалдықтарын белгілеуде қолданылады. Қайсы дәуірге тиісті екеніне

және құрылу ерекшелігіне байланысты оларды бірнеше түрлерге бөлу мүмкін.

Тұрақтар. Алғашқы адамдардың өмір сүрген және тіршілік еткен орындары әдетте тұрақтар деп аталады. Тұрақтардың арасында мәдени қабатсыз және мәдени қабатқа ие түрлері бар, бірақ, әдетте, бұл ескерткіштерде тұрақжай қалдықтары кездеспейді. Ерте дәуірлер үшін «тұрақ» түсінігі өзінің мазмұнына толығымен сәйкес келеді. Адамдар палеолит дәуірінде ұзақ мерзімді шыдамды тұрақжайлар салуды әлі білмеген. Сондықтан тас ғасыры қоныстарының көпшілігін үңгірлер, мәдени қабаттары бар және ашық түрдегі осындай тұрақтар құрайды. Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі палеолит дәуірінен қалған Селүңгір, Тешік-Таш үңгірлері, Тәңірқазған, Бөріқазған, Уәлиханов атындағы тұрақ, Күлдара, Аманқұтан ескерткіштері, кейінгі палеолит кезеңінің Новоникольск, Шүлбі, Ащысай, Самарқанд, Жебел, Дам-Дам-Чешме, мезолит және неолит дәуірлерінің көп санды ескерткіштері осылар қатарына жатады. Неолит дәуірінің жертөле түріндегі тұрақжайлары бар ескерткіштері де бар (Келтеминар мәдениетінің Жанбас 4 қонысы).

Елді мекендер. Мезолит дәуірінен бастап және әсіресе неолитте ерте егіншілік мәдениеті орталықтарында пахсадан жасалған үйлерден тұратын отырықшы елді мекендер пайда бола бастайды. Алдыңғы Азиядағы Иерихон, Кіші Азиядағы Чаталкүйық, Орта Азияның оңтүстігіндегі Жәйтүн осылар қатарына жатады. Мұндай үлкен елді мекендер Қазақстан аймағында энеолит және қола дәуірлерінде тараған мәдениеттерде белгілі. Олардың арасында Ботай мәдениетінің Ботай қонысы, Андронов мәдениетінің Ақбауыр, Бұғылы, Мыржық елді мекендері бар.

Қала жұрттары. Антикалық қалалардың, бекіністі ежелгі орыс қалаларының, Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық қалаларының қираған қалдықтары археология ғылымында қала жұрттары деп аталады. Қала жұрттарының елді мекендерден басты айырмашылығы оларды қоршап тұрған жалдардың, орлардың, дуалдардың және т.б. фортификациялық құрылыстардың қалдықтары болып табылады.

Түркменистанның оңтүстігінен табылған қола ғасырына тиісті Алтын-депе, Гонур-депе, Тоғылық Орта Азия аймағындағы ең ежелгі қала жұрттарына жатады. қорғаныс дуалдары және орлармен

қоршалған қола дәуірінің қоныстары Арқаим және Кентті де қала жұрттары деп атаса дұрыс болады.

Шірік- Рабат, Баланды, Көк-мардан, Алтын-асар Қазақстандағы ерте темір ғасырының қала жұрттарына жатады.

К.М.Байпақов пен А.Н.Подушкин ұсынған ескерткіштердің типологиялық классификациясына сәйкес Оңтүстік Қазақстан аймағының б.з.д. I – б.з. IVғғ. тиісті қала жұрттары «аланды төбе» (Қараултөбе), «төртбұрышты төбе» (Жататөбе, Құлантөбе), «дөңгелек төбе» (Қостөбе 1), «сопақ төбе» (Алтынтөбе), «екі бөлікті айнала орналасқан рабаты бар қала жұрттары» және «екі бөлікті аморфты рабаты бар қала жұрттары» деп бөлінеді. Орта ғасырлық ескерткіштердің арасында отырықшылық-егіншілік алқаптардың орталықтары болған «үш бөліктен тұратын ірі қала жұрттары» кең тараған (Отырар, Түркістан, Шымкент, Құмкент кәне т.б.). Мұндай қала жұрттары цитадель, шахристан және рабаттан тұрады. Көп жағдайда олар дөңгелек болып келеді. Оңтүстік-Батыс Жетісуда орталық цитадель мен тік бұрышты, бес бұрышты, трапеция тәрізді немесе көп бұрышты болып келген шахристаннан тұратын қала жұрттары жиі кездеседі. Орталық қирандыларға ұзындығы 3-10 шақырымдық ұзын дуалмен қоршалған аймақ жалғасады.

**Жерлеу орындары.** Олар өздерінің құрылысы бойынша және дәуірлері бойынша жіктеледі. Сыртқы көріністері бойынша жерлеу ескерткіштері, әдетте, бір қатар түрлерге бөлінеді. Бұлар – ежелгі кесенелер, обалар, жер асты молалары, дольмендер, склептер және т.б. Ең көп тараған археологиялық ескерткіштерге обалар мен жер бетінде ештеңемен белгіленбеген жер асты молалары жатады.

Жер асты молалары - бұл үстіне топырақ немесе тас үйілмеген жер бетінде ешқандай анық белгілерге ие емес молалар. Олар үңгірлерде мустье дәуірінен бастап пайда бола бастаған (Өзбекстандағы Тешік-таш, Ирактағы Шанидар және т.б.), жоғарғы палеолитте де кездеседі (Сібірдегі Мальта, Сунгир және т.б.) және қола ғасырында кең тараған. Әрине, әуел баста мұндай молалардың басына ағаштан жасалған немесе топырақ үйіндісі түріндегі белгілер қойылған болуы керек. Бірақ олар бізге дейін сақталмаған және оларды іздеп табу оңай емес. Көп жылдық зерттеулер мола үсті құрылыстары сақталмаған зираттардың ежелгі дәуірден қалған елді мекендерге жақын біраз дөңес жерлерде орналасатынын көрсетеді. Олар, әдетте, әртүрлі қазу жұмыстары (су, мұнай, газ

құбырлары үшін траншеялар немесе ауыл шаруашылығы жұмыстары) уақытында, өзеннің су шайып кеткен жарқабағынан және өзеннің бойында қазылған орлар мен шұңқырлардың қапталынан кездейсоқ табылады.

Обалар деп «молалы төбе» мағынасындағы ескерткіштерге айтылады. Олар Евразия кеңістігінде кең тараған және қола, ерте темір ғасыры орта ғасырларға тиісті. Орыс ғылыми әдебиеттерінде олар «курган» яғни қорған деп аталып кеткен. «Қорған» деп қазақ тілінде бекіністі елді мекенді айтады.

Археологияда обалардың өздері сыртқы сипаты бойынша түрлерге жіктеледі. «Тас об алар», «топырақ обалар» «ұзын обалар», «мұртты обалар» және т.б. Ең ежелті обалардың көпшілігінің үйіндісі ауыл шаруашылығы және құрылыс жұмыстары нәтижесінде тегістеліп кеткен. Мұндай ескерткіштерді бір кездері моланың үйіндісінің айналасын қоршап тұрған тас қоршаулар бойынша табуға болады. Скиф және сақ обаларының арасында өте үлкендері кездеседі. Сібірлік Салбық обасы (биіктігі 11 м), скифтердің Солоха обасы (биіктігі 18 м), сақтардың Шілікті «патша обасы», Үлкен Бесшатыр (диаметрі 104 м, биіктігі 17 м), Бірінші Бесшатыр (диаметрі 52 м, биіктігі 7 м) және Есік (диаметрі 60 м, биіктігі 6 м) обалары осылардың қатарына жатады. Олардың кейбіреулері әуел баста тіке қойылған жалпақ немесе шомбал тастармен айнала қоршалған.

Обалар мен молалар жеке түрде сирек кездеседі. Обалар әдетте тізбектеле орналасқан болып келеді, ал кейде топталып немесе ретсіз орналасқандары кездеседі. Жерлеу орындарының мұндай топтары қорымдар деп аталады. Мысалы, Бесшатыр қорымы ( ), Берел қорымы (), Шілікті қорымы (), Жеті оба қорымы және т.б. Бір қорымның ішінде мәдениеттің әр түрлі кезеңдеріне тиісті обалар немесе молалар болуы мүмкін.

Обалардың ерекше түрін «мұртты» обалар құрайды. Мұндай жерлеу кешені әдетте үлкен обадан, оған жапсарлас орналасқан кіші обадан және ұзындығы 20-200 м жететін тастан өрілген жүйектен тұрады.

Тас қоршаулар. Тіке немесе қырынан көмілген, кейде әшейін өрілген үлкен тастардан (жалпақ, кейде шомбал) құрылған тікбұрышты, төртбұрышты, сопақ және дөңгелек құрылыстар тас қоршаулар деп аталады. Жалпақ тастан жасалған тікбұрышты

қоршаулар жәшiктi елестетедi. Мұндай ескерткiштер елiмiзде жиi кездеседi. Олардың ең ежелгiлерi қола ғасырында тарай бастайды.

Кесенелер. Қола ғасырының аяғына тиiстi саз балшықтан салынған кесенелердiң қирандылары әдетте жерлеу орындары кешенiнде кездеседi. Мысалы, Iңкәрдария өзенiнiң тартылып қалған арнасының жағасындағы Тегiскен жерлеу кешенiнде iшкi жағы төртбұрышты өжiре түрiндегi алып дөңгелек кесене және iшiнде төртбұрышты өжiресi және айнала дәлiзi бар алып төртбұрышпы кесене ашылған. Iрi жалпақ тастан жасалған алып кесенелер құрылыстары Беғазы-Дәндiбай мәдениетiне де тән (Беғазы, Дәндiбай, Айбас-Дарасы).

Дольмендер (бретон. Tol - стол, men - тас) - жәшiктердi еске салатын iрi тастардан (2-3 метрлiк) құрастырылған, үстi тегiс жалпақ таспен жабылған үлкен құрылыстар. Олар қола ғасырына тиiстi және Батыс Европаның Атлантикалық жағалауында, Солтүстiк Африкада, Кавказ және Қырымда кездеседi.

Менгирлер (бретон. Men - тас, hir - ұзын) мен кромлехтердi (бретон. krom - домалақ, lech -тас) жерлеу ескерткiштерi деп нақты айту қиын. Менгирлер - биiк (3-4 м) тас бағаналар, кейде нағыстар және суреттермен өрнектелген. Кромлехтер - iрi тастардан салынған қоршаулар. Екеуi де бiршама кең тараған және негiзiнен неолит пен қола дәуiрiне тиiстi. Мұндай ескерткiштер Кавказда, Орта Азияда және Оңтүстiк Сiбiрде белгiлi.

## Мәдени қабат

«Мәдени қабат» - археологияның iргелi түсiнiктерiнiң бiрi. Археологияда мәдени қабат деп адамдардың тiршiлiгi нәтижесiнде тарихи қалыптасқан қабаттардың жүйесiн атайды. Мәдени қабаттың қалыптасуы баяу және күрделi үдерiс және оның барысында қабаттардың шөгуi бiрiздiлiкпен жүзеге аспайды. Әрбiр нақты жағдайда бұл үдерiске бiр-бiрiмен байланысты болмаған көптеген табиғи және механикалық факторлар әсер етiп отырады. Алайда әр түрлi ескерткiштердiң мәдени қабатының қалыптасу заңдылықтары туралы жалпы ұғым беретiн теориялық схемалар құрастыруға болады (Сурет 1). [redacted]

Адамдар бiршама ұзақ уақыт қоныстанған жердiң бастапқы шым қабаты тапталады, тұрақ жайлар, ошақтар, шаруашылық



[redacted]

құрылыстары, қоршаулар салынады, шұңқырлар қазылады. Бірте-бірте қоқыстар жиналады, ескі үйлер қирап, олардың орнына жаңалары құрылады. Тағы да қоқыстар мен құрылыс қалдықтары және т.б. пайда болады. Егер адамдар бірнеше ондаған жылдар бойы мекендеген бұл қонысын тастап көшіп кеткен жағдайда келесі онжылдықтар ішінде жаңбыр, қар және желдің әсерімен құрылыстар қирайды, қонысты шаң-топырақ басып, үстіне шөптер өседі. Тағы бір неше ондаған жылдардан кейін бұрынғы қоныстың қалдықтарын толығымен жауып тастаған жаңа топырақ қабаты қалыптасады. Жоғарыдан санағанда бірінші қабат қазіргі заманғы шым қабат болып табылады. Одан кейін орналасқаны - мәдени қабат, ал мәдени қабаттың астында тапталып қалған бастапқы шым қабаттың қалдықтары сақталып қалуы мүмкін және оның астында әдетте материк деп аталатын табиғи топырақ жатады. Қазба қабырғасында олар көлденең орналасқан ала сызықтар түрінде болады. Олар топырағының құрамы, қалыңдығы және түсі бойынша бір-бірінен айырмашылық қылады, ал мәдени қабат болса мәдени қалдықтарымен - күзе сынықтары, сүйек, күл және көмір қалдықтарының болуымен ерекшеленеді.




**Сурет 1.** Мәдени қабаттың қалыптасу үдерісі: I - мәдени қабаттың пайда болуына дейінгі жер беті; II - жер бетіне тұрғын үй салынған және құдық қазылған, нәтижесінде құрылыс кезінде үйдің төңірегінде қоқыс қабаты (1), құдық қазылған уақытта топырақ үйіндісі пайда болады; III - ғимараттың өмір сүрген кезінде тұрмыстық қоқыстардың қабаты (3) қалыптасады; IV - үй құлағаннан соң оның қирандысы қалады (4), құдық құлаған үйдің қирандысы астында (5) көміліп қалады *(Д.А.Авдусин бойынша)*.

Қоныстар бір қабатты және көпқабатты болуы мүмкін. Әдетте алғашқы дәуір мәдениеттерінің тұрақтары бір қабатты болып келеді. Алайда мәдени қабаттың қалыңдығы мен көп қабаттылығы тек дәуірге байланысты емес. Егер қоныс бір орында көп жылдар бойы тұрса мәдени қабат әлдеқайда қалың болады. Алғашқы дәуір ескерткіштерінің арасында да көп қабатты палеолит тұрақтары (әсіресе үңгірлерде) немесе неолит елді мекендері (отырықшы) кездеседі. Мәдени қабатта белгілі бір уақыт ішінде тіршілік тоқтап қалып, кейін бұл жерде адамдар тағы қайтадан қоныстанса мәдени қабаттардың арасында таза қабат қалыптасады. Бұл қоныс жұрты көміліп қалғаннан кейінгі таза топырақ пен құмнан қалыптасқан шөгінді қабаты.

Мәдени қабат қоныстардың барлық жерінде біркелкі қалыптаспайды. Мысалы, қалалардың сауда алаңы мен ғибадатхана кешенінде, тұрақжайдың орталық бөлімі мен шет жақтарында және сыртында мәдени қабат әр түрлі тездікпен қалыптасады.

## Археологиялық мәдениет.

Археологиялық зерттеулердің маңызды тарапын құрайтын мәдениет тарихы археологиялық мәліметтердің үлкен сілемдерін кешенді зерттеуге және археологиялық мәліметтерді хронологиялық және кеңістіктік жүйелеуге негізделеді.

Археология ғылымында нақты хронологиялық кезең аясындағы және белгілі бір аймақта шоғырланған, сонымен қатар артефактілерінің жиынтығы бойынша өзара ұқсас ескерткіштер кешенін «археологиялық мәдениет» деп атайды. Ол адам тұрмыс-тіршілігінің осы ескерткіштерде сақталған материалдық қалдықтарынан тұрады. Археологиялық материалдардың өздері мәдениет болып табылмайды, ал оның өнімдері болып табылады, және олар мәдениетпен жүйелі түрде байланысты. Археологияның мақсаты - мәдениеттер арасындағы күрделі байланыстарды, олардың өзгерістерінің артында тұрған себептерді түсіндіру болып табылады.

Археологиялық мәдениетті анықтауда жерлеу құрылыстары, жерлеу дәстүрлері, еңбек құралдары, керамика, әшекей бұйымдар және т.б. маңызды белгілерге мән беріледі. Кейбір жағдайда археологиялық мәдениетті нақты тарихи халықпен немесе

тайпалармен (жазба немесе этнографиялық деректер бойынш белгілі) идентификациялауға болады. Мысалы, сақ, савромат сармат археологиялық мәдениеттері сол тайпалардан қалға ескерткіштер негізінде бөлінген. Бірақ материалдық мәдение элементтерінің ұқсастығы барлық кезде этникалық бірлестік білдірмейді. Мысалы, қауыншы, отырар-қаратау, жеті аса археологиялық мәдениеттері қаңлы тайпалары мекендеген аймақта алынған археологиялық материалдар негізінде бөлінген. Дегенме «археологиялық мәдениетті» адамдардың белгілі бі қауымдастығының археологиялық эквиваленті ретінде қарастыру болады.

Археологиялық мәдениеттерге көпшілік жағдайда шартт түрде алғашқы табылған ескерткіштің немесе сол жердің аттар беріледі. Мысалы Андронов мәдениеті, Триполье мәдениет Таемола мәдениеті және с.с. Сонымен қатар, кейбір жағдайлард археологиялық мәдениеттерге олардың негұрлым ерекше белгілер бойынша шартты атаулар берілуі мүмкін: мысалы, катакомбалы тарихи-мәдени қауымдастығы (катакомба түрінде құрылға молалар тән), срубтық (қима) тарихи-мәдени қауымдастығы (ағаш бөренелерден құрастырылған молалар тән).

## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Артефактілерге нелер жатады?
2. Өндіріс қоқыстары артефактілерге жата ма?
3. Нуклеустен ұшып түскен тас сынықтарын артефактілер де санауға бола ма?
4. Ежелгі адамның тіршілігі туралы білу үшін артефактілердің өз жеткілікті ме?
5. Археологиядағы қандай ұғым адамның тұрмыс тіршілігінің барлық қалдықтарын қамтиды?
6. Адамдар мен жануарлардың қаңқаларын, қазба жәндіктердің сүйектерін артефактілер деп санауға бола ма?
7. Дән қалдықтары, өсімдіктердің тозаңдары, тамақ қалдықтары артефактілерге жата ма?
8. Адамның тұрмыс-тіршілігінің заттай қалдықтары қандай мәліметтер береді?
9. Қазба барысында қандай мәліметтер жиналады?

10. Археологияда «ескерткіш» түсінігі қандай мағынада қолданылады?
11. Археологиялық ескерткіштертер неше түрге бөлінеді?
12. Археологияда «қоныс» түсінігі қандай мағынада қолданылады?
13. Қандай ескерткіштер тұрақтар деп аталады?
14. Ботай, Ақбауыр, Бұғылы, Мыржық қоныстардың қандай түріне жатады?
15. Обалар сыртқы сипаты бойынша қандай түрлерге жіктеледі?
16. Жәшіктерді еске салатын ірі тастардан құрастырылған, үсті тегіс жалпақ таспен жабылған үлкен құрылыстар қалай аталады?
17. «Мәдени кабат» дегеніміз не?
18. «Археологиялық мәдениет» дегеніміз не?

## 1.4. Археологиялық кезеңдеу және хронология

Ежелгі қытайлық және римдік философтарға белгілі болған тарихты үш ғасырға - тас, қола (мыс) және темір ғасырына бөлу жүйесі XIX ғ, аяғы - XX ғ. басында ғылыми өңдеуден өтіп, қазіргі заманғы археологиялық кезеңдеудің іргесі қаланды.

Еңбек құралдарының шикізаты мен оларды даярлау техникасының эволюциясына негізделген бұл кезеңдеуде адамзаттың тарихи дамуының басты ерекшеліктері көрініс тапқан. Алайда археологиялық кезеңдеу адамзат қоғамының, қоғамдық қатынастардың қалай дамығаны туралы тікелей ұғым бермейді.

Археологиялық кезеңдеуге сәйкес бүкіл адамзат тарихы тас, қола және темір дәуіріне бөлінеді. Өз кезегінде олардың әрқайсысы кезеңдерге және сатыларға жіктеледі.

Тас ғасыры ежелгі тас ғасыры - палеолиттен басталады. Оның ішінде көпшілік ғалымдар ерте (төменгі), орта (мустье) және кейінгі (жоғарғы) палеолитті бөледі. Келесі дәуір орта тас ғасыры немесе мезолит деп аталады. Тас ғасырының соңғы аяқтаушы дәуірі - жаңа тас ғасыры немесе неолит. Оның соңғы жағында бірінші мыстан жасалған құралдар пайда бола бастайды. Бұл дәуір археологияда энеолит деп аталады. Ерте палеолит олдувай және ашель болып екі сатыға бөлінеді. Кейінгі палеолит ориньяк, солютре және мадленге бөлінеді. Мезолиттің, неолиттің, қола және темір ғасырларының

ішкі кезеңдеу схемалары әртүрлі аймақтарда бір-бірінен айтарлықтай айырмашылық етеді.

Археологиялық кезеңдеу хронологияның негізінде құрылады. Хронология жеке мерзімдер мен олардың ізбе-ізділігін орнату міндеттерін орындайды және археологиялық моделдеудің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Қазіргі заман талаптарына сәйкес, ол әртүрлі әдістерді қолдану нәтижелерінің корреляцияларына негізделіп құрылуы қажет. Археологияда көптеген жергілікті және аймақтық хронологиялық схемалар бар. Оларды салыстыру әдетте айтарлықтай қиындықтар тудырады.

Хронологияның абсолюттік және салыстырмалы түрлері қолданылады. Абсолюттік мерзімдеу үшін жаратылыстану ғылымдарының түрлі әдістері пайдаланылады: радиокарбондық және калий-аргондық, археомогнетизм, дендрохронология, термолюминесценция, изотоптық және басқалар. Олар қазір тас ғасырының дәуірлері мен кезеңдерін және сатыларын мерзімдеуге мүмкіндік береді. Қола ғасырынан бастап ежелгі өркениеттердің ескерткіштері негізінде жасалған күнтізбелік мерзімдер пайда бола бастайды.

Ерте палеолиттің олдувай сатысы шамамен 2,6 миллион жыл бұрын басталып 1 миллион жыл бұрын төңірегінде аяқталады, ашель шамамен 1 миллион/900 мың жыш бұрын басталып 140/100 мың жыл бұрын аяқталады. Мустье кезеңі б.з.д. 140-40 мыңжылдықтарды қамтиды. Жоғарғы палеолит б.з.д. 40 мың жыл бұрын басталып, б.з.д. XII жылдыққа дейін жалғасқан. Мезолит дәуірі б.з.д. XII-VII мың жылдықтарды, ал неолит б.з.д. VI-IV мың жылдықтарды қамтиды. Қола ғасыры үшінші мыңжылдықтан басталып (Қазақстанда - біраз кейін, шамамен екінші мың жылдықта) б.з.д. I мыңжылдыққа дейін, яғни, темір ғасыры басталғанға дейін созылды.

Салыстырмалы мерзімдеу мәдени қабаттар мен археологиялық типтерді бір-бірімен немесе табиғи ортадағы өзгерістермен (геологиялық сатылар, палеонтологиялық, палеозоологиялық, палеоботаникалық және т.б. дәуірлер) салыстыру арқылы орнатылады. Әсіресе археологиялық дәуірлерді Жер тарихының геологиялық кезеңдерімен синхрондау үлкен маңызға ие. Адамның жасап тұрған уақыты шамамен төрттік кезеңге сәйкес келеді. Ол екі дәуірге: плейстоценге (мұз алды - мұздық) және голоценге

(мұздықтан соңғы) бөлінеді. Плейстоценде (басталу мерзімі – 3,5/1,5 млн. жыл бұрын, толық қайтып кетуі шамамен б.з.д. 8300 жылмен мерзімделеді) Солтүстік Еуразия мен Солтүстік Американың едәуір бөлімі оқтын-оқтын мұз басуға душар болды. Әдетте төрт рет мұз басу және төрт рет мұздың шегінуін, соған сәйкес төрт мұздық және үш мұзаралық дәуірлерді бөледі. Мұздық дәуірі үшін Европада «гюнц», «миндель», «рисс», «вюрм» терминдері қолданылады. Гюнц пен миндель төменгі, рисс - орта, вюрм жоғарғы плейстоценге тиісті. Плейстоцен палеолит дәуірі мен мезолиттің едәуір бөлімін, ал голоцен мезолиттің аяғынан бастап одан кейінгі дәуірлердің баршасын қамтиды.

## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазіргі заманғы археологиялық кезеңдеу схемасы қашан қалыптасты?
2. Археологиялық кезеңдеу адамзат қоғамының, қоғамдық қатынастардың қалай дамығаны туралы тікелей ұғым бере ме?
3. Археологиялық кезеңдеуге сәйкес адамзат тарихы қандай дәуірлерге бөлінеді?
4. Орта тас ғасыры қалай аталады?
5. Ежелгі тас ғасыры қалай аталады?
6. Тас ғасырының соңғы аяқтаушы дәуірі қалай аталады?
7. Хронология қандай міндеттерді орындайды?
8. Археологияда жаратылыстану ғылымдарының қандай әдістері пайдаланылады?
9. Күнтізбелік мерзімдер қашаннан басталады?
10. Қазақстанда қола ғасыры қашан басталады?
11. Адамның жасап тұрған уақыты геологиялық қайсы кезеңге сәйкес келеді?
12. «Гюнц», «миндель», «рисс», «вюрм» терминдері Европада қайсы дәуір үшін қолданылады?
13. Плейстоцен археолоиялық қайсы дәуірлерге сәйкес келеді?
14. Археологиялық және геологиялық дәуірлерді сәйкестендіріп кесте құрастырыңыздар.

## 2. АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ҮДЕРІСІ.

Археологиялық зерттеу көптеген ғылыми-зерттеу әрекеттерін өз ішіне алатын көп сатылы күрделі үдеріс болып табылады. Оның негізгі сатыларын шартты түрде алдын ала зерттеулер, далалық, лабораториялық, тұжырымдамалық (интерпретациялық) деп бөлуге болады.

Бастапқы сатыда зерттеу мәселесі таңдалады, гипотезалар құрастырылады және зерттеу жобасы құрылады. Далалық зерттеу сатысында жүргізілетін барлау және қазба жұмыстары нәтижесінде археологиялық деректемелік мәліметтер жиналады. Жиналған археологиялық материалдар зерттеудің келесі сатысында өңделеді, әртүрлі лабораториялық сараптамадан өтеді, реттеледі және мәліметтер арасында өзара байланыс орнатылады. Лабораториялық әдістер ылғи жетілдіріліп отырады. Олардың негізгі міндеті - зерттеу барысында археологиялық заттардан неғұрлым толығырақ мәлімет алу. Археологиялық зерттеудің аяқтаушы сатысы археологиялық фактілерді түсіндіру және зерттеу нәтижелерін баспаға дайындау жұмыстарын өз ішіне алады.

### 2.1. Алдын ала зерттеулер

Далалық зерттеулерге дейінгі дайындық жұмыстары біршама көлемді алдын ала зерттеулерді өз ішіне алады. Бірінші кезекте зерттеу нысаны - зерттелетін мәселе мен аймақ анықталады. Зерттеудің нақты мақсаты мен міндеттерін анықтап алу үшін зерттеуші таңдап алынған мәселеге байланысты материалдар (жариялымдар бойынша немесе тікелей далалық) жинайды. Соның ішінде осы мәселе бойынша барлық бұрынғы археологиялық зерттеулермен және ауданның геологиясы, климаты, экологиясы, антропологиясы және т.б. мәліметтермен танысып шығады.

Алдын ала зерттеулер нәтижесінде мәселенің өзектілігі, зерттеу мақсаттары мен міндеттері және оның сатылары баяндалатын болашақ зерттеудің нақты жоспары құрылады. Ол археологиялық зерттеуді орындау үдерісін басқару үшін жасалады. Зерттеудің мақсаттары міндетті түрде бұрынғы зерттеулерге негізделген біршама нақты гипотезаларды немесе алдын ала зерттеулер кезінде пайда болған бүткілдей жаңа гипотезаны тексеруге бағытталған

болады. Осы сатыда зерттеу жоспарының бір бөлігі ретінде гипотезаларды құрастыру аса маңызды, өйткені олар далалық ізденістер кезінде табылуы қажетті типтерді анықтауға мүмкіндік береді.

Жоспарда қойылған міндеттердің табысты орындалуы экспедицияның материалдық-техникалық жабдықталуына, оның қажетті мамандармен қамтамасыз етілуіне және қаржыландырылуы сияқты бір қатар факторлерге байланысты. Зерттеулерге басқа ғылым салаларының мамандары талап етілуі мүмкін. Мысалы, топырақтанушы геолог, палеоботаник, палеозоолог, реставратор, және т.б. Сондықтан зерттеу жоспарына қажетті жабдықтардың тізімі, жұмысты орындау үшін қажетті адамдардың саны және т.б. енгізіледі.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Зерттелетін мәселе мен аймақ зерттеудің қайсы сатысында анықтап алынады?
2. Далалық зерттеу сатысында қандай жұмыстар іске асырылады?
3. Қайсы сатыда археологиялық фактілерді түсіндіру және зерттеу нәтижелерін баспаға дайындау жұмыстарын жүзеге асырылады?
4. Гипотезаларды құрастыру не үшін қажет?
5. Зерттеулерге басқа ғылым салаларының мамандары не үшін шақырылады?

## 2.2. Археологиялық барлаулар

Далалық археологиялық зерттеулерді (барлаулар мен қазбалар) тек ғана ғылыми, қорғау және есепке алу мақсатымен мамандандырылған ғылыми және ғылыми-реставрациялық мекемелер, жоғары оқу орындары, музейлер, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мемлекеттік органдары жүргізе алады.

Далалық археологиялық жұмыстарға арнайы дайындығы бар зерттеуші-маман жетекшілік жасайды. Археология ескерткіштерін қазу және барлау үшін зерттеушіде далалық зерттеулер жүргізу үшін арнайы рұқсат қағазы - лицензия болуы қажет. Лицензия қазба

және барлау жүргізу құқықын беретін бірден-бір құжат болып табылады және оның орнына басқа ешбір құжат жүрмейді. Лицензиясыз далалык зерттеулер заң бұзушылық болып саналады.

Далалық археологиялық зерттеу барлау жұмыстарынан басталады. Олар өздерінің мақсаттарына байланысты әртүрлі болуы мүмкін:

- облыстың немесе тарихи-географиялық аймақтың археологиялық картасын жасау және тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағын дайындау мақсатында жүргізіледі; мұндай барлаулар нәтижесінде барлық дәуірлерге тиісті барлық түрдегі археологиялық ескерткіштер іздеп табылады, ғылыми тіркеледі және карта, мақала, жинақ түрінде баспадан шығарылады;
- археологиялық барлаулар біршама шектелген міндеттер мен мақсаттарға байланысты жүргізілуі мүмкін; мәселен, қайсы бір аймақтағы археологиялық ескерткіштердің белгілі бір түрлерін іздеу, нақты бір ескерткіштердің тарихи-топографиялық құрылымын, олардың таралу аймақтарын анықтау және т.б.
- ірі өнеркәсіптік құрылыстары, жолдар, су қоймалары салынатын немесе газ-мұнай өндіріп жатқан жерлерде құрылыстың басталуы алдында сол жерлердің ескерткіштерін анықтау мақсатында барлаулар жүргізіледі.
- археологиялық ескерткіштердегі қазбалар қарсаңындағы барлау жұмыстары; барлау зерттелетін нысандардың орналасқан жері, таралу аймағы, мәдени қабаты, хронологиясы, олардың тарихи-топографиялық құрылымының ерекшеліктеріне қатысты мәліметтер жинау және болашақта жүргізілетін қазбаның орнын және көлемін белгілеу үшін жүргізіледі; мұндай барлаулар болашақ қазбалардың мақсаттары мен міндеттерін, стратегиясын нақтылауда маңызды рөл ойнайды және барлау кезінде шағын көлемді қазба жүргізуге болады.

### Археологиялық барлаулардың түрлері

Археологиялық барлаулар ұйымдастырылуы жағынан төмендегі түрлерге бөлінеді.

**Авиабарлау.** Археологиялық ескерткіштер ұшақпен іздеп табылады және суретке түсіріледі. Соңғы жылдарда ауадан

жүргізілетін барлау жұмыстарына ұшақтармен қатар әртүрлі ұшу аппараттары мен ауа толтырылған шарлар пайдалануда.

Авиабарлау кезінде жергілікті **жердің бедеріне, өсімдік қабатына және топырағына көңіл** аударылады.

Жердің бедерін зерттеу оған түскен күн сәулесіне негізделген. Көлбеу түскен күн сәулесі арқылы жердің бетінде орналасқан археологиялық ескерткіштерді көлеңкесіне қарап анықтайды. Ұшақпен жүргізілген барлау кезінде ортағасырлық қаланың, бұзылып кеткен шаруашылық аймағының алып жатқан аумағын, ол арқылы қазылған канал, арық-атыздарды, егістік алқаптарын, қорғаныс жүйесін, оған келетін жолдарды және онымен байланысып жатқан басқа да елді мекендерді көріп, суретке түсіре алады.

Өсімдік қабатын зерттеу жер бедерінің бұзылған не бұзылмағанына, оның үстіне өскен өсімдіктердің биік не аласа, қалың не сирек болуына негізделген. Мысалы, астында құрылыс қалдығы бар жерге өсімдік аз өседі және олар аласа болып келеді.

Топырақты зерттеу жер бетіндегі түрлі-түсті өзгерістерді байқауға негізделген. Топырақты зерттеу арқылы обаларды, қазылған арық, канал, кәріздерді және т.б. анықтауға болады.

**Барлаудың геофизикалық түрлері.** Археологиялық зерттеулер кезінде геофизикалық барлаудың электробарлау, магнитобарлау, сейсмобарлау және басқа да түрлері қолданылады. Геофизикалық барлаудың осы түрлері арқылы далалық зерттеулер кезінде көзге көрінбейтін, жер бетінен айтарлықтай тереңде жатқан құрылыстардың қалдықтарын, заттарды табуға болады.

<u>Электробарлау.</u> Барлаудың бұл түрі заттардың тоқ өткізгіштік қасиетіне негізделген. Табиғатта кездесетін заттардың тоққа қарсы үлестік кедергісі әртүрлі. Электробарлау жұмыстарын археологтың бақылауымен маман геодезист жүргізеді. Ол үшін барлау жүргізілетін жерге қағылған электродтардың арасына тоқ жіберіледі, сол жердің тоққа қарсы үлестік кедергісі өлшенеді. Егер электродтардың арасындағы жердің топырағы біркелкі болса, онда оның үлестік кедергісі сол топырақтың үлестік кедергісіне тең болады.

Электробарлау кезінде тұрақты және ауыспалы тоқты пайдаланады. Тұрақты тоқты пайдалану арқылы зерттеу жүргізіліп отырған жермен оның қойнауында жатқан құрылыстың, заттың

тоққа қарсы үлестік кедергісін салыстыра отырып, олардың қандай құрылыс материалынан (тас, күйдірілген кесек және т.б.) салынғанын немесе қандай зат екенін анықтайды.

Ауыспалы тоқты пайдалану кезінде, оның жер қойнауына таралуы және соның әсерінен пайда болатын электро-магниттік өріс есепке алынған. Электромагниттік өріс көмегімен жердің астында жатқан нысандарды анықтауға болады.

Электробарлаудың нәтижелі болуы, барлау жүргізілетін жерді дұрыс таңдай білуге байланысты. Электробарлау арқылы жер астында жатқан әртүрлі құрылыстарды, жерлеу орындарын анықтауға болады.

<u>Магнитобарлау.</u> Магнитобарлау кезінде қолданылатын аспаптардың көмегімен жердің магнит өрісінің кернеулігін өлшейді, Магнитобарлауға арналған аспаптардың көмегімен магнит өрісінің кернеуі күшті (жоғары) археологиялық ескерткіштерді, заттарды табуға болады. Магнитобарлау аспаптарының көмегімен жердің қойнауында жатқан қыш, ыдыс күйдіретін құмдандарды, металл балқытуға арналған пештерді, жердің, еденнің от шалған бөліктерін, қабырғаны, еденді, қазылған ор, шұңқырды және темір заттарды табуға болады.

Электробарлау мен магнитобарлау жүргізудің техникасы бір-біріне ұқсас. Осы екі барлаудың кез келген түрі жүргізілетін жер көлемі 0,5х0,5 не 1х1 м келетін шаршыларға бөлінеді де, шаршылардың қиылысқан нүктесінде анықтау жұмыстары жүргізіледі.

Электробарлау кезінде шаршылардың қиылысқан нүктесіне қазықтар қағылып, олардың арасындағы тоққа қарсы үлестік кедергі анықталып, оның нәтижесі 1:50, 1:100 масштаб бойынша қағазға сызылған шаршыға түсіріледі.

Магнитобарлау кезінде шаршылардың қиылысқан нүктесіне магнитсөлшеуіштің көрсеткіші қойылады, оның жердің бетінен биіктігі қолданылып отырған аспаптың түріне қарай, біркелкі (0,5-1 м) болуы керек. Жүргізілген өлшемдер мен түсірістер біткен кезде шаршылардың әр қабырғасының электрлі және магнитті тік кесіндісі анықталады.

<u>Сейсмобарлау.</u> Сейсмобарлау археологиялық нысандардың серпінділік қасиетіне негізделген. Археологиялық нысандар мен олар жатқан жер орта дыбыс тербелісіне әртүрлі шағылысады.

Сейсмобарлауды қолдана отырып жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде жерлеу орындарының, үйлердің, құрылыстардың қабырғаларының қалдықтарын және т.б. табуға болады. Сейсмобарлаудың бір түрі дыбыс локациясы әдісі. Әдістің бұл түрі суасты барлауын жүргізген кезде қолданылады.

**Суасты барлауы.** Суасты барлауы мұхиттар мен теңіздердің деңгейі көтерілуіне байланысты су астында қалған қалаларды, елді мекендерді, жерлеу орындарын, көмбелерді, қасиетті орындарды, көлдердің астында қалған ескерткіштерді, теңіз, өзен шайып кеткен ескерткіштердің орнын анықтау және қолдан салынған су қоймаларының астында қалған ескерткіштерді зерттеу үшін қолданылады.

## Барлау жұмыстарын ұйымдастыру

Барлау жұмыстарының нәтижелі болуы оған даярлық жұмыстарының мұқият орындалуына байланысты. Даярлық жұмыстары барлау жүргізілетін аймақтағы бұрын жүргізілген археологиялық зерттеулермен, ауданның геологиясы, климаты, экологиясы, антропологиясы туралы мәліметтермен, музейлердегі коллекциялармен танысу сияқты міндеттерді өз ішіне алады.

Барлау жүргізілетін аудан мен ол жердегі археологиялық ескерткіштер туралы барлық мәліметтер жиналып, олардың орналасқан жері картаға түсіріледі және болашақта жүргізілетін археологиялық барлаудың жоспары құрылып, оның бағыттары белгіленеді. Барлаудың жоспары зерттеушінің алдында тұрған міндеттеріне байланысты болады.

Барлауға керекті жабдықтардың барлық түрлері алдын-ала анықталып, олар даярлық жұмыстары кезінде алынады. Барлауға қажетті жабдықтар қатарына компас, буссоль, нивелир, дүрбі, навигациялық GPS аспабы, теңгергіш, фотоаппарат, әртүрлі ұзындықтағы сызғыштар мен рулеткалар, планшет, миллиметровка, калька және т.б. жатады.

## Археологиялық ескерткіштердің орналасу жағдайлары

Археологиялық барлау жұмыстарының нәтижелі өткізілуі тарихи геологиялық, географиялық және ландшафтардың қалыптасу

заңдылықтары туралы білімге байланысты болады. Тарихи геология жер қыртысының даму тарихын зерттейтін ғылым. Жер қыртысының қалыптасуындағы кейінгі төрттік дәуір тарихына (плейстоцен және голоцен кезеңдері) мән беру және оларға қатысты геологиялық шөгінділерді айыра білу өте маңызды болып табылады. Себебі теңіздердің, өзендердің және көлдердің кескіндеріндегі өзгерістер дәл соларға байланысты. Осы тербелістермен қатар климаттық өзгерістер болып, олар өз кезегінде фауна мен флораның құрамындағы өзгерістерге алып келген. Онша анықталмаған бір қатар себептерге байланысты төрттік дәуірде Солтүстік Жарты шарда мұздықтардың әрекеті уақты-уақты күшейіп, нәтижеде мұздық кезеңдер мен мұзаралық кезеңдер алмасып тұрған. Голоцен кезеңінің басталуымен ауа-райының жылынуы барысында дүниежүзілік мұхиттардың деңгейі көтеріліп, қазіргі теңіздер мен көлдердің жағалары, өзендердің жағалық жарқабақтары белгіленіп, арналары қалыптасқан, жылы ауа-райына бейімделген өсімдіктер мен жан-жануарлар дүниесі пайда болған.

Жер тарихында болған бұл өзгерістердің алмасып тұруы адамзат тарихы үшін аса маңызды, өйткені олар белгілі бір тарихи-археологиялық кезеңдердің салыстырмалы хронологиясы үшін негіз болды.

Далалық барлау кезінде мұздықтардың көшуіне ұшыраған аудандарда мұздық кезеңдердің алмасуын анықтай білу маңызды, өйткені олардың әрқайсысына нақты бір терраса немесе шөгінді тиісті болады. Бір бірімен алмасып тұрған мұз басу және оның еруі геоморфологиядағы өзгерістерге: тау жыныстарының қирауына, мореналардың шөгуіне, өзендердің күшті селдері мен үлкен су аттардың пайда болуын туындатқан аса көп мөлшердегі судың жиналуына алып келген.

Ежелгі қоныстардың көпшілігі жағалық террасалармен байланысты. Террасалар жер бетіндегі судың шаюы және шөгінді тұндыру әрекеті нәтижесінде қалыптасады. Олардың пайда болуы құрлықтардың қалыптасу үдерісі болып табылады. Антропоген дәуірі барысында теңіздер, көлдер және өзендер бірнеше рет түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Әр түрлі қарқынмен бұл құбылыстар күні бүгінге дейін жалғасып отыр.

Жағалық террасалардың қалыптасу тарихын, ондағы өзгерістерге ғылыми тұрғыдан баға бере отырып, ол террасаларда

орналасқан археологиялық ескерткіштердің өмір сүрген уақытын анықтауға болады. Теңіздің, көлдің және өзеннің жағасына ең жақын орналасқан терраса соңғы дәуірдікі, ал неғұрлым жоғары орналасқан саты ең ерте дәуірдікі болып келеді.

Жаға сызығы - бұл су алқабы мен құрлықтың арасындағы шартты шекара болып, ол су бетінің құрлыққа жанасатын жерінде пайда болатын сызық түрінде жүргізіледі. Теңіз, көлдердің су деңгейі үнемі өзгеріп тұратындықтан жаға сызығы тұрақты болмайды. Сондықтан оның көп жылдық орташа жағдайы алынады.

Жағалау - бұл теңіздің, көлдің немесе өзеннің қазіргі жаға сызығының екі қапталында жатқан, жағалық жер бедерінің ежелгі және қазіргі түрлері тараған өңір. Жағалау үш зонадан тұрады: жоғарғы, орта, төменгі. Жоғарғы зона - бұл жағалаудың су деңгейінің қазіргімен салыстырғанда биігірек тұрған кезде пайда болған ежелгі террасалар тараған құрлықтағы бөлігі. Орта зона қазіргі жер бедерінің пішіндері таралған бөлігі болып табылады. Төменгі зона - бұл су деңгейі қазіргіге қарағанда төмен тұрған кезде пайда болған жағалық пішіндер тараған су астындағы бөлігі.

Ауа райының құрғақ не ылғалды болуына байланысты теңіздер мен көлдердің жағалары мұздықтан кейінгі кезеңде бірнеше рет өзгерген. Жағалаудың өзгеруінің жағалық террасада орналасқан ескерткіштер үшін үлкен маңызы бар. Мысалы, Орталық және Оңтүстік Европада, Сібірдің оңтүстік бөлігінде құрғақшылықтың болуына байланысты мыс тас ғасыры кезінде судың деңгейі қазіргіден төмен болған. Құрғақшылықтың жалғаса беруіне байланысты қола ғасырының соңында көлдердің суы ең төменгі межеге дейін төмендеген. Теңіз деңгейінің көтерілуіне байланысты қара теңіз жағасындағы көптеген антикалық мекендер мен қалалар су астында қалған.

Теңіздер мен көлдер деңгейінің көтеріліп-төмендеп отыруына байланысты олардың жағасында орналасқан мекендер мен қалалар бірде су астында қалып, бірде қайтадан судың жағалауына шығып қалған. Мысалы, Каспий теңізіндегі су деңгейінің көтерілуіне байланысты оның жағасына жақын орналасқан әртүрлі дәуірлердің археологиялық ескерткіштері су астында қалып отырса, Арал теңізі деңгейінің күрт төмендеп кетуіне байланысты, бір кезде оның төменгі зонасында орналасқан ортағасырлық мекендер енді құрғақ жерде қалып жатыр.

Жағалық террасаларды зерттеу барысында оларды басып жатқан делювий мен лёске көңіл аударған жөн. Құрамы сазды, құмды немесе лёсс тәрізді болып келетін жел қағып, жаңбыр және еріген қар суларының шаюы нәтижесінде террасаларда қалыптасқан шөгінді қатпары делювий деп аталады. Аллювий - бұл ағын судың әрекетімен пайда болатын маша тас, қиыршық тас, құм, саздан тұратын шөгінді қатпары. Ағын судың арнасындағы кесектер ағып бара жатып бір-біріне, өзеннің түбіне, жағаларына үйкелуден жұмырланады, ал шөккенде мөлшеріне қарай ыңғайласады. Аллювий өзен жайылмасына, жағаларына, әсіресе сағасына жиналады.

Лёсс кварц, әк тас және тағы басқа да шаң тәріздес өте майда минералды майда бөлшектерден тұратын жұмсақ, үгілгіш сарғыш түсті сазды тау жынысы. Бағзы замандарда жел ұшыруы нәтижесінде қатпарланып шөгіп қалған лёстың қалыптасуы құрғақ және суық климатпен байланысты. Лесс қатпарлары көбінесе палеолит тұрақтарын басып жатады, оның қатпарларында сол кезеңнін еңбек құралдары кездеседі. Лёсс шөгінділерінің қалыптасқан уақытын анықтау үлкен маңызға ие, өйткені оның қатпарларының пайда болуы мұздық кезеңнің әр түрлі сатыларына сәйкес келеді.

Көптеген археологиялық жәдігерлер дюндермен байланысты. Дюндер деп желдің айдауы нәтижесінде жылжып отыратын су жағасындағы құм төбелерді айтады. Олар желдердің әсерінен жылына бірнеше метрге көшіп отырады. Бір бағытта соғатын желдің әсерімен олар ық жақ беткейі тік болып келетін ұзын үйінді тәрізді болып келеді. Дюндер мұхит, теңіз, өзен және көл жағаларында кездеседі (Балтық бойында, Оңтүстік Украина, Байқал, Енисей, Об, Ертіс, Волга бойларында, Балқаш, Арал төңірегінде). Дюндерде орналасқан археологиялық ескерткіштер кезекті құм көшкінінен кейін ашылып, жердің бетіне шығып қалады. Бірақ олардың мәдени қабатының жеңіл бөлшектерін, көмір, ошақтың күлдерін, майда сүйектерді құммен бірге қосып жел айдап кетеді.

Өзен жағалауы барлық дәуірлерде адамдардың ең көп қоныстанған жерлері болған. Сондықтан археологиялық барлау кезінде өзен жағасы, жайылмасы, аңғары, бассейні, атырауы мұқият зерттеледі. Жаға құрлық пен су алқабының астарласқан жеріндегі

ең үнемі су шайып отыратын жіңішке өңірі. Өзен аңғарының тасыған су басатын, арнаға іргелес жайдақ бөлігі жайылма деп аталады. Ені шағын өзендердің жайылмасы бірнеше метр болады, ал ірі өзендердің жайылмасы бірнеше ондаған км дейін жетеді. Жайылма өзен шөгінділерінен (құм, саз) тұрады.

Ең төменде жайылма террасасы орналасқан. Онан жоғарыдағылары жайылма үстіндегі бірінші, екінші т.б. терраса деп атайды. Жайылма үсті террасаларын тасыған су баспайды. Олар бұрын, өзен деңгейі жоғары тұрған кезде қалыптасқан. Көбінесе өзен террасалары деп жайылма үсті террасаларын атайды.

Өзен бассейні - өзеннің су жинайтын алабы. Жеке өзендер бір-бірінен суайрықпен бөлінеді. Таулы өлкеде ол жоталардың қырымен айқын сызық түрінде өтеді де, жазықтарда жалпақ өңір құрайды.

Атырау - өзен шөгінділері нәтижесінде пайда болған және көптеген ағыстар, қолтықтармен кесілген тұнбалы жазығы бар өзен сағасы. Өзен осы жазықты бойлап қолдың саусақтарындай тармақтарға бөлініп кетеді де табаны теңізге қараған үшбұрыш тәрізді болады. Атыраудың жер беті тегіс келеді, үстінде үзіліп қалған ескі арналар, ұсақ көлдер кездеседі. Атырауда ол қалыптасқанға дейін немесе оның қалыптасуы кезіндегі қоныстардың қалдықтары сақталып қалған болуы мүмкін. Сондықтан археологиялық барлау кезінде өзендердің атырауына үлкен мән беріп, олар мұқият зерттеледі.

Зерттеу жүргізілетін өзеннің жағалық террасаларының қалыптасу тарихы, арнасының өзгеруі, жағалық шөгінділері, бөліктерінің ерекшеліктері далалық зерттеулерге дейін анықталады және оларға қатысты деректер жиналады. Сонымен қатар, барлау жұмыстары өзеннің типтеріне қарап жүргізіледі: тау, алқап және дала өзендерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, алқаптық жермен ағатын өзендердің жағалары бірте-бірте батысқа қарай ойысып отырады. Бэр заңы бойынша өзендердің арналары аласа, шығыс жағадан бірте-бірте батысқа қарай ауысып, батыс жағаны шайып отырады екен. Осы заңдылық Еділ, Дон, Днепр, Днестр өзендерінде кездеседі.

Өзен арнасы үнемі өзгеріп отырады. Су арнаның ішке еніп тұрған бөлігін үнемі шайып, ал сыртқа шығып тұрған жағаға құм, топырақ шөгіндісін қалдырып, онан бірте-бірте қашықтай береді.

Өзен ағысының жылдамдығы, жағаның өзгеру сипаты көптеген себептерге байланысты болады. Егер өзен жағасы неғұрлым төзімді жыныстардан тұрса оның арнасы баяу өзгереді, ал ол бос, төзімсіз топырақтан болса өзен арнасы тез өзгереді. Өзінің бағытын өзгерте отырып, өзендер ежелгі нысандар орналасқан жағаларды бұзады. Нәтижеде археологиялық ескерткіштердің мәдени қабаттары ашылып қалады. Археологиялық ескерткіштердің көпшілігі осындай жолмен ашылған.

Археологиялық ескерткіштердің кейбірін, мәселен, төбелер түріндегі қоныстарды, обаларды табу қиын емес, оларды тез байқауға болады. Басқа ескерткіштерді жердің жоғарғы қабатындағы белгілерінен айналадағы топырақтан бөлектеніп тұратын дақтар, үйлердің, тас үйінділердің, сүйек, керамика және өзге де материалдардың қалдықтары. Сонымен қатар өсімдіктер де пайдалы мәліметтер бере алады. Жер қыртысындағы азот құрамы жоғары болса өсімдік қалың болып өседі. Көптеген ескерткіштерді табу оңай емес, жоғары қабаттарда кейде ешқандай із байқалмайды. Кейбір археологиялық ескерткіштер кездейсоқ ашылады. Мысалы, жарлардың құлауы, өзендердің жағалауды шайып кетуі сияқты табиғи қираулар нәтижесінде олар аршылып қалады.

## Қазба қарсаңындағы тексеру жұмыстары

Болашақ қазбалардың міндеттерін нақтылау және олардың нәтижелерінің тиімділігі қазба қарсаңында жүргізілетін алдын ала зерттеу жұмыстарына байланысты. Сондықтан барлау кезінде табылған ескерткіште тыңғылықты тексеру жұмыстары жүргізіледі. Ескерткіш табылған соң оны тексеріп, ол туралы мәлімет тіркеледі. Тексеру жұмыстарына археологиялық ескерткішті картаға түсіру, көтерме материалдарды жинау, оларда өлшеу жұмыстарын жүргізу және ескерткіштің жоспарын сызбаға түсіру жатады.

Табылған ескерткіш жан-жақты тексеріліп, суретке түсіріледі және барлау маршрутының картасына орналастырылады. Карта көптеген археологиялық мәліметтерді сақтаудың тиімді әдісі болып саналады. Картографтар мәліметті тіркеудің және оны графикалық түрде бейнелеудің көптеген әдістерін, құрылғыларды қолданады, олар археологиялық есеп беруде өте пайдалы. Ескерткіштер көлемі мен орналасуына байланысты түрлі масштабтағы карталарға

тіркеледі. Жол жүйесі, ірі қоныстар секілді үлкен ескеркіштерді космостық, аэрофотосурет көмегімен ірі масштабтағы картаға тіркеу тиімді. Карта әдетте қолдан жасалады, бірақ қазіргі кезде мәліметті тіркеуде және сақтауда компьютерлік картографиялық бағдарламалар жиі қолданылады. Археологиялық ескерткіштердің орналасуын әдетте топографиялық картаға енгізеді. Онда ежелгі нысандар төбе, аңғар, тау, өзен маңына орналастырылады. Топографиялық картада өсімдіктер қабаты, қабат типтері, ескерткіштің таралуы туралы мәліметтерді шартты белгілермен көрсетуге болады. Соңғы жылдардағы археологиялық мәліметтерді картаға тіркеудегі жетістік - спутник көмегімен объектінің орналасуын белгілеудің жаһандық бағдарлау жүйесін (GPS) жасау болды. GPS портативтік құрылғыларын кез-келген ортада қолдануға болады және нысанның орналасуын өте дәлдікпен (метрге дейін) анықтауға мүмкіндік береді. Оның артықшылығы қолайсыз аймақтарда да қолдануға ыңғайлы.

Ескерткіштің бетінен табылған артефактілер мен өзге де заттарды жинап, олар туралы мәліметтер тіркеледі. Көтерме материалдар бір кездері осы жерде өмір сүрген адамдардың мәдениеті, шаруашылық түрлері туралы, ескерткіштің жасы туралы бастапқы мәлімет береді, жоғарғы қабатқа жақын орналасқан негізгі құрылымдардың орынын анықтауға мүмкіндік береді. Ескерткіштің жоғары қабатынан артефакт жинаудың түрлі әдістері бар. Жиі қолданылып жүрген әдістердің бірі - ескерткішке квадрат тор жасалып, кездейсоқ бір квадраттан артефактілерді жиналады. Табылған заттар квадраттар бойынша жиналса, олар жоспарға түсіріледі және күнделікке тіркеледі. Жинау жұмыстары үшін әртүрлі хронологиялық кезеңдерді, шаруашылық, мәдени түрлерді көрсететін белгілі бір аландарды тандап алуға болады. Кез-келген көлемдегі ескерткіштен артефактілерді жаппай жинау мүмкін емес.

## Стратиграфияны зерттеу

**Стратиграфия** ескерткіштердегі мәдени қабаттардың ізбе-ізділігін орнату әдісі. Геологиядағы қатпарлану заңдылығы бойынша жоғаргы шөгінді өзеннен төменде жатқан шөгіндіден кейінірек қалыптасқан болуы керек. Бұл ұстаным археологияда табысты қолданылып жүр. Бірақ ежелгі қабаттар кейінгі

дәуірлердегі табиғи (қабаттың төменге жылжуы) және механикалық (баған, қоқыс және ұра шұңқырларын, жер асты молаларын қазу) әрекеттер нәтижесінде жиі өзгерістерге ұшырайды. Сонымен қатар, қабаттардың ішіндегі заттар біршама ерте кезеңге (басқа қабаттан кездейсоқ түскен заттар) тиісті болатын жағдайлар да кездеседі. Баған және қоқыс шұңқырлары, қабырға (іргетес), еден ойып түскен немесе олардың астында орналасқан кез-келген қабат оларға қарағанда ерте кезеңге тиісті болады. Ал олардың үстінде қатпарланған қабат әрдайым кейінгі кезеңге сәйкес келеді.

Қоныстарды барлауда стратиграфияны зерттеу және мәдени қабатты анықтау аса маңызды. Тексеру кезінде ескерткіштің мәдени қабаттары көрініп тұратын бүлінген жерлеріне назар аударылады. Стратиграфияны зерттеу үшін жағаның, жардың ашылып қалған қаптап бөлігі таңдалып, оның беті жоғарыдан материкке дейін тегістеп тазаланады. Тазаланған разрездің ауқымы мен ені әр түрлі болуы мүмкін, бірақ ол мәдени қабатты бақылауға, оны сызбаға және суретке түсіруге болатындай кең болуы қажет. Тазаланған жер жоспарға түсіріледі.

Стратиграфиялық бақылаулар кейінгі зерттеулерге бағыт береді. Ескерткіштің вертикальды жалаңаштануы қабаттардың нақты реттерін, олардың салыстырмалы хронологиясын, сонымен бірге олардың археологиялық материалдармен байланысын көрсетеді. Құрамы, сипаты және орналасу пішіні, құрылымы және түсі бойынша әркелкі болып келетін мәдени қабаттар жиынтығы белгілері бойынша суреттеледі. Қабатты жазбаша суреттеуде оның құрамы, тарау шекаралары, пішіні және қалыңдығына ең маңызды көрсеткіштер ретінде мән беріледі. Содан кейін оның түсі, құрылымы және ішіндегі бөтен нәрселер ескеріледі.

## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Далалық зерттеу неден басталады?
2. Барлау мақсаттарына байланысты қандай түрлерге бөліну мүмкін?
3. Археологиялық барлаулар ұйымдастырылуы жағынан қандай түрлерге бөлінеді?
4. Авиабарлау кезінде көбірек қандай нәрселерге назар аударылады?

5. Геофизикалық барлаудың қандай түрлерін білесіз?
6. Барлау жұмыстарының нәтижелі болуы неге байланысты?
7. Тарихи геология қандай ғылым?
8. Теңіздердің, өзендердің және көлдердің кескіндеріндегі өзгерістер қандай құбылыстармен байланысты?
9. Террасалар деген не?
10. Жаға сызығы деген не?
11. Дюндер деген не?
12. Өзен шөгінділері нәтижесінде пайда болған және көптеген ағыстар, қолтықтармен кесілген тұнбалы жазығы бар өзен сағасы қалай аталады?
13. Қандай нысандарды космостық, аэрофотосурет көмегімен ірі масштабтағы картаға тіркеу тиімді?
14. Барлау кезінде стратиграфияны бақылаулар не үшін маңызды?

## 2.3. Қазба жұмыстары

Археологиялық зерттеу үдерісінің ең жауапкершілікті және шешуші сәті - бұл қазба жұмыстары. Өйткені қазба жұмысы кері қайтаруға болмайтын қирату үрдісі болып табылады. Қазба жұмысынан кейін ескерткіштен тек қана қазба жұмысы материалдары мен бақылау мәліметтерінің жиынтығы қалады. Сондықтан мұқият бақылау, мәліметтерді дәл тіркеу археологиялық зерттеудің маңызды ұстанымдарының бірі болып саналады және археологиялық ақпарат қорының негізін қалайды. Қазбалар негізінде өзге жолмен алынуы мүмкін емес мәліметтерге қол жетеді. Бұл мәліметтер өзіндік ғылыми құжат болып табылады.

Археологиялық ескерткіштердің өзі қайта қалпына келмейтін қорлар қатарына жатады. Жоғарыда айтылғандай кез-келген қазба жұмысы нақты мәселені шешуге бағытталған зерттеу жобасына негізделуі тиіс. Археологиялық материалдарды жинау зерттеу стратегиясына бағынады, олар болашақ далалық жұмыстар жоспарына әсерін тигізеді және зерттеу мақсатын қайта бағалаудың тұрақты негізі. Зерттеу стратегиясы өз кезегінде алдыңғы білімдер кешеніне және зерттеу мақсаттарына негізделеді.

Археологиялық қазба жұмысының жалпы ережелері мен әдістемесі бар. Соңғысы ескерткішке және қазба жұмысының кезеңдеріне байланысты таңдалады. Барынша көп ақпарат алу үшін

далалық маусым кезінде қазба жұмысының әдістемесін өзгерту қажеттігі туындауы мүмкін. Ондай жағдайда зерттеу жоспарына өзгеріс енгізіледі.

Қазба жұмысы кезіндегі мәліметтерді жинау үдерісі материалдық сипаттағы әшейін механикалық әрекеттермен шектелмейді. Ол әрдайым шығармашылық ойлауды қажет етеді. Өйткені қазба барысында негізгі түп мәліметтер жиналады және зерттеу жұмысының бір бөлімі ретінде тіркеледі. Бұл мәліметтер тек артефактілерді ғана емес, сонымен қатар жерлеу құрылыстары мен басқа да құрылыс ғимараттарының ерекшеліктері, эко фактілер және олардың барлығының уақыттық-кеңістіктік орналасуы туралы бақылауларды қамтиды. Қазба барысында әр түрлі нысандар ортасында (тұрғын үйлер мен заттардың, ғибадатхана мен дән ұраларының, артефактілер мен экофактілер ортасында) байланыстар (горизонтальды, хронологиялық, т.б.) орнату арқылы құнды археологиялық мәліметтер алу мүмкіндігі бар.

Қазба кезінде жиналған және тіркелген археологиялық мәліметтер өзгермейтін түп мәліметтер (деректер) ретінде қарастырылады және жазба деректер сияқты оларға да қайта-қайта оралуға болады, оларға сілтемелер жасалады.

## Қазба жұмыстарының түрлері.

Ескерткішті зерттеу түгелдей қазба жұмыстары арқылы немесе таңдамалы қазба тәсілімен жүзеге асырылады.

**Таңдамалы қазба** жұмыстары стратиграфиялық және хронологиялық мәлімет алу үшін не спецификалық ақпарат алу мақсатында ескерткіштің шектеулі аймағында траншеялар және шурфтар салу, шектесуші траншеялар салу әдістері арқылы жүргізіледі. Осындай қазба жұмыстары археологиялық қабаттардың терендігін барлау, ескерткіштің хронологиялық біріздiлігін анықтауды жүзеге асырады.

<u>Шурфтар және траншеялар</u>. Егер ескерткіштің мәдени қабаттары жер қатпарларының астында жатқан жағдайда стратиграфияны анықтау және ескерткіш туралы мәліметтер алу мақсатында оның төменгі қабаттарына ену үшін шағын шұңқыр түрінде вертикальды қазба жүргізіледі. Мұндай қазба археологияда **шурф** деп аталып кеткен (Сурет 2).

Шурф ескерткіштің бедері тексеріліп, өлшемдері алынып, жоспары сызылып болғаннан кейін қазылады және материкке дейін жеткізіледі. Шурф қатал тікбұрышты пішінді (әдеттеауқымы 2х2 м болған), тараптары солтүстік - оңтүстік - батыс - шығыс жақтарға бағытталған болады және масштаб бойынша жоспары түсіріледі.

Шурф арқылы алынатын ақпарат шектеулі. Ол археологиялық қабаттың төменгі шегін анықтау, төменгі қабаттағы артефакт үлгілерін алу, сонымен бірге ескерткіштің әр аймағынан үлгі алу үшін және артефакт көп орналасқан қабатты анықтауда қолданылады.



**Сурет 2.** Шурфты кеңейту және оны қазбаға айналдыру. Шурф қазбаның квадратты торламасы аясына енген (Д.А.Авдусин бойынша).

Рационалды жерге салынған шурфтар стратиграфия және ескерткіштің мазмұны жөнінде құнды ақпарат береді.

Ор түріндегі ұзын және тар қазба **траншея** деп аталады. Ол көбінесе ескерткіштің немесе мәдени қабаттың шекараларын анықтауда, хронологиялық мәселелерді шешуде қолданылады. Мысалы, қала жұрттарындағы ор және топырақтан жасалған жал түріндегі бекіністерді, обасыз қорымның шекараларын анықтауда, сонымен қатар топырақты обалардың үйінділерін зерттеуде траншеялар қазу тәсілі қолданылады.

Толық қазба жұмыстары, яғни ескерткішті түгелдей арту немесе кең ауқымды қазбалар әдетте тұрақтарда, елді мекендерде, қорымдарда және қорғандарда жүргізіледі (Сурет 3). Мұндай қазба тәсілі бүткіл бір қоныстардың, елді мекендердің, тұрақтардың немесе ғимараттар кешенінің құрылыс жоспарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді және ежелгі адамдардың тіршілігі туралы егжей-тегжейлі ақпарат береді.

Түгелдей қазба жүргізген жағдайда қазбаның ауданы әрбір нақты жағдай үшін әр түрлі таңдалады. Әр түрлі құрылыстарды қамту үшін қазба ауқымы жеткілікті дәрежеде үлкен болуы қажет. Бұл жерде мәдени қабат қаншалықты қалың болса, жұмыс барысында қазба алаңын кеңейтіп бару соншалықты қиын екенін ескеру керек. Алайда өте үлкен қазбаларда қабаттардың стратиграфиясын үздіксіз бақылау мүмкіндігі жоғалады, сондықтан қоныстарда жүргізілетін толық қазба жұмыстарының ауданы 100-400 м2 аралығында болғаны тиімді.



Сурет 3. Шурфты кенейту және оны қазбаға айналдыру. Шурф қазбаның квадратты торламасы аясына енген (Д.А.Авдусин бойынша).

## Археологиялық қазба үдерісі

Кез-келген археологиялық қазба жұмысы жоғарғы қабатты мұқият зерттеуден және ескерткіштің дәл топографиялық картасын жасаудан басталады. Жоғарғы қабатты зерттеу, артефактілерді жинау қай жерді қазу қажеттілігі туралы шешімді қабылдауға және жұмыс гипотезаларын жобалауға көмектеседі.

Алдымен қазба жұмысының тәсілі нақтыланады. Ескерткіштің көлеміне, оның сақталу деңгейіне, тексерілетін гипотезаларға, сонымен қатар қолда бар уақыт пен қаржы мәселесіне байланысты зерттеудің жаппай қазба тәсілі не таңдамалы (шектеулі) қазба тәсілі туралы шешім қабылданады. Көптеген қазба жұмыстары таңдамалы болып табылады. Бұл жағдайда қазбаның орны таңдалады. Шешім қарапайым болуы немесе күрделі алғы шарттарға негізделуі мүмкін. Қазба жұмыстары барынша көбірек нәтиже беретін және жұмыс гипотезаларын тексеруге қажетті мәлімет алуға тиімді жерлерде жүргізіледі.



**Сурет 4.** Қазба алаңына жасалған торлама көрінісі

Археологиялық материалдарды суреттеу және тіркеу ыңғайлы

болу үшін қазба алаңына квадратты торлама жасалады (Сурет 4). Ол тік бұрышты, жан-жақтары дүниенің төрт тарапына бағытталады. Әдетте квадраттардың ауқымы 2х2 м болады. Кез-келген ескерткіште қазба жұмысын жүргізгенде негізгі екі әдіс басшылыққа алынады: қабаттарды көз-мөлшермен қазу және стандартты мөлшерде қазу, қабаттарды көз-мөлшермен қазу әдісі көз мөлшермен белгіленген қабатты бөлшектеп аршуды білдіреді. Бұл баяу әдіс көбіне үңгір-ескерткіштерінде, ашық ескерткіштерде қолданылады. Онда қабаттарды ажырату біраз оңай. Егер стратиграфияны ажырату қиын болған жағдайда қабат стандартты мөлшерде аршылады, онын көлемі ескерткішке байланысты, әдетте 5-20 см аралығын қамтиды.

Табылмалар квадраттар бойынша тіркеледі. Құрылыс жатқан «дақтардың» немесе құрылыс ғимаратының пайда болуымен бұл тіркеу олардың аясында жүргізіледі, бірақ квадраттар сақталады. Осы құрылыстың ішінен не дақтың аясынан табылған барлық табылмалардың этикеткасына олардың нөмірі қосып жазылады, сонымен қатар квадраттың нөмірі де сақталады.

Барлық артефактілер құрылыстар немесе бөлмелер бойынша, ал олардың сыртынан табылған заттар квадраттар бойынша топталып, бөлек-бөлек қорапталады. Егер қазба барысында құрылыс ярустары анықталса, онда табылған заттар ярустар бойынша қорапталады.

Қабаттарды қазу уақтында барлық құрылыстардың қалдықтары мұқият тазаланады және тіркеледі. Бұл қалдықтарға қабырғалар, бөренелер мен тақтайлардың қирандылары, су құбырлары, құрылыс үйінділері және т.б. жатады. Мұндай құрылыстардың әрқасысы нөмірленіп, ол күнделікте, сызба және фотосуреттерде сол нөмірмен тіркеледі.

Ескерткішті қазу және оны жәй ғана суреттеу жеткіліксіз, оның әрбір қабатының қалай қалыптасқандығын анықтау қажет. Бұл ескерткішке жанасқан қабаттарды аршу және белгілеу жолымен мүмкін болады.

Қазба барысында жазбалар, сызбалар, суреттер және фотосуреттер арқылы барлық бақыланып жатқан фактілер айрықша мұқияттылықпен тіркеліп барылады. Соның ішінде қабаттардың орналасуы және олардың биіктік белгілеріне қатынасы, қабаттардың құрылымы және түстері, артефактілердің қазбадағы жатқан жері, моладағы қаңқа мен заттардың жатқан орыны,

олардың орналасуындағы кейбір ерекшеліктер және т.б. егжей-тегжейлі тіркеледі.

## Қазбаның стратиграфиясы және разрезі

Талапқа сай тіркелген және интерпретацияланған стратиграфиялық разрез барлық археологиялық қазбалардың негізі болып табылады. Қазба қабырғаларының разрезі сол жердің ежелгі және қазіргі заманғы тарихын көрсететін тіршілік қатпарлары мен қабаттарының жинақталған бейнесін береді. Стратиграфияны тіркеуде ескерткішке әсер еткен табиғи фактордың және ескерткіштің өзінің тарихы жөніндегі мәліметтер айрықша маңызды. Кейбір жағдайларда жер қатпары артефактілердің сақталуы мен оның қабаттағы орын ауыстыруына күрт әсер еткен табиғи және механикалық өзгерістерге ұшырап отырған. Ін қазушы жануарлар, су тасқыны, кемірушілер, адамның іс-әрекеті (жер жырту, құрылыс), эрозия, жайылушы мал - бәрі жоғарғы қабатты елеулі өзгеріске ұшыратады.

Археологиялық стратиграфия - геологиялық қатпарларға қарағанда біршама күрделі. Адамдардың бір жерден тұрақты түрде қайта пайдалануын жиі байқаса болады. Бұл артефактілердің, құрылыстардың және тағы басқа да қалдықтардың бұрынғы орынын өзгертіп жіберген. Қоныстың тегістеліп, ол жерге басқа адамдар қауымының қоныстануы, олар өздерінің тұрғын үйлерінің іргетасын тереңірек қазуы немесе алдыңғы қоныстанушылардың құрылыс материалдарын қайта пайдалануы әбден ықтимал. Баған шұңқырлары, ұра шұңқырлары, сонымен бірге жер асты молалары тереңірек қазылып, ежелгі қабаттарға енуі мүмкін. Оны қабаттардың түсінің өзгеруіне немесе артефактілерге қарап ажыратуға болады. Стратиграфияны зерттеу және оны түсіндіру кезінде осы жағдайларға назар аударылады.

Археологиялық стратиграфияны интерпретациялауға ескерткіштегі қабаттардың қалыптасу тарихын реконструкциялау және бақыланып жатқан табиғи қабаттар мен құрылыс қабаттарының сараптамасы жатады. Мұндай сараптама адамның іс-әрекетінің нәтижесінде пайда болған қабаттардың және табиғи өзгерістердің салдарынан қатталған қабаттардың түрлерін ажыратуды білдіреді. Қабаттар түстері, құрамы, құрылымы

бойынша ажыратылады және олардың қалыптасу себебі түсіндіріледі.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Археологиялық қазба жұмысының әдістемесі қалай таңдалады?
2. Қазба барысында қандай мәліметтер жиналады?
3. Қазба жұмыстары жүргізудің қандай тәсілдері бар?
4. Шурф деп қандай қазба түрін атайды?
5. Траншея қандай мәліметтер алу үшін қолданылады?
6. Ескерткішті түгелдей аршу қандай нысандарда жүргізіледі?
7. Қазба алаңына квадратты торлама не мақсатпен жасалады?

## 2.4. Далалық тіркеу және құжаттау

Ғылыми материалдардың құндылығы және шынайылығы, оларды әрі қарай зерттеу жұмысында нәтижелі пайдалану далалық тіркеу және онымен қатар жүретін құжаттау әдістеріне түгелдей байланысты. Мәліметтерге ие ғылыми құжатнама кейінгі зерттеудің дерек көзі болып қызмет етеді.

Далалық зерттеулер бойынша барлық жұмыстар міндетті түрде күнделікке жазып барылады. Далалық күнделік зерттеушінің негізгі құжаты болып, ол ескерткіш және ондағы қазба туралы барлық мәліметтерді толық түрде қамтуы қажет. Ескерткіштің сипаттамасында оның орналасуы, бағыты, ерекшеліктері және көлемі мұқият тіркеледі. Күнделікте қазба жұмысындағы барлық бақылаулар мен іс-әрекеттер: мәдени қабаттардың сипаттамасы, барлық өлшемдердің нәтижелері, табылған заттардың жазба суреттемесі, фотосуреттердің тізімі және өзге де мәліметтер жазып барылады. Елеусіз мәліметтердің өзі лабораторияда құнды болып шығуы мүмкін. Қазба барысындағы кез келген интерпретация мен болжамдар да күнделікке тіркелуі қажет. Далалық жазба қисынды, анық, қарапайым және түсінікті болуы қажет.

Зерттеу барысында күнделікпен қатар далалық сызба жұмыстары жүзеге асырылады. Сызба жұмыстары сурет салу мен тіркеудің лайықты масштабында жүргізіледі. Әдеттегі қолданылатын жұмыс масштабы 20 см : 1 м (1:20) болып табылады,

қандай масштаб таңдалмасын, жоспар мен профиль бүкіл қазба үшін бірдей масштабта суреттелуі қажет. Кейбір нысандар мен заттар үйіндісінің жоспары едәуір үлкен масштабта жасалады.

## Қазбаның жоспары

Қазба барысында аршылған нысандар жоспарға түсіріледі. Әрбір құрылыс горизонтының, әрбір қабаттың және кейбір ғимараттардың бөлек жоспарлары жасалады. Егер қабаттарда заттар сирек кездесе, онда табылмаларды ярус бойынша топтау және бір жоспармен шектелуге болады. Әрбір жоспарда қазбаны телімдерге бөлетін нөмірленген квадраттар торламасы сызылып, ол арқылы табылған барлық бұйымдар мен маңызды нысандардың (шұңқырлардың, ошақ орындарының және т.б.) кескіндері жоспарға дәлдікпен түсіріледі. Табылған заттардың барлығы жоспарға нөмірленген күйде енгізіледі. Артефактілердің түрлерін белгілеу үшін шартты белгілер қолданылады. Жеке заттар, тастан немесе немесе кірпіштен өрілген қабырғалар, қабаттар шартты белгілер арқылы көрсетіледі. Археологиялық сызбаларда кең қолданылатын қалыптасқан шартты белгілердің жүйелері бар. Өте дәлдікпен жасалған жоспарлар табылған заттардың орналасу ерекшеліктерін және бір-бірімен байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Жаңа компьютерлік бағдарламалар, мәселен Autocad бағдарламасы жоспарларды өте дәлдікпен жасау жұмысын жеңілдетті. Ол арқылы қазбаның үш өлшемді жоспарын құрастыру және құрылыстың анық реконструкциясын жасау мүмкіндігі пайда болды.

## Қазбаның разрездерін тіркеу

Ескерткішті сипаттау үшін қазбаның разрезі, яғни оның қабырғаларының вертикальдық көрінісі аса маңызды. Стратиграфиялық разрезді тіркеудің басты міндеті қабаттардың қалыптасуының себептері туралы барынша көбірек мәлімет алу болып табылады. Стратиграфия ескерткіштердің, құрылыс ғимараттарының, артефактілердің және табиғи қабаттардың өзара қатынастарын көрсетеді. Сондықтан оның сызбалары өте дәлдікпен түсіріледі.

Стратиграфиялық разрездерде әртүрлі тіршілік қабаттары не

геологиялық құбылыстар нақты белгіленеді. Кез-келген стратиграфиялық сызбалар өте күрделі, ол үшін сызу қабілетімен қоса оны түсіне білу қажет. Кейбір ескерткіштерде қабаттар күрделі әрі айқын емес, әсіресе құрғақ климаттық жағдайларда олардың түсі оңып кетеді. Сондықтан барлық қабаттар ылғал кезінде суреттеп жазылады және сызылады. Қабаттар түстері, құрамы, құрылымы бойынша ажыратылады және қалыптасу ізбе-ізділігі бойынша, яғни төменнен жоғарыға қарай нөмірленеді. Қабаттарды фиксациялауда шартты белгілер қолданылады. Дұрыс орындалған жоспарлар мен профилдердің сызбасы бір-біріне сәйкес келуі керек (Сурет 5).



Сурет 5. Обадағы қазбаның жоспары мен профилі (қазба қабырғасының қапталдан көрінісі) сызықтарының сәйкестігі (Д.А.Авдусин бойынша).

## Артефактілерді тіркеу

Барлық археологиялық артефактілер әдетте тіркеледі. Сирек кездесетін бұйымдардың әрқайсысының табылған жері сол қабаттың жоспарында белгіленеді, күнделікте суреті салынып, сипаттамасы жазылады жеке қорапталады. Көп мөлшерде кездесетін артефактілерді (тас, керемика) тіркеуді қазба жетекшісі біршама жүйелеуі мүмкін. Оларды бөлмелердің квадраттары, ярустары бойынша тіркеуге болады. Заттар зерттеу аяқталғанға дейін сол квадратқа немесе ярусқа арналған қорапта сақталады. Тас, керамика және басқа бұйымдар салынған қораптардың әрқайсысына тізім жасалады, күнделікке тиісті мәліметтер жазылады және

арнайы этикеткаға қажетті ақпарат тіркеледі. Әдетте тіркеу қағаздары даяр сұрақтарға жауап жазылатын қағаздар түрінде болады және олар далалық жағдайда толтырылады.

Табылған заттарды тіркеудің негізгі құжаты олардың тізімі болып табылады. Тізім тікелей далада құрастырылады. Тізімде заттың тіркемелік реттік нөмірі, экспедицияның аты, ескерткіштің аты және мекенжайы, координаттары, заттық сипаттамасы, оның шикізаты және размері, заттық далалық нөмірі оның координаты, суреті және т.б. жазылады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Далалық күнделік қандай мәліметтерді қамтуы қажет?
2. Ескерткіштің сипаттамасында қандай мәліметтер жазылады?
3. Қазбаның жоспары мен профилі қандай масштабта түсіріледі?
4. Ратиграфиялық разрезді тіркеудің басты міндеті неден тұрады?
5. Археологиялық артефактілерді тіркеуде қандай ұсылдар қолданылады?
6. Табылған заттарды тіркеудің тізіміне қандай мәліметтер жазылады?

## 2.5 Далалық консервация және реставрация

**Консервация.** Далалық консервация жұмыстарының мақсаты артефактілерді бұзылудан сақтап қалу және оның кейінгі табиғи бұзылуының алдын алу болып табылады. Оның қарапайым әдістерін кез келген археолог біледі. Ал ылғи ағаш бұйымдар, маталар, тері, кілем немесе фрескаларды консервациялау талап етілетін ірі экспедицияларда маман-реставраторлар қажет болады.

Топырақ астында көміліп қалған бұйымдардың баршасы өзін қоршаған ортаға біршама төзімді болады. Қазып алынғаннан кейін жаңа ортаға тұс келген артефактілердің пішіндері, құрылымы өзгереді. Ауа мен күннің әсерінде олар көбінесе бұзылып та кетеді. Жаңа микроортамен тепе-теңдік орнатылғанға дейін бұл өзгерістер тоқтамайды. Қазба уақытында дәл қазір табылған мата, металл, ағаш, киіз және сүйектен жасалған бұйымдар бір сәтте үгіліп, жоқ болып кетуі мүмкін. Заттың бұзылу жылдамдығы оның жаңа микроортаға бейімделу ерекшелігіне байланысты. Сонымен қатар

артефактілер қазбаға дейін де белгілі дәрежеде зақымданады. Өйткені топырақ органикалық және химиялық элементтердің қоспасынан тұрады, ал ол элементтер жер астында көміліп қалған бұйыммен міндетті түрде өзара әсерге ұшырайды.

Заттың сақталу дәрежесі оның жасына, табиғи төзімділігіне және ол көміліп жатқан топырақтың түріне байланысты болады. Археологиялық бұйымдар құрғақ, құмды не саздақ, немесе өте ылғалды топырақта жақсы сақталады.

Бұйымдардың бұдан кейінгі сақталуы зерттеушіге, экспедицияның консервілеуші құралдармен жабдықталуына және қажетті лабораториялық жабдықтардың болуына байланысты.

Далалық консервацияның қарапайым әдістері мен жасанды консервациялау әдістері бар. Консервациялау затты топырақтан тазалап алу уақытында, оны алып болғаннан кейін және лабораториялық жағдайда жүзеге асырылады.

Затты бұзылудан қорғау және оны сақтап қалу үшін қазба кезінде төмендегі ережелерді сақтау қажет.

Органикалық заттарды күннің астында және ашық ауада қалдырмау қажет. Оларды қалың қағаз немесе глицерин араластырылған су (10-15 %) сіңдірілген матамен жауып қою керек.

Егер осы ережелерді сақтаған жағдайда да зат өзінің бұзылуын әрі қарай жалғастырса, оны тазалауды дереу доғару, топырақпен көму және консервілеудің жасанды әдістерін қолдану қажет. Мұндай жағдайда бұзылып бара жатқан затты (ашылған бөлімін консервілеуші ерітіндімен ылғалдағаннан соң) монолит түрінде топырақпен қосып алу және консервацияның лабораториялық жағдайда өткізу керек болады.

Қабырғалардағы фрескалар, мәңгі тоң басқан обаларда кілемдердің бүтін бөлігі кездескен жағдайда қазуды тоқтатып, маман-реставраторды шақыру қажет.

Далалық жағдайда заттың шикізатына байланысты консервациялаудың әр түрлі тәсілдері қолданылады. Мысалы, мата мен терінің қиықтарын сақтаудың ең қарапайым әдістерінің бірі - тез тазалап, глицериннің 30%-дық ерітіндісін сіңдіріп және оны сол ерітінді сіңдірілген матамен жауып қою болып табылады. Егер мата мен тері таза болған жағдайда оны екі шынының арасына салып қысу арқылы сақтауға болады. Сүйектерді, үгіліп бара жатқан керамика мен темірді абайлап тазалағаннан кейін нығайтушы

(мысалы, акрилатты шайыр) ерітіндімен қатыруға болады. Ағашты сақтаудың ең жақсы тәсілі оның ылғалдылығын сақтау болып табылады. Сондықтан оны суланған қаппен жабу арқылы сақтауға болады. Далалық жағдайдағы консервацияның негізгі міндеті табылған затты сақтап қалу екенін ұмытпау қажет. Археологиялық қазба жұмысы табылған жәдігерлерді тасымалдау және лабораториялық құжатты толтырумен аяқталады. Зерттеу үрдісінің келесі сатысы - табылған заттарды сараптау, гипотезалық жобаны тексеру қажет. Сараптама аяқталған соң ескерткіш интерпретациясы мәселесі қолға алынады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Далалық консервация жұмыстарының мақсаты?
2. Органикалық заттарды далалық жағдайда сақтау үшін қандай шаралар қолданылады?
3. Артефактілерді топырақпен көму және консервілеудің жасанды әдістерін қандай жағдайда қолданылады?
4. Қандай жағдайда қазуды тоқтатып, маман-реставраторды шақыру қажет?
5. Мата мен терінің қиықтарын сақтаудың ең қарапайым қандай әдістері бар?
6. Сүйектерді, үгіліп бара жатқан керамика мен темірді қандай ерітіндімен қатыруға болады?
7. Ағашты сақтаудың қандай тәсілі бар?

## 2.6 Лабораториялық сараптау

Материалдық қалдықтар археологияға өткен замандағы өмірдің басқа аспектілеріне қарағанда ежелгі технологиялар туралы көбірек білуге мүмкіндік береді. Сондықтан артефактілерді жазбаша суреттеу және өңдеу жұмыстары археологиялық зерттеулердің негізгі бөлімін құрайды.

Лабораториялық зерттеулердің бірінші сатысында далалық мәліметтер жазбаша суреттеледі, өңделеді және бір жүйеге салынады. Бұл оларды идентификациялауға және түсіндіруге мүмкіндік береді. Осы сатыда жәдігерлер де ивентаризацияланады.

### Археологиялық материалды жазбаша суреттеу

Зерттеліп жатқан нысандар мен олардан алынған материалдық қалдықтарды, қазбаның мәдени қабаттарын жазбаша суреттеу маңызды зерттеу жұмысы болып табылады және ғылыми мәліметтерді арнайы сипаттау жүйесінде ұсыну құралы болып саналады. Жазбаша суреттеуге тек жазба мәтін ғана емес, сонымен бірге мәтінді толықтырушы суреттер, сызбалар, схемалар, кестелер де кіреді. Жазбаша суреттеуде қолдан сызылған суреттер және қазба барысында жойылып кететін нысандардың суреттемесі мен графикалық сызбалары аса маңызға ие. Археологиялық нысандарды жазбаша суреттеудің жалпы талаптары мен ұстанымдары бар. Біріншi кезекте, жазбаша суреттеу артық сөздерсіз және нақты баяндалады. Екіншіден, ол қатал және шынайы, жеке пікірлер мен жорамалдарсыз болады.

Археологияда нысандар табиғи тілдің терминдерімен суреттеледі. Алайда өзінің табиғаты бойынша әдеттегі тіл нысандарды нақты және қысқа да нұсқа түрде айқын суреттеуге жарай бермейді. Сондықтан археологияда да басқа білім салаларынан немесе басқа тілдерден алынған, арнайы сөздер мен терминдер қолданылады. Табиғи тіл арқылы фактілер мен құбылыстар көмескі және созылып айтылатын жағдайда оларды дәл және қысқа да нұсқа белтілеу үшін археологияның ішінде де сөздер жаратылады. Артефакт, стратиграфия, бифас, леваллуа, чоппер, шурф және т.б. шеттілдік терминдер қазір археологияда жүйелі түрде қолданылады. Шартты белгілер мен сызбаларды пайдалану жазба суреттеменің дәлдігін қамтамасыз етеді. Археологиялық нысандардың жазба суреттемелері арнайы, ғылыми әдебиет болып табылады. Олар оқушыға оны қызықтыратын мәліметтерді тез іздеп табу мүмкіндігін беруі қажет. Сондықтан жазба суреттеме алдын ала ойластырылған бірыңғай құрылым бойынша жазылады.

Зерттеу мақсаттарына байланысты жазба суреттеме қысқаша немесе көлемді болады және ұрғылар әртүрлі қойылуы мүмкін. Ол мәтін немесе нөмірленген қатарлар, кесте немесе бланк түрінде болуы мүмкін.

Жазба суреттемеге тек шынайы анықталған, яғни зерттеушінің пікірінен тәуелсіз мәліметтер, мысалы: размері, салмағы, сыртқы пішіні, технологиясы, құрамы, қабаттағы жағдайы, қабаттардың ізбе-ізділігі, марқұмның қабірдегі жағдайы, қабір саймандарының

рналасуы және т.б. енеді. Арнайы білімді талап ететін мәліметтер (антропологиялық, палеозоологиялық, технологиялық және т.б.) тұжырымның авторына жасалған сілтемемен бірге беріледі. Метафоралық атаулар берілмейді, өйткені олар оқырмандарда әртүрлі ассоциация шақыруы мүмкін.

Сипаты бойынша заттар немесе нысандардың сериясы (мысалы, қорымдағы оба, елді мекен ішіндегі тұрақжай) бірдей сабақтастықпен жазылады. Бұл кейінгі жазу жұмысын жеңілдетеді, керекті мәліметтерді жылдам табуға көмектеседі.

Үлкен және күрделі нысандардың жазба суреттемесін қысқаша беру қиын, өйткені қажетті мәліметтер жойылып кетуі мүмкін. Сондықтан ауқымды жазба суреттеме құрылымы бойынша ыңғайлы болуы қажет. Күрделі нысандарды суреттегенде әуелі қысқаша жалпы сипаттама беріліп, оның элементтері ажыратылады, ал содан кейін элементтердің әрқайсысы толық суреттеледі. Мұндай жағдайда мәтінге қосымша нысандардың жоспары және олардың бөліну схемасы, сонымен қатар кіші нысандардың жоспарлары мен разрездері беріледі. Заттардың, әсіресе, заттар кешенінің кестелерде жасалған жазба суреттемесі танысу үшін өте ыңғайлы.

Археологиялық материалды жазбаша суреттеу кезінде олардың өзіндік ерекшеліктері (белгілері) сипатталады. Олар зерттеліп жатқан артефактілерді өзара және басқа нысандармен салыстыруға және олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Белгілер сөзбен (мысалы, «ыдыс өрнектелмеген»), санмен (8), шартты белгілермен (мысалы Δ, ↑, •) немесе графикалық элементтермен (графемалар) суреттеледі. Олар археологиядағы жазба суреттемелік тілдің лексикалық бірліктеріне айналады. Мұндай ғылыми тілдің табиғи тілден айырмашылығы сөздердің семантикалық бір мағынада болуында. Лексикалық бірлік ретінде таңдап алынған сөздер өз бетімен басқа сөздермен ауыстырыла бермейді.

Археологиялық материалдардың жазба суреттемесін статистикалық өңдеу оларды жүйелеуге және артефактілердің санын, түрлерін, размерлерін үнемді жолмен көрсетуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда суреттемелік статистика тікелей далалық жағдайда жиі қолданылады. Әдетте негізгі мәліметтер күн сайын далалық жағдайда компьютерлік базаға енгізіледі.

## Археологиялық жіктеу

Артефактілерді табысты талдау археологияның екі іргелі түсініктері - жіктеу және типологиямен тығыз байланысты. Археологиядағы артефактілерді жіктеу бізді қоршап тұрған заттарды күнделікті жіктеуден ерекшеленеді. Жіктеу археологияда зерттеу құралы, археологиялық материалдарды реттестіру ұсылы болып табылады. Ол археологтер ұсынған өлшемдерге негізделіп құрылады және зерттеу міндеттеріне сәйкес зерттеліп жатқан заттарды ұйымдастырумен және жүйелеумен қамтамасыз етеді. Бұл археологиялық деректері талдау үшін өте маңызды.

Жіктеудің негіздері де, жіктеуді құру ұсылы да зерттеліп жатқан мәселе мен алынған мәліметтерге тікелей байланысты болуы қажет. Зерттеу міндеттеріне сәйкес жіктеудің мақсаттары өзгеруі мүмкін, сондықтан туындаған жағдайға байланысты зерттеуші өзінің жіктеулерін қайта қарау қажеттілігін сезулері керек.

Алғашқы жіктеу әдетте ерекше зерттеу ұсылын талап етпейді. Заттар материалына қарап (тас бұйымдар, сүйек бұйымдар, қола бұйымдар және т.б.) немесе қолданылу ерекшеліктеріне қарап (еңбек құралдары, үй бұйымдары, қару-жарақтар және т.б.) бөлінуі мүмкін. Мұндай реттеу кейінірек едәуір тыңғылықты сараптама жасауға мүмкіндік береді.

## Типология

Типология - бұл нысандар жиынтығын оларға тән ортақ маңызды белгілері негізінде нақты сапалы типтерге бөлу. Нысандардың мәні жағынан біркелкі жиынтығын табуға ұмтылу типологизацияның классификациядан негізгі айырмашылығын құрайды. Оны зерттелуші нысандардың мәндік қасиеттерін ажыратып алу негізінде жүзеге асырылатын көпөлшемді классификация деп санауға болады. Бірақ осы мәндік қасиеттерді табу және көпөлшемдік классификацияны іс жүзінде орындаудың күрделілігіне байланысты оны жүзеге асыру біраз қыйындықты тудырады.

Археологиялық типтер - артефектілердің басқа артефактілер топтарымен салыстыру үшін жасалған жиынтығы. Бұл топтаулар сол бұйымдарды өндірушілердің пайдаланған шын мәніндегі

топтауларына сәйкес болуы да, болмауы да мүмкін. Ресейлік ғалымдардың пікірінше археологиялық нысандарға байланысты «тип» түсінігінің анықтамасында екі тарапты бөлуге болады: тарихи және логикалық. Тарихи көзқарастан ұқсастығы мен айырмашылықтары хронологиялық, технологиялық, этникалық және басқа да тарихи қажеттіліктерден туындаған археологиялық нысандардың топтарын тип деп санау қажет. Ал логикалық көзқарастан археологиялық нысандардың типі деп маңызды белгілердің тұрақты үйлесімділігін айту қажет. «Тип» түсінігі мен «белгі» түсінігі бір бірмен тікелей байланысты. Өйткені заттардың тек өзіндік ерекшеліктері, яғни белгілері негізінде ғана типті іріктеуге болады. Белгілердің тұрақты үйлесімділігі - бұл кездейсоқтық емес, ал қандайда бір заңдылықты табиғи құбылыстармен байланысты (Мартынов А.И., Шер Я.А.).

Типологиялық жіктеу артефектілердің атрибуттарын анықтаудан басталады. Артефактілердің біреуін екіншісінен айыру үшін пайдаланылатын маңызды белгілер атрибуттар деп аталады. Оларға заттың пішіні, материалы, даярлау әдісі және т.б. жатады. Атрибуттар артефактілер жиынтығын тыңғылықты зерттеу барысында немесе статистикалық өңдеу нәтижесінде анықталады. Атрибутивтік талдауда атрибуттар комбинациясына, әртүрлі артефактілер типтерінің өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне айрықша мән беріледі. Заттардың типологиясын жасауда көп санды материал қарастырылады және олардың жіктеу үшін пайдалануға болатын, ең маңызды атрибуттары сұрыптап алынады. Яғни кез келген жіктеу жұмысы үшін дәл соған лайықты атрибуттар таңдап алынуы қажет.

Жіктеу де, әдетте, үш түрлі атрибуттар негізге алынады: морфологиялық (пішіні, өлшемдері), стилистикалық (өрнектері, түсі, бетінің өңделуі және т.б.), технологиялық (пайдаланылған материалдар және даярлау ұсылдары). Таңдап алынған атрибутгар негізінде артефактілердің типтері бөлінеді. Типтердің анықталуы зерттеудің жүргізілген ретіне немесе зерттеушінің шешіміне байланысты болады.

**Морфологиялық атрибуттарға** заттың сыртқы пішінінің белгілері, оның өлшемдері жатады. Бір жағынан археологиялық нысандардың сыртқы көрінісінің белгілері сипаттауға өте ыңғайлы, ал екінші жағынан заттардың, нысандардың сыртқы түрі көбінесе

оның мәнімен (яғни орындайтын міндеті, қолданылуы, таралуы, этникалық және хронологиялық орнына) байланысты болып келеді.

Морфологиялық белгілері бойынша құрылған тас құралдардың классификациялары арасында Ф.Бордтың «типлистерін» айрықша атап өтуге болады. Мустье құралдарының 62 типі бөлінген бұл жіктеу мамандар тарапынан кең қолдау тапты. Мысырдың династияға шекемгі керамикасы үшін жасалған ағылшын археологі Ф.Питридің морфологиялық жіктеуі де қазірге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Кеңестік археологиядағы В.А.Городцовтың және А.В.Арциховскийдің іргелі зерттеулері морфологиялық атрибуттарға негізделген болатын. Б.Монфокон мен И.Винкельманнан бастап зерттеушілердің бірнеше ұрпақтары құрастырған антикалық ыдыстардың морфологиялық тұрғыдан жіктелуі айрықша маңызға ие. Кең пайдаланылып жүрген гальштат-латен фибулаларының, скиф-сақ тайпаларының жебелері мен жүген жиынтықтарының жіктелуі де морфологиялық атрибуттарға негізделген. Бұл жерде заттың формасы оның атқарған міндетін ғана емес, сонымен қатар оның кеңістіктік-уақыттың атрибуциясын да көрсетеді.

**Технологиялық атрибуттарға** заттардың шикізаты, даярлау және өңдеу ұсылдары жатады. Археологияда жаратылыстану әдістерінің кең қолданылуы археологиялық олжаларды олардың химиялық құрамы мен технологиясы бойынша жіктеуге мүмкіндік берді. Ежелгі заттарды шикізаты бойынша жалпы сипаттаудың орнына емі тас жынысы мен оны өңдеу тәсілдері, саздың құрамы мен керамика өндірісінің түрлері, металл балқытудың және құюдың тәсілдері мен технологиясы сияқты нақты белгілері бойынша суреттеу мүмкіндігі пайда болды. Мұндай белгілерге сүйеніп кен көздерін, қыш өндірісінің ошақтарын табуға және бұйымдардың нақты типтерінің таралу жолдарын бақылауға болады. Бұл өз кезегінде біраз жоғары деңгейдегі тарихи мәселелерді, атап айтқанда экономикалық және мәдени байланыстар туралы мәселелерді қоюға мүмкіндік береді. Ежелгі керамиканың технологиялық белгілерін зерттеу кейбір этномәдени үдерістерді, мысалы, қыш ыдыстарды даярлаудың белгілі бір техникалық дағдыларының таратушылары, олардың өзара әсерлері туралы пікірлеуге мүмкіндік береді. Шынының химиялық құрамы мен даярлаудың техникалық тәсілдерінің ерекшеліктері шыны

қайнатудың бір мәдениетке тән, ал екінші мәдениеттерге тән емес етнітік» рецептері мен сыртын өңдеудің белгілі ұсылдарын табу мүмкіншілігін береді.

**Стилистикалық атрибуттарға** артефактілердің өрнектері, түсі, бетінің өңделуі және т.б. жатады. Өрнектер мазмұны бойынша геометриялық (Андрон мәдениеті ыдыстарының бетіндегі сияқты) немесе өсімдік түріндегі, бейнелер мен суреттер «аң- стиліндегі (сақ «аң» стилі) өрнектерге жіктелуі мүмкін. Бейнелеу ескерткіштерін немесе суреттерді жіктеу олардың сюжеттерінің, кейіпкерлерінің, бейнелеу техникасының ерекшеліктері сияқты атрибуттарға негізделуі мүмкін.

Атрибуттарды таңдау артефактілер жиынтығын мұқият зерттеу барысында жүз береді. Таңдап алынған атрибуттар негізінде олардың типтері ажыратылады. Артефактілерді тек сыртқы пішіні, тек технологиясы немесе басқа бір атрибуттар түрі бойынша зерттеу жеткіліксіз болады.

## Сандық әдістер

Бүгінгі күнде статистикаға (сандық сараптау) негізделген жіктеулер кең қолданылады. Сандық әдістер (стандарттық статистикалық сараптаудан басқа цифрлік анализ бен сандық операциялар әдістері, сонымен қатар мәліметтердің көрнектілігін қамтамасыз ететін графикалық әдістер) өздерінің сипаттамалық және дәлелділік қасиеттерімен, олардың негізінде мұқият құрастырылатын дәлелдемесімен археологияның көптеген іргелі сұрақтарына (мерзімі, пайда болған жері, атқарған міндеті және т.б.) жауап табудың тиімді құралдарын жаратады.

Сандық әдістер мәліметтерді зерттеу және сипаттауда, оларды жазбаша суреттеуде, сонымен қатар гипотезаны тексеру немесе дәлелдеуде маңызды рөл атқарады. Бірінші жағдайда сандық әдістер археологиялық материалдарды үнемді жолмен суреттеп жазуға, оларды жүйелеуге мүмкіндік береді. Мәліметтер блогының жазбаша суреттемесі басқа зерттеушілер үшін жарамды және өзінің мәліметтер құрылымын сақтап қалуы қажет. Дәлелдеуші немесе логистикалық статистика барлық жиынтықтардың сипаттамасын шығаруға бағытталған.

Статистикалық әдістер бақыланып жатқан жиынтықтың

(археологиялық материалдарды сараптау мәліметтері) ежелгі дәуірде нақты болған жиынтықтың қасиеттерін қаншалықты барабар бейнелейтінін тексеруге мүмкіндік береді. Археологиялық материалды ғылыми сараптау нәтижесінде анықталған құрылымдар мен өзара байланыстар негізінде өткен заман туралы тұжырымдар жасалады. Алайда бақыланып жатқан құбылыстар (археологиялық материал) мен бақыланбайтын құбылыстар (көне замандағы адамдардың тірлігі мен іс-әрекеті) арасындағы байланыстар көпшілік жағдайда шүбәсіз емес. Археологтер өздерінің тұжырымдауының дұрыстығын тексеруде статистикалық көрсеткіштерге, соның ішінде белгілі ықтималдықтар заңдарына сүйенеді. Статистикалық сараптау тек мәліметтер арасындағы немесе мәліметтер жиынтығындағы элементтер арасындағы байланыстардың шынайылығына ғана баға береді. Ал статистика негізінде жасалған тұжырымдауларды (мысалы, ұқсастықтар немесе ерекшеліктер) археологиялық материалдар немесе адам тіршілігіне байланысты түсіндіру археологияның міндетіне жатады.

Сандық көрсеткіштер жәрдемінде мәліметтерді жинақы және тиімді жүйелеуге болады, бұл өз кезегінде оларды біраз айқын және объективті қарастыруға мүмкіндік тудырады. Сонымен қатар, бұл әдістер атрибуттар мен нысандардың образдарын танып білу үшін және артефактілерді жіктеуде қолданылады.

Сонымен, қазба материалдарын жазбаша суреттеу мен жіктеу зерттеу үрдісін зерттеу міндеттеріне сәйкес іштей ұйымдастыруға және артефактілерді жүйелеуге, типтерді бөлуге және типтердің өзара қатынасын идентификациялауға мүмкіндік береді.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Лабораториялық зерттеулердің бірінші сатысында қандай жұмыстар атқарылады?
2. Археологияда нысандар табиғи тілдің терминдерімен суреттеледі.
3. Археологияда артефактілерді жіктеу міндеттерді орындайды?
4. Типология - бұл?
5. Морфологиялық атрибуттарға нелер жатады?
6. Технологиялық атрибуттар деген не?
7. Стилистикалық атрибуттарға нелер жатады?

## 2.7. Ескерткіштерді мерзімдеу

Археологияның ең маңызды міндеттерінің бірін ескерткіштің жасын анықтау құрайды. Әдетте белгілі бір ескерткіштің, нақты мәдени қабаттың немесе заттың жасы анықталады. Мерзімі анықталған ескерткіштерді, мәдени қабаттарды және бұйымдарды өзара салыстыру қажет болған жағдайда синхрондау міндеті пайда болады. Синхрондау сол жердің немесе басқа аймақтың әртүрлі ескерткіштерінің уақыттық қатынасын орнатады.

Археология ғылымы мерзімді анықтаудың әр алуан деректері мен әдістерінен пайдаланады. Бұлар қатарына көне жазба шығармалар, бұйымдардың бетіндегі жазбалар, теңгелер, бұйымдар мен суреттердің көркемдік ерекшеліктері, стратиграфия, типологиялық қатарлар және аналогиялар, ежелгі өсімдіктердің тозаңын сараптама жасау, ежелгі сүйектердің құрамындағы фтор және уран, сақталып қалған ағаш немесе бөренелердің жылдық сақиналары, калий, аргон және көміртегінің радиактивтік изотоптары бойынша мерзімдеу, күйдірілген лайдан жасалған бұйымдардың магниттік қасиеті негізінде олардың термолюминесценциясы және т.б. жатады. Аталған деректер мен әдістердің әрқайсысының өзіндік маңызы мен кемшіліктері, мүмкіндіктерінің шектері және тиімді пайдалану шарттары бар.

Археологиялық нысандардың жасын анықтау әдістерін үш топқа бөлуге болады: тарихи-филологиялық, археологиялық және жаратылыстану әдістері. Біріншісіне тарихи шығармалардың куәліктері жәрдемінде, ежелгі жазулар, теңгелер, бұйымдар мен сурет бейнелердің көркемдік ерекшеліктері бойынша мерзімдеу жатады. Екіншісіне стратиграфиялық және типологиялық әдістер, ал үшіншісіне - жаратылыстану (археомогнетизм, дендрохронология, радиоизотоптар, термолюминесценция және т.б.) әдістері жатады. Олардың әрқайсысы кәсіптік білімдерді және тәжірибені талап етеді. Жазба деректерден табысты пайдалану үшін ежелгі тілдерді меңгеру қажет. Нумизматикалық білімдерді білместен теңгелер бойынша жасты анықтау мүмкін емес, ал өнертанулық әдістерді меңгерместен ежелгі өнер бұйымдарының жасын білу қиын. Радиокөміртегі немесе термолюминесценция бойынша тек арнаулы лабораторияда жасты анықтау мүмкіншілігі бар. Сондықтан қажет болған жағдайда археологиялық зерттеулерге, соның ішінде нысандарды мерзімдеу жұмыстарына

түрлі сала мамандары тартылады. Археолог жасты анықтау үшін сараптамаға жіберілетін қалдықтар үлгілерін қазбадан шығарып алу, оларды сұрыптау, қораптау, сақтау және қажетті мәліметтерді тіркеу ережелерін жақсы білуі керек.

## Салыстырмалы мерзімдеу

Археологияда жас анықтаудың екі жүйесі пайдаланылады: салыстырмалы және абсолюттік. Салыстырмалы мерзімдер көмегімен мәдени қабаттардың, құрылыстардың және құбылыстардың өзара бір-біріне қатынасты орыны анықталады, олардың уақыт ішіндегі ізбе-ізділігі немесе бір мезгілділігі орнатылады. Яғни ол нақты бір аймақтағы археологиялық мәдениеттердің қайсысы біршама ежелгі, ал қайсы бірі жасырақ, белгілі бір есірткіштегі мәдени қабаттардың немесе ғимараттардың қайсы бірінің жасы үлкен, ал қайсысының жасы кіші екендігін көрсетеді. Салыстырмалы мерзімдеу үшін стратиграфиялық ізбе-ізділіктермен қатар артефактілердің пішініндегі және басқа ерекшеліктеріндегі өзгерістердің типологиялық ізбе-ізділіктері қолданылады. Әдетте артефактілердің материалы мен даярлау техникасы, мәдени қабаттардағы шөгінділер стратиграфиясы негізінде бөлек заттардың және біртұтас кешендердің салыстырмалы хронологиясы орнатылады.

Салыстырмалы мерзімдеу әдістерінің археологияның барлық бөлімдеріндегі орны бірдей емес. Алғашқы археологияда жақынға дейін салыстырмалы мерзімдер басым болды. Палеолит, неолит, қола дәуірлерінің XIXғ. аяғы - XXғ. басында жасалған кезеңдеу кестесі толығымен салыстырмалы хронология әдістеріне сүйенген. Соңғы кезде алынған көп санды абсолюттік мерзімдерге қарамастан бұл кезеңдеулердің негізі дерлік өзгерген жоқ.

## Абсолюттік мерзімдеу

Егер археологиялық кешенде мәдени қабаттан табылған уақыты нық заттар (мысалы, теңге, эпиграфикалық олжа және т.б.) болса, олардың негізінде кешеннің абсолюттік мерзімі анықталуы мүмкін. Мысалы, б.з.д. II мың жылдық немесе XIII ғ. басы және т.б.

Алғашқы археологияда тұрақтардың абсолюттік жасын анықтау

үшін геологиялық, палеоботаникалық және палеонтологиялық әдістер пайдаланылады. Жоқ болып кеткен жануарлардың сүйектері мен топырақтан алынған ежелгі өсімдіктердің тозаңы бойынша, кейбір жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік еткен геологиялық уақытын біле отырып, ескерткіштің немесе кешеннің хронологиясын анықтауға болады.

Жаратылыстану әдістері ежелгі заттардың «физикалық уақыттағы» абсолюттік жасын анықтайды. Мысалы б.з.д. 2500 ± 40 ж. Мұндай жас жылды емес, ал ұзақтығы 80 жыл аралықтағы мерзімді көрсетеді. Ескерткіштің нағыз жасы осы аралықта жатыр деген сөз. Археологиялық әдістермен анықталған кейбір уақыт мерзімдері де осындай болуы мүмкін. Теңгенің шыққан уақыты (мысалы, 621-907 жж. аралығында шығарылған Тан династиясының теңгесі) мен қабірге түскен уақыты аралығын анықтау мүмкін болмаған жағдайда моланың «төменгі» мерзімі 621 жылдан ерте емес (теңгенің шыққан уақытынан ерте емес) және 907 жылдан кеш емес дәуірге тиісті деп қабылданады. Бұл осы қабірдің VII ғ., басы X ғ. басы аралығындағы кез-келген уақытқа тиісті болуы мүмкін екенін білдіреді. Мұндай жағдайда моланың жасын анықтауда басқа барлық мәліметтер есепке алынады.

Жаратылыстану ғылымдарында органикалық және органикалық емес қалдықтарда, олар көміліп қашаннан кейін жүз беретін физикалық және химиялық үрдістерге сүйенетін абсолюттік мерзімдеудің бірнеше әдістері жаратылған. Олардың арасында алғашқы дәуір археологиясында айтарлықтай тиімді нәтиже беріп жүрген радиокарбондық, калий-аргондық, археомагниттік және термолюминесценттік әдістер кеңінен белгілі.

Радиокарбондық немесе радиокөміртектік әдіспен ағаш, күйген ағаш көмірі, сүйек және т.б. органикалық заттардың, сонымен қатар, темірдің абсолютті жасын анықтауға болады. Бұл әдіс $C^{14}$ көміртегі (14 атомдық салмаққа ие) изотопының жартылай ыдырау уақытын пайдаланады. Өсімдіктер мен жануарлар сүйектерінде 14 атомдық салмаққа ие көміртегі жиналады. Организмдегі тіршілік тоқтаған кезден бастап олардың құрамындағы көміртегі концентрациясы бірте-бірте азая бастайды. Оның құрамындағы $C^{14}$-тің сақталған көлеміне қарап, сол организмдегі тіршіліктің тоқтаған уақыты анықталады. $C^{14}$ изотопының жартылай ыдырау уақыты 40

жылдық қатемен 5730 жылға тең. Алайда бұл әдістің мүмкіндігі 40 мың жылдан ары аспайды, сондықтан ол кейінгі палеолиттен бұрынғы дәуірлердің экофактілерін зерттеуте жарамайды.

Жасы өте ежелгі органикалық заттардың абсолютті хронологиясы калий-аргонды әдіс бойынша анықталады. Бұл әдіс те радикарбондық әдістей, тек ол $K^{40}$ калийдің және $A^{40}$ аргонның жартылай ыдырау кезеңіне негізделген. Олардың жартылай ыдырау кезеңі өте ұзақ, сондықтан калий-аргондық әдіс 2 млн жылға дейінгі уақыт үшін қанағаттанарлық нәтижелер береді.

Жаратылыстану әдістерінің ішінде тек дендрохронология ескерткіштің абсолюттік хронологиясын бір жылға дейінгі дәлдікпен (ағаш кескен жыл) анықтай алады. Дендрохронологиялық әдіс ағаштың жылдық сақина орамына негізделген. Бұл әдістің негізін XIXғ. соңында американдық астроном Л.Дуглас салған. Ол жердегі ауа-райы мен күннің белсенділігі арасындағы байланысты анықтау мақсатымен ағаштың жылдық сақина орамын зерттеп, егер жыл ылғалды және жылы болса, ағаштың жылдық сақина орамы қалың, ал жыл салқын, құрғақ болса сақина жіңішке болатынын анықтады.

Сонымен қатар белгілі бір табиғи ортада өскен ағаштардың жылдық сақиналарының қалыңдығы біркелкі болады және ағаштың жылдық сақиналарындағы ауытқулар оның ішкі ерекшеліктеріне (жасына, сақинаның ағаштың қай бөлігіне қатысты екеніне және т.б.), сыртқы (ылғалға, температураға, жарыққа және т.б.) және өскен табиғи ортасына байланысты болады. А.Дуглас археологиялық хронологияға сүйене отырып, дендрохронологиялық шкала жасап, пуэбло үндіс тайпаларының ағаштан жасалған құрылыстарының хронологиялық шегін анықтайды.

Дендрохронологиялық шкала бойынша ағаштан жасалған құрылыстардың б.з.д. 5150 ж. бастап осы уақытқа дейінгі (7000 жылдан астам) хронологиялық уақытын аса дәлдікпен анықтауға болады. Ресей ғалымдары дендрохронологиялык әдісті қолдана отырып, ортағасырлык Новгород, Псков, Смоленск және т.б. қалалардағы ағаш құрылыстардың салынған уақытын және оларда жүргізілген жөндеу жұмыстары мен қайта құрылған үйлердің, көпірлердің және жолдардың жасын анықтады.

Дендрохронологиялық шкала арқылы ағаштан салынған

құрылыстардың абсолюттік жасымен бірге бірқатар археологиялық ескерткіштердің салыстырмалы хронологиясы да анықталды. Мысалы, Пазырық обаларының, Швейцариядағы тіреуге салынған құрылыстардың салыстырмалы хронологиясы белгілі.

Дегенмен, бұл әдіс дендрохронологиялық шкаласы жасалған аймақтар мен ағаш құрылыстар кең тараған жерлердегі ескерткіштердің абсолютті хронологиясын анықтауда ғана тиімді.

### Сұрақтар мен тапсырмадар

1. Археология ғылымы мерзімді анықтаудың қанда әдістерінен пайдаланады?
2. Салыстырмалы мерзімдер деген не?
3. Ежелгі заттардың абсолюттік жасын анықтау үшін қандай жаратылыстану әдістері қолданылады?
4. Радиокарбондық әдіс қайсы дәуір ескерткіштері үшін жиі қолданылады?
5. Дендрохронологиялық әдіс неге негізделген?
6. Дендрохронологиялық әдіс бойынша ағаштан жасалған құрылыстардың уақытын қандай дәлдікпен анықтауға болады?

## 2.8. Археологиялық фактілерді түсіндіру және тарихи тұжырымдар жасау

Зерттеудің соңғы сатысы археологиялық фактілерді интерпретациялау мен ғылыми тұжырымдар жасау және зерттеу нәтижелерін жариялау жұмыстарын өз ішіне алады. Осыған дейінгі сатыларда жүйелі түрде орындалып келінген зерттеу кешені: қазбалар, ескерткіштерді және заттарды суреттеп жазу, артефактілерді жүйеге келтіру, мерзімдеу, ұқсастықтарды іздеу мақсатымен оларды өзара және басқа кешендермен, этнографиялық материалдармен салыстыру және т.б. арқылы құралған фактілер интерпретация үшін фактологиялық қорға айналады.

Археологиялық фактілерді «түсіндіру», оларды басқа деректерден (жазба, антропологиялық, этнографиялық, экофактілер және т.б.) алынған мәліметтерге сәйкес зерттеу қорытынды тұжырымдарға өту мүмкіндігін береді. Нәтижеде ескерткіштері зерттеліп жатқан ертедегі мәдениеттің тарихы бойынша біршама

толық немесе үзік түрдегі ғылыми тұжырымдар жасалады. Тұжырымдардың мазмұны мен деңгейі археологиялық материалдың толыққандылығына, қазба жұмыстарының сапасына, зерттеу әдістеріне және сөзсіз зерттеушінің шығармашылық интуициясы мен ғылыми эрудициясына байланысты болады. Толығымен қазып зерттелген ескерткіштер кешендері оларды мекендеген байырғы адамдар қоғамының тұрмыс салты, шаруашылығы, әлеуметтік қатынастар жүйесі туралы ғана емес, сонымен қатар кейбір тарихи, экономикалық, әлеуметтік құбылыстардың генезисі, даму динамикасы және т.б. туралы әр түрлі мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Алайда археологиялық материалдарды түсіндіруді зерттеу үдерісінің тек қана соңғы сатысында жүзеге асырылатын әрекет деп айтуға болмайды. Интерпретацияның белгілі бір элементтері фактілерді іздеу және жинау барысы деңгейіндегі зерттеулерде қалыптасады. Өйткені археологиялық ғылыми фактілер алғашқы бақылаулар арасында байланыстардың орнатылуы нәтижесінде алынған мәліметтерден құралады. Бұл байланыстар әртүрлі болуы мүмкін: кеңістіктік, уақыттық, этникалық, экономикалық және т.б.

Зерттеу үдерісінің әр түрлі сатыларында әр түрлі байланыстар орнатылады, солай екен, әр түрлі фактілер іздеп табылады. Мысалы, қазба барысында стратиграфиялық зерттеу арқылы қабаттар арасында уақыттық байланыс орнатылады, аналогияларды іздеп табу уақыттық-кеңістіктік байланыстарды орнатуға мүмкіндік береді. Яғни археологиялық зерттеу үдерісінің басынан бастап мәліметтерді іздеп табу, жинау мен түсіндіру ортасында өзара айқын байланысты аңғарамыз. Зерттеу үдерісінің әрбір буынында (барлаулар, қазбалар, жіктеу, салыстыру және т.б.) тексеруді және дәлелдеуді қажет ететін түсіндірудің кейбір элементтері әрекет етеді. Қазба барысында алғашқы бақылаулар түріндегі қарапайым түсіндірулер пайда болады. Мысалы, археологиялық материалдардың сипаты бойынша құрылыс ғимаратының функциясы (ұстахана, діни кешен, тұрғын үй және т.б.) туралы немесе әскери қирату, өрт іздері туралы өтпелі тұжырымдар жасалады. Лабораториялық талдау сатысында артефактілердің типтерін, олардың технологиялық ерекшеліктерін талдай отырып олардың мазмұны, өзара байланыстары түсіндіріледі. Алғашқы бақылаулар мен археологиялық фактілерді тарихи тұжырымдарға

айналдырғанға дейін көптеген аралық гипотезалар құрастырылады. Археологиялық ескерткіштерді зерттеу барысындағы болжамдарды негіздеу және тексеру құралдары болжауды дәлелдеуге немесе оның бұрыстығын білдіруге мүмкіндік береді. Гипотеза дәлелденген жағдайда нақты тұжырымдар жасалады. Зерттеулер болжаудың дұрыстығын дәлелдеу үшін мәліметтердің жеткіліксіз екенін көрсеткен жағдайда болжау гипотеза күйінде қалады және ғылыми фактіге айналмайды. Мұндай жағдайда болжамды дәлелдеу үшін зерттеу әдістері мен тактикасы өзгертілуі мүмкін.

# 3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ

## ЕСКЕРТКІШТЕРІ

### 3.1 Тас ғасыры

Адамзаттың 2,5 миллион жылдық тарихының басым бөлігін тас ғасыры құрайды. Осы уақыт ішінде алғашқы адамдар тіршілік үшін сүйек, ағаш және тас шикізатынан пайдаланған. Өзінің төзімділігінің арқасында тас жер астында ұзақ және жақсы сақталады. Сондықтан тас дәуірінің ескерткіштеріндегі ең көп кездесетін артефакт - бұл тас еңбек құралдары.

Тасты өңдеу техникасының дамуы өте баяу кешкен және миллион жылдарға созылған. Соған қарамастан адамдар еңбек құралдарын әзірлеуде өңдеу үшін ыңғайлы болған тастардың дерлік барша мүмкіндіктерінен пайдаланады. Олар құралдар жасау үшін барлық қол жетімді шикізаттарды: шақпақ тас, обсидиан, тастың малтатастық жыныстары - диорит, кварц, кварцит және басқа тау жыныстарын таңдап алған.



Сурет 6. Олдувайдан табылған шапқы құрал.

Ең ежелгі тас өңдеу техникасы өте қарапайым болған: сопақ малта тастың бір шетін ұрып сындыру нәтижесінде өткір қырлы тас сынықтары - **отщептер** алынған. Сындырып түсірілген тас сынықтарының бір беті (іші) тегіс, ал екінші беті (арқасы) малта тастың сыртқы қабығындай болады. Олар еңбек құралы ретінде пайдаланылған. Малта тастың бетінде сындырып түсірілген тас

сынықтарының ойық орындары қалады. Тас сынықтары ұрып түсірілген тастың осы өзегі археологияда **нуклеус** деп аталады. Бір ұшы өткір қырлы малта тас өзектері де шапқы құрал ретінде қолданылған. Дәл сондай қарапайым өңделген малта тастар алғашқы адамның бірінші құралдары болып табылады. Олар Олдувайдағы Homo habilis сүйектері қасынан табылған (Сурет 6). Шой балға (сындырып түсіруші құрал) ретінде алғашқы адамдар көбінесе ұзын тастарды пайдаланған.



**Сурет 7.** Тас өңдеудің леваллуа техникасы:
нуклеус (a) және отщеп (b)

Ашель дәуірінің басты құралы қол шапқы болды. Ұрып сындыру тәсілімен екі жақтама өңделген қол шапқыларды нақты бір тұтас пішінге ие болған ең ежелгі құралдар деуге болады. Тас өңдеушілер келе-келе қол шапқылардың кесетін жүздерін өңдеу үшін сүйек, мүйіз және ағаш балғалардан пайдаалана бастайды. Бірте-бірте қол шапқы симметриялық пішінді, жүздері өткір және мұқият өңделген бола бастайды.

Ашель дәуірінің соңына қарай тас өңдеудің жаңа **леваллуа** техникасы пайда болады (Сурет 7). Ол бойынша белгілі бір үлкендіктегі және белгілі бір пішіндегі жұқа, сопақ немесе пластина тәрізді дайындамаларды алу үшін нуклеустерге өңдеу жолымен айрықша пішін беріледі.

Мустье дәуірі бойы левалпуа техникасы дамиды. Нуклеустердің шетінен ортасына қарай соққы беру арқылы ірі, өткір жүзді, үшбұрышты, жапырақ тәріздес пластиналар алу тәсілі дамиды.

Мұндай мустье нуклеустерінің пішіні дөңгелек немесе пирамида тәріздес болып келеді. Мустье дәуірінің басты құралдары үшкіртастар және сыдырғыштар болған.




**Сурет 8.** Нуклеус пен одан сындырып алынған пластина

Кейінгі палеолитте адамдар тас өңдеудің жаңа технологиясына өтеді. Пластиналар алу үшін призмалық нуклеус пайдаланылатын болды. Яғни пластиналарды ұзына бойы сындырып алуға болатын ұзын және дұрыс пішіндегі тас әзірленген (Сурет 8). Мұндай нуклеустерден алынған екі қапталы параллель болып келетін жұқа ұзын пластиналар әр түрлі ретуштер жәрдемінде қайта өңдеу арқылы нақты жұмыс түрлерін орындайтын нағыз еңбек құралдарына айналады. Ағаш және сүйекті кең қолдану құрамалы құралдардың көптеген түрлерін алуға мүмкіндік береді. Арнайы өңделген пышақ түріндегі пластиналар, найза ұштары, балталар ағаш пен сүйектен жасалған саптармен сапталған.

Мезолит дәуірінде тас өңдеу саласында **микролит техникасы** пайда болды. Құрамалы еңбек құралдарын (сабы сүйек, мүйіз немесе ағаштан, ал жүзі - пластинадан ) жасау техникасы одан әрі дамиды. Ұзын саптардың қапталында кескішпен кесіп жасалған саңылауларға майда тас пластиналарды тізбектеп қыстыру арқылы кез келген еңбек құралдары жасалған (Сурет 9).

Құрамалы микролит еңбек құралдарының арасында егін оратын пышақтар, лақтырып ататын аңшылық қарулары, тері өңдеуге арналған қырғыштар көп кездеседі. Сапталған құралдар еңбек

өнімділігін асырған.



Сурет 9. Экспериментальды әдіспен жасалған құрамалы еңбек құралдары.

Әсіресе жүзі өткір геометриялық микролиттен тұратын орақ-пышақтар өнім жинау маусымында тез арада көп өнім жинауға мүмкіндік берген. Ушбұрыш, трапеция, параллелограмм

пішіндеріндегі геометриялық микролиттерді сапқа бір-біріне тығыз жанастырып орналастыру арқылы жүзі мықты құралдар пайда болған.

Тас өңдеу технологиясын зерттеуде экспериментальдық және трассологиялық әдістер, этноархеология, спектральдық және петрографиялық сараптаулар қолданылады.

## Палеолит ескерткіштері

Тас ғасырының бірінші дәуірі - Палеолит гоминидтердің тас құрал-саймандарды қолданып бастаған уақытынан, **б.з.д. 2,6 млн** жыл бұрын басталады. Ол адамзат тарихының аса ауқымды бөлімін (99%) иелейді және геологиялық кайназой эрасының үлкен дәуірі - **плейстоценмен** сәйкес келеді. Бұл дәуірде қазылма адам және сонымен қатар қазір жоқ болып кеткен қазылма жануарлардың түрлері өмір сүрген.

Палеолит дәуірінде Жердің климаты, өсімдік және жануарлар дүниесі қазіргіден біртала́й айырмашылық еткен. Алғашқы адамдар кіші-гірім ұжымдар болып жасаған және тас, ағаш, сүйектен жасалған құралдардан пайдаланған. Олар аңшылық, балықшылық, терімшілік сияқты шаруашылықтың қарапайым салаларымен айналысқан. Бірақ палеолит дәуірі басынан аяғына дейін және барлық жерде біркелкі дамымаған.

Көп жылдық археологиялық зерттеулер Қазақстан аумағын адамзаттың алғашқы қоныстануы бұдан 1 млн. жыл бұрын басталған деп айтуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда елімізде көпшілігі мезолит және неолит дәуірлеріне тиісті болған мыңнан астам тас дәуірі ескерткіштерінің орындары белгілі. Палеолит ескеркіштері шоғырланған бірнеше аймақтарды атап айтуға болады. Олар - Қаратау жотасы, Жетісу, Солтүстік Балқаш төңірегі, Сарыарқа, Ертіс алқабы, Маңғыстау, Үстірт және Мұғалжар. Мезолит ескеркіштерінің ірі таралу аймақтары Орталық және Солтүстік Қазақстан болып табылады. Ал неолит ескерткіштері Қазақстанның бардық жерінде кездеседі. Тас дәуірінің тұрақтарын ғалымдар стратификацияланған және ашық тұрақтар деп екіге бөледі. Мәдени қабаты сақталған ескерткіштер аз, ал олардың арасында палеолитке тиістілері санаулы. Ескерткіштердің арасында Батпақ, Қошқорған-Шоқтас кешені, Ш.Уәлиханов атындағы тұрақ,

Майбұлақ, және Шұлбінің мәдени қабаттары сақталып қалған, ал қалғандары ашық түрдегі тұрақтарға жатады.

Палеолит ескерткіштерінің тығыз шоғырланған аймақтарының бірі Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік-батысында орналасқан Қаратау жотасы.

Қаратаудың оңтүстік-батыс баурайындағы Кеңірдек ауылы, Арыстанды өзені маңынан ерте ашель кезеңінде жасаған ең ежелгі адамдардың тас құралдары табылған. Артефактілердің арасында клектон типіндегі құралдар, еңбек құралдарын даярлау үшін әзірленген үлкен шақпақтас отщептер және нуклеустер бар.

Кіші Қаратау жотасының солтүстік-шығыс бөлігінің Шабақты, Бөріқазған, Тәңірқазған, Ақкөл 1, Қазанғап тұрақтарын да ерте ашель дәуіріне жатқызуға болады. Ол жерден табылған еңбек құралдарының бір бөлімін малта тастан жасалған, тек жоғарғы жағының (шабу үшін қолданылатын жүзінің) екі жақ беті немесе бір жақ беті өңделген шапқылар, қол шапқылар, бифастар, унифастар, клектон типіндегі үлкен және ауыр отщептер құрайды.

Осы өңірдегі Қаратау қаласына таяу жерде ашылған Қызылтау 1 тұрағының топтамасы (17,5 мың данаға жуық) өзінің өңделу техникасы және құралдарының жиынтығы бойынша Бөріқазған, Тәңірқазған ескерткіштеріне ұқсас.

Ашель дәуірінің басқа бір бірегей кешені Оңтүстік Қазақстанның Түркістан ауданында орналасқан мәдени қабаттары сақталған және абсолюттік жасы 510 мың жылды құрайтын Қошқорған-Шоқтас тұрақтары. Олардың үшеуі Шоқтаста, біреуі Қотырбұлақ ауылының солтүстігінде, қалғандары Қошқорған ауылы маңында орналасқан.

Қошқорған кешенінің бес мыңнан астам, Шоқтас тұрақтарының 5 мыңға жақын тас бұйымдар топтамалары, ирхеоботаникалық және археозоологиялық материалдар осы жерді қоныстанушылар туралы құнды ғылыми мәлімет берді. Қошқорған фауналық кешені бұл маңды мекендеген қауымдардың орман пілі, Вюст пілі, трогонтерий пілі, Мосбах жылқысы сияқты алып сүтқоректілер мен Мерке мүйізтұмсығы, Шетензақи бизоны, Зоргели елігін және т.б. жануарларды аулап қоректенгенін көрсетеді. Аңдар сүйектерінің тас құралдармен тұтаса тасқа айналып кеткені жиі кездеседі.

Қошқарған-Шоқтас құралдары кварц, сұрғылт қайрақтас, шақпақтас және әктастан даярланған. Тас өндірісі техникалық-

морфологиялық жақтан Бөріқазған, Тәңірқазған және т.б. қаратау жотасының ерте ашель ескерткіштерінен өзгеше болып келеді. Бұл микролиттік келбеттегі өндіріс болып, еңбек құралдарының орташа үлкендігі 3-5 см құрайды. Тас өңдеудің леваллуа техникасы бұл жерде өзіндік ерекшеліктерге ие. Өзіндік Қошқарған кешенінің қалыптасуы осы өңірдегі шағын тас жыныстарынан тұратын шикізат көздеріне байланысты болуы керек.

Ашель дәуірінің ескерткіштері Қазақстанның баска аймақтарында да белгілі. Олардың қатарында Маңғыстаудағы Шақпаката, Құмақапа, Арал төңіргегіндегі Арал 1-3, Аққыр, Мұғалжар тауларындағы Жалпақ, Мұғалжар кешендері, Орталық Қазақстандағы Жаман айбат, Обалысай, Балқаш маңындағы Семізбұғы 4, Қызылқайнар, Тұранға, Ертіс өңіріндегі - Құдайкөл 1, Құрама, Екібастұз 20, Шығыс Қазақстандағы қозыбай тұрақтары бар.

Маңғыстау түбегіндегі төменгі палеолит ескерткіштерінің арасында Өнежек тұрақтары айрықша топты құрайды. Олардың тас бұйымдары техникалық-типологиялық жағынан әркелкі болып келеді және бірнеше хронологиялық кезеңдерге тиісті. Тас бұйымдардың ішінде нуклеустер, отщептер, пластиналар, қырғыштар, бифастар, үшкіртастар бар. Өнежек кешенінің ерте түрлерін, зерттеуші ғалымдардың пікірінше, олдувай мәдениетімен салыстыруға болады.

**Мустье дәуірінің** мекендеріне Орталық Қазақстандағы - Семізбұғы 2, 4, 10А, Мұзбел 1-3, Қарасор, Қосмола, Ертіс өңіріндегі - қойтас 4, Екібастұз 20, Құдайкөл 2, Шығыс Қазақстандағы - Бұқтырма 1-5, Зайсан 1-3, Оңтүстік Қазақстандағы - Ш.Уәлиханов атындағы тұрақ, Алғабас, Үшбұлак, Шабақты, Бүркітті, Шалсай және т.б. жатады.

Қаратау жотасы баурайындағы Арыстанды өзені бойында орналасқан көп қабатты **Ш.Уәлиханов атындағы (Қарасу) тұрақ** мустье ескерткіштерінің арасындағы ең жете зерттелгені болып табылады. Барлығы бір хронологиялық кезеңге, яғни мустьеге сәйкес келетін алты мәдени қабат 2,3 метрден 7,2 метрге дейінгі терендікте орналасқан. Тұрақта жүргізілген қазба жұмыстары барысында бірнеше мың шақпақ тас құралдары (істіктер, қырғыштар, шапқы құралдар, дөңгелек тәрізді нуклеустер), сүйектен жасалған бұйымдар, ежелгі жануарлар мен құстардың

үйектері, әр түрлі қабаттардан 60-тан астам от және ошақ орындары табылған. Адамдар бұл тұрақты ұзақ уақыт үздіксіз мекендеген болуы керек.

Қазіргі таңда Қазақстан аумағында табылған кейінгі палеолиттік стратификацияланған ескерткіштердің саны өте аз және олардың зерттелу деңгейі де әркелкі. Олар мыналар: Ш.Уәлиханов атындағы тұрақ, Шүлбі, Майбұлақ, Батпақ 7, Ангренсор 2, Ешкітау, Рахат. Көп санды ашық ескерткіштердің арасында Орталық Қазақстандағы - Семізбұғы 2, 4, Балқаш 5, 6, Саяқ 1-8, Мұғалжар кешендерінің арасында - Мұғалжар 1, Арал бойындағы - Аққыр тұрақтары бар. Ғылыми айналымға жете енгізілмегеніне қарамастан көп санды ашық тұрақтардың материалдары мәдени қабатты ескерткіштермен бірге осы дәуір туралы айтарлықтай құнды мәліметтер береді.

Жетісудағы жоғарғы палеолиттік стратификацияланған кешендердің бірі - **Майбұлақ** (Алматы облысының қарасай ауданында орналасқан). Үш стратиграфиялық горизонтқа ие бұл тұрақтан (6-8 м тереңдіктен) тас артефактілер, ошақ орындары, сүйек қалдықтары табылған. Мәдени қабаттардың қалыңдығы тұрақтың ұзақ мерзімді болғанын көрсетеді.

Жалпы саны 2 мыңнан асатын порфириттен және шақпақтастан жасалған тас бұйымдардың құрамында леваллуа нуклеустері, призма тәрізді нуклеустер, қырғыштар, кескіштер, жонғыштар, садақ ұштары, пластиналар, отщептер және тас сынықтары бар. Тас өндірісінде дамыған леваллуа техникасы және пластиналық ұсақтау техникасы орын алған. Бірақ пластиналардан жасалған еңбек құралдары онша көп емес.

Жоғарғы палеолиттің мейлінше толыққанды зерттелген нысандарының бірі - бұл Шығыс Қазақстандағы Шүлбі тұрағы. Тас бұйымдар тұрақтың барлық қабаттарында кездеседі, алайда ең көбі үшінші горизонттан алынды. Олардың саны 5000-нан асады. Шүлбі топтамасында сына, конус, призма тәрізді нуклеустер, жонғыштар, қырғыштар, үшкіртастар, біздер, шой балғалар бар. Малта тастан жасалған бұйымдар едәуір ірі пішінді болып келеді. Үшінші қабаттан малта тастардан құрылған екі ошақ және екі ошақ іздері табылды. Жоғарғы палеолиттің ерте сатысында, зерттеушілердің пікірінше, леваллуалық дәстүрдің әсері байқалады. Жаңа типтегі құралдармен бір қатарда ұзын малта тастардан даярланған шапқы

құралдар, жүзі биік ауыр қырғыштар, үшбұрышты пластиналар бұрынғыдай жетекші орынға ие. Алайда бірте-бірте параллельді жаңқалаудың және құралдардың жоғарғы палеолиттік түрлерінің арта түскенін, архаикалық белгілердің кемейіп барғанын көреміз. Мустье нуклеустерінен алынатын түрпайы пластиналардың орнын призма тәрізді нуклеустерден алынатын пластиналар иелей бастайды. Еңбек құралдарының түрлері көбейеді: найза ұштары, қырғыштар, кескіштер, біздер, пышақтар және т.б. тұрады.

Кейінгі палеолит дәуірінің тұрақтарында ошақ орындарының қалдықтары, мамонт, жүнді носорог, тур, ұсақ бизон, жабайы ат, зубр, арқар, марал, үңгір гиенасы, сұр аю және қаскыр сияқты жануарлардың сүйектері кездеседі.

## Мезолит ескерткіштері

Мезолит - палеолиттен кейінгі б.з.д. XII-VI мыңжылдықтардың аралығындағы заман. Бірақ ол түрлі аймақтарда әр түрлі кезеңдерде басталып, әр түрлі кезеңдерде аяқталады. Қазақстан мезолитін ғалымдар б.з.д. X-VI мыңжылдықтар аралығымен мерзімдейді.

Мезолитте табиғи-географиялық жағдай өзгереді. Ауа райының күрт жылына бастауы солтүстікте мұзды ерітсе, оңтүстікте үлкен құрғақшылықты шақырды. Табиғи орта қазіргі заманғы келбетіне ие болды. Жануарлар дүниесінің түрлік құрамы өзгерді. Мамонт, жүнді мүйізтұмсық және т.б. жануарлардың түрлері жоғарғы палеолиттің соңында жоқ болып кетеді. Жаңа табиғи жағдайда аңшылықтың бұрынғы ірі жануарларды қаумалап аулау әдісі шаруашылықтағы маңызын жоя бастады. Енді олар мамонттарды аулап, бір орында тұрақты өмір сүре алмады, негізінен бизондар мен жылқылар, жабайы ешкілер мен сайғақтар, қояндар және т.б. орташа және ұсақ аңдарды аулап күн көре бастады. Көшіп жүрген жануарлардың артынан жиі жылжып жүру адамдардың кішкентай топтарының біресе үңгірлерде, біресе ашық тұрақтарда өмір сүруіне алып келді. Осындай өмір салты үшін тұрақты ұзақ мерзімді тұрақтар керек болмады, ал жартылай жертөле-лашықтар, күркелер қолайлы болды. Мезолитте аңшылықтың ұсылдарын жетілдірумен қатар шаруашылықтың жаңа түрлерін іздеу қажет болды. Доместикация басталды. Адамдар алдымен иттер, қойлар, өгіздер және ешкілерді қолға үйретті, дән қорын қорғау үшін адам

мысықты қолға үйретті.

Мезолитте тасты өңдеу техникасы өзгере бастайды. Пышақ тәрізді пластиналар тастан жасалған бұйымдардың барлығын дерлік ығыстыра бастайды. Олардың өздері әрі жіңішке әрі түзуірек бола бастады. Мұндай техника археологияда микролиттік, ал бұйымдардың өздері - микролиттер деп аталады. Әсіресе олардан көбірек кескіштер істеген. Сүйек бұйымдар палеолиттің соңында кең таралған құралдарға айналған болатын. Енді, мұздықтың шегінуінен кейін, мезолитте олардың саны әсіресе көбейіп кетеді. Құрама құрал-саймандар (сабы ағаштан немесе сүйектен, жүзі шақпақ тастардан даярланған өткір пластиналардан тұратын) жасау әрі қарай дамиды, жабайы дәнді дақылдарды жинауды жеңілдетуге және егіншілікке өтуді тездетуге мүмкіндік берген егін оратын пышақтар пайда болады. Майда, жұқа және өткір пластиналар сындырып алынған нуклеустердің кейбіреулері пішіні, бойынша да, үлкендігі бойынша да қаламға ұқсап кетеді. Оларды қалам тәрізді нуклеустер деп атайды. Аңшылықтың біраз нәтижелі болуына жол ашып берген жаңа қару - садақ пен жебе пайда болады.

Мезолит және неолит дәуірінің ескерткіштері елімізде өте көп, олардың саны қазіргі күнде 800-ге жуық, көпшілігі кездейсоқ табылған. Олардың арасында үңгірлер, мәдени қабатты тұрақтар, ашық тұрақтар мен мекенжайлар бар. Ескерткіштердің көптігіне қарамастан, Қазақстанның мезолит-неолит тұрақтары көбінесе ашық түрдегі мекенжайлар болып келеді, ал мәдени қабаты сақталғандары мен көпқабаттылары өте сирек.

Мезолит ескерткіштерінің ірі таралу аймақтарының бірі Солтүстік және Орталық Қазақстан болып табылады. Оңтүстік Орал, Батыс Сібір, Алтай, Балқаш және Бетпақдаланың аралығындағы Еуразияның кең далалық аумағы орманды даладан жартылай шөлге дейінгі әркелкі ландшафты өңір болып табылады және Сарыарқаның таулы массивтерін және Тобыл-Есіл өзен аралығы мен Ертіс төңірегін өз ішіне алады.

Сарыарқадағы Шідерті 3, Жезді өзені бойындағы Тоқтауыл, Тобылдың оң жағалауына жақын жердегі Евгеньевка 1 тұрағы, Тобылдың Обаған тобы ескерткіштері (Обаған 3, 5, Жоғарғы Алабұға, қамысты 1), Солтүстік Қазақстандағы Явленка кешені осы өңірдегі мейлінше жақсы зерттелген мезолиттік тұрақтар болып табылады. Солтүстік және Орталық Қазақстанның мезолиттік-

неолиттік кешендерінің арасында Шідерті 3 тұрағының маңызы зор. Солтүстік Сарыарқада (Екібастұз ауданында) орналасқан көп қабатты бұл бірегей тұрақ мезолиттен бастап (б.з.д. IX мыңжылдық) қола дәуіріне (б.з.д. III мыңжылдықтың аяғы) дейінгі мәдени қабаттар кешеніне ие. Зерттелген 9 мәдени қабат голоцен дәуірі тас ғасырының барлық негізгі сатыларының дамуын бейнелейді.

Тұрақтың ерте голоцендік кешені мезолиттің ерте, дамыған және аяқтаушы сатыларын сипаттайтын 6-шы, 5-ші және 4-ші мәдени горизонттарынан (б.з.д, IX мыңжылдықтың ортасынан б.з.д. VII мынжылдықтың аяғы - б.з.д. VI мынжылдыктың басына дейін) алынған. Ең төменгі қабатта ошақтары бар тұрақжай және өндіріс орындары табылды. Жарты шеңбермен орналасқан ірі тастар күрке үлгісіндегі жер үсті үйлері құрылысының қалдықтары болуы мүмкін. Артефактілер негізінен призма, конус, сына, қалам тәрізді нуклеустерден, микропластиналардан, орташа және ірі пластиналардан, қырғыштардан, кескіштерден, біздерден тұрады. Геометриялық микролиттерден - майда симметриялық трапециялар, ірі тастардан жасалған құралдардан - ретушерлер, шойбалғалар, ірі отщептерден жасалған кескіштер бар. Мәдени қабаттарда фауна қалдықтары сирек кездеседі: жылқының және ақ бөкеннің тістері табылған. Еңбек құралдары үшін шикізат ретінде сұр және ақ-сары теңбіл түсті кремнийлі-сазды тас жынысы, шақпас тас, яшма, яшма-кварцит, халцедон пайдаланылған.

Батыс Қазақстандағы **Жаңа Қазан** құмды төбе тұрағы Қазақстандағы ірі мезолит ескерткіштерінің бірі болып табылады. Тұрақ аумағынан тас артефактілерінің 8 шоғыры айқындалды. Мәдени қабатының қалыңдығы 5 см дейін жетеді. Тас бұйымдардың жалпы саны 5 мың данадан асады. Еңбек құралдары негізінен ашық сұр және қоңыр шақпақтастан жасалған, кварц тәрізді құмтастан даярланғандары сирек.

Батыс Қазақстанның Ақжайық ауданынан табылған қарсы, Шәуші тұрақтары, Солтүстік Каспийдегі Ізтай тобы, Үстірттегі Айдабол тобы, Шығыс Қазақстанның Шүлбі тұрағының үстіңгі қабаттары, Оңтүстік Қазақстанның Шаян және Бүркітті топтамалары да мезолиттік ескерткіштер қатарына кіреді.

Қазақстанның мезолит өндірісіне пластиналық жаңқалау үрдісі тән болып, пластиналар призмалық, конус, сына тәрізді, қалам тәрізді, цилиндр тәрізді нуклеустерден алынған. Еңбек құралдары

топтамаларының ішінде кескіштер, пластиналар мен отщептерден жасалған қырғыштар, геометриялық микролиттер, бір қапталы немесе бір қапталымен бір ұшы өңделген қыстырма-пластиналар, ұшкіртас құралдар бар. Кейбір топтамаларда ірі тас сынықтары мен отщептерден, нуклеустерден даярланған қырғыштар мен тісті құралдар кездеседі. Шикізаттан шақпақтас, яшма, ашық түсті кварцит, халцедон және т.б. пайдаланылған.

## Неолит ескерткіштері

Неолит - тас ғасырының соңғы сатысы. Әр түрлі мәдениеттер дамудың бұл кезеңіне әр түрлі уақытта аяқ басты. Таяу Шығыста неолит едәуір ерте басталды, ал басқа жерлерде ол шамамен б.з.д. VI-IV мыңжылдықтарды қамтиды. Неолиттің аяқталуы металл еңбек құралдары мен қару-жарақтардың пайда болу уақытымен, яғни, мыс ғасырының басымен мерзімделеді.

Неолит заманында алғашқы адамдардың жаңа жерлерге қоныстануы мезолитке қарағанда қарқынды түс алды. Әр алуан табиғи орталарға тап болған адамдар оларға бейімдескен, бұл өз кезегінде әркелкі және көп санды неолит мәдениеттерінің пайда болуына әкеліп соққан. Өзіндік ерекшеліктер шаруашылық жүргізу саласында, тұрғын үйлерінің, еңбек құралдарының және тұрмыстық бұйымдарының түрлерінде байқалады. Ауа-райы жылы және топырағы құнарлы болған оңтүстік аймақтарда егіншілік пен мал шаруашылығы дамиды, ал солтүстік өңірлерде иемденуші шаруашылық түрлері ұзақ уақытқа сақталып қалады. Деректер бойынша егіншілікке өту әлемнің бірнеше орталықтарында бір - бірінен тәуелсіз жүзеге асқан. Олардың арасында Таяу Шығыс егіншіліктің алғашқы пайда болған орталықтарының бірі болып саналады. Ол жердегі ерте егіншілік мәдениетінің ең ежелгілері б.з.д. VIII мыңжылдықтың аяғы VII мыңжылдықтын басында, яғни мезолит дәуірінің аяғында қалыптасқан. Ал б.з.д. VII – VI мыңжылдықтарда жер шарының көптеген аймақтарында, атап айтсақ Орта Азия, Перу, Қытай, Үндістан, Мысыр және Балқан түбегінде ерте егіншілік мәдениеттері қалыптасқаны анық.

Егіншіліктің дамуы жиналған өнімнің бір бөлімін мал үшін жем ретінде пайдалануға мүмкіндік беріп, өз кезегінде мал шаруашылығының дамуына әсер еткен. Ескі Әлемнің көптеген

аймақтарында және Оңтүстік Американың кейбір аудандарында кешенді түрдегі егіншілік-малшылық шаруашылығының дамығанын көреміз. Мал шаруашылығының одан әрі дамуымен сүт және жүн өндіру пайда болды. Жіп иіру мен тоқымашылықтың қарапайым әдістерінің пайда болғаны және таралғаны туралы археологиялық мәліметтер өте көп.

Тас өңдеудің бұрынғы ұсылдары сақталып қалады, бірақ еңбек құралдарының біраз жетілген түрлері ойлап табылады. Балта, орақ, кетпен, келі-келсап, диірмен кең таралады. Адамдар еңбек құралдарын жасау үшін жаңа шикізат түрлерінен - диорит, нефрит, яшмадан пайдалана бастайды.

Осы кезеңнің ең ірі техникалық жетістіктерінің бірі - бұл керамиканың ойлап табылуы. Осы дәуірге тиісті қоныстарда тас еңбек құралдарымен бір қатарда ең көп кездесетін бұйымдар - бұл қыш ыдыстар. Мұндай ыдыстардан пайдалану азық түлік құрамының кеңеюіне, оны даярлау және сақтау ұсылдарының жақсаруына, сұйық тамақтарды сақтауға мүмкіндік берді.

Неолит ескерткіштері Қазақстанның барлық жерінде кездеседі. Бұл дәуірде жергілікті мезолиттік өндірістерден бастау алатын бірнеше археологиялық мәдениеттердің дамығанын бақылауға болады.

**Атбасар археологиялық мәдениетінің** ескерткіштері негізінен Есіл өзенінің аңғары мен Қазақстанның ұсақ шоқылы аймағында орналасқан. Тұрақтардың көбірек шоғырланған жері Ақмола облысының Атбасар ауданы. Қазіргі кезде Атбасар мәдениетінің 200-ге жуық тұрақтары табылып, олардың 20 шақтысында қазба жұмыстары жүргізілді. Мәдениет б.з.д. VII мынжылдықтың аяғы - VI мынжылдықтың басында жергілікті мезолит мәдениеттерінің негізінде қалыптасады. Виноградовка 2 (жоғарғы қабаты), 10, 14, Явленка кешендері және Тельман 1, 7-14 сияқты тұрақтардан алынған маңызды мәліметтер атбасар мәдениетінің негізгі белгілерін анықтауға мүмкіндік берді.

Ескерткіштер, әдетте, Есіл мен Шағалалы өзендерінің ежелгі арналарының жағалауында орналасқан. Сақталып қалған іздері бойынша атбасарлықтар жоспары дөңгелек, шаршы болып келетін күрке түріндегі баспаналарда өмір сүрген. Тұрғын үйлердің ауданы 25 $м^2$ аспаған.

Виноградовка 10 қонысынан бағаналардың шұңқырлары мен

жер бетіне салынған баспаналардың құрылыс қалдықтары табылды. Тельман I шеберханасы орнынан тастан, сүйектен, қыштан жасалған 50 мыңға жуық артефактілер алынды. Тельман 7, 8, 9, 12, 13 тұрақтарында 3000 $м^2$ аланда мәдени қабат аршылып, 40 мыңнан аса бұйымдар жиналды. Тельман 10 қонысынан 20 мыңнан аса артефактілер табылды.

Еңбек құралдарының басым бөлігі тас пластиналардан және отщептерден жасалған. Пышақтар, қырғыштар, кескіштер, екі жақтама өңделген бұйымдар, соның ішінде жебе ұштары бар.

Керамика сынықтары сирек кездеседі. Олар жарты жұмыртқа пішінді болып келеді және сырты тарақ тәрізді қалыппен өрнектелген ыдыстар.

Жануарлардың сүйек қалдықтарынан жылқы, ірі қарамал сүйектері табылған.

Атбасар мәдениеті қауымдарының жерлеу екерткіштері әзірше табылған жоқ. Бірақ кейбір тұрақтардың шет жақтарынан тереңдігі 1 метрдей және диаметрі 1,5 метрге жуық шұңқырлар тіркелген. Олардың түбінде кальцийге айналған қосындылары бар көмір қалдықтарының қалың қабаты анықталған. Олар өліктерді өртеу ғұрпымен байланысты болуы мүмкін.

**Маханжар археологиялық мәдениеті** Торғай ойпаты мен Тобыл жағалауы аймағында таралған. Жергілікті мезолиттен бастау алған бұл мәдениет б.з.д. IV мыңжылдыққа дейін өмір сүрген. Маханжар, Дүзбай 1-3, Саз 2, Бестамақ, Бүрлі 2, Екідің 24, Соленое озеро 2, Саз 2, Бестамақ, Қарамырза, Надеждинка 2, Сұлу 1, Амангелді, Алқау 2 нысандарында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген.

Тұрақтардың көпшілігі жайылма сулардың кең аумақтарында, олардың күрт тарылатын тұстарында орналасқан. Бұл жерлер балық және су құстарын аулауға қолайлы болғаны анық.

Ескерткіштердің мәдени қабаты құм немесе құмдауыт қабаттан тұрады және онша жақсы сақталмаған. Тек қана Дүзбайм 1 тұрағында баспана іздері табылған. Ол бойынша маханжар тайпалары тереңдігі жарты метрдей болып келетін жартылай жертөлелерде өмір сүрген.

Еңбек құралдары үшін түрлі шикізат, соның ішінде халцедон, алевролит, яшмакварцит, кварцит пен кварцит құмтасы пайдаланылған. Тас өңдеудің пластиналық техникасы дамыған.

Еңбек құралдары топтамасында бір қапталы немесе бір қапталымен бір ұшы мұжіп өңделген пластиналар, кескіштер, қырғыштар, бұрғылар, трапециялар бар. Жебе ұштары кездеспейді.

Маханжар мәдениетінің қыш ыдыстары қолдан жасалған. Сырты жұқа, сопақ пішінді, мойны біраз тар және түбі сүйір болып келеді. Ыдыстардың сырты тарақ сияқты қалыппен салынған (күйдіргенге дейін) көлденең немесе тік иректер, қатар-қатар тізілген сызықтар түріндегі және басқа да өрнектермен безендірілген. Өрнектер кейбір бұйымдардың сыртын түгелдей жауып тұрады.

Қаратаудың солтүстік және оңтүстік бөктерінен неолит дәуірінің көптеген ескерткіштері табылған. Солардың бірі - Қарүңгір өзенінің оң жағалауында (Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы) орналасқан Қараүңгір тұрағы. Оның қалың мәдени қабатынан алынған материалдық қалдықтар мезолит-неолит дәуірлерінен қалған.

Ошақтар мен жанған от қалдықтарының айналасында аюдың, бұғының, жабайы өгіздердің, архар, қабан, қоян, борсық және т.б. сүйектері табылған. Артефактілерден тас құралдар, сүйек бұйымдар, қыш ыдыстар және әшекейлер кездеседі.

Тас бұйымдары призматәріздес және қаламтәріздес нуклеустер, жүзі дөңгеленген ұзынша қырғыштар, қапталы ойық пластиналар, бір қапталы мұжіп өңделген пластиналар, трапеция, параллелограмм, жебе ұштары, балта-қашаулар, тас келсаптар және көптеген өңделмеген пластина-дайындамалардан тұрады. Қараүңгірліктердің тас өңдеу техникасы микролиттік келбетте болғанымен, бұйымдар арасында тұрпайы нуклеустер мен нуклеус сипаттас сынықтар көп мөлшерде табылған. Олардан басқа сүйектен жасалған ірі біздер, тесікті инелер, аңдардың азу тістерінен және ұлу қабыршақтарынан, сүйектен жасалған түрлі әшекейлер, жануарлардың саусақ сүйектерінен ойылған мүсіндер бар. Өлшем белгілері бар сүйектен жасалған бұйымды сол заманның ұзындық өлшегіш құралы болған деп жорамалдауға болады.

Қыш ыдыстардың түп жағы дөңгелек, кейбірінің сырты боялған, жоғарғы жағында жіңішке сызықтар, ойықтар түріндегі тісті қалыппен түсірілген нақыштары бар.

Зерттеушілер Қараүңгір материалдарының Орта Азияның

келтемінәр мәдениетінің ескерткіштеріне ұқсастығын айтады. Келтемінәр мәдениетін 1946 ж. С.П.Толстов ашқан болатын. Көпжылдық зерттеулер келтемінәр мәдениетінің (хронологиялық шеңбері - б.з.д. V-IV мыңжылдықтың аяғы) Ақшадария атырауы, Үзбой, Сарықамыс төңірегімен бірге Әмудария бойы, Ішкі Қызылқұм, Заравшанның төменгі жағалауларына таралғанын көрсетті. Ертеректе А.А.Формозов тарапынан Келтемінәр мәдениетінің батысқазақстандық нұсқасы бөлінген болатын. Дегенмен, Қараүңгір кешені де Арал төңірегінің, Сырдарияның төменгі ағысының, Каспийдің солтүстік бойының, Батыс Қазақстан мен Үстірттің көп санды неолит ескерткіштері сияқты мұқият сараптауды қажет ететін сияқты.

## Энеолит ескерткіштері

Энеолит - неолит пен қола дәуірлері аралығындағы өтпелі мыс-тас кезеңі. Таяу Шығыс пен Орта Шығыста ол біраз ертерек, ал Еуроазияда б.з.д. IV-III мыңжылдықтарда басталды. Энеолитте мыс еңбек құралдары пайда болады, бірақ тас құралдар әлі басым болып келеді. Тастан бұрынғыдай алуан түрлі құрал-саймандар даярлау жалғасады. Дегенмен металдың өндіріске енгізілуі бүкіл адамзат тарихына әсер еткен ірі шаруашылық және әлеуметтік өзгерістерге жол ашып берді. Энеолит дәуірінің басты мазмұнын да осы өзгерістер құрайды. Ал бұл дәуірдің археологиялық кешендері тас, сүйек және мыс еңбек құралдар, бай өрнектелген керамика, ұсақ мүсіндер және тұрғын үйлермен сипатталады.

Б.з.д. IV мыңжылдықтың аяғы - III мыңжылдықтың қарсаңында Қазақстанның жазық далалы, орманды далалы және ұсақ шоқылы аймағының климаты ылғалды болып, бұл жерлердің өсімдігі мол болды. Сол кезде бұл жерлерде миллиондаған жылқылар жайылған деген болжам бар. Олардың көпшілігі жабайы болған. Неолит дәуірінен бастау алған жылқыны қолға үйрету бірте-бірте энеолит дәуірінде жылқы шаруашылығының қалыптасуына алып келеді. Мұндай өзіндік далалық мәдени-шаруашылық типі кейбір ауытқушылықтармен мыңдаған жылдар бойы сақталып келді. Тас өндірісінің дамуы бұрынғысынан да жоғары деңгейге көтерілді. Өздігінен қайралатын балталар, найзалардың және жебелердің мінсіз ұштары, қырғыштар, кескіштер, тегеріштер, келсаптар және

тағы басқа тас бұйымдар еңбек құралдарының әлі де болса басым бөлігін құрайды. Дегенмен неолит дәуірінің пластиналық техникасы өзінің бұрынғы маңызын жоғалтқанын байқаймыз. Сүйектен және керамикадан құрал-саймандар жасау дамиды.

**Ботай археологиялық мәдениеті** Орал-Ертіс өзендері аралығындағы орманды дала мен дала аумағына таралған және б.з.д. III-II мыңжылдықтар аралығын қамтиды. Қазіргі таңда бұл мәдениеттің 50-ге жақын нысандары белгілі. Торғайдың Терсек тобы ескерткіштері де солардың қатарына кіреді.

Ботай қоныстары әдетте шағын дала өзендері - Торғайдың, Терісаққан, жоғары Тобылдың, Обағанның, Шағалалының, Иманбұрлықтың биік жағаларындағы алқаптарда орналасқан. Олар біршама үлкен қоныстар болып, ауданы 5 гектардан 30 гектарға дейін жетеді. Қоныстардың арасында Ботай, Рощинское, Сергеевка, Қызылжар, Кеңөткел VIII сияқты ұзақ мерзімді қоныстар бар.

Аумағы 15 га жерді алып жатқан **Ботай қонысы** Иманбұрлық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Жер бетінде сақталып қалған іздері бойынша 160 тұрғын үйдің орындары тіркелген. Ескерткіштің 10 $м^2$ аумағы аршылып, жүзге тарта тұрғын үйлер зерттелді және олардан 300 мыңнан аса артефактілер, бірнеше жүз мыңдаған сүйек қалдықтары алынды. Сүйектердің 99,9 % жылқылардікі. Зубр, тур, аю, елік, сайғақ, түлкі, түйе және т.б. аңдар мен құстардың сүйектері кездеседі.

Барлық құрылыстарды тұрғын үйлерге және шаруашылық құрылыстарына бөлуге болады. Тұрғын үйлер қоныстардың барлық жерінде кездеседі. Олар жартылай жер төлелер түрінде салынған болып, аумағы 20-40 $м^2$ құрайды. Төлелердің тереңдігі - 0,6-0,8 м. Төленің ішкі жағынан ені 1 м, биіктігі 0,8-1,6 м келетін саз балшықтан қабырғалар салынған. Үйдің төбесі күмбез тәрізді болып, үсті бұтақтармен және шым қабаттарымен жабылған болса керек.

Өндірістік құрылыстар қоныстардың шетінде, өзен бойына таяу орналасқан. Табылған көп санды мал сүйектері, шаруашылық құрал-саймандары жерлердің мал терілері мен сүйектерін, былғары, ағаш өңдейтін орындар болғанын растайды. Ошақтардың бір қатарының үйлердің сыртында орналасқанын көреміз.

Шаруашылық құрылыстарының арасында мал сақтауға арналған ұзын, тік бұрышты пішінде салынған қоралар бар.

Олар үлкен қоныс-қоныс болып өмір сүріп, түрлі кәсіппен айналысқан. Шаруашылықтың негізін жылқышылық құраған. Балықшылық, терімшілік және аңшылық шаруашылықтың қосымша салаларын құраған. Тас күрзілер, пышақтар, қанжарлар, боластар, жебелер, сүңгілер, найза ұштары аңшылықпен байланысты құралдар. Гарпундер балықшылық кәсібімен байланысты. Ағаш өңдеуге арналған аспаптар - балталар, шоттар, қашаулар, керткіштер, жонғыштар, кескіштер, пышақтар, сыдырғылар құрылыста пайдаланылған. Үй өндірісінде сүйек, тас және ағаштан құралдар, қыштан ыдыстар жасау кең орын алған. Қыш ыдыстар геометриялық өрнектермен безендірілген.

Сүйектен жасалған жүгеннің элементтері, кісенге арналған ілгектер жылқының қолға үйретілгенінен дерек береді. Ыдыстың бетіне салынған дөңгелекті арбаға жегілген аттың бейнесі ботайлықтарда дөңгелекті арба көлігінің болғанын білдіреді.

Ботайлықтар өлілерді қоныс аумағында жерлеген. Ұжымдық және жеке жерлеу ғұрпы таралған. Бас сүйегін трепанациялау және өлілердің бет пердесін жасау дәстүрінің болғаны мәлім. Тұрғын үйлердің біріндегі қабырғадағы сөреде ер адамның саз балшықпен мумияланған бас сүйегі табылды. Антропологиялық материалдар Ботай мәдениеті өкілдерінің протоеуропалықтар болғанынан дерек береді. Жерлеу ғұрпы мен бірқатар ерекше бұйымдар тотемизмнің, бабаларға табынудың болғанын білдіреді. Тұрғын үйлердің табалдырығы астына иттің сүйектерін көму рәсімі де жиі кездеседі.

Тайпалардың тұрмыс-тіршілігі шаруашъшықты ұйымдастыруға байланысты болған. Жылдың күз бен қыс маусымдарында ботайлықтар басты қоныстарда қыстаған. Көктем мен жаз айларында олардың бір бөлігі қардан жылдам арылып, ерте көктейтін оңтүстік-батыс жайлауларына қарай жылжыған. Жайлауларда ботайлықтар қысқа мерзімді баспаналар салып, аңшылық, балықшылық және терімшілікпен шұғылданып, қысқа қамданған.

Сонымен, Ботай ескерткіштері жабайы жылқыны бірінші болып еуразиялық тайпалардың неолит дәуірінің аяғында қолға үйретуді бастағанын дәлелдеп отыр. Табынды жылқы шаруашылығының пайда болуы олардың әл-ауқаты деңгейінің жедел көтерілуіне, қоғамның, оның мәдениеті мен дүниетанымының серпінді түрде дамуына жол ашып берді. Тіпті Шығыстың ең ежелгі егінші

тайпалары үй жылқысын білмеген. Жылқышылық үндіеуропалық көшпенділермен бірге Дунайға дейін тараған, кейінірек, шамамен, б.з.д. 3000 жылдықта жылқыны гиксостар Орталық Иранға әкелген. Еуразия халықтарының нағыз әмбебап жүк тасымалдаушы және арбаға жегілетін көлікке ие болуы сол дәуірдегі әлемнің әлеуметтік, экономикалық және мәдени даму бағытын күрт өзгерткені және технологиялық өркендеуді жеделдеткені сөзсіз.

Б.з.д. III мыңжылдықтың аяғы - II мыңжылдықтың басында Еуразия кеңістігінде климаттың құрғауы салдарынан әдеттегі ландшафтар, су және температуралық тәртіптер бұзылады. Бұл жағдай экологиялық зардаптарға әкеліп соқтырады. Шаруашылық және күнтізбелік жүйелер дағдарысқа ұшырайды. Үндіеуропалық, оралдық, алтайлық және басқа этникалық топтардың ауқымды көшулері дәл осы уақытта басталады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ең ежелгі тас өңдеу техникасы қандай болған?
2. Тас сынықтары ұрып түсірілген тастың өзегі археологияда не деп аталады?
3. Тас өңдеудің леваллуа техникасының ерекшелігі неде?
4. Микролит техникасы қашан пайда болды?
5. Картадан Қазақстандағы палеолит ескеркіштері шоғырланған аймақтарды табыңыз.
6. Онтүстік Қазақстанның ең ерте ескерткіштеріне сипаттама беріңіз.
7. Орталық Қазақстандағы мустье дәуірінің мекендері?
8. Атбасар археологиялық мәдениетінің ескерткіштері қай аймақта шоғырланған?
9. Дүзбай 1-3, Саз 2, Бестамақ, Бүрлі 2, Екідің 24, Соленое озеро 2 нысандары қайсы мәдениетке жатады?

## 3.2. Қола ғасыры

Қола дәуірінде Еуразияның кең байтақ далалық кеңістігін кешенді малıеылык-еоишоок шаруашылығы мен металл өндірісі жоғары дамыған, андронов мәдени-тарихи қауымдастығын құрайтын тайпалар мекендеген. Олардың материалдық

мәдениетінде жерлеу дәстүрі мен дүниетанымдық ұғымдарында үқсас белгілер көп. Бұл қауымдастықтың қалыптасуы б.з.д. III мыңжылдықтың аяғы - II мыңжылдықтың басына сәйкес келеді.

Андронов мәдениетінің пайда болуы, хронологиялық аясы мен кезеңдеуі, этникалық келбеті мәселесі бойынша ғылымда әр түрлі пікірлер мен көптеген гипотезалар бар. Ғалымдардың көпшілігі андронов мәдениетін Қазақстан далаларының солтүстік белдеуі және Орал өңірі мен Батыс Сібірдің оған жақын орналасқан аудандарының шығу тегі мен мәдениеті бойынша туыстас неолит-энеолит тайпаларының дамуымен байланыстырады. Малды үй жанында бағатын бақташылық түріндегі мал шаруашылығының және жерді кетпенмен өңдеу түріндегі егіншіліктің дамуы сол тайпалардың отырықшылыққа өтуіне және үй кәсіптерінің пайда болуына, металлургияның дамуына ықпал жасаған болса керек.

Көпшілік зерттеушілер андроновтықтарды этникалық жағынан үнді-иран тілдес немесе арий тайпаларына жатқызады. Сонымен қатар оларды фин-угор этникалық тобымен, түркі тілдес тайпалармен байланыстыратын гипотезалар да бар.

Көпшілік зерттеушілер андронов мәдениетін үш кезеңге бөледі. Ерте кезең - б.з.д. XVIII-XVI ғғ., орта кезең - XV-XIII ғғ., соңғы кезең - XII-VIII ғғ. басы.

Қазақстанның қола ғасырының археологиялық ескерткіштеріне елді мекендер мен қала жұрттары қалдықтары, обалар, қоршаулар, кесенелер, ғұрыптық ескерткіштер (құрбандық шалу орындары), кендер және оларды өңдеу жерлері кіреді.

## Шығыс Қазақстанның қола ғасыры ескерткіштері

Шығыс Қазақстанның топырағы құнарлы жазық алқаптары, шүйгін жайылымдары, Алтай, Қалба, Тарбағатайдың таулы және биік таулы аудандарындағы мыстың, қалайының, алтынның көптеген кеніштері, Ертіс пен оның тармақтары - Бұқтырма, Күршім, Оба, Шүлбі, Шар, Қызылсу және басқа балығы мол өзендері, аңға толы ормандары қола дәуірі мәдениетінің жоғары деңгейде дамуына себепші болды.

Ерте қола дәуірінің нысандарынан Сібірдің афанасьев мәдениетіне жақын Қанай ауылы іргесіндегі жерлеу ескерткіші болып табылады. Ол жер үстінде тігінен қойылған тақта тастардан

тұратын шаршы пішіндес қоршау. Қоршаудың қабырғалары әлемнің төрт тарапына қарай бағдарланған. Жер астынан қазылған мола шұңқырынан бастарын шығысқа қаратып, шалқасынан жатқызылған еркек пен әйелдің мәйіттері шықты. Сүйектердің біразы жосамен боялған. Жерленгендердің екеуі де андроновтық антропологиялық тұрпатқа жатады. Қабірде өлік асының қалдықтары, жебенің жайпақ қола ұшы, ашық-жасыл түсті тас моншақ, таяқшамен әр жерінен батырылып өрнектелген қыш ыдыстың сынықтары және топайлар сақталған.

Қола дәуірінің орта кезеңіндегі Шығыс Қазақстан тұрғындарының мәдениеті қоныстар мен қорымдардың үлкен тобымен сипатталады. Неғұрлым көрнекі материалдар Қанай ауылы маңындағы қоныс, қорым мен құрбан шалатын орыннан, Зевакино ауылы, Сарыкөл көлі маңындағы, Кіші қойтас, Нұрмамбет қойнауларындағы қорымдардан алынды.

**Қанай қонысында** (Ертістің оң жағалауына орналасқан Қанай ауылы іргесінде) жапсарластыра салынған шаруашылық құрылыстары бар тікбұрыш түріндегі аумағы 50 $м^2$ жуық болған тұрғын үй қалдықтары ашылды. Жартылай жертөле сияқты үй құрылыстары қабырғаларының негізін тіреулер құраған. Олардың арасына қамыс салынып, балшықпен сыланған. Үйдің ішіндегі жер еденде тастан қаланған үш ошақ бар. Оның екеуі тамақ дайындауға, біреуі үйді жылытуға арналған. Шаруашылық қораларының жайдақ төбесі негізгі тұрғын үймен бірге тұтас етіп жабылған. Тұрғын үйге өзенге қараған тар дәліз арқылы кіреді. Баспананың орталық бөлігі дәлізден аласа қабырғамен бөлінген. Бөлінген жағы шаруашылыққа арналған болу керек - ол жерде төлдер ұсталған (бұзау мен лақтың қаңқалары табылды).

Тұрғын үйдің біршама биік оңтүстік-шығыс бөлігінен ыдысқа ою-өрнек салуға арналған тарақ тәрізді сүйек қалыптар, қыш сынығы, тас келсап пен үккіш, малдың өңделген жауырыны, малдың жақ сүйегінен жасалған сабау, қола моншақтар, білезік табылды.

Жапсарлас салынған жайлардың бірінде мыс рудасының түйірі мен ішкі бетінде мыс шлагы мен мыстың дағы бар қыш ыдыстың сынығы, екінші біреуінде құйма қалыптың жартысы табылды. Қоныстың оңтүстік-шығыс шетінде салмағы 6 килограмнан астам уатылған мыс рудасының кесектері табылды. Қонысқа жақын

маңнан ағаш көмірімен араласқан мыс шлағының кесектері (10 кг) бар қорыту пешінің қалдықтары ашылды. Шамасы, руданы қонысқа Нарым жотасындағы жақын маңдағы кен орнынан әкелген болу керек.

Қоныстан табылған артефактілер арасында тас дәнүккіштер, үккіштер, келсаптар, тас тоқпақшалар, кетпендер, жылтыратқыштар, құйма қалыптар, бұғы мүйізінен істелген кетпендер, сүйек пышақтар мен сабаулар, тегіс және тарақ тәрізді қалыптар, малдың өңделген жауырындары, тоғалар, қола біздер, моншақтар, білезіктер, ұршықтарға арналған қыш кермелер, қыш көзелер мен құмыралар бар.

Қоныстан оңтүстік-шығысқа таман үш таспен қаланған табынатын орын болған. Мал сүйектері, бет жағын ыс басқан дәнүккіштердің сынықтары, сондай-ақ күл, көмір мен күйген сүйектер бұл жерде құрбан шалу ғұрпының атқарылғандығын көрсетеді.

**Сарыкөл көлі, Көкдомбақ және Кіші Қойтас** ауылдары маңындағы қорымдар іргелері тақта тастармен шеңбер, шаршы және тікбұрыш түрінде қоршалған топырақ үйілген обалардан тұрады. Бұл қорымдардың артефактілері мен жерлеу ғұрпы үйіндісі жоқ қоршаулардағыдай болып келеді. Кейде тақта тастармен жабылған тас жәшіктерде және үсті ағаштармен жабылған тікбұрышты жер асты молаларында, әдетте, мәйіт ортелмей қойылатын болған, сол сияқты өлікті өртеу де ұшырасады. Ру ақсүйектері жерленген қабірлер қыш ыдыстарының көптігімен, сан алуан әшекейлерінің молдығымен ерекшеленеді. Ыдыстардың сипаты, ою-өрнек пен оны бедерлеу техникасы андронов мәдениеті дәстүріне сай келеді. Оның есесіне әшекей заттарының топтамасы көбірек, әрі алуан түрлі.

Бұлар шетіне мұқыл шегемен ою-өрнек салынған және ою-өрнексіз конус тәріздес қола тоғалар, самайға тағатын алтын сырғалар, мыс моншақтар, жыртқыш аңның тісі, тас салпыншақтар. Әшекейлердің көпшілігі қоладан немесе мыстан жасалып, алтынмен қапталған. Бұлар салпыншақты сырғалар, бұрама сымдардан жасалған конустар, өрнегі қабырғалары сызылған үшбұрыштар болып келетін, түйінектері мен каннелюрлері бар тармақты салпыншақтар, ромбының әрбір ширегінде біріне-бірі тік келетін қосарлас сызықтармен өрнектелген ромб тәрізді қаптырма,

үшбұрышты қаптырма және басқалар.

Шідерті өзенінің оң жағалауына орналасқан Нұрмамбет қорымындағы екі адамның қаңқасы шыққан қабір ерекше көңіл қоярлық. Жерленгендер бір-біріне бетпе-бет құшақтастырылып салынған: ері - сол қырынан, әйелі - оң қырынан жатқызылған. Ер адамның бас жағына құйма қола қанжар қойылған. Әйелдің саусақтарында бес қола сақина, ал білектерінде бір-бірден қола білезік, аяқтарында, тізесінің буынына таман қола моншақтар тізілген білезіктер бар. Бас жағында - қола біз бен ине. Ою-өрнегі мол қыш ыдыстан қойдың сүйектері - өлік асының қалдықтары табылды.

Трушниково қонысының, Мало-Красноярка қонысы мен қорымының және Зевакино қорымының археологиялық материалдары Шығыс Қазақстанның соңғы қола кезеңін сипаттайды.

**Трушниково** қонысында тікбұрышты жартылай жертөле үлгісіндегі екі тұрғын үй ашылды. Олардың біреуінің қабырғаларының негізін жерге көмілген тіреулер болды, бұл тіреулердің аралығы шарбақпен немесе ағашпен өріліп бекітілген. Үйлерден қыш ыдыстардың сынықтары, мал мен балық сүйектері шыққан шаруашылық ұралары табылды. Бұлардың біреуінен жебенің оқ тәріздес, екі шетінде қыры бар, ұңғылы қола ұшы табылды. Жер ошақтардың шұңқырларында ыс пен күйе іздері бар тастар, көп мөлшерде күл, ағаш көмірі мен күйген шырпы, еденде мыс рудасының түйірлері сақталған. Екінші үйдің маңында диаметрі 1,2 және тереңдігі 2,1 м құдық болған.

Сол жерден жиналған тас кетпендер, дәнүккіштер, тас тоқпақшалар, келілер, келсаптар бұл араны мекендеушілердің егіншілікпен айналысқанын көрсетеді. Осында табылған, сүйектен жасалған бес тісті құрал, сірә, өрмекті тығыздауға арналған болу керек. Ұршыққа арналған қыш керме тоқымашылықтың болғанын көрсетеді. Қоладан жасалған бұйымдардың арасында біздер, пышақтар, әшекейлер, жебе ұштары бар. Қоныстан табылған көптеген қыш ыдыстардың арасында құмыралардың екі түрі кездеседі: иықтары дөңгелек, ернеуі тік немесе сәл сыртқа қайырылған құмыралар және бүйірі өте-мөте шығыңқы, ернеуі тік немесе сәл сыртқа қайырылған құмыралар. Олар ернеуінде, мойнында тарақ тәрізді немесе тегіс қалыппен түсірілген қиғаш

және айқыш-ұйқыш ойықтары бар белдеулермен, қисық жіңішке белдеулермен өрнектелген. Түбі дөңгелек келген, ою-өрнек салынбаған ыдыстар да бар.

**Мало-Краснояркa** қонысында жапсарластыра салған қоралары бар екі тұрғын үй ашылды. Үй бұрыштары иіліп келген тік бұрыш пішінді, жартылай жертөле үлгісінде салынған; аумағы 160 шаршы метрге жуық. Ортадағы екі қатар тіреулер екі сайлы шатырды тіреп тұрған. Сопақша келген жер ошақ үйдің ортасынан қазылған, оған таяу граниттен жасалған келі табылды. Үйдің солтүстік-шығыс жақтағы қабырғасына дәліз іспетті екі құрылыс жалғасқан, олар да жерден қазылып тереңдетілген. Бұлар бейне бір жабық аула сияқты. Екі құрылыс та күрке тәріздес жабылған.

Шағын аулаға кіре берісте күл қалдығы астынан жердің үстіндегі бір құрылыстың төбесін немесе жаппаны тіреп тұрған үлкен тіреулердің орнатылған орнындағы шұңқырлар табылды. Бұл мыс және қола заттар жасайтын шеберхана болған. Осында мыс шлактарының, күйген тастардың кесектері, құйма қалыптың сынықтары, металл еритетін ыдыстың сынығы және найзаның қола ұшы табылды.

Тұрақжайлар мен қораларда қоладан жасалған шоттар, пышақтар, дән сабақтарының дағы бар орақтар, біздер, тастан қасалған құйма қалып, күрзі, келсаптар, дәнүккіштер, келілер, тоқпақшалар, қайрақ тастар, сүйектен жасалған біздер, инелер, тоғалар, қыштан жасалған кермелер, ыдыстар көптеп табылды. Көбіне бүйірлі және ернеуі тік құмыралар ұшырасады. Олар кертпешелі және бүршікті жапсырма белдіктермен өрнектелген.

Соңғы қола дәуірінде жасаған тайпалардың жерлеу ғұрпын Зевакино қорымының материалдарынан көруге болады, мұнда әр кезеңдегі жүзден астам жерлеу құрылыстары зерттелді.

Жерлеу құрылыстары тақта тастармен, бөренелермен жабылған тас жәшіктер, цисталар, тікбұрышты және сопақша келген жер асты шұңқырлар түрінде болып келеді. Көбінде жеке өлік қабірлері, сонымен бірге бір қабірде екіден, үштен және төрттен өлік жерленген қабірлер де кездеседі. Жерленгендер қол-аяғы бүгіліп оң жақ қырынан, кейде сол жақ қырынан жатқызылған, шалқасынан немесе етпетінен жатқызып жерлеу де кездеседі. Кейбір қабірлерден жосаның, күйген ағаштың және ағаш көмірінің кесектері, өлік асының қалдықтары (жылқының бас сүйегі,

жіліктері, қойдың жауырыны, жіліктерінің қабырғаларының сынықтары) ұқсасады.

Жерлеу саймандары қола пышақтар, қанжар, қыш ыдыстар, металдан, тас пен сүйектен істелген әшекейлер мен тұрмыстық заттардан тұрады. Балалар қабірлерінде көп мөлшерде қойдың асықтары кездеседі, олардың біразы қызыл жосамен боялған, қайсы бірінде өңдеудің іздері байқалады.

## Орталық Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштері

Шүйгін жайылымдар мен кен орындарының көптігі арқасында Орталық Қазақстан қола дәуірінде мал шаруашылығы, егіншілік және металлургиясы дамыған ірі аймаққа, андронов мәдениетінің негізгі орталықтарының біріне айналды. Қазақтың ұсақ шоқылы өңірін мекендеген қола дәуірінің тайпалары тұрғын үйлер мен шаруашылық құрылыстарының қалдықтары сақталып қалған қоныстар, жерлеу орындары мен көне кеніштер, жартастағы суреттер мен ғұрыптық құрылыстар сияқты көптеген археологиялық ескерткіштер қалдырған.

Бұл өңірдегі андронов ескерткіштерінің таралу аумағының батыс шекарасы Жезқазған-Ұлытау-Арғанаты-Терісаққан өзенінің жоғарғы ағысы арқылы өтеді. Жезқазғанда бұл мәдениеттің көптеген кен орындары белгілі, олардың ішіндегі ең ірілері Кресто, Петро, Златоуст, Милықұдық болды. Солтүстігінде шекара Есіл мен Тобыл өзендерінің аңғарына дейін, шығысында Ертістің сол жағасы мен Шыңғыс жотасына дейін барады, ал оңтүстікте бұл мәдениеттің ошақтары Бетпақдала шөлінің солтүстік шетіндегі Жетіқоңыр өңірінен, Тайатқан, Щұнақ тауларынан, Батпақсу мен Шажағай өзендерінің алқаптарында мәлім.

Қола дәуіріндегі тайпалардың қоныстануы әр келкі болып келеді. Неғұрлым игерілген өңірлер Нұра, Шерубай-Нұра, Атасу және Талды-Нұра өзендері мен олардың көптеген салаларының аңғарлары, Бұғылы, Беғазы, Қызыларай, Кент, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау жоталарының аралығындағы алқаптар және басқалары болды.

Орталық Қазақстандағы андроновтық корымдардың көпшілігі осы мәдениеттің басқа аудандардағы ескерткіштер мен салыстырғанда құрылымының күрделілігімен, көрнектілігімен,

жерлеу құрылыстарын салудың жоғары техникасымен кезге түседі. Ертедегі шеберлер үлкендігі жағынан алып тас қоршаулар мен кесенелер салды.

Зерттеушілер Орталық Қазақстанның қола дәуірін Нұра, Атасу және Беғазы-Дәндібай кезеңдеріне бөледі. Соңғы қола дәуіріндегі Беғазы-Дәндібай мәдениеті алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда анағұрлым жоғары деңгейде дамыған.

**Нұра кезеңі** әзірше толық зерттелмеген жерлеу құрылыстарының материалдары бойынша белгілі. Жерлеу ескерткіштері аумағы онша үлкен емес, айналасы тігінен орнатылған немесе жалпағынан салынған такта тастардан дөңгелетіп немесе тік бұрышты етіп қоршалған аласа төмпешіктерден тұрады.

Мола қоршаудың ішінде орналасқан. Қабір тік бұрышты етіп қазылған мола-шұңқырлардың, тақта тастарды жалпағынан қалау тәсілімен құрылған цисталардың, тас жәшіктердің ішіне қойылған. Жерлеу ғұрпы атқарылғаннан кейін жерлеу камералары тас тақталармен жабылған.

Кремация дәстүрі (өлікті өртеп жерлеу) кең таралған. Өлікті өртеу бір шетте атқарылған, молаларда оттың іздері кездеспейді. Күйдірілген сүйектердің күлі молаға қойылған, ал мәйіт өртелген жерге тақта тастар үйілген. Өлікті өртеу дәстүрімен бірге мәйітті жерлеу дәстүрі қатар кездеседі.

Нұра кезеңін сипаттайтын ескерткіштердің арасында **Бұғылы 1, Ақсу-Аюлы 1** қорымдары бар. Бірнеше қоршаулардан тұратын Бұғылы-1 қорымында зерттелген дөңгелек және тік бұрышты қоршаулардың ішінде тік, бұрышты жер асты молалардың бар екені анықталды. Олардың кейбіреулері ішкі жағынан жалпағынан қаланған тақта тастармен шегенделген. Мәйіттердің көпшілігі өртеу ғұрпы бойынша жерленген. Қабірлерге мол өрнектелген бір-екі қыш ыдыс, қыштан жасалған ұршықтың басы, дөңгелек қола айна, қола моншақтар мен тізбектер қойылған.

Молалардан және олардың жанынан үй жануарларының (жылқының, қойдың) сүйектері табылды. Ақсу-Аюлы 1 қорымы өзі аттас өзеннің оң жақтағы биік жағалауына орналасқан. Қорымның орта шенінде жағаны бойлай қатарласқан сегіз оба тобы ерекше көзге түседі. Үйілген топырақ астынан тақта тастардан дөңгелете жалпағынан қаланған қоршаулар шықты. Қоршаулардың ішіндегі

шұңкырларға адамның сүйектері мен екі-үш қыш ыдыс қойылған.

Нұра кезеңінің соңына таман өлікті жерлеу ғұрпы оны өртеу ғұрпын бірте-бірте ығыстыра бастайды. Бұл Орталық Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарындағы ескерткіштерден анық байқалады.

Орталық Қазақстанның орта қола кезені **Атасу археологиялық мәдениетімен** сипатталады. Бұл кезеңде мал шаруашылығы бұрынғыдан гөрі едәуір дамып, жылқышылық пен қой бағудың маңызы артады. Кетпенді егіншіліктің көлемі өсті. Кен жұмыстарының көлемі ұлғайып, мыс пен қалайы өндіру артты. Мыс пен қоладан еңбек құралдарын, тұрмыстық және сәндік бұйымдар жасау едәуір ұлғайды.

Археологиялық деректер атасу тайпаларының Сарыарқаның далалы кеңістіктерін ғана емес, сонымен бірге шөл және шөлейт жерлерді игеріп, өздерінің мекендерін кеңейткенін көрсетеді. Қазіргі таңда атасу мәдениетінің 60-қа жуық ескерткіштері тіркеліп, соның ішінде 7 қоныс пен 40-қа жуық қорымда қазбалар жүргізілді. Қорымдарда 700-ге жақын жерлеу нысандары аршылды.

Атасу мәдениетінің қоныстарынан Атасу 1, Мыржық, Бұғылы 1, Энтузиаст I, Майоровка және көп қабатты Ақ-Мұстафада қазба жұмыстары жүргізіліп, ондаған тұрғын үйлер, шаруашылық құрылыстары қалдықтары зерттелді. Олар әдетте тау қойнауларында немесе даладағы өзендер мен көлдердің жағаларында орналасқан.

Энтузиаст I қонысы Нұра өзенінің бойында (Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында) орналасқан. Бұл жерде бес тұрғын үйдің, арықтар жүйесі мен шаруашылық құрылыстарының қалдықтары аршылып зерттелді. Үйлер солтүстіктен оңтүстікке қарай бір қатар етіп құрылған және бірбірімен арықтар жүйесімен байланысып, тұтас сәулеттік кешенді құрайды. Қоныстың солтүстік-шығыс шетінде орналасқан №1 үйде үш камералы қола құятын пеш, қыштан жасалған құю қалыптары, металл лом және қола бұйымдардың басым бөлігі табылған.

**Мыржық** қонысы Атасу өзенінің бойында (Қарағанды облысының Жанарқа ауданында) орналасқан. Жалпы ауданы 4 гектардан астам қоныстың негізгі бөлімі сақталмаған, алайда тұрғын үйлердің саны 10-15 шақты болған деп болжауға болады. Үйлер өзеннің бойында екі-үш қатар болып орналасқан. Мыржық

қонысындағы тұрғын үйдің біреуінде 80 астам баған шұңқырлары тіркелген. Баспана екі үлкен тік бұрышты тас ошақтармен жылытылған. Екінші бір тұрғын үйде ерекше жылыту жүйесі табылды. Жер төле қабырғаларының түбінде үсті гранит тақталармен жабылған жалпақ тастан жіңішке дәліз тәрізді конструкция орналасқан. Іші күлге толы мұржаның ұзындығы 3,2м, ені - 0,4-0,5м.

Ауданы 18 мың шаршы метрге жуық **Майоровка** қонысы Нұра өзенінің бойында (Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында) орналасқан. Толығымен сақталып қалған бұл қоныста тұрғын үйлердің тек бір бөлімі ғана зерттелді. Екі-төрт қатар орналасқан тұрғын үйлердің жалпы саны 20-30 шақты болған деп айтуға болады.

Атасу тайпаларының тұрғын үй құрылысында тік бұрышты немесе қисық-тік бұрышты пішіндегі жартылай жер төлелер көбірек кездеседі. Майоровка қонысындағы ұзын сопақша пішіндегі екі бөлмелі үйдің олардан біраз өзгешелігі бар.

Жер төлелердің аумағы 125-180 $м^2$ құрайды. Тек Майоровкадағы екі камералы үйдің ауданы - 270 $м^2$, ал Мыржық қонысындағы №2 үйдің ауданы - 50 $м^2$. Төлелердің терендігі- 0,2-0,6 м. Тұрғын үйлер бір немесе екі, кейде үш ошақпен жылытылған.

Жақсы зерттелген қоныстардың бірі - Атасу І тұрғындары қола қорыту және қола бұйымдар даярлаумен айналысқан. Қоныс Атасуға құятын тау өзені Мыңбасайдың алқабында (Қарағанды облысының Ағадыр ауданы) дөңес аланға орналасқан. Ауданы 15 мың шаршы метрге жететін қоныста 35 тұрғын үй және қора-копсы қалдықтары орналасқан. Үйлер тереңдетілген және қабырғалары жалпақ тастармен қаланған. Кейбір үйлер ұзын жолдар арқылы байланысқан. Тұрғын үйлердің ауданы 150-200 $м^2$ құрайды және олардың әрқайсысында шұңқыр түріндегі немесе тастан қаланған (бірден сегізге дейін) ошақтардың қалдықтары кездеседі. Күл-қоқыс, қойешкі сүйектері жиналған қоқыс шұңқырлары да бар.

Қоныс орнынан тұрғын үйлерден басқа мыс рудасын қорытатын 7 шеберхана және 14 шұңқыр-пештер зерттелді. Көптеген металл өндірісінің құрал-саймандары табылды. Олардың арасында тас және қыш ожаулар мен шөміштердің сынықтары, құю қалыптары, руда ұсақтайтын тас құралдар, балғалар, келсаптар, тоқпақшалар, дәнүккіштер, керамикалық бұйымдарды тегістейтін

қалақтар, тас кетпендер бар.

Атасу қонысының тұрғындары ыдыстың түрлі үлгілерін - тамақ пісіретін өрнексіз ыдыстар және геометриялық өрнектермен сәнделген тамақ ішетін ыдыстарды жасай білген. Өрнектер көбіне тегіс қалыппен түсірілген, бірақ тарак тәрізді қалыппен түсірілген өрнектер де аз емес.

Шаруашылық пен тұрмыста қола құралдармен қатар сүйектен жасалған тескіш, біз, теріні өңдеу үшін жылкының жағынан жасалған лөкет пышақ сияқты құралдар да қолданылған. Ірі қара малдың жілігінен жасалған ұршықтың басының табылуы жүнді иіріп, қалың мата токи білгендікті көрсетеді. Жүгеннің мүйіз сулықтары жылқының көлік ретінде пайдаланылғандығын дәлелдейді.

**Бұғылы 1 қонысының** (Шопа өзенінің алкабы) тұрғын үйлері мен қора-қопсыларының орналасуы, салыну әдістері, сондай-ақ материалдық мәдениетінің келбеті Атасу қоныстарындағыға ұқсас. Тұрғын үйлер тік бұрышты, бірақ Атасу қоныстарындағыдан ерекшелігі - олардан көлемі анағұрлым кіші. Үйлер жердің бетіне салынған, қабырғалары - жалпақ тастан қаланған; олар сыртқы жағынан да, ішкі жағынан да тігінен қойылған тақта тастармен қапталған. Бөренелерден құрастырылған күрке тәрізді шатыр қалаудың ішкі жағынан салынған ағаш жақтауға тіреледі. Шатырдың биік қыры тік қазылып орнатылған бірқатар бағандармен тірелген. Бүкіл құрылыс буылған қамыспен және бұтамен жабылған. Мұндай үйдегі тастардан өрілген аласа қабырғалар қатты желден, жаңбырдан, қардан пана болды. Тұрғын үйлердің сыртқы түрі көбіне көшпелі малшылардың жылы киіз үйлеріне ұқсас.

Атасулықтардың жерлеу дәстүрі туралы мәліметтерді Мыржық, Майтан, Атасу 1, Ижевский 1, Шапат, Ащыөзек және т.б. қорымдардың материалдарынан біле аламыз. Қорымдардың ауданы 4-5 мың шаршы метрден (Шапат, Ащыозек, қопа I, Нұркен) 10-20 мың шаршы метрге (Майтан, Ижевский I, Атасу I) дейін жетеді.

Жерлеу нысандарының саны бойынша қорымдарды шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

-көпшілікті құрайтын шағын қорымдар (6 -15 жерлеу құрылыстары бар); Шапат, Нұркен, Қопа I, Ащыөзек, Садық, Жыланды, Әлеп-Ауыл, Мыржық II, Мыржық III солардың қатарына

жатады;

- орташа қорымдар (15-35) - Шет, Ташық, Аяпперген, Қопа, Қойшоқы);

- ірі қорымдар 45-90-нан астам жерлеу құрылыстарын қамтиды; олар азшылықты құрайды - Ақ-Мұстафа, Атасу I, Майтан, Саңыру II, Мыржық I.

Орташа және ірі қорымдарда ерте және кейінгі қола кезеңдерінің жерлеу құрылыстары да кездеседі.

Атасулық қауымдардың жерлеу ескерткіштерінің арасында обалар кездеспейді. Жерлеу дәстүрінің негізін тақта тастарды қырымен жерге қадап қою арқылы құрылған қоршаулар құрайды. Мәйіт тас жәшіктерде және мола шұңқырларында жерленген. Гранит шикізатына бай таулы аудандарда тас жәшіктер жерлеу конструкцияларының негізгі типін құрайды, ал Сарыарқаның жазық далаларында мола шұңқырлар басым болып келеді. Ол жерлерде тақта тастар қоршаулар үшін пайдаланылған. Моланың беті тақта таспен, ал жазықтық аумақта ағашпен жабылған.

Кіші жәшіктер мен молаларда (ұзындығы 0,3-1,5 м, ені 0,2-2,6 м) балалар мен жас өспірімдер жерленген. Біраз үлкен құрылыстарда (ұзындығы 1,6 -4,0 м, ені 0,7 - 2,6 м) әр түрлі жастағы бір немесе екі ересек, кейде бір топ адам қойылған.

Жерлеу ғұрпы бойынша мәйіттің қол-аяқтары бүгіліп, сол қырынан басы батысқа қаратылып, кейде аздап солтүстікке немесе оңтүстікке қаратып жатқызылған. Оң қырынан жатқызып жерленгендер сирек кездеседі және олар әйелдердің қабірлеріне тән.

Молалардан көптеген қыш ыдыстар, бұрамалары түйісіп келетін қола білезіктер, самайға тағылатын алтын жалатылған сырғалар, қола тізбектер, алқалар және басқа да металдан жасалған бұйымдар, ұнтақтан қатырылған, меруерттен, тастан жасалған моншақтары бар алқалар, тесіп ілінетін аңдардың азу тістері мен ұлу қабыршақтары жиналды.

Кенотафтар да жиі кездеседі. Олардың кейбіреулерінде ыдыстар, әшекей бұйымдар, құралдар табылады.

Майтан қорымындағы 6 қабірде өлілер өртеу ғұрпымен жерленген. Өлікті өртеу тысқарыда жүзеге асырылған, мола шұңқырларында от іздері байқалмайды. Күл және күйдірілген сүйектер моланың бір бұрышына не ортасына абайлап төгілген. Молаға тек ыдыстар қойылған. Өртеу ғұрпы тән болған қоршаулар

қорымның шеттері бойлап орналасқан.

Атасу қонысының тұрғындары ыдыстың түрлі үлгілерін - тамақ пісіретін өрнексіз ыдыстар және геометриялық өрнектермен сәнделген тамақ ішетін ыдыстарды жасай білген. Өрнектер көбіне тегіс қалыппен түсірілген, бірақ тарақ тәрізді қалыппен түсірілген өрнектер де аз емес.

Атасу кезеңінде иіні дөңестеліп иілген ыдыстар сақталды, бірақ мойыны мен бүйірінің арасы ойық құмыралар, қарапайым құты сияқты ыдыстар, аралық түрлер басым болды.

Көзелердің бұрынғы әсем көрнектілігі, биік жіңішке түбі жоғалады, өрнектер үш қатар болып - ыдыстың мойнына, бүйірінің жоғарғы бөлігіне және түбіне салынады. Әрбір қатарда өрнекті орналастыру дәстүрі қалыптасады. Мойнына көбірек салынатын сурет тік бұрышты немесе тең қабырғалы үшбұрыштардан, ұшы жоғары қаратылып тізілген тізбектер болып келеді. Кейде үшбұрыштардың орнына ромбылар, сынық сызықтар және басқалар салынады. Өрнектердің екінші қатары үшбұрышты фестондардан, меандрлардан, қатарлас каннелюрлерден құралады. Бұл өрнектер қиюласып, кілемнің ою-өрнегіндей болып шығады. Түпкі қатар ұшы жоғары қаратылған үшбұрыштар немесе белдеулей сызылған қатар сызықтармен безелген.

Иіні дөңестеліп немесе ойықталып жасалатын ыдыстарда ғана өрнек көп кездеседі. Қарапайым құты тәрізді ыдыста күрделі меандрлы немесе фестонды сурет болмайды және онда өрнекті белдеулер салынуы көп кездеспейді. Ондай ыдыстың ернеуі мен мойны ғана ірі үшбұрыштармен, қатарлас сызықтармен, кейде шырша өрнекпен сәнделеді. Орталық Қазақстандағы ыдыстардың мойнында меандрлардан тұратын өрнегі бар өзіндік дәстүрлі ерекшелігі қалыптасады.

Атасу заманында қола құю өнері жоғары дәрежеде кемеліне жеткен. Табылған бұйымдардың бәрі соғу, құю, ою және қақтау арқылы жасалған. Қалақ түріндегі қанжарлар, жебелердің қос қанатты жалпақша ұштары, екі ұшы сүйір моншақтар, дөңгелек және тік бұрышты айналар кең таралған. Соғу, қысып өрнектеу мен қақтау төрт қырлы біздерді, инелерді, білезіктерді, алуан түрлі алқаларды, мүсінді тоғаларды және басқаларды жасағанда қолданылды.

Шаруашылық пен тұрмыста қола құралдармен қатар сүйектен

жасалған тескіш, біз, теріні өңдеу үшін жылқының жағынан жасалған лөкет пышақ сияқты құралдар да қолданылған. Ірі қара малдың жілігінен жасалған ұршықтың басының табылуы жүнді иіріп, қалың мата тоқи білгендікті көрсетеді. Жүгеннің мүйіз сулықтары жылқының көлік ретінде пайдаланылғандығын дәлелдейді.

**Беғазы-Дәндібай мәдениеті** (Қарағанды қаласы маңындағы Дәндібай ауылында және солтүстік Балқаш өңіріндегі Беғазы қойнауында қола ескерткіштерінің алғашқы қазылған жеріне қарай осылай аталған).

Беғазы-Дәндібай заманының ерте кезеңі Атасу өзенінен Ертіске дейінгі байтақ далада таралған көптеген ескерткіштермен сипатталады. Олардың қатарына **Ақсу-Аюлы 2, Ортау 2, Байбала 2, Бесоба, Бұғылы 3** кешендері жатады. Бұл ескерткіштерге, бір жағынан, андроновтық дәстүрлердің сақталуы, екінші жағынан, мәдениетің жаңа элементтерінің - сипаты ерекше кесенелерден, жатаған, домалақ ыдыстардың пайда болуы тән. Жерлеу ғұрпы да андронов мәдериетше тән емес. Әдеттегі қол-аяқтарын қусырып жатқызу дәстүрімен қатар аяқтарын созып, шалқасынан жатқызу кездеседі.

Ерте Беғазы дәуірін Ақсу-Аюлы 2 (Қарағанды қаласының оңтүстігіне таман) жерлеу кешені бәрінен де гөрі толық сипаттайды. Бұл кешен етегі қырынан қазылып орнатылған ірі гранит тақталармен жиектелген біріне-бірі ұқсас төбешік обалардан құралған.

Ақсу-Аюлы 2 кешеніндегі ең үлкен обаның биіктігі 2 метр, диаметрі 30 метр. Үйіндінің астында бір-біріне жалғасқан төрт тас құрылыс: үш қоршау және үлкен-үлкен төрт тақта тастан жасалған шомбал тас жәшік шықты. Бірінші, сыртқы қоршау қырынан қазылып орнатылған ірі гранит тақталардан құралыпты. Екінші қоршау әдейі іріктелген тік бұрышты тақталардан көлденең қалау техникасы арқылы салынған. Қалау сол кездегі жердің бетінен басталыпты. Дуалдардың төменгі жағы тіп-тік, ал жоғарғы жағы аздап ішке қарай иілген. Бұл - соңғы қола дәуіріндегі құрылыс техникасына тән әдіс; мұнда қалау арқылы жалған күмбез жасау шешімінің бастауы байқалады. Үшінші кіші қоршау екіншісіне жалғастырылған. Ол тік бұрышты түрде салыныпты, бұрыштары иілген. Екінші қоршау сияқты, бұл қоршау да эллипс бітімдес.

Оның батыс және шығыс дуалдарының маңдайшасына косымша бір-бір үлкен такта орнатылған. Құрылыс төбесінің негізгі салмағы осы тақталарға түсірілген.

Сонымен, ішкі қоршау бейне бір екі дуалмен және айналма галереямен қоршалған үй сияқты. Жерлеу құрылысының ортасындағы көлемі 4 шаршы метрдей, тереңдігі 1,5 метрден астам мола шұңқырында үстіне екі үлкен тақта тас жабылған тас жәшік шықты. Бір кезде тігінен орнатылған және там төбесінің орталық тірегі болған нақ осындай ірі тақталар жәшіктің айналасында жатыр.

Бүкіл құрылыс алаңы тығыздалып тапталған және қалыңдығы жарты метрдей балшық, құм, қиыршық, түйір тас араласқан қабатпен жабылған. Бұл қабат дуал тіректеріне дейін жеткізіліпті; мұның өзі дуалдар мен басқа тіректердің орнықтылығын қамтамасыз етіп, бүкіл құрылыстың негізін бекітіп тұрған. Қиыршық, түйір тас, саз балшық қабірдің астына да құйылған. Бұл кезеңдегі бірқатар басқа жерлеу құрылыстарының құрылымы да осындай немесе осыған жақын.

Бегазы-Дәндібай мәдениетінің ерте және дамыған кезеңдеріндегі құрылыстардың көбінің ішкі қоршауларында ағаш төбесінің қалдықтары сақталыпты; төбе пирамидалы сатылы жақтау түрінде бөренелермен жабылған. Бөренелерден қалған көмір мен күлдің кейде 30 сантиметрдей болатын қалың қабаты төбеге жабылған ағаштарды өртеу рәсімі жасалғанын көрсетеді.

Аксу-Аюлы 2 кешеніндегі үлкен обаның тас жәшігінен қол-аяқтары созылып жатқан адамның қаңқасы шықты. Дәндібай-Бегазы мәдениетінің басқа ескерткіштерінде созылып жатқан қанкалармен қатар әдеттегідей қол-аяқтары қусырылған күйінде жаткан каңқалар да кездесті.

Бұл обадан табылған қыш көзе ерте Беғазы кезеңіндегі керамикалық ыдыстың үлгісі бола алады. Түрі мен өрнектелуі жағынан ол андронов ыдыстарына жақын. Оның ернеуі үзік сызықты үшбұрыштармен және сопақша ойықтармен сәнделіпті. Бүйіріне жоғарғы жағын белдеулей әсем меандр мен бұршақ көлеміндей дөңгелек ойықтармен белдеу жүргізілген. Мұндағы өрнек түсіру техникасы көлденең сызықтары бар ірі тарақ тәрізді қалып. Жалпы алғанда, керамикалық ыдыстың бітімі түбірінен өзгеріске ұшырап, көшіп-қонымы көп тұрмыс салтына барған сайын

бейімделе түседі.

Соңғы қола дәуірі тайпаларының шаруашылықта ілгері басуы және бәрінен бұрын, жайлаулы, кейін көшпелі мал шаруашылығына көшуге байланысты мал санының ұдайы көбеюі жерлеу ғұрпынан да аңғарылады; бұл ғұрып бойынша өлікпен бірге ет салынатын болған. Қабірлерде үй жануарларының сүйектері көп. Құрбандыққа шалынған малдар үшін тіпті арнаулы тас жәшіктер қойылған.

Беғазы-Дәндібай мәдениетінің дамыған сатысына **Беғазы, Айбас-Дарасы, Аққойтас, Дәндібай, Ортау 3, Саңғыру 3 қорымдары мен Ұлытау, Шортанды бұлақ, Қарқаралы 3** қоныстары жатады. Бұл нысандар тұрғын үйлері мен ғұрыптық-табыну ескерткіштерінің сәулеттік-құрылыс жағынан жетілгендігімен, домалақ қыш ыдыстарының жаңа түрлерінің әр алуандығымен сипатталады. Әсіресе Беғазы тауының сілемдерінде орналасқан Беғазы тақта тас қоршаулары айрықша көзге тасталады.

Беғазыдағы ескерткіштер тобында біртектес алты қоршау бар, көлемі жағынан бұлардың екеуі көзге түседі. Беғазы құрылыстарының негізін кіретін дәлізі, айналма галереясы мен тіреуіш тас бағандары бар аралас тұрпатты құрылыс құрайды. Барлық ескерткіштердің іргелері 0,8-1,2 метрдей тереңдікте жерге көмілген. Беғазының бір немесе екі камералы алып құрылыстары шаршы іспеттес болып, төрт жағы әлемнің төрт тарапына карай бағдарланған. Ішкі шаршының қабырғасы тігінен қойылған жалпақ гранит тақталармен қапталған немесе қырлы тастардан көлденең қаланған. Соңғы жағдайда қаланған тас арасы тығыз ерітіндімен нығайтылған.

Беғазы ескерткіштерін салу үшін сұр түсті өте үлкен гранит кесектері іріктеліп алыныпты; мұндай гранит тастар сол аумаққа жақын жерден шыққан. Құрылыстың кейбір тік бұрышты тақталарының салмағы үш тоннаға дейін жетеді. Дуалдар берік, әрі орнықты болуы үшін бұл тақталардың биіктігінің үштен бірі жерге көмілген, соның өзінде олардың биіктігі жер бетінен 2-2,5 метрдей жоғары.

Жақсылап қырланған, төрт бұрышты ұзын тас бағандар тік тіреулер мен косымша тіреулер етіп орнатылған. Тігінен қойылған қаптама тақталардың түйіскен жерлері, ішкі және сыртқы қоршаулардың бұрыштарының жалғасқан жерлері солармен нығайтылған. Оның үстіне, дуалдармен бірге олар бейіттік

құрылыстың ауыр тас төбесін тіреп тұр. Үлкен қоршаулардағы мұндай бағандардың саны 14-ке жетеді. Құрылымы мен орнатылу мақсаты жағынан олар қола дәуіріндегі тұрғын үй құрылыстарының тіреуіш ағаш бағандарына ұқсайды.

Беғазы кешеніндегі ең ірі құрылыстардың бірі - №1 кесене (Сурет 10). Ол қатпалдары әлемнің төрт тарапына қаратылған шаршы түріндегі жерлеу ғимараты.




**Сурет 10.** Беғазы. №1 кесененің жоспары мен разрезі *(Ә.Х.Марғұлан бойынша)*



Сурет 11. Беғазы. №1 кесененің реконструкциясы *(Ә.Х.Марғұлан бойынша)*

Кесененің сыртқы қабырғаларының ұзындығы 9,6 м, ішкі қабырғасының ұзындығы 6 м. Ғимараттың дуалдарының жалпы биіктігі 2,3 метрді құрайды, ал қалыңдығы - 2,0 м. Оның ішкі дуалдары жалпағынан өрілген ұзын тік бұрышты не параллелепипед пішіндегі гранит тастардан құралған. Құрылыста балшық ерітіндісі пайдаланылған. Дуалдардың ішкі жағы тақта тастармен қапталған. Қаланған қаптамамен екі арадағы қуыс тастың сынықтарымен толтырылған, лай құйылып, әбден тығыздатылған. Құрылыстың сыртқы дуалдарын қаптаған үлкен гранит тақталар сөрені жауып тұрған. Солардың және ішкі қабырғалардың төбесі есебінен биіктігі 1,1 м, ені 2,0 метр болған айналма галерея жасалған. Осы екі метрдей дуалдың мұқият тегістелген үстіңгі беті қыш ыдыстарды және баска заттарды қоятын сөре болған.

Сынықтардың тым көптігіне қарағанда, сөреде 40-50 шақты жұқа керамикалық ыдыс тұрса керек. Құрылыстың барлық дуалдарын төрт қырлы қатар-қатар тірек бағандар ұстап тұр. Ішкі үйдің төбесі бірнеше қатар тақта тастармен жабылған. Төбені жабуға қолданылған тақта тастар үлкендігі бойынша ішкі үй тіректерінің аралығына сай келеді, ал ішкі үй тас бағандар арқылы үш метрлік екі бөлікке бөлініпті. Ішкі үйдің ұзындығын екіге бөлу алты метрлік ұзындықты қысқартып, оны үш метрлік тақта таспен жабу үшін қажет болған. Мұндай төбенің бір шеті мықты дуалға, екінші шеті құрылыстың ұзына бойына қатар-қатар орнатылған ішкі бағандарға тіреледі.

Кесененің шығыс жағындағы кіреберіс ірі, биік, «кошкар» тақта тастармен қапталған. Кіреберісте ұзындығы 9 м, ені 4 м дәліз салыныпты. Ол қырлы тастан көлденең қалау әдісімен қаланған. Табыттан алыстаған сайын дәліз дуалының қалыңдығы мен биіктігі кеми береді.



Сурет 12. Беғазы. №1 кесене. Мыс найза *(Ә.Х.Марғұлан бойынша)*

Жерлеу бұйымдарының арасында мыстан жасалған ауыр найзаның ұшы (Сурет 12), тас кетпен, тас балға және қыш ыдыстар бар.

Беғазыдағы бай кесенелердің кеңіл қоярлық ерекшеліктерінің бірі - діни-ғұрыптық заттарды қою үшін және құрбандық шалу үшін

арнайы істелген орын. Бұл - «жер үстел» немесе «сөре». Олардың бетіне май мен органикалық қалдықтар сіңген. Мұнда толып жатқан қой сүйектері түріндегі құрбандық шалудың және ас берудің іздері сақталыпты. Құрбандық шалу үстеліне көптеген қыш ыдыстар қойылған. Әр түрлі керек-жарақтар да, сәндік заттар мен қару-жарақтар осында тұрған.

Шаруашылықтың көшпелі түріне бейімделуімен сипатталатын Бегазы-Дәндібай мәдениетінің кейінгі кезеңінде өткен замандағы күрделі бейіттік құрылыстардың орнына қоршаусыз ірі тас жәшіктерден жасалған қарапайым ескерткіштер пайда болады.Бұлар - қарқаралы маңының Кент тауларындағы, Айдарлы, Бұғылы 2, Құрылыс шатқалдарындағы ескерткіштер.

Қыш ыдыстарда алдыңғы кезеңдегі дәстүрлер әлі сақталады. Бірақ қазан тәрізді, бүйірі өте шығыңқы, мойны қысқа, ернеуі сыртына қайрылған көзелер, жағалы деп аталатын, ернеуі сыртына қарай кеңейтілген, ақырында, мойнына білеулеп балшық жапсырылған ыдыстар көбейе түседі.

Ыдыстардағы өрнектер қарадүрсінденіп, негізінде тегіс қалыппен белдеулей салынған қиғаш кертпелер, біріне-бірі көлденең сызықшалар, көлбей сызылған айқаспа шыршалар түрінде болып келеді. Кейбір көзелерде таяқшаның ұшымен салынған шұңқырша, тырнақша, жарты ай, шекілдеуік тәрізді өрнектер кездеседі. Кейбір ыдыстардың мойны «меруерт» деп аталатын шығыңқы шеңберлермен сәнделеді; бұлар көзенің ішінен ұшы жұмырланған таяқшамен басу арқылы жасалған.

Кейінгі қола дәуіріне жерлеу орындарынан басқа қарқаралы қаласы жанындағы Суықбұлак, Қарқаралы, Қызылтау таулары маңындағы Тағыбай-бұлак және басқа қоныстар жатады.

Қабырғалары тастан қаланған үйлердің құрылымында өткен уақыттағы дәстүрлі белгілер сақтала отырып, жер үсті құрылыстары көбейе бастайды. Тағыбай-бұлақ қонысындағы тұрғын үйлер осындай. Тік бұрышты болып келген үйлерге солтүстік және шығыс жағынан оларға шығатын есіктері бар тас қоралар жалғасады. Құрылыстың сыртқы дуалдары өте қалың - 1,5-1,7 метр; олар екі қатар шомбал тақта тастардан тігінен көміп қаланған; бұлардың арасындағы қуыс топырақ араластырған ұсак тас қиыршықтарымен толтырылған. Үй мен қоралардың арасындағы ішкі қабырғалар да тастан қаланған, бірақ олар онша қалың емес.

Керамикалық ыдыстардың көпшілігі «меруерт» өрнегі бар, қазан тәрізді үлкен көзелер мен кертпе және тырнақша тәрізді өрнекпен сәнделген білік тәрізді ыдыстар.

Орталық Қазақстанның таулы аймағының тұрғындары бұл кезде де үйді жертөле және жартылай жертөле түрінде салатын болған. Ұлытау, Қарқаралы, Суықбұлақ қоныстарындағы тұрғын үйлердің түрі дәстүрлі қалпында қалды, бірақ басқа құрылыс материалы - ағаш кең пайдаланылды. Мұнда тұрғын үй орларының қабырғаларына ортасынан жарылған ағаштар ұсталды, ал жаппа төбесі тігінен қазылып орнатылған ағаш бағандармен тірелді. Жер ошақтар дөңгелек шұңқыр түрінде жасалып, олардың астына жалпақ тастар төселді.

## Оңтүстік Қазақстан және Жетісу ескерткіштері

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда қола дәуірінің ескерткіштері анағұрлым аз зерттелген. Оңтүстік Қазақстанда Таутары қорымы мен әр жерден табылған бірнеше қабір мен кездейсоқ табылған заттар мәлім. Жетісудан табылған ескерткіштер көбірек: Алакөл ойпатындағы Қарақұдық қорымы, бірен-саран кесенелер мен қоныстар, Қапал және Биғаш селолары маңынан табылған тас жәшіктер мен қоршаулар, сондай-ақ Алматы қаласы мен оның төңірегінен кездейсоқ табылған заттар мен қола еңбек құралдары, қару-жарақтар және тұрмыстық заттар көмбелері.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қола дәуірінің ескерткіштері жерлеу құрылыстары көлемінің шағындығымен және салынуының карапайымдылығымен ерекшеленеді. Мұнда, Орталық Қазақстандағы сияқты, жүздеген қоршаулары мен обалары бар мазарлар жоқ, ал қорымдарда көп дегенде он шақты, жиырма шақты қабір бар. Жерлеу мүлкі де жұпыны: қоладан істеген бұйымдар аз ұшырасады, қыш ыдыстарға көбіне ою-өрнек салынбаған.

Жетісу аумағындағы қорымдар мен қоныстар Жамбыл облысындағы Аңрақай жотасы мен Шу-Іле тауларының арасындағы кең жазықта, Қордай бекетінің маңында, Шоқпар және Алайғыр станцияларының маңында, Шу-Іле тауларының тау жоталарында, Ойжайлау алқабы мен Масаншы ауылының қасында орналасқан. Сонымен қатар Алматы облысындағы Майбұлақ аңғарынан, Фабричный ауылы мен Ақсай ауылы және биік тауда, Көлсай

ауданы маңынан бірқатар ескерткіштер табылды. Талдықорған облысының аумағында Биғаш ауылы маңында, Талапты ауылының түбінде, Құйған аңғарында және басқаларында осындай ескерткіштер бар.

Сонымен, Жетісуда қола дәуірінің тайпалары далалық, тау бөктері мен биік таулы өңірлерді мекендеген. Ірі корымдар орналасқан жерлерден қоныстар мен петроглифтер ашылды.

Жетісудағы ең ірі ескерткіш Шу-Іле тауларының солтүстік-шығыс беткейінің етегіне орналасқан **Қарақұдық қорымы** болып табылады.

Тақта тастармен жабылған тас жәшіктерде балалар мен жасөспірімдер жерленген. Цисталарда ересек адамдар жерленген. Балалар, сондай-ақ ересектер жерленген кейбір жәшіктер шеңберлей, сопақшаланып немесе тікбұрышталып қоршалған. Балалардың қабірлері қорымның оңтүстік бөлігінде, ортада қалдырылған бос аланды айналдыра орналастырылған. Барлық мәйіттер қол-аяқтары құсырылған күйінде, бастары батыс, солтүстік-батысқа қаратылып қойылған. Балалар қабірінде (олардың кейбіреулері тақта тастармен жабылған) бас жағына өрнек салынбаған бір-бірден шағын қыш ыдыс қойылған. Ересектер қабірлерінен құмыра тәрізді үлкен ыдыстардың сынықтары, қола моншақтар мен сырт жағында ілмек сабы бар қола айна табылды. Қабірлерден табылған қой сүйектері, ыдыс сынықтарынан күйген тағам қалдықтарының табылуы өліктердің жанына сүт, өсімдік және ет тағамдары қойылғандығын көрсетеді.

Алакөл ойпатындағы Оңағаш шатқалында әйел қабірінен әшекейлерді тағудың салтын қалпына келтіруге мүмкіндік берген заттар табылды. Әйел құлағына бір ұшында салпыншағы бар үлкен сырға таққан, қолына қола білезіктер салған. Киіміне көптеген қола жапсырмалар мен моншақтар тігілген.

Дәл осы шатқалда қабірдің маңынан қоныс жұрты табылды. Үйлер жартылай жертөле үлгісіндегі тікбұрыш тәрізді, екі бөлімді құрылыстардан тұрады. Есіктері көл жағынан шығарылған.

Соңғы қола дәуіріндегі Жетісудың қола құю өндірісі мен тұтас алғанда материалдық мәдениетінің даму деңгейін табылған қола заттардың көмбесі мен кейбір заттар сипаттайды. Олардың арасында еңбек құралдары - орақтар, дүмі шығыңқы ұңғылы балталар, шапашоттар, ұңғылы, сопақша және найза тәріздес

қашаулар, пышақтар, мінсіз жасалған тас дәнүккіштер мен келсаптар бар.

### Таңбалы петроглифтері

Таңбалы петроглифтері Алматы қаласынан батысқа қарай 150 км, Қарабастау кентінен солтүстік-батысқа қарай 4 км жердегі Таңбалы шатқалының аумағында орналасқан. Бұл жерде жүзден астам әр түрлі уақыттағы (қола дәуірінен XIX-XX ғасырларға дейінгі аралықты қамтыған) ескерткіштер - қоныстар, қорымдар, петроглифтер және ғұрыптық ғимараттар орналасқан. Олардың бәрі бірігіп бір тұтас археологиялық кешенді құрайды.

Ежелгі петроглифтердің көбісі қола дәуірінің суреттеріне жатады. Олар сол дәуір тайпаларының дүниетанымы жайында қызықты мәліметтер береді. Әсіресе күнбасты құдайлар бейнелері ерекше маңызға ие.

Суретшілер алғаш рет құдайға антропоморфтық кескін бере отырып, оның көріп білуге болатын бейнесін жасаған. Мұнда адам ашық аспан астында Күн Ордасын жасай отырып, ландшафтың табиғи өзгешелігімен өзінің шығармашылық даналығын біріктіре білген. Таңбалыда жиырмадан аса күнбасты құдайлар бейнесі бар. Олардың бастары диск немесе доға түрінде ойылған, кейбір жағдайларда дөңгелек бастарды айнала радиус бойынша сәулелер мен дөңгелек шұңқырлар орналасқан. Екі күнбасты құдайды айнала билеп жүрген 12 адамның бейнесі берілген көріністі айрықша атап өтуге болады. Күнбастылар адамдардан бірнеше есе үлкен. Олар жоғарыдан қарайды. Бұл көріністегі бишілер санының дәл он екі болуы жылдың он екі айын белгілеуі де мүмкін. Зерттеушілер оларды жерге табыну ғұрпына байланысты болуы мүмкін деп санайды.

Таңбалы шатқалында түрлі белгілер кездеседі. Бұлар шетінде дөңгелектері бар түзу сызық, табан, крест, шеңбер, ойық-шұңқырлар, көзәйнекке ұқсайтын белгілер, шетінде дөңгелегі бар түзу сызықтар. Олар арбалар мен жабайы бұқалар бейнелері жанына салынған. Мұндай белгілер Таулы Алтайда, Жоңғария бөктерлерінде, Құлжабасы тауларында кездеседі. Саймалы таста мұндай белгілер екі қайтара бір-бірінің үстіне салынған. Шеңберді біріктіретін сызықтардын ұзындығы әртүрлі.

Тамғалыда көбінесе кездесетін бейнелер ешкілер, арқарлар, бұғы-маралдар, жайрандар, киіктер, тур-өгіздер, қабан, жабайы жылқылар, қос өркешті түйелер. Жануарлар жекеше тобымен кейде сол жақтан оң жаққа жүріп бара жатқан мойыны алға созылып, құйрығы желбіреген жылқы бейнеленген. Барыс секіруге дайындалып тұрғандай. Ерте кезде Қазақстанды мекендеген қазіргі кезде құрып біткен жабайы жануарлар арасынан турларды айтып өтуге болады. Әдеттегідей олардың бейнесі ірі. Жануарлардың ұзын, алға созылған мүйіздері ерекшеленген. Кейде қандай жанурлар бейнеленгенін анықтау қиын: үй өгізі мен әлде тур ма. Таңбалыда ұзын мүйізді өгіздерді аулаудың бірнеше көрінісі табылды. Осыған орай бұл жерде турөгіздер бейнеленген деп шамалауға болады.

Шатқал жартастарында жылқылардың бейнесі өте көп. Олардың ішінде сымбаты, биік, үстінде отырған адамы бар және бойы қысқа, тапалтақ, қалың жалды, қысқа құйрықты жабайыларын кездестіруге болады.

Ең көп кездесетін көріністер - садақшылардың ешкілерді, өгіздерді және бұғыларды аулау сәті. Бұғы аулау композициясы аңшы жамылғы киіммен көрсетілген, қолына тұзақ, арқасына шоқпар ілген. Бұғы бір жерде тапжылмай қатып қалғандай. Үй жануарларынан екі өркешті түйелер, жылқылар, өгіздер, иттер олар әдеттегідей адаммен бірге бейнеленген, адам оларды мінген немесе жетекке алғаны көрсетілген.

Таңбалы петроглифтері алғашқы қоғам мәдениеті дамуының бір кезеңін сипаттайды. Оларды Саймалытас суреттері мен соңғы қола дәуірі кезіндегі жартас суреттерін байланыстырушы буын деп санауға болады.

Қазіргі кезде Таңбалыдағы әр түрлі кезеңнің 5000-нан астам жартас суреттері құжаттандырылып, көшірмелері жасалған.

Оңтүстік Қазақстандағы Қаратаудың солтүстік баурайында орналасқан **Таутары қорымы** қола дәуірінің ортаңғы кезеңіне жатады. Мұндағы қабір басына орнатылған ескерткіштер жер үстіне қырынан қазылып орнатылған тақта тастармен немесе жерге қазылмай қойылған тастармен белгіленген, тікбұрышты, шаршы, сопақша келген, шеңбер түріндегі қоршаулардан тұрады.

Өліктер үсті кейде тақта тастармен жабылған шұңқырларға қойылған. Мәйітті өртеу ғұрпы басым болған. Өртелген сүйектердің

қалдықтары көбінесе бір немесе бірнеше жерге шұңқырдың батыс бөлігіне үйілген немесе шашылып тасталған. Қабірдің шығыс немесе батыс бөлігіне тағам салынған бірден беске дейін қыш ыдыс қойылатын болған. Ыдыстардың түбі жайпақ, бітімдері екі түрлі: көзелер мен иіні дөңес етіп шығарылған немесе мойны мен бүйірі ойықталып жалғасатын құмыралар түрінде болып келеді. Құмыралардың біразы биік, жіңішке, енді біразы бүйірлі, жатаған. Олар негізінен тарақ тәрізді қалыппен өрнектелген. Әдетте өрнек ыдыстың мойнына, бүйірінің жоғарғы бөлігіне, кейде түбіне жақын жеріне және түбіне салынады. Тең бүйірлі шимақталған үшбұрыштар, сынық сызықтар, меандр, ойық үшбұрыштар түріндегі, ыдыстың мойнынан бүйіріне қарай каннелюр түріндегі ою-өрнек салу кең тараған. Қыш ыдыстардың кейбір түрлері ою-өрнексіз немесе тек ғана тең бүйірлі шимақталған үшбұрыштармен өрнектеледі. Кейбір құмыра тәріздес ыдыстарда күйген тағамның қалдықтары сақталған, бұлар басқадан гөрі тары немесе бидай ботқасының қалдықтары деуге көбірек келеді.

Қола мен алтыннан істелген ұсақ әшекейлі бұйымдар бар. Олардың арасында тесігі бар «тармақты» және сопақша салпыншақтар, шығыршықтар, сақиналар, тізбелер, моншақтар, сымнан иілген, алтынмен қапталған самай сырғалары, шыны тектес заттан және сүрмеден істелген моншақтар, киімге қадауға арналған қола жапсырмалар бар.

Таутарының материалдық мәдениеті Қазақстанның, Жайық өңірінің, Оңтүстік Сібірдің андронов мәдениетіне жақын.

Жамантоғай атырапындағы оба үйіндісінің астындағы үш қабір соңғы қола дәуіріне жатады. Мұнда жерленгендердің жанынан қыш ыдыстардан басқа қола пышақ және төрт қырлы біз шықты.

## Арал өңірі тайпаларының мәдениеті

Сырдарияның төменгі бойын мекендеген тайпалар Батыс және Орталық Қазақстанның далалық тайпаларымен тығыз байланысты болған. Сонымен қатар мұнда оңтүстік аймақтардың мәдени ықпалы байқалады. Соңғы қола дәуірінің аса көрнекті ескерткіштері болып табылатын Түгіскен кесенелерінде бұл айқын көрінеді.

Оңтүстік аймақтардан Түгіскенге оңтүстік өркениетінің шикі кірпіш пен шеңберлі керамика сияқты элементтері әкелінген болса

керек. Алайда мұның бәрі жергілікті, негізінен андронов мәдениетіне үстеме болып қана қосылады.

Дамыған және соңғы қола кезеңдеріне тән отырықшылық қоныстар Сырдария бойында жоқ. Осы жағдай, сондай-ақ Сырдария төңірегінің жер бедері, климат жағдайларының өзіндік ерекшелігі жергілікті тұрғындардың шаруашылығындағы негізгі бағыт мал шаруашылығы болған деп топшылауға итермелейді. Алайда оңтүстікпен мәдени байланыстар, сондай-ақ шағын алқаптарда суармалы егіншіліктің болу мүмкіндігі Сырдарияның төменгі жағалауында соңғы қола дәуірінде кешенді, жартылай отырықшы мал шаруашылығы мен егіншілік шаруашылығы болды деп айтуға мүмкіндік береді.

Түгіскен кесенелері арқылы Аралдың шығыс өңірінің ежелгі тайпаларының қоғамында діни құрылыстар сәулетшілігі мен құрылыс техникасының барынша дамығандығын көреміз.

**Түгіскен қорымы** Қызылордадан оңтүстік-батысқа қарай шамамен 200 км жерде, Іңкәрдарияның құрғақ арнасында орналасқан. Шикі кірпіштен (54x28x10-12; 48x32x10-12 см) тұрғызылған бұл жерлеу құрылыстары кешенін ғалымдар бір археологиялық мәдениетке жатқызады. Кесенелердің бір тобы (сарғыш түсті шикі кірпіштен тұрғызылған) ерте заман құрылыстары болса керек.

Кесенелердің құрылыс ұстанымдары бірдей. Ежелгі сәулетшілер құрылыс жобасында шаршы, дөңгелек және тікбұрыш пішіндерді біріктіре білген. Жобалаудың негізін сыртқы қабырғалары әлемнің төрт жағына бағдарланған іші шеңбер болып келетін шаршы түріндегі ғимарат құрайды. Түгіскен 5а кесенесі дуалының ұзындығы 18 м. Ол сыртқы қабырғалардың бұрыштарына орнатылған кірпіш бағандар арқылы үстіңгі барабанға жалғасады. Бұл әдіс, сірә, тромптардың пайда болуына негіз болса керек. Сыртқы қабырға төбеге тіреу болған. Диаметрі 14 м болып келетін шеңбер бойымен 12 (кейбіреуінде 8 ) тікбұрышты кірпіш бағандар тұрғызылған, сақталған бағандардың биіктігі екі метрге жуық.

Одан әрі шеңберден ортаға таман осындай 8 бағаннан ( басқа біреуінде 4) тұратын, негізінде тікбұрыш жасайтын екінші қатар келеді. Құрылыстың төрт бұрышының әрқайсысында бір-бірден баған бар. Бірінші қатардағы бағандардың арасына жұқа кірпіш қаланып немесе шарбақ тоқылып, екі жағы сыланған. Ішкі жақтан

осы қабырғаға қатар тұрған екі бағанның арасын жапсарластыра орындықтар орнатылған, сөйтіп жұқа қабырға осы орындықтардың арқалығы сияқты.

Екінші, ішкі қатардың бағандары бір-бірімен қосылмаған. Сөйтіп, жерлеу құрылысы бағандар жүйесі арқылы сыртқы дәлізге, одан кейінгі, бұл да шеңбер тәріздес, ішкі дәлізге және ең соңында, ортада орналасқан тікбұрышты бөлмеге бөлінеді. Кесененің кіретін есігі шығыс қабырғасында және ол тура ішкі дәлізге апарады.

Еденде, бағандардың ішкі және сыртқы жағында, сондай-ақ кесенелер қабырғаларының ішкі жағында да бірнеше қатар шеңбердей орнатылған ағаш тіреулердің шұқырша орындары сақталып қалған.

Кесененің орталық бөлігінде және ішкі дәлізде керамика, құралдар, қола және алтын әшекейлер сияқты жерлеу мүліктері тұрған. Өлгендермен бірге қабірге мүшелеп бөлінген мал етін қою ғұрпы болған.

Түгіскенде өлікті өртеу ғұрпы басым болған. Осы ғұрыпты атқару кезінде бүкіл ғимарат өртелген. Ғимараттың бұдан әрі қалай сақталғаны әзірге белгісіз.

Кесенелер көсемдерді жерлейтін орын болған, соның өзінде олардың әрқайсысының маңына отбасы мүшелері мен жақындарының көлемі жағынан неғұрлым жұпыны бейіттері топтастырылған. Бұл қабірлер негізгісімен тұтас бір кешен болып, оған жапсарлас орналасқан.

Негізгісіне жапсарластыра салынған біршама кейінгі бейіттер көкшілдеу ақ түсті шикі кірпіштен өрілген тікбұрышты қоршаулар болып келеді. Мола шұңқырының тереңдігі 60-80 см. Қоршаулардың аумағы 35 шаршы метрден 50 шаршы метрге дейін жетеді, оларды салу кезінде кесененің қабырғасы жиі пайдаланылған. Бұларға көсемнің туысқандары мен досжарандары жерленген.

Мұндай үлгідегі құрылыстардың арасында ірі кесенелердің бірінің солтүстік қабырғасына жапсарластыра салынған, бірақ құрылымы жағынан онымен байланыспайтын кешен ерекше орын алады. Оның орталық бөлігіне, тегінде, әйел жерленген болу керек, онда ыдыстар мен әшекейлер жиынтығы (алтыннан және ақықтан жасалған моншақтар, салмақты алтын сырға, қола түйреуіш) қойылған. Бұл бөліктен батысқа таман тағы бір бөлме бар, оның

жер ошағының төңірегінде сан алуан және көлемі әр түрлі қырыққа жуық ыдыс табылды.

Құрылыстардың енді бір тобы жапсарлас қоршауларымен бір уақытта салынған. Олар да сол көкшілдеу ақ түсті кірпіштен салынған. Өзінің жоспары жағынан ежелгі кесенелерден неғұрлым қарапайым, бірақ олардың құрудың барлық негізгі принциптерін сақтаған. Кесене жобасында сыртқы шаршы пішіні сақталмаған, сыртқы қабырғасы дөңгелек болып келеді, ал қабырға мен тікбұрышты бөлік аралығында дөңгелек дәліз бар. Кіретін есік бұрынғысынша шығыс жағында, тіреулер орнатылған шұңқыршалар жүйесі де сол тектес, бірақ бағандар жоқ және тіреулер енді құрылымның негізіне кіреді. Өлікті өртейтін жер айнала ойып қазылған, сондықтан оның түрі жерден жасалған үстел сияқты.

Солтүстік Түгіскен кешенінің ішіндегі ірі жерлеу ғимараттарының арасындағы неғұрлым кейінгі кезде салынған құрылыс диаметрі 25 метрге жуық дөңгелек пішінді Түгіскен 6 кесенесі болса керек. Оның орталық бөлігінде шикі кірпіштен қаланған диаметрі 15 метрге жуық цилиндр тәрізді көлемді орталық құрылыс, ал оның іші төрт бұрышты қабір жай түрінде салынған. Яғни кесене сыртқы қабырғамен айналдыра қоршалған, ені 2 метр айналма дәліз және жерлеу камерасынан тұрады. Қабір жай мен дәліздің сыртқа шығатын есіктерінің ені бір метрдей және шығыс жаққа қараған.

Жерлеу камерасы әлемнің төрт жағына қарай бағдарланған, оның аумағы 7,8х6,9 м. Терендігі 1,3 м. қабырғалары қалың етіп қамыс және бұтақтармен қапталған. Едені балшықпен жұқалап сыланған және оның үстіне қамыстан тоқылған ши төселген. Бөлікті айнала ені 60-70 см арық қазылған, ол еденнің деңгейінен 30 см төмен.

Өлік жерлеу камерасында өртелген. Оның бұрыш-бұрышына белгілі бір мақсатқа арналған ыдыстар қойылған. Мұнан басқа, орақ тәріздес қола пышақтар, қола инелер, алтыннан істелген ұсақ бұйымдар табылды. Осында табылған жүзден астам қола шеге назар аудартады, сірә, бұлармен қабырғаларға кілемдер немесе киіздер ілінген болу керек. Сақ заманына жататын екінші және бесінші Пазырық обаларының жерлеу бөлігінің қабырғаларына киіздер осындай шегелермен ілінген.

Түгіскен 6 кесенесінен 60-тан астам ыдыстың мол жиынтығы табылды. Олардың біразы қыш жасайтын ұршықта істелген, қалғандары қолмен жасалған.

Кесене мен қоршаулардың ежелгі дәуірінің өзінде-ақ тоналғанына қарамастан, табылған заттар көп. Мұнда әр түрлі екі жүзден астам бүтін ыдыстың табылғанын айтсақ та жеткілікті.

Түгіскен керамикалық кешеніне тән ерекшелік - оның мейлінше алуан түрлі болуы. Қолмен жапсырып жасалған ыдыста жергілікті андроновтық дәстүрлер ерекше айқын аңғарылады. Бұлар аузы жайпақ құмыралар немесе тегене тәрізді ыдыстар болып келеді. Олардың қабырғалары түгелдей өрнектелген, кейде иінінен бүйіріне дейін тарақ тәрізді қалыппен түсірілген таға сияқты өрнекпен өрнектелген ыдыстар да кездеседі. Бұл жағдайда мойнына бөлек бір белдеу өрнек салынған ыдыстар өте жиі ұшырасады. Негізгі оюөрнек мәнерлері тең бүйірлі, шимақталған үшбұрыштар, ромбылар, меандр, тұйықталмаған үшбұрыштар, каннелюрлер, негұрлым ұсақ суреттер көмкере салынатын үшбұрышты ірі фестондар және т.б.

Бүйірінің бітімі жане кейбіреулерінде ернеулерінің бүріліп жасалуы жағынан бұл ыдыстарды сонгы андронов заманына жаткызуға болады, мұндай белгілер сол заманга тән.

Жоғары жағынан бедері белдікпен әшекейленген түбі жалпақ құмыралар мен тегенелер тобының сырты сұрғылт, қара және қоңыр түспен жылтыратылған. Мұндай үлгідегі ыдыстар б.з.б. IX – VIII ғасырлардағы ежелгі Хорезмнің әмірабад мәдениеті кешендерінде неғұрлым кеңінен таралған.

Қысқа тік мойынды, бүйірі жарты шар тәрізді шығыңқы және шағын жайпақ түбі бар кейде түбі дөңгелек, жылтыратылған ыдыстар назар аударады. Ою-өрнек мәнерлерінің түрі сан алуан болып келуі жағынан - олар қайсыбір ретте дәндібайбегазы және қарасу мәдениеттерімен ұқсас келеді.

Қыш дөңгелегінде жасалған ыдыстардың бүйірі шығыңқы және түбі шағын жайпақ, мойыны қысқа, сұрғылт, жылтыр болып келеді. Көбінесе олар тұтастай немесе бүйірін белдеуней бедерлеп көмкеріледі. Әсіресе соңғы кезеңдегі кешендерде ернеуі бүрілген, жылтыр, тұтқасы жоқ, бүйірі өте-мете шығыңқы, белдеулей бедерлеумен немесе ақ ұнтақ салып, неше түрлі геометриялық оюөрнектермен әшекейленген құмыралар кең тараған. Кесенелердің бірінен табылған екі үлкен қыш кеспек түрі мен жасау техникасына

қарай төменгі Әмудария бойындағы Қойқырылған-қала, Дінгілже маңындағы ежелгі қоныстардан, Көзелі-қыр және басқаларынан табылған ірі қыш ыдыстарға өте ұқсас.

Табылған заттардың керамикалық кешені және басқа заттар, мәселен, жебенің жалпақ қола ұштары Солтүстік Түгіскен кесенелерінің салынған уақытын б.з.д. IX – VIII ғасырлар деп анықтауға мүмкіндік береді.

Өте сирек ұшырасатын осы ескерткіштің қай мәдениетке жататынын анықтау аса маңызды мәселелердің қатарына жатады. Ең алдымен, мұнда андронов мәдениетінің басым дәстүрлері айқын аңғарылады. Олар кесенелер мен оған жапсарлас салынған қоршаулардың орналасуынан, барлық кесенелердің кіретін есіктерінің шығысқа қаратылуынан, өлікті қабірге шартты түрде басын батысқа қаратып қоюдан (мұнда өлік өртелген), жерлеу құрылымдарында шаршы және шеңбер сияқты элементтердің қосарласа келуінен көрінеді. Ең ақырында, ыдыстардың дәстүрлі андроновтық үлгілері, оларды өрнектеудің әдістері мен мәнерлері - міне, осының бәрі түгіскендік тұрғындардың андронов мәдениеті тайпалары екендігінен дерек береді. Алайда, бұл қуатты андронов компоненті, Орталық Қазақстандағы сияқты, оқшау түрінде емес, беғазы-дәндібай мәдениетіне тән бірқатар жаңа белгілермен аралас ұшырасады. Мұны керамикадан басқа жерлеу құрылыстарының сипаты мен тағы басқа ерекшеліктерден байқаса болады.

Түгіскен кесенелерінің сәулеттік шешімінің негізінде беғазы-дәндібай ескерткіштері тектес жоспарлау идеясы бар, бірақ ол басқа құралдармен орындалған. Ол былай тұрсын, жоспарда шаршы болып келетін құрылысты дөңгелек барабанға бұру әдісі (кірпіш бағандарды сыртқы шаршы қабырғалардың ішкі бұрышына орнату), тегінде, тромптардан бұрын қолданылған болуы керек. Бұрыш-бұрышқа бағандар орнатудың бұл тәсілі Беғазыда да белгілі болған, тек онда тас бағандар орнатылған. Сөйтіп, бұл арада біз сәулетшілік шеберлігінің әжептеуір жетілген деңгейін көріп отырмыз. Орта Азия далаларында бұларға ұқсас құрылыстар жоқ. Оңтүстіктің ықпалы дөңгелек керамиканың, көне үлгідегі кеспектердің болуынан көрінеді, бірақ олармен бірге қолдан жапсырып жасалған, оюлы-өрнекпен әшекейленген, жапсырма белдігі бар үлкен қыш кеспектер де ұшырасады.

## Солтүстік және Батыс Қазақстан ескерткіштері

Қола дәуірінде Солтүстік және Батыс Қазакстанды шаруашылығының негізі малшылық пен мен кетпенді егіншілік болған андроновтық тайпалар мекендеді. Аймақтық ерекшеліктеріне қарамастан, ол тайпалардың материалдық мәдениетінде бүкіл Қазақстанның және көршілес елдердің қола дәуіріндегі тайпаларының мәдениетімен ортақ, тектес нәрсе көп.

Ерте қола кезеңінде Солтүстік Қазақстанда **Петров мәдениеті** дамыды. Ескерткіштер арасында қоныстар, топырақтан үйілген обалар, сондай-ақ тігінен қойылған тақта тастардан дөңгелете немесе тік бұрышталып қоршалған қоршаулар және тас қаламалар көп тараған. Ал Батыс Қазақстанда ерте қола ескерткіштері сирек кездеседі. Ақтөбе далаларында және іргелес аудандарда жерлеу құрылыстарының екі түрі - дөңгелете қоршаған тас қоршаулар мен обалар табылды.

Петров кезеңінің неғұрлым жақсы зерттелгендері қатарына Амангелді 1, Кеңөткел 5, Семиозерное 2 және көп қабатты Новоникольское 1, Петровка 2, Боголюбова 1, Вишневка 1 қоныстары жатады.

Петров қоныстарының айрықша белгісі қорғаныс дуалдарының болуы саналады. Қоныстың терендігі 1,5-2,5 м, ені 3,5 метрге дейін жететін орман және екі қатар жалмен қоршалған. Ішкі жал көбінесе ағаш құрылыстармен нығайтылған.

Орлар мен жалдар қонысты айнала бүткілдей қоршаған немесе олардың табиғи бекіністері болған тік жарлар мен тік жағаларға барып тірелген.

Қоныстардың ауданы 5-9 мың шаршы метрді құраған. Елді мекендердің тұрғын үйлері қорғаныс дуалдарының ішінде тығыз орналасқан. Үйлер көбінесе жер бетіне құрылған тікбұрышты пішіндегі ағаш құрылыстар.

Кеңес, Ұлыбай, Берлік, Новоникольск қорымдарында зерттелген жерлеу құрылыстары осы тайпалардың жерлеу ғұрпы туралы мәліметтер берді.

Ескерткіштерден шыққан ыдыстарда тарақ тәрізді қалыппен және таяқшамен түсірілген суреттер басым. Өрнектер тік, көлденең, ирек сызықтардың, бойлай сызылған бұралаң сызықтардың, шимақталған үшбұрыштардың қиюласуынан құралады.

Ыдыстардың бүйірі ғана өрнекпен қапталған, ал түбінің сәнделуі сирек кездесетін керамикалық ыдыстар да бар.

Келесі алакөл кезеңінің ең айқын ескерткіштері Есіл және Тобыл материалдарында жақсы бейнеленген. Бұлар - Петровка 1, Явленка 1, Алексеевское кешені, Новоникольское 1, Жетікөл қоныстары мен бірқатар қорымдар болып табылады.

Соңғы кезең андроновтық-қималық ортақ мәдениеттің белсенді өзара ықпалымен сипатталады. Батыс Қазақстанның мәдениетіне Еділ бойының қима мәдениеті, ал Солтүстік Қазақстанның мәдениетіне Орталық және Шығыс Қазақстанның андронов мәдениеті күшті ықпал жасайды. Осындай өзара ықпалдың іздері Бурабай, Бүйреккөл, Борлық, Петропавл қорымдарында жақсы байқалады. Орталык және Шығыс Қазақстан тайпаларының әсерін шалғай батыстан да - Қыркелді мен Тереклі өзендері бойындағы қорымдардың материалдары бойынша да аңғаруға болады.

Петровка 2, Новоникольское 1, Семиозерное қоныстарындағы ерте алакөлдік тұрғын үйлер әдетте үлкен емес; едендері 15-20 см ғана қазылып жасалған, сондықтан оларды жер үстіндегі құрылыс деп атауға әбден болады. Үйлердің бейнесі тік бұрышты: төбесін ұстап тұрған тіреуіштердің шұңқырлары жақсы сақталыпты. Қабырғалары долбарлай қиылған бөренелерден салынған. Едені өзеннің қиыршығын араластырған балшықпен сыланған. Тамақ дайындау үшін және үйді жылыту үшін жер ошақ қазылған; олар әдетте айналасына тастар қаланған кішкене сопақ шұңқырша болып келеді. Үйлер тығыз орналасқан.

Алакөл заманындағы тұрғын үй құрылысы алдыңғы петровтық құрылыстан өзгеше. Бұл - Явленко 1, Петровка 2 және Тастыбұтақ қоныстарындағы сияқты жартылай жертөле тұрпатындағы баспаналар. Олар тікбұрышты ұзынша сипатта болып келеді. Үйлердің аумағы 140 шаршы метрден 200 шаршы метрге дейін барады. Әдетте шығатын жері дәліз тәрізді бұрышта орналасқан. Үйлер екі бөлімге бөлінеді, оларда 1-ден 8-ге дейін ошақтар бар.

Қазақстанның орманды-далалы аймағындағы қоныстарда үйлер негізінен қайың бөренелерден салынды. Үйдің негізгі салмақ түсетін қаңқасы ордың қабырғасын бойлай қатарластыра көміп орнатылған тіреуіштер және үйді шамалас үш бөлімге бөлетін, ұзын қабырғаларға қатарластыра екі қатар етіп орнатылған ортаңғы тіреуіштер болған. Үйлердің едендерінде 200-дей тіреуіштің

шұңқыр орны бар екендігі байқалды. Бөрене қаптама, шарбақ, балшықпен сыланған қамыс, қабырғаларды шым қабаттарымен каптау, күл себу – мұның бәрі климаттың қатаң жағдайларында үйлерді жылыту үшін істелді. Үйдің төбесі, сірә, судың ағып кетуі үшін аздап көлбеу салынған жайпақ болған.

Батыс Қазақстан даласында ағаштың болмауы себепті Тастыбұтақ қонысындағы үйлердің кейбір ерекшеліктері бар. Тіреуішті құрылыстар өте аз пайдаланылды, оның есесіне тас кеңінен пайдаланылды. Ішкі қабырғалар тастан қаланды, жер ошактар таспен коршалды, әр түрлі шаруашылық кажеттеріне тас қоршамалар жасалды. Үйлерде қабырғалары сексеуілмен шегенделген құдықтар болды.

Тұрғын үйдің немесе оның әрбір бөлігінің неге арналғандығы, үйлердін орналасуы, ошақтардың, шаруашылық ұраларының саны мен орны дәлме-дәл белгіленген. Металл қорыту, құрал-саймандар жасау ісі арнаулы орындарда жүргізілді. Кейбір үйлер қоғамдық жиындар өткізуге, табыну ғұрыптарын атқаруға арналды. Тұрғын үйлерді бұлай мұқият саралап пайдалану отырықшылық өмір салтының және қоғамдағы тұрақтылық жағдайының белгілері болып табылады.

Петровка-2 қонысының жанындағы бейіттік құрылыстар ерте алакөл сатысының ескерткіші болып табылады. Олар сопақ және тікбұрыш етіп қазылған шұңқырлар болып, мола үстіндегі құрылыстардың ізі жоқ. Екі шұңқырда ғана жерленген қалдықтары шықты, біреуінде өлік өртелмей, екіншісінде өртеліп жерленген. Шұңқырлардың көпшілігінде бірден үшке дейін ыдыс, олардың қасында кейде қой сүйектері бар.

Тастыбұтақ 1 қорымының жерлеу құрылыстары дөңгелек, сопақ және қисық қаланған тас қоршаулар болып келеді. Бұл қоршаулар тігінен қазылып орнатылған тастардан, кейде ешқандай сыбаусыз жай қаланған тастардан құрылған. Молалардың салынуы әр түрлі - қазылған таяз шұңқырлар, не тас жәшіктер.

Қорымнан жекелеп және жұптап қойылған мүрделер табылды. Жұптап қойылған қаңқалардың ішінде еркек пен әйел, балалар қаңқалары басым; әйелді баламен бірге қосып жерлеу де кездеседі. Негізінен алғанда өліктер өртелмей жатқызылып жерленген, бірақ өлікті өртегендері де бар. Өліктер молаға сол жақ немес оң жақ қырынан аяқтары бүгулі, қолдары бетінің алдына қойылып

жатқызылған. Қабірлердегі ыдыстардың саны бірден беске дейін, бірақ көбінесе екеу болып келеді. Дәстүр бойынша ыдыс жерленген адамның бас жағына қойылатын болған. Сондай-ақ қола білезіктер, моншақтар, ұлу қабыршағынан жасалған сәндік заттар табылды. Бес қабірден малдың сүйектері шықты.

Солтүстік Қазақстанда екі алакөлдік қорым: Тобыл өзеніндегі Алексеевское және Есіл өзеніндегі Семипалатное қорымы қазылды.

Семипалатное ауылы жанындағы қорым қабірлердің үстіне топырақ үйілген төмпешіктерден тұрады. Қорым аланының орталық бөлігінде ірі шұңқырлар жатыр, оларға балалардың молалары орналасыпты. Молалардың бірінен алты қыш ыдыс, екі қола пышақ, алты жебенің сүйек ұшы, айылбас, моншақтар, қоладан шиыршықталып жасалған сәндік заттар шықты.

Сүйек қалдықтарына қарағанда міндетті түрде үй жануарлары әдетте, қой құрбандыққа шалыныпты. Өлген кісіге қойдың омыртқалары мен сирақтары қалдырылыпты.

Тамақ салынған ыдысты тамағымен жерге көмуге байланысты табыну ғұрыптарының болғандығына Алексеевка ауылының маңынан табылған заттар айқын дәлел бола алады. Бұл қорым қонысмен және құрбан шалу орнымен бірге Тобыл өзенінің сол жақ жағасында Қостанай қаласына жақын жерде орналасқан. Қабірлер сопақша етіліп қазылған. Өліктердің басы шығысқа қаратылып жатқызылған. Қаңқалар лақыттарда бүктетіліп қырынан жатыр. Қол-аяқтары барынша қаусырылған, омыртка жотасы тым көп иіліпті - осының бәрі өліктердің көбі байланып немесе қатты оралып салынғанын көрсетеді.

Ересектер мен балалардын қабірлерінен екі-екіден құмыра шықты. Олар қабір шұңқырының шығыс шетіне, еліктің бас жағына қойылған. Заттай құрал-саймандар ішінде қола және ұнтақтан қатырып жасалған моншақтар, самайға тағатын шиыршықталған ілмешектер, білезіктер, ромб тәрізді жапсырмалар бар.

Қабірлердің біріндегі заттар бойынша дәулетті әйелдің киіміндегі әшекей бұйымдар қалпына келтірілді. Бүкіл киімше қола немесе ұнтақтан катырып жасалған моншақтар, жарты шар тәрізді қола жапсырмалар, қырлы тізбектер тігіліпті. Аяғының жіліншік тұсында тізілген моншақтар болса керек. Аяқ киімі жарты шар мен ромб тәрізді жапсырмалармен сәнделіпті. Мойнында шетінде тесіктері бар, дөңгелете иілген қола қалқа, одан біраз жоғарырақта

үлкен сақина тәрізді күміс сырғалар бар. Шетінде тесіктері бар сегіз дөңгелек, сопақша жапсырма иығы мен басының маңында шашылып жатыр. Осы жерде омырауға тағатын жалпақ таспаға қола жапсырмалар қапталған өзгеше бір сәндік заттың қалдықтары мен ұнтақтан қатырған көптеген моншақтар болды. Білектеріне және қарына шеті шиыршық түрінде қайырылған екі қола жүзік, олардың жанынан қырлы қола тізбектердің қатарлары табылды. Арқасынан бұрымдарына тағылған қола жапырақша шолпы табылды.

Алексеевскідегі табыну кешенінің құрбан шалу орны төбенің басында болған. Оның батыс жағынан қорым жалғасады, ал оңтүстік-шығыс жағынан қоныс басталады. Төбенің ең биік жерінде қасиетті орын болып, оларға бір немесе екі ыдыс қойылыпты.

Зерттелген аймақтың қола дәуіріндегі мәдениетінің дамуындағы бұдан кейінгі кезең бұл жерге андроновтық тұрғындардың келуіне байланысты. Егер Батыс Қазақстанда андроновтық ықпалдың іздерін керамиканы өрнектеудегі кейбір жаңа әуендер негізінде ғана байқау мүмкін болса, Солтүстік Қазақстанда нағыз андроновтық түрпаттағы ескерткіштер пайда болады. Олардың ішіндегі ең көрнектісі Бурабай ауылы жанындағы жерлеу нысаны. Қорым жерге тігінен көміп орнатылған гранит немесе жалпақ тақта тастары жер бетінде көрініп тұрған қоршаулардан тұрады. Көбі тікбұрышты қоршаулар, оның үстіне кейде оларға жапсырыла басқа құрылыстар салынған немесе ішінен қабырғалармен бөлінген. Дөңгелек немесе сопақша құрылыстар сирек кездеседі. Олардың ішінде тікбұрышты шұңқырлар бар. Кейбір шұңқырларда тас жәшіктер түріндегі, ортасынан жарылған ағаш діңгектерінен немесе тақта тастардан жасалған лакыттардың қалдықтары сақталыпты. Қабірдің үсті тақта тастармен, кейде көлденең қойылған бөренелермен жабылған. Жерлеу ғұрыпында көбінесе өртеу және өртемей жерлеу дәстүрлері бар. Әрбір қабірде сүттен немесе өсімдіктен дайындалған тамақ құйылған бірден беске дейін ыдыс қойылған; етті тамақтың қалдықтары байқалмайды. Жерлеу бұйымдарынан қоладан жасалған пышақтар, біздер, инелер, сырғалар, әр түрлі жапсырмалар мен ілмешектер сияқты еңбек құралдары мен сәндік заттар табылды.

Батыс Қазақстандағы алакөлдік ескерткіштердің қабір үстіндегі құрылыстары тігінен көміліп орнатылған немесе жалпағынан

қаланған тастардан салынған. Осы тастардан дөңгелек, әжептеуір бик қоршаулар жасалып, ішіне топырақ толтырылған.

Тереклі мен Қыркелді өзендерінің бойындағы қорымдарда қоршаулардан басқа үсті айналдыра аумақты тас қаланып жабылған жер обалар да кездеседі. Батыс Сібір ойпатында және онымен іргелес өңірлерде жер обалар көбірек тараған. Үйілген топырақ әбден жайылып, шөккен. Солтүстік Казақстанның оңтүстігінде және одан оңтүстікке таман шаршы және дөңгелек тас қоршаулар кездеседі, көбінесе олармен бірге кішкене төбешіктер болады. Алакөлдік тайпаларға андроновтық ықпалдың күшеюіне байланысты тік бұрышты қоршаулар Ор өзенінің оң жақ жағасындағы Қожамберді қорымы сияқты батыстағы ескерткіштерде де пайда болады. Ортаңғы кола дәуірінде Батыс және Солтүстік Қазақстанда өлген кісіні жерлеудің екі әдісі - өлікті жерлеу мен өртеу дәстүрі болды. Өлгендер басы батысқа қаратылып жерленді, бірак ара-тұра бұдан басқаша жерлеу де кездеседі. Өліктер киімімен көмілді. Мұны әсіресе әйелдердің қабірлерінен анық көруге болады.

Өлік өртеу ғұрпы бойынша жерлегенде мәйітті өртеу қабірден сыртта, арнайы жерде өткізілген. Киімді сәндейтін заттар мен бұйымдар, киімінің өзі де күлмен, күйген сүйектермен бірге молаға қойылатын болса керек. Олармен қатар сүттен немесе өсімдіктен, кейде еттен жасалған тамағы бар бір-екі ыдыс қойылған.

Солтүстік және Батыс Қазақстанның соңғы қола дәуірі тайпаларының мәдениетінде екі кезең болды. Бірінші кезенде, б.з.б. I мыңжылдықтың басында, батыстағы тайпалар Еділ бойынын, солтүстіктегі тайпалар Жайық өңірінің соңғы қима мәдениетінің ықпалына түсті.

Соңғы қола тайпаларының дамуындағы екінші кезең мәдениеттердің күрт ауысуымен байланысты. Бір кезде өркендеген андроновтық-қима қауымның жерлері болған. Еділ бойынын, Жайық өңірінің, Қазақстанның және Батыс Сібірдің оңтүстік белдеуіндегі ұлан-байтақ жазығына «білемді керамика» мәдениетінің тайпалары қоныстанады. Олар өзендердің жайылма алаңқайларындағы қола дәуірі үшін дәстүрлі жерлерді б.з.б. VIII – VII ғасырларға дейін мекендейді. Олардың қоныс-жайлары Тобылдағы және Есілдің Қызылжар өңіріндегі қоныстардың жоғарғы қабаттары солардан қалған. Шағалалы өзенінің бойында

осындай ескерткіштердің үлкен тобы анықталды. Сірә, Обалы қонысы да сол уақытқа қатысты болса керек. Степняк қаласы жанында зерттелген руда қазушылардың қоныс-жайларындағы негізгі қабаттар да соңғы қоламен байланысты.

Батыс және Солтүстік Қазақстанның әр түрлі қоныстарында сол уақытқа жататын барлығы 60-тан аса тұрғын үй зерттелді. Олар жартылай жертөлелер және жер үстіндегі құрылыстар болып бөлінеді. Жартылай жертөлелер қоныстардағы негізгі тұрғын үй түрлері болып табылады. Олардың ішінде түрі жағынан тікбұрышты, сопақша, сегіз саны тәрізді жертөлелерді бөліп көрсетуге болады.

Жартылай жертөле түріндегі тікбұрышты тұрғын үйлер көбірек тараған. Олар аумағы үлкен, орларының терендігі 0,8-1,5 метр, қабырғалары тік болуымен ерекшеленеді. Үйдің едені біршама тегіс, бірақ әдетте үйдің бір жартысы екінші жартысынан тереңірек. Сірә, мұнда мал ұсталса керек. Жер ошақтар құрылыстың еденінің неғұрлым биігірек тұсында жинақталыпты. Жер ошақтардың қасында тас төселген сопақ алаң мен еденде қазылған жыралар кездеседі. Олар үйдің ұзына бойына карай қазылған және кейде жер ошақ шұңқырларымен жалғасып жатады. Әдетте еденде тіреуіштердің шұңқырлары көп, бір үйде 200-ден 600-ге дейін жетеді. Тіреуіштер қабырғалардың қаңқалары болған, үйдің төбесі солармен тірелген.

Сопақша жартылай жертөлелер мен сегіз саны тәрізді жартылай жертөлелер Шағалалы I қонысынан табылды. Сопақша үйдің аумағы 20x12 м. Тегене тәрізді, ортасы дөңестеу еденде үш шұңқыр бары байқалды. Бірі жер ошақ, екіншісі, сірә, астық сақтайтын ұра болса керек. Үйдің оңтүстік-шығыс жағындағы үшінші шұңқыр терендігі 1,8 метрдей құдық болып шықты. Үйге іргелес мал қора салынған.

Соңғы қола дәуіріндегі тұрғын үйлер құрылымының алуан түрлі болуын шаруашылык салаларының күрделілене түсуімен түсіндіруге болады. Жартылай көшпелі мал шаруашылығына көшуге байланысты тайпалардың көшіп-қонуы жиілегендіктен, жеңіл сопақша үйлер жердің үстіне салынатын болды.

Сонымен қатар аумағы 300-400 шаршы метрдей, асты терендетіліп қазылған үлкен жартылай жертөлелер де тарала бастады, бұларда қыстыгүні мал ұсталды. Мал санының көбеюі

тұрғындардың жейтін тамағының көбі ет болды деп айтуға мүмкіндік береді.

Қоныстардың тұрғындары қола шот, лөкет пышақ, ойығы бар ауыр шапашот, шеге тәрізді біз, ұңғысы бар қашау, балдақ сапты пышақ, саңырауқұлақ тәрізді немесе дөңгелек тиекті сабы бар қанжар сияқты қару-жарақтарды қолданды. Ұңғымасы бар үш қырлы жебе ұштары да, сірә, алғаш рет осы дәуірде шықса керек.

Бұл аймақтағы соңғы кола дәуіріне қатысты табылған заттардың ішінде егіншілікке байланысты еңбек құралдары толық дерлік жоғалады да, тері мен жүнді өңдеу де қолданылатын сүйек, қола бұйымдар, сондай-ақ қанжарлар, жебелер мен найзалардың қола ұштары көбейеді. Керамика өндірісі одан әрі өркендейді. Жылқы өсірудің маңызы күрт артады.

Б.з.д. I мыңжылдықтың басында білемді керамика жасаушы тайпалар андроновтық қима мәдени қауымның бүкіл байтақ жер аумағына орналасып қана қоймай, сонымен қатар онымен іргелес өңірлерге де қоныстанады. Темір дәуірінің қарсаңында көшпелі мал шаруашылығына көшу жеделдейді. Солтүстік Қазақстанда бұған климаттың біраз ылғалдануы себеп болды. Негізгі су арналарының - Есіл мен Тобылдың жайылмаларын тұнба балшық басады, жер құнарлылығынан және кешенді малшылық-егіншілік шаруашылығы бұрынғы маңызынан айырылады. Шөбі шүйгін, ылғалды дала жазықтығы мал шаруашылығының шапшаң дамуын жеделдете түседі. Қола дәуірінің аяқ кезеңіндегі Солтүстік және Батыс Қазақстан тайпалары ертедегі темір дәуірінің сақ-сармат мәдениетінің қалыптасуына қатысады.

## Далалық өңірдегі ең ежелгі қалалар

Қола дәуірінде Қазақстан аумағында қоғамның дамуында түбегейлі өзгерістер болды. Неолит кезеңінің аяғында қалана бастаған шаруашылықтың жаңа салалары - егіншілік пен Мал шаруашылығы қалыптасты, уақытша тұрақтардың орнына жайлы қоныстар, шақпақ тас құралдарының орнына әр түрлі металл қоспалардан жасалған жоғары сапалы бұйымдар келді. Халықтың саны өсіп, ірі-ірі мәдениеттер қалыптасты. Мұның өзі андроновтық үлгідегі аймақтық мәдениеттердің таралуынан көрінеді. Андронов мәдени қауымдастығының таралуы белгілі бір кезеңдерде көршілес

аумақтарға ықпал еткен жауынгер тайпалардың үлкен бір бірлестігінің өмір сүруімен байланысты болуы ықтимал. Мүлік теңсіздігі арта түсті, тайпалық ақсүйектер, ең алдымен көсемдер оқшауланып бөлінді. Қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі Беғазы-дәндібай қауымдарының еңселі мазарлары мен Түгіскен кесенелері әлеуметтік жіктелу үдерісін айқын аңғартады.

Қазақстан мен оған көршілес аумақтағы ең ежелгі қалалардың қалдықтары да осы қола ғасырына сәйкес келеді. Ресейдің Қостанай облысымен шекаралас тұсында орналасқан, қорғаныс дуалдарымен және орлар мен қоршалған **Арқайым, Синташта**, Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы **Кент** және осы қалаға ұқсас елді мекендер еліміздің далалық белдеуінде қала мәдениеті үдерісінің басталғанын білдіреді.

1987 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан зерттеу жұмыстары Арқайым қаласының (б.з.д. 1800-1600 ж) екі қатар шеңбер түрінде қорғаныс құрылыстарымен қоршалғанын анықтады (Сурет 13). Шеңберлене тұрғызылған осы екі дуалдың арасында тұрғын үйлер, ал ортасында алаң болған. Сыртқы шеңбердің диаметрі – 180 м болып, сыртқы дуалдың қалыңдығы 4 метрге жуық, ал биіктігі 3 метрдей болған. Аэрофотосуретте қазіргі таңда қирап кеткен үшінші сыртқы шеңбер байқалады. Ішкі шеңбердің диаметрі - 85 м. Қаланың жоспары, сәулеті және құрылыс ісі математика, геометрия, сәулет және астрономия сияқты ғылымдардың жоғары даму деңгейін көрсетеді. Арқайымның дамыған әрі жүйелі түрде тұрғызылған қорғаныс құрылыстары, оның алдын ала ойланып жасалған нақты жоба негізінде құрылуы өте ерте замангы қалаларға тән белгілері болып табылады.

Қалада барлығы болып 60 үй орны болған. Олар көлемі 25х27 метр шаршы пішіндегі орталық алаңды айнала екі қатар шеңбер болып орналасқан. Ішкі шеңбердің үйлері екі қабаттан тұрған деген болжам бар. Сыртқы дуалдың ішкі жағындағы оған жапсарланып салынған үйлер есіктері арқылы ішкі қабырға мен орды жағалай орналасқан айналма көшеге шығады. Осы айналма көше қаланың барлық қақпаларын және үйлерді орталық алаңмен байланыстырады. Үйлердің үштен бірі жалпы пайдалануға арналған. Жаңбыр және ағынды су шығып кететін арықтар жүйесі болған.



Сурет 13. Арқайым қалажұртының жоғарыдан көрінісі

Қаланың ішкі және сыртқы дуалдары бір-біріне ұқсас. Қалаға кірер төрт қақпа болған. Олар қорғаныс дуалдарының батысында, солтүстік-батысында, шығысында және оңтүстік-шығысында орналасқан. Қаланың бас қақпасы Батыс қақпа болған. Қақпадан орталық алаңға бұралаң жол арқылы өту мүмкін болған. Әр қақпадан басталар осындай көшелердің бәрі тұрғын үйлердің ортасынан өтіп, орталық алаңға шыққан.

Арқайымның тік бұрышты үйлерінің көлемі 190-нан 300 $м^2$ дейін жеткен. Үйлердің ауданы Арқайым қаласы тұрғындарының саны 2 мыңдай шамасында болған деп санауға мүмкіндік береді. Үйлердің қабырғалары - ортасы топырақпен толтырылған екі қатар қада болып қағылған ағаштардан жасалған күрделі құрылыс. Үйлер төрт немесе алты қабырға-қалқалар арқылы бөлмелерге, құдығы, ұрасы бар шаруа жайларға бөлінген.

Қаланың байланыс жүйесі айқын көзге тасталады: дуалдар және орлармен шектелген қоныстың бөліктері жолдар арқылы байланысады. Қаланың барлық аймағы бірнеше бөліктен тұрады: тұрғын үйлер, өндірістік және қоғамдық орындар кешендері. Олардың әр қайсысы өз міндетін атқарған. Мәселен, өндірістік

құрылыстар - металлургиялық және қыш пештері цитадельдің сыртындағы ішкі орды жағалап орналасқан. Жалпы жиындар мен ғұрыптық шаралар үшін арнаулы орын қойылған. Бұл да урбанизацияның маңызды белгісі болып табылады.

Арқайым жан-жағындағы елді мекендерді металл өнімдерімен, керамикамен қамтамсыз етіп отырған. Қалада көптеген қол өнершілер, ұсталар, темір балқытушылар, құмырашылар өмір сүрген. Бертін келе қала маңында ғибатхана кешені пайда болған.

Ескерткіштен табылған артефактілердің арасында белгілері бар қыш мөрлер ерекше маңызға ие. Олар Арқайым қоғамының даму деңгейін сипаттайтын жазудың пайда болғанын көрсетеді. Қола дәуірінің Арқайым типіндегі қалалары мен бекіністі қоныстары қазіргі кезде Орталық және Солтүстік Қазақстанды, Ресейдің Солтүстік Қазақстанмен іргелес аудандарын (Челябинскінің оңтүстігі, Башқұртстанның оңтүстік-шығысы, Орынбар облысының шығысы) қамтитын кең аумақта белгілі. Оларды андронов мәдениетінің басқа қоныстарынан айырып тұратын өзіндік ерекшелігі - шеңберді, сопақты не тікбұрышты айнала құрылған дуалдарының болуы.

## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Андронов қауымдастығының қалыптасуы қайсы мыңжылдықтарға сәйкес келеді?
2. Қанай қонысының тұрғын үйлеріне сипаттама беріңіз.
3. Сарыкөл көлі, Көкдомбақ және Кіші қойтас қорымдарының жерлеу құрылыстары қандай болған?
4. Нұра кезеңін сипаттайтын ескерткіштерді атаңыз.
5. Атасу тайпаларының тұрғын үй құрылысында қандай құрылыс материалдары пайдаланылған?
6. Бұғылы І қонысының тұрғын үйлері қандай болған?
7. Атасу кезеңіндегі тайпалардың жерлеу ғұрпын сипаттаңыз.
8. Беғазы-Дәндібай мәдениетінің дамыған сатысын суреттейтін қандай ескерткіштер зерттелді?
9. Беғазы-Дәндібай мәдениеті туралы қосымша әдебиеттерден мәліметтер іздеп табыңыз.

## 3.3 Ерте темір ғасыры

Қола дәуірінде Қазақстанның кең байтақ даласында материалдық мәдениеті, жерлеу дәстүрі, дүниетанымдық ұғымдары бойынша біртұтас мәдени қауымдастықты құраған андроновтық тайпалар жасаған болатын. Андроновтықтардың экономикасы отырықшы егіншілік пен мал шаруашылығына негізделген болып, тау-кенісі, металлургия мен қола өңдеу саласы дамыған.

Б.з.д. X-VIII ғғ. осы тайпалардың бір бөлігі көшпенділікке ауысты. Мұның ең маңызды себептерінің бірі Еуразия құрлығының басым бөлігін қамтығын климаттық жағдайдың глобальдық өзгерісі болып табылады. Қысқа уақыттың ішінде бұрынғы құрғақ ыстық ауа райын едәуір ылғал, жылы климат ауыстырады. Жауын-шашынның көбеюі Орта Азия мен Қазақстанның Волга бойы мен Оңтүстік Оралдың бұрынғы шөл және жартылай шөл аудандарындағы экологиялық жағдайдың жақсаруына алып келді. Даланың сулануы мен от-шөптің көбеюі мал падаларын жыл бойы жем-шөппен қамтамасыз ету мүмкіндігін берді.

Қазақстан далаларының ежелгі тұрғындары өзгерген жағдайға жақсы бейімдесіп, өте тиімді шаруашылық жүйесін құрды. Мұндай жүйе мал бағуға кететін шығынды күрт азайта отырып, мал басының айтарлықтай көбеюіне мүмкіндік берді. Осы уақыттан бастап жылқы табындары, қой отарлары, ірі қара мал мен түйе падалары көшпенділердің негізгі байлығын құрайды. Өйткені мал олардың өмірі үшін қажетті заттың (ет, сут, май, тері, жүн, сүйек, мүйіз) бәрін берді. Осыдан 3 мың жыл бұрын қалыптасқан көшпенділердің шаруашылық-тұрмыс салты кешенінің тиімді болғаны соншалықты, ол кіші-гірім өзгерістермен тап жаңа заманға дейін өмір сүргенін көреміз.

Көшпенді шаруашылыққа өту номадтардың өмірінің тек өндірістік саласында ғана емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік, идеологиялық және тағы да басқа салаларындағы бірқатар маңызды өзгерістерге себеп болды.

Бірінші кезекте, жиі көшіп-қону өмір салты әрбір тайпаның өз әлемінің шекарасын кеңейтті. Тайпалар арасындағы жиі қақтығыстар мен соғыстар пайдалы білімдер мен новациялардың көшпенділер ортасына кең таралуына тосқауыл болмады. Мұның барлығы Еуразияның далалық аймағында жасаған әр түрлі

тайпалардың материалдық мәдениетінің едәуір ұқсас болуына алып келді.

Екіншіден, көшпенді шаруашылыққа өту қоғамды мол азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде халықтың саны тез өсті. Нәтижеде көшпенді қоғамдарда жас өспірімдер мен жастардан тұратын халықтың «артық» топтары пайда бола бастады. Олар соғыстардан, жорықтардан олжа тауып немесе жалданбалы әскери қызметтен күн көретін кәсіби әскерлерге айналады. Дәл осылардың арасынан шыққан ең абыройлы ауқатты кәсіпқой-әскерлер көп жағдайда тайпалар одақтарының көсемдеріне айналған.

Б.з.д. I мыңжылдықтың I-ші ширегінде бүкіл әлем тарихының барысына үлкен әсер еткен тағы бір оқиға жүз берді: б.з.д. VIII-VII ғғ. бастап Еуразия даласы халықтары темірді өздерінің күнделікті өмірінде кең пайдалана бастайды. Археологияда қола ғасыры деп аталатын кезең аяқталып, заманымыздың III-IV ғғ. дейін созылған ерте темір ғасыры басталды. Яғни Еуразияның даласы мен тау беткейлерінде көшпенділер қоғамдарының қалыптасуы жаңа тарихи дәуір ерте темір ғасырының басталуымен сәйкес келді.

Жазба деректер мен археологияялық мәліметтер бойынша ерте темір дәуірінде қазіргі Қазақстан жерінің едәуір бөлімін ерте мемлекеттерге біріккен көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы тайпалар мекендеген.

Жазба деректерде олар сақтар, савроматтар, дахтар, массагеттер, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар, сарматтар деп аталады және мәліметтер олардың сол дәуірде кешкен маңызды оқиғалардағы орнын анықтауға мүмкіндік береді.

## Сақ тайпаларының ескерткіштері

Сақтар темір дәуірінің бастапқы кезеңінде өмір сүрген тайпалар болып табылады. Олардан қалған археологиялық ескерткіштердің арасында обалар қорымдары, дамыған фортификациялық және алып сәулет ғимараттарына ие қалалардың қирандылары, көмбелер бар.

Қазіргі танда сақ тайпаларынан қалған осындай ескерткіштер кешендері Қазақстанның көптеген жерлерінен тауып зерттелген. Олардың арасында әсіресе Шығыс Қазақстандағы Шілікті және Берел қорымдарының материалдары айрықша маңызға ие.

**Шілікті қорымы.** 200-ден астам обадан тұратын бұл тамаша ескерткіш Тарбағатай, Сауыр-Сайхан және Маңырақ тауларымен қоршалған ұзындығы 80 км, ені 30 км жерді алып жатқан Шілікті алқабында орналасқан.

Олардың 130 ға жуығы сақ мәдениеті ескерткіштері. 1949, 1959, 1961 және 1962 жж. ол жерде профессор С.С.Черников зерттеу жұмыстарын жүргізген. Осы дәуір ескерткіштерінде әр түрлі жылдары М.П.Грязнов, С.Н.Руденко, Н.В.Полосьмак, В.И.Молодин, З.С.Самашев және А.Т.Төлеубаевтар зерттеулер жүргізді.

Ғалымдар сақ ескерткіштерін Шілікті-1, Шілікті-2 және Шілікті-3 шартты түрде үш үлкен топқа бөледі. Обалардың диаметрі 20-дан 100 метрге, биіктігі 8-10 метрге дейін жетеді.



Сурет 14. Шілікті қорымындағы «Алтын оба». Обанын жоспары мен разрезі *(С.С.Черников бойынша)*

«Алтын обалар» деп аталатын алып қорғандардың бірін С.С.Черников қазып зерттеген. Малта тас араласқан топырақ үйіндісінен тұратын обаның диаметрі 66 м, биіктігі 6 м (Сурет 14). Оның астында тереңдігі 1 м, аумағы 58 шаршы метрдей (7,10x8,30 см) мола шұңқыры, оның ішінде жуан (70 см-ге дейін) бөренелерден құрастырылған қима табылды. Қима екі қатар бөренелерден құрастырылған, ал төбесі бір қатар бөренелермен жабылған; қима мен шұңқырдың арасы ұсақ тастармен толтырылған. Қалың тақтай еденде 40-50 жастағы еркек пен 50- 60 жастағы әйел жерленген. Мәйітттерді қабірге шығыс жақтан қазылған дромос (12x2x1 м) арқылы кіргізген. Жерлеп болғаннан кейін дромос бөренелермен жабылып, бүкіл құрылыс ұсақ тастармен көмілген. Содан кейін сары балшықтан төбешік жасалып, оның үстіне малта тас араласқан топырақ үйілген. Басқа көптеген патша обалары сияқты «Алтын оба» да көне заманда тоналған. Соған қарамастан қабірге қойылған кейбір заттар сақталып қалған. Қабірден 13 қола жебе ұштары салынған былғары қорамсақтың қалдықтары және 524 алтын бұйымдардан тұратын ежелгі қолданбалы өнер туындылары табылды. Қорамсақтың андар мүсіндері түріндегі алтын жапсырма әшекейлермен безендірілгені анықталды. Олардың арасында бұғылардың 14 дана, бүркіттердің 9 дана, қабыландардың 29 дана бедерлі мүсіндері бар. Одан басқа жұқа қаңылтыр алтыннан жасалған дөңгелек, ромб, үшбұрыш, сегмент түріндегі әшекейлер кездеседі. Заттардың бәрі өте шеберлікпен, жоғары деңгейде жасалған. Жиі кездесетін мүсіндер - аяқтары бүгулі бұғы, шиыршықтала бүктелген қабылан, басы бұруды бүркіт аң стиліндегі сақ өнерінің б.з.д. VIII-VII ғғ. тиісті ерте түріне жатады.

«Алтын обалардың» тағы біреуі - Шілікті- 3 тобына кіретін №1 оба. (Бәйгетөбе). 2003 ж. А.Т.Төлеубаев басшылығында жүргізілген қазбалар нәтижесінде бұл обадан да ғажайып бұйымдар табылды. Обаның диаметрі 97-99 м, биіктігі - 79 м. Үйіндісі тастан тұрады. Үйіндінің астында екі қатар қарағай бөренелерінен тұрғызылған ауқымы 16x17,6 м келетін кесене орналасқан. Кесененің шығыс қабырғасы пирамида түрінде жасалған. Біреуі кіші, екіншісі үлкен екі дромос кесененің есігінің алдында бірігіп кеткен. Үлкен дромос бөренелермен жабылған. Жерлеу камерасының тереңдігі 1,7 м. Ол жерден шашылып қалған ер адамның сүйек қаңқасы, ұзындығы 2,8

м тас бағана табылды. Бұл оба да көне заманда тоналған. Алайда тонаушылар бұйымдардың бір бөлімін шашып алған. Археологтар барлығы болып 4325 алтын бұйымдар тапты: 153 дана барстың бет пердесі түріндегі, 36 бүркіт түріндегі, 20 бұғы түріндегі, 39 қасқыр түріндегі жапсырмалар, архардың мүсіні, бесжұлдыз түріндегі жапсырмалар. Одан басқа алтын қаңылтырлардан істелген мыңдаған әшекейлер бар. Бұйымдардың барлығы киім мен бас киімді безендіруге арналған, өйткені әшекейлердің артына орнатылған ілмектері бар. Сақ билеушісі осы әшекейлермен сәндендірілген киімін салтанатты жиындар мен мерекелерде киген болуы керек. Оба б.з.д. IX-VIII ғғ. тиісті.

Шілікті обалары Шығыс Алтайдағы Пазырық, Аржан I, Аржан II қорғандарына өте ұқсас.

Берел обалар қорымы (б.з.д. V-IV ғ.), Алтай өңіріндегі Бұқтырма өзенінің таулы алқабындағы (Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай ауданында) бұл кешеннің құрамына төрт қатар болып тізбектеле орналасқан үлкенді-кішілі 70-тен астам обалар және жекелеген ғұрыптық-жерлеу құрылыстары кіреді. Тізбектерде алып обалар, орта және кішілері бар. Олар өзінің құрылысы бойынша бір типтегі обалар, тек үлкен-кішілігімен ерекшеленеді.

Берел қарымын 1865 ж. В.Радлов ашқан. 1998 жылдан бастап З.Самашевтің басшылығында Шығыс Қазақстан экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізіп келеді.

Берел қорымындағы №11 «Үлкен оба» орталық тізбектің солтүстік шетінде орналасқан. Сопақ пішінді обаның диаметрі 34,8х24,4 м, сақталып қалған биіктігі 2м асады. Обаның алып үйіндісі әр түрлі көлемдегі ұзын жалпақ, домалақ және малта тастардан жүйелі түрде қаланған бірнеше қабаттардан тұрады.

Моланың оңтүстік бөлімінде қима таған бар. Қабірдің үсті бөрене-сырықтарымен, оның үсті екі қабат бұталар және қайың қабықтарымен жабылған. Қайың қабықтарының астында киіз қалдықтары кездеседі. Соған қарағанда қима тағанның төбесі мен солтүстік қабырғасы тұс киізбен қапталған болса керек.

Қима тағанның ішінде, оның оңтүстік қабырғасы тұсында көпғасырлық ағаштың тұтас дінінен ойып жасалған астау-табыт қойылған. Оның бұрыштарында қоладан құйылып, сыртына алтын жалатқан грифонның (бүркіт тұмсықты, қанаты бар жәндік)

мүсіндері орнатылған. Олардың біреуі ұшып бара жатқан сәтті, ал екіншісі қону сәтін бейнелейді.

Астау-табытқа бастарын шығысқа қаратып жасы шамамен 35-40 жастар шамасындағы ер адам мен әйел жерленген. Ер адам шалқасынан жатқызылған, басы оң жаққа бұрылған күйде басына ағаш жастық жасталған.

Моланың ішінде аяқтары бүгілген күйде екі қабат етіп (астыңғысында үсті жоңышқа бұталарымен және қайыңтозбен жабылған жеті ат, үстіңгісінде алты ат) он үш сәйгүлік ат жерленген. Қабір моласының тоң болып қатып қалуы арқасында аттардың жүн-терісі ғана емес, еті де, сол сияқты әбзелдері де түгел сақталған. Ондағы әдемі ер-тұрмандар мен олардың әшекейлері бүгінге дейін қазақ жерінен табылғандарының ең көнесі.

Берел аттарының әбзелдері өзінің сән-салтанатымен кісіні таң қалдырады, өйткені олар мельхиор, қола, латун, алтыннан және жылқы талдарынан даярланған.

Берелден табылған өнер бұйымдарының барлығы зергерлік бұйымдардан тартып ат әбзелдеріне дейін ағаштан жасалып, сырты алтынмен қапталған.

Қабір заттарының арасында диадема, пектораль, ритуалдық бұйымдар, қанжарлар, қылыш, әшекейлер, салмақты алқа бар.

Әшекей бұйымдардың екі түрі бар: 1) аңдардың немесе олардың дене мүшелерінің мүсіндері; 2) геометриялық және өсімдік өрнектерімен нағысталған бұйымдар. Аң стиліндегі негізгі мотивтер - жартылай құс жартылай аң түріндегі грифондар, мысық тұқымдас жыртқыштар, таутекелер, архарлар, бұландар, қанатты аттар. Сюжеттердің негізін аңдар айқасы, жануарлардың серпінді (қозғалыстағы) бейнелері құрайды. Мысалы, мысық тұқымдас жыртқыштың бұғыға немесе таутекеге шабуы; өз құйрығын өзі тістеп жатқан грифон; грифонның аузындағы қос тұяқты жануардың басының бейнесі сияқты қысқартылған композициялық шешімдегі айқастың бір сәтін көрсететін көріністер. Аңдар айқасының семантикасын ғалымдар жақсы мен жаманның, жарық пен түнектің, қозғалыс пен тоқыраудың күрес символымен түсіндіреді.

Қарапайым жерлеу құрылыстары Үлкен обаның кішірейтілген түріне ұқсайды жерлеу дәстүрі де қайталанады. Иелерін атпен қосып жерлеу кең тараған. 5 ат немесе 3 ат қосып жерленген

қабірлер бар. Қару-жарақтардан өте шебер жасалған темір ақинақтар, ұзын семсерлер, айбалталар, найза ұштары; үй бұйымдарына пышақтар, керамикалық және ағаш ыдыстар, жиі кездеседі.

Егер жазба деректерге, атап айтқанда Герадотқа сүйенсек, Қазақстанның Алтай өңірінде «алтын қорушы самұрық»-тар жасаған. Олардың өздерін өздері қалай атағанын біз білмейміз. Герадоттың «алтын қорушы грифтер» деп атағанын түсіндіру қиын емес. Біріншіден, осы жердің халықтары алтын өндірген. Екіншіден, аң стиліндегі негізгі мотивтердің бірі грифондар болған. Берел қабірінде мүйізі, қанаты бар, құлақтары үлкен грифонның мүсіні түріндегі патша штандартының табылуы да бұл аймақты самұрық тайпалары мекендеген деп айтуға мүмкіндік береді.

Грифтер мен көршілес жерде аримаспылар жасаған (грекшеден аударғанда «бір көзді» дегенді білдіреді). Герадоттың жазуы бойынша олардың маңдайында көз бейнеленген татуировка болған. Бір көзділердің мемлекеті - Имуго туралы қытай деректерінде де айтылады. Ол қайсы бір «қара өзеннің» құяр жері мен үлкен көлдің төңірегінде орналасқан деп жазылған. Қытайлар қара Ертіс пен Зайсанды айтқан болуы әбден ықтимал. Геродот бойынша, аримаспылар грифтердің өндірген алтынын тартып алу үшін оларға жиі-жиі жорық жасап тұрған.

Археологиялық материалдар: қабірлер, құрбандық шалу орындары, қару-жарақтары, тұрмыстық бұйымдар олардың жоғары дамыған және таңғажайып өзіндік мәдениеті болғанын көрсетті. Артефактілер олардың металл өңдеуші, құюшы, құрылысшы, құмырашы, зергер, ағаш шебері, асқан суретші болғанын дәлелдейді.

Ал аң стилінде жасалған бұйымдар - бүкіләлемдік нағыстау өнерінің тамаша жетістіктерінің бірі болып саналады. Ғылымда «скиф аң стилі», «скиф-сібір аң стилі» деп аталып жүрген бұл өнерді дәстүрлі тарих басқа халықтардың жетістіктері деп қарастырып келген. Яғни, ол Орталық Азияға Грекиядан немесе Таяу Шығыстың ықпалымен тараған деп түсіндіреді. Археологиялық ашылымдар ерте скиф мәдениетінің ошағы Алтай мен Жетісу екенін, ал аң стиліндегі әшекейлердің жасалу технологиясы дәл осы арадан Таяу Шығысқа, Греция мен Римге тарағанын дәлелдеп отыр. Өйткені Шығыс Қазақстан, Тұва және

Жетісу обалары қазіргі таңда ерте темір ғасырының ең ежелгілері болып отыр. Ежелгі грек мәдениетінің бұл кезде енді туыла бастағанын, Римнің тіпті болмағанын ескерсек, Аң стилінің Алтайда және Орталық Қазақстанда кейінгі андронов кезеңінде қалыптаса бастағанын ескерсек, бұл өнердің авторы азиялық сақтар екеніне дау жоқ. Сақ патшаларының алып жерлеу ескерткіштері, олардың байлықтармен толтырылуы б.з.д. IX-VIII ғғ. Орталық Азияда мемлекеттік дәрежеге көтерілген тайпалар бірлестігі болғандығын білдіреді.

**Бесшатыр обалары (б.з.д. VII-VI ғғ.)**, Жетісу өңіріндегі Іле өзенінің оң жағалауында, Желшағыр тауларының етегіндегі Шылбыр шатқалына кірер тұста орналасқан Бесшатыр қорымы жүйесіз орналасқан 31 обадан тұрады. Олардың 21-і тастан, қалғандары қиыршық тас пен топырақтан үйілген. Барлық патша обалары және орташа обалардың үйінділері жалпақ төбе түрінде құрылғантпатша обалары табылып зерттелді.

«Үлкен» оба деп аталатын патша обасы қорымның солтүстік-шығысында орналасқан. Оның диаметрі 104 м, биіктігі 17 м. Обаның үйіндісі қиық конус сияқты диаметрі 32 м жалпақ төбе түрінде. Үйіндінің айналасында тас жал мен 94 қоршау орналасқан. Осы құрылысқа айналадағы таулардан 650 көп тонналы менгирлер (тас бағандар) мен шомбал тастар тасып жеткізілген.

Бірінші Бесшатыр обасы ең жақсы зерттелген ескерткіштердің қатарына жатады. Оның диаметрі 52 м, биіктігі 7 метрден асады. Обаның үйіндісі үш қабаттан тұрады: жоғарғы жағының қалыңдығы 1 м, етек жағының қалыңдығы 3 м болған үстіңгі қабат, қалыңдығы 3,5 метрден 13 метрге жететін топырақ аралас қиыршық тастан тұратын ортаңғы қабат және қалыңдығы 1,5 -12 м аралығындағы ірі тастардан тұратын төменгі қабат. Тянь-Шань шыршасынан жасалған үлкен ағаш құрылыс - сағана түріндегі мола осы үйіндінің астында орналасқан.

Сағана дромостан, ауызғы бөлмеден және жерлеу камерасынан тұрады. Төбесі жабылмаған ұзын және биік дромостың ұзындығы 5,75 м, ені 1,5 м, биіктігі 5 м. Ол көлденең қойылған кеспелтек ағашпен екі бөлімге бөлінген. Дромостың жалпы биіктігінен 2 м төменде орналасқан ауызғы бөлме жерлеу камерасының шығыс қабырғасымен ұштасады. Биіктігі 4 м шығатын бұрыс квадрат түріндегі жерлеу камерасы шырша бөренелерінің 16 қатарынан

тұрады және әлемнің төрт тарапына бағытталған. Оның төбесі қабырғаның үстіне көлденең күйде қатар жатқызылған 7-8 бөрене қабатымен бастырылған. Камераның қабырғасын сыртқы және ішкі жағынан бір жақ ұштары жерге көмілген 16 бөрене ұстап тұр. Бөренелердің барлығының бұтақтары шабылып, қабығы аршылған және беті жонылған. Тасымалдауға қолайлы болу үшін олардың бір шеті мен ортасында арқан үшін тесіктер жасалған. Еденге қамыстан тоқылған ши төселген.

Камерада ер адам мен әйелдің шашылып жатқан қаңқа сүйектері, жануарлардың сүйектері және ағаш бұйымның сынығынан басқа ештеңе болмай шықты. Қабір ежелгі дәуірде тоналған болуы керек.

Бесшатыр қорымының қалған обаларының барлығы өзара ұқсас, тек үйіндісі және камераларының үлкен-кішілігімен олардың құрылымымен ерекшеленеді. Мысалы, «Үшінші» обаның үйіндісі 17 қабаттан тұрады, ал «Алтыншы» обаның астынан ұзындығы 55 м болған жер асты жолдары мен қуыстары анықталды.

Бесшатыр қорымы кешеніне обалардан басқа сол жерге жақын орналасқан 6 тас қоршаулар мен олардан 10 км қашықтықтағы тізбектеліп орналасқан 45 тас қоршаулар енеді. Тастардың кейбіреулерінің бетіне тау теке, қабан, қасқыр бейнелері бедерленген.

**Есік обасы (б.з.д. IV ғ.).** Жетісу өңірінде, Алматыдан шығысқа қарай 50 км қашықтықта «алтын» адам табылған атақты Есік обасы орналасқан. Оның диаметрі 60 м, биіктігі 6 м. Топырақ үйіндісінің астында екі мола болған - орталығында және оның оңтүстік қапталында. Олардың біреуі тоналған, ал капталдағы екіншісі сол күйінде сақталған. Мола ұзындығы 2,9 м, ені мен тереңдігі 1,5 м шұңқыр түрінде болып, ол беті қырып тегістелген бес қатар бөренемен (шырша) қаланған.

Жерлеу камерасының үсті қатар жатқызылған бөренелер қабатымен жабылған. Жақсы өңделген он тақтайдан жасалған еденде басын батысқа қаратып, шалқасынан жатқызылып жерленген адам қаңқасының қалдықтары бар.

Мүрденің астына майда алтын жапсырмалар тігілген мата төселген. Жерленген адам салтанатты киімінде, қару-жарағымен, қыштан, ағаштан, күмістен және қоладан жасалған ыдыстармен бірге жерленген.

Есік обасында жерленген адамның қаңқасы түгелімен бастан аяқ киімнің алтыннан жасалған жапсырма-әшекейлермен қапталған. Қаңқаның мойнында алтын әшекей, бүкіл денесінің аяғына дейін киімнің үлкенді-кішілі моншақтары сақталған. Әр моншақтың артында ілмектері бар. Бас киімнің әшекейі болған арқардың алтын мүсіні бас сүйектен 65 см жерде, ал алтын сырға бас сүйектен сол жақта табылды. Мүрденің оң жағында алтынмен қапталған темір қылыш, сол жағында алтынмен қапталған темір қанжар бар. Бұл обадан барлығы төрт мыңнан астам алтын заттар алынды. Есік обасынан табылған алтын бұйымдардың жүз алпыс бесі «аң» стилінде орындалған.

**Тасмола мәдениеті ескерткіштері (б.з.д. VII-IIIғғ.)** Орталық Қазақстанның Бұғылы, Қызыларай, Қарқаралы, Баянауыл, Қызылтас, Кент, Архарлы, Қуу, Қызыл-тау, Ортау, Ақтау таулы аймағында шоғырланған ерте темір ғасырының ең ірі обалық қорымдары Тасмола археологиялық мәдениетін құрайды. Айрықша түрдегі «мұртты» обалар осы мәдениеттің басты ерекшелігі болып табылады (Сурет 15).

Үш құрылыстан тұратын «мұртты» обалар біртұтас сәулет кешенін құрайды. Оның құрамына қабір орналасқан негізгі оба, әдетте аттың мүрдесі мен бір немесе бірнеше ыдыс қойылған кіші оба және одан ары қарай кететін жартылай доға тәріздес тас жүйегі енеді.

Ұзындығы 20-200 м, ені әдетте 1,5-2 м болып келетін тас жүйегі әрдайым шығысқа қарай созылады және оба түріндегі тас құрылысымен аяқталады. Негізгі (үлкен) обада әр түрлі құрал-саймандарымен қосып адам мүрдесі жерленген. Кіші обаның астында мола шұңқыры болмайды, үйінді астында жылқы қаңқасы (кейде бас сүйегі немесе тұяқтары) мен ыдыс (бір немесе екі) кездеседі. Мұндай обалар «мұртты» обалардың ең көп тараған түрі, бірақ оның басқаша нұсқалары да кездеседі.

Мысалы, кіші оба үлкен обаның шығыс жағында емес, ал оңтүстік жағында орналасқан кешендер де бар. Тек бір жағдайда ғана кіші оба үлкен обаның үстінде орналасқан.

«Мұртты» обаларда ру ақсүйектері жерленген болуы керек. Осындай үлкен және күрделі жерлеу ғимараттары қорымдарда сирек кездеседі және олардың жанында қатардағы қауым мүшелері жерленген көп санды қарапайым обалар орналасқан.

Тасмола-I қорымындағы 19-шы обаның тас үйіндісінің диаметрі 8 м, биіктігі 0,3 м, оның тас жүйек түріндегі солтүстік «мұртының» ұзындығы 52 м, оңтүстік «мұртынын» ұзындығы 46 м, ал ені - 1,5 м.

Бұл «мұртты» обалардың негізгі және кіші оба жапсарлас соғылған нұсқасы болуы ықтимал. Өйткені оба үйіндісінің оңтүстік-шығысында екі ыдыс сынықтары, ал орталық бөлігінде қабір шұңқыры табылды. Моланың ұзындығы 1,8 м, ені 0,8 м, тереңдігі 1,5 м және тастармен жауып тасталған. Моланың түбіне қамыс төсеніш төселіп, оның үстіне басы солтүстікке қаратылып, шалқасынан жатқызылған әйел жерленген. Оның оң жақ жамбас сүйегінің үстінен диаметрі 19 см болған дөңгелек қола айна, аяқ жағында екі қойдың бас сүйегі табылды.




Сурет 15. Тасмола мәдениеті. «Мұртты обалар» кешені

Қаңқаның сол жағында тік бұрышты қайрақ тас, оның үстінде темір пышақ, ал сол аЯПНың тұсында жылқының бас сүйегі мен жауырын сүйегі жатты. Аттың тұмсығына қоладан жасалған үш тесікті ауыздық кигізілген. Сондай-ақ жүгеннің қалдықтары және оны сәндеп тұрған қола моншақ, жапсырма әшекейлер сақталған.

Хронологиялық жағынан мәдениет екі даму сатысынан тұрады. Бірінші саты (б.з.д. VII-VI ғғ.) нақты жерлеу саймандарының жиынтығымен сипатталады. Оларға қола жебе ұштары (екі қырлы ұңғылы және үш қырлы сапты), акинак-қанжарлар, қола ауыздықтар мен қола не мүйізден жасалған үш тесікті псалилерден тұратын айрықша ат жүгені, қалыпқа құйып жасалған қозғалмай тұрған жолбарыстың алтын мүсіндері, таутекенің қола мүсіндері, қабандардың және бұғылардың түріндегі айылбастар жатады. Тасмола мәдениетінің бірінші сатысы туралы неғұрлым толығырақ мәліметтерді Тасмола 1-5, Қарамұрын 1, Нұрманбет 4 қорымдарының артефактілері береді.

Екінші сатыда (б.з.д. V-III ғғ.) тасмола мәдениетінің алдыңғы кезеңдегі дәстүрлері негізінен сақталып қалады. Өзгерістер жерлеу ғұрыптарының кейбір элементтерінде байқалады. Атап айтсақ, марқұмға ат арнау дәстүрі жоғалады. Қару-жарақтарда, шаруашылық және тұрмыстық бұйымдарда өзгерістер бар. Бұрынғы жебе ұштары типтерінің орнына бір типтегі үш қырлы ұңғылы жебе ұштары келеді. Темірден пайдалану едәуір кеңейеді. Темір б.з.д. III ғ. жебе ұштары сияқты ең көп тараған қару түрін жасауда қола шикізатын ығыстырып шығарады. Әшекей бұйымдарда аңдардың шайқасуы, жыртқыштардың шабуылы негізгі көрініске айналады. Жануарлар әлемінің шынайы бейнелерін схематизациялау күшейеді.

## Савромат-сармат мәдениеті ескерткіштері.

Б.з.д. VIII-IV ғғ. аралығында Орал, Тобыл өзендерінің сағаларынан Ембі өзені мен Солтүстік Каспий маңы құмдарына денін, Мұғалжар тауларынан Донға дейінгі аймақта мекендеген савромат тайпаларынан қалған археологиялық ескерткіштер қорымдардан, обалар кешендерінен және жекелеген обалардан тұрады. Батыс Қазақстандағы Қособа, Шалқар 3, 5, Лебедевка, Қырықоба 2, Сынтас қорымдары осы савроматтарға тиісті

нысандардың қатарына жатады. Батыс Қазақстанның савромат обаларының басым көпшілігі топырақ үйіндісі түріндегі ескерткіштер, тас үйінділер сирек кездеседі. Олардың айналасында ордың іздері байқалады. Диаметрі 60 м, биіктігі 4 метрден асатын обалар жиі кездеседі. Ерте савромат обаларының тік бұрышты қабір шұңқырларының ұзындығы 1,4 метрден 2,4 метрге дейін жетеді, тереңдігі бір метрден асатындары сирек. Шаршы пішіндес, сопақ және дөңгелек шұңқырлар да бар. Олардың көпшілігі көне замандарда тоналған. Мүрделердің басы батысқа қаратып жерленген, бірақ оңтүстікке немесе солтүстікке аздап қисайтып жерленгендері де кездеседі. Ең көп тараған жерлеу ғұрпы - шалқасынан жатқызып жерлеу болған. Б.з.д. VIII-VII ғғ. тиісті ерте обаларға мәйіттердің аяқ-қолдарын аздап бүгіп, кейде бір қырынан жатқызып жерлеу ғұрпы тән. Мүрдені өртеу ғұрпы өте сирек кездеседі. Мәйіттің бас сүйегінің жанына бор немесе саз, гипс қойылған. Мола шұңқырларын толтырған кезде оны бормен араластырған.

Савромат обаларында ыдыстар, әшекейлер, бояулар салынған ұлутастар, сүйек қасықтар, қола айналар, темір пышақтар, семсер, қанжар, жебе сияқты бұйымдар жиі ұшырасады, ал найза сирек кездеседі.

Қабірлерде жылқы, ірі қара мал, құс, қой сүйектері табылған. Жылқылардың бүтін қаңқасы сирек, негізінен, жүген кигізілген бас сүйектері көп. Үй жануарларының сүйектері кейде қазандардың ішіне салып қалдырылған. Ақсүйектердің қабірлерінде сирек кездесетін шыны ыдыстар табылған. Ағаштан жасалған ыдыстардың шіріген қалдықтары, металмен көмкерген жиектері кездеседі.

Савромат тайпалары ескерткіштерінің арасындағы ерекше назар аударатындарының бірі **Лебедевка қорымы** болып табылады. Обалардан және ғұрыптық ескерткіштерден тұратын бұл қорым Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданының Сегізсай ауылы (бұрынғы Лебедевка) маңындағы Есенамантау үстіртінде орналасқан және 300-ден астам ескерткіштерден құралған. Қорымнан табылған археологиялық артефактілердің басым бөлігін қару-жарақтар мен сауыт-саймандар құрайды.

Бірінші топтағы обалардың диаметрі 20 м шамасында, биіктігі 0,6 метрге дейін жетеді. Оның астында ұзындығы 2,5, ені 1,5 м

тікбұрышты қабір шұңқырлары орналасқан. Мүрделердің астына киіз немесе қамыс төселген. Жерленген адамның жанына қойдың еті, темір қанжар-акинак, ішінде қола, кейде темір не сүйек жебе ұштары салынған былғары қорамсақ сияқты жерлеу бұйымдары қойылған.

Екінші топтағы обалардың диаметрі 25 метрден 40 метрге дейін жетеді; ал биіктігі - 1,5-2,5 м. Олардың ішіндегі ең жақсы сақталғандарының бірі №6 қорған болып табылады. Обаның диаметрі - 30 м, биіктігі - 2,25 м және тізбектегі орталық орынға ие. Үлкендігі 22х24 метр болып келетін жерлеу құрылысының пішіні шаршыға жақын. Лақыттың ішкі бөлігінің размері 17х17 метр және толығымен шырша және қайың қабықтарымен, оның үсті қамыспен жабылған. Обаның ортасында ұзындығы 4,6 м, ені 4,2 м және тереңдігі 3,8 м болып келетін мола шұңқыры орналасқан.

Моланың үсті қайың бөренелерімен жабылған. Киіз төселген еденде басы батысқа қаратылып, қолдары созылған күйде шалқасынан жатқызып жерленген әйел мәйіті табылды. Қаңқаға қамыс ши жабылған.

Қабір жерлеу бұйымдарына өте бай болып шықты. Бас киімге тағылған алтын жапсырмалар, түрлі-түсті моншақтар, шыны моншақтар мен алтын жапсырмалардан құрастырылған қалқа, алтын моншақтардан тұратын қалқа, алтын самайлық салпыншақтар және басқа әшекейлер табылды. Бас сүйегінің сол жағына қоладан жасалған айна қойылған. Оның сабының бір ұшы грифон, екінші ұшы қабан және грифон бейнесі түрінде істелген. Бас сүйегінің оң жағында шыны ыдыс тұр. Жамбас сүйегінің сол жағына тағы бір шыны ыдыс қойылып, ол жерге жылтырақ аралас бояу шашылған. Осы жерде сопақ малта тас, ұлу қабыршақтары жатыр. Олардың біреуінің іші қызыл бояуға толы. Қаңқаның кеудесі тұсында тас қайрақ пен қыштан жасалған ұршықтың басы, аяқ жағында қыш ыдыс тұр.

## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Б.з.д. X-VIII ғғ. Еуразия тайпаларының бір бөлігінің көшпенділікке ауысу себебі?
2. Көшпенді шаруашылыққа өту номадтардың өмірінің қайсы саласындағы маңызды өзгерістерге себеп болды?

3. Қашаннан бастап Еуразия даласы халықтары темірді өздерінің күнделікті өмірінде кең пайдалана бастайды?
4. Шіліктінің «Алтын обалар» деп аталатын алып қорғандарына сипаттама беріңіз.
5. Берел қорым қай жерде орналасқан?
6. Берел қорымындағы № 11 «Үлкен оба» құрылысының Шіліктідегі «Алтын оба»-дан өзгешелігі?
7. Бірінші Бесшатыр обасы құрылысына сипаттама беріңіз.
8. Тасмола археологиялық мәденитеінің басты ерекшеліктерін сипаттаңыз.
9. «Мұртты» обалардың негізгі ерекшеліктерін сипаттаңыз.
10. Савроматтардың жерлеу ғұрпы қандай болған?

## 3.4. Орта ғасырлар

### VI-IX ғ. бірінші жартысындағы қалалар

Қазақстанда көне замандардан бастап отырықшы және қалалық мәдениеттің бірнеше тарихи - мәдени аймақтары болған. Өйткені елімізде Ертіс алабы, Тарбағатай мен Ұлытау етектері, Орталық және Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу сияқты егіншілік пен отырықшылық үшін қолайлы аудандар көп.

Ежелгі және орта ғасырлардағы кенттенудің ірі даму орталықтарының бірі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірі болды. Жазба деректер бойынша ерте ортағасырларда Оңтүстік Қазақстанда 6 қала болған. Оларда Испиджап, Шараб, Будухкет, Усбаникет, Отырар және Шауғардың аттары аталады. Бірақ археологиялық мәліметтер бойынша қалалардың саны отызға жуық.

Отырықшы қоныстар Оңтүстік Қазакстанда қола дәуірініңөзінде пайда бола бастайды, кейінірек - Сақ және қаңлы мемлекеттерінде ерте қалалар, егіншілік пен қалалық өмірдің алқаптары және қалалық орталықтардың негізі қаланады. Ал орта ғасырларда олар Испиджап, Кенже, Фараб-Отырар, Шауғар сияқты ірі тарихи-мәдени аумақтарға айналды. **Испиджап-Сайрам, Хурлуг-Шымкент, Арсубаникет-Усбаникет-Субаникет, Фараб-Отырар, Шауғар-Ясы-Түркістан** сол аумақтардың орталықтары болды. Аталған қалалар Қаңғар, Қарахан, Ақ Орда, қазақ хандығы мемлекеттерінің саяси орталықтары болған. Ұлы Жібек жолы

бойында орналасқан бұл қалалар экономиканың, сауданың, соның ішінде халықаралық сауданың, қолөнердің, білім мен мәдениеттің дамуында маңызды рөл атқарды. Олар Еуразияның шығысы мен батысын байланыстырып, көршілес аймақтардың, әр түрлі елдер мен халықтардың мәдени байланыстарының орталықтары болды.

Жетісуда екі тарихи-мәдени орталық - Шу және Талас өзендері алқаптарын өз ішіне алатын Оңтүстік-Батыс Жетісу және Іле аңғарын қамтитын Солтүстік-Шығыс Жетісу ерекшеленеді. Талас және Шу аңғары аудандарының солтүстік шекарасын Мойынқұм шөлі құрайды, оңтүстікте шекара Талас және Қырғыз Алатауы жоталары бойлап, шығыста - Шу-Іле таулары, батыста Жуалы үстіртін жағалап өтеді. Талас алқабы үш жақтан - Талас, Қырғыз және Қаратау жоталарымен қоршалған.

Жазба деректерде Шу және Талас алқаптарында 21 қаланың аттары аталып, олар туралы нақты мәліметтер берілген. Қалалардың арасында ең ірілері **Тараз, Жамукет, Атлах, Құлан, Мерке, Аспара, Суяб, Науакет** болған. Олар басқа елді мекендерден топографиясының ерекшелігімен, көлемінің ауқымдылығымен, археологиялық артефактілері және географиялық орналасуымен ерекшеленеді. Қорғаныс дуалдары, ғибадатханалар, моншалар және ұстаханалар қалалардың негізгі атрибуттарын құраған. Қазбаларда теңгелер, шетелдік бұйымдар, қолөнер бұйымдарының көп кездесуі де қалаларға тән. Аталған белгілері бойынша қалаларды жіктеу және олардың арасында ірілерін, орташаларын және шағындарын айырып алу мүмкін. Мысалы, Талас және Шу алқаптарында Тараз, Баласағұн, Науакет, Суяб астаналық қалалар болған.

Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалар ортазиялық қалалар секілді үш бөліктен тұрады: дуалмен қоршалған немесе бекініссіз цитадель, шахристан және рабад. Көп жағдайда олар жоспары бойынша дөңгелек болып келеді. Тау беткейі белдеуінде және Сырдарияның төменгі ағысында тік бұрышты жоспарда салынғандары басым.

Оңтүстік-Батыс Жетісудың қала жұрттары цитаделі бір бұрышында, кейде орталық бөлігінде орналасқан төбе және шахристан қалдықтары сақталған төбеден тұрады. Шахристан қирандысы тік бұрышты, бес бұрышты трапеция және көп бұрышты тәрізді болады. Қалаға кіретін қақпалардың саны әр түрлі: бірден төртке дейін. Рабадтар айналадағы ауылдық аумақпен қосылып

кеткен, сол себепті екі құрылыс арасындағы нақты шекараны табу өте қиын. Ауылдық аумақ ұзындығы үштен ондаған шақырымға жететін қорғаныс дуалымен қоршалған.

Цитаделдер қаланың міндетті түрдегі атрибуттарының бірі болып, қаланың бекініс пен мейлінше нығайтылған бөлігі болған. Мысалы, Құйрықтөбенің VII-VIII ғасырлардағы цитаделі биіктігі 10 метрге жететін пахсалық платформадағы қамал-қорған түріндегі құрылыс. Ортада солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 15 метрге созылған салтанат залы орналасты, оның ені 10,5 м-ді, ал жалпы алаңы 57,5 шаршы метрді құрады. Салтанат залы мен оған солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс және оңтүстік-батыстан жапсарластырыла салынған бөлмелердің сыртында есігі шахристанға шығатын айналмалы дәліз болған. Ол арқылы салтанат залына баруға болатын еді. Галереяның батыс бөлігі де осы ұзын дәліз арқылы залмен жалғасты. Күмбезбен жабылған бұл дәлізде сарайдың шатырына апаратын баспалдақ орналасқан. Салтанат залының болуы, ағашқа ойып салынған суреттердің табылуы құрылыстың қала билеушісі болып тұратын ғимарат екенін көрсетеді.

Баба-Ата қала жұртындағы VI-VIII ғасырлардың цитаделінде ауданы 240 шаршы метр болатын екі қабатты құрылыс анықталды. Бірінші, цокольдық қабатта диаметрі 5,8 м, күмбездеп жабылған салтанат залы болған. Екінші қабатына күмбезбен жабылған алты бөлме салынған. VI ғасыр мен VIII ғасырдың алғашқы жартысындағы Ақтобе 1 қаласының цитаделінде саз балшықтан тұрғызылған үш метрлік көтеріңкі алаңның үстінде екі қабатты қамал-қоған табылды.

Жетісудың оңтүстік-батысындағы қызылөзен қала жұртында ашылған айналмалы дәлізі бар қамал-қорған түріндегі құрылыс табиғи төбешікпен қосып есептегенде биіктігі 16 метрдей стилобаттың үстіне салынған.

Қаланың тұрғын үйлері шахристанда орналасқан және олар махаллаларға топтастырылып салынған. Махаллалар қала құрылысының ішіндегі көшелер немесе үлкен көшенің бір бөлігін біріктіретін бірнеше үйлерден тұрған. Оның фасады жабық болып, көрші махаллалармен шекаралары барлық үйлердің сыртқы қабырғалары мен шеткі үйлердің қапталдағы қабырғаларын бойлай өтеді.

VI – VII ғасырдың бірінші жартысындағы осындай махаллалар Көк-Мардан қала жұртында аршылды. Махаллалардың әрқайсысындағы үйлер бас көшеден тарап, бекініс дуалына барып тірелетін тұйық көшемен біріккен. Тұйық көшелердің ұзындығы 15, 12, 10 м, махаллалардын ауданы 370, 350 және 300 шаршы метр. Мысалы, «А» махалласында бес үй және бір діни ғимарат бар, «Б» және «В» махаллаларының әрқайсысында 4 үйден бар.

Қазба жүргізілген махаллалар тұрғындары әлеуметтік орны бойынша жіктелмейді.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда түрлі діни қауымдардың ғибадатханалары мен храмдары болған. Көкмарданнан жоспары шаршы тәріздес, ауданы 4,4 м бір бөлмелі ғибадатхана артылған. Кірер есікке қарама-қарсы орталық қабырғада еденнен 0,5 м биіктікте қой мүйізі түрінде ойылған тікбұрышты қуыс орналасқан. Оның астында күлдің қалың қабаты бар тұғыр орнатылған.

Ақбешім қала жұртынан екі, Қызылөзен қала жұртынан екі будда ғибадатханалары аршылған. Алғашқысы ғибадат бөлмесінен, айналма дәліз бен залдан тұрады. Қабырғасынан жазу іздері анықталған.

Ақбешім қаласындағы екінші будда ғибадатханасы топографиясы жағынан біріншісіне жақын. Көне құрылыс орны ғимарат үшін платформа міндетін атқарған. Діни ғимарат бірнеше рет қайта салынып VII-VIII ғасырлар бойы пайдаланылған. Оның орталық бөлігі (аумағы 6х6 м) шаршы тәрізді құрылыс - целла болған. Ұзын шикі кірпіштен көтерілген ғибадатхана қабырғасының қалыңдығы 2,6 м. Төбесі күмбезделіп жабылған. Целлаға кіретін есік шығыстан болған. Оны оңтүстіктен, батыс пен солтүстіктегі галереялар қоршап тұрды. Кейіннен пилон-контрфорс, кірер есігіне баспалдақ салынған. Қабырғасын екі рет сылап, оның бетіне ганч жағылған және жазу жазылған. Жазулар көк, қара, қызыл, жасыл түстермен түсірілген Тамбур мен ғибадатханаға кірер тұстан мүсін фрагменттері табылған. Олар қол, жамбас, аяқ, бет-пішін мен бас фрагменттерінен, киімге жабыстырылған көптеген әшекейлерден, бас киім бөлшектерінен тұрады.

Ғибадатхананың батыс айналма дәлізінен басы солтүстікке бағытталған Будданың алып мүсіні табылды. Мүсін ішінара сақталған, басы мен денесінің жоғарғы бөліктері ілкі замандарда қиратылған. Сақталған мүсіннің ұзындығы 8 м. Мүсін мен ол

жатқан постамент қызыл түске боялған. Түргеш теңгелері бойынша ғимарат VIII-IX ғасырлармен мерзімделінеді.

Ақбешім қаласынан VII-VIII ғасырларға жататын христиан шіркеуі табылған. Бұл құрылыстың үлкен бөлігін аула құрайды, ал шіркеу оның шығыс жағында орналасты, ол аумағы 5,3 х 4,2 м құрылыс.

Бұл кезеңдегі қаланың фортификациялық жүйесі цитадель мен мұнаралы қорғаныс дуалдарынан тұрды. Қала қабырғалары атқыштар галереялары мен ату үшін қойылған терезелері жоқ монолитті сазбалшық құрылыстары болды. Олардың орнына қабырға үстіндегі тісті жақтаумен жабылған алаң пайдаланылды. Құйрықтөбе цитаделіндегі платформа үстіне пахса блоктарынан қаланған бекініс дуалының табанындағы ені 2,7 м болған. Оның бұрыштарына ішкі жағында, шағын бөлмелері бар сегмент тәрізді мұнаралар салынған.

Тараз қаласы биіктігі 15-20 метрге жететін мықты дуалмен қоршалған. Оның қабырғасы малтатас қабатымен кезекпен өрілген пахса блоктарынан тұрғызылған.

Қала жұрттарының қорғаныс дуалдарын құруда қам кірпішті, малта тас пен ұсақ тас қабаттарын араластырып салу техникасы кең қолданылған. Дуалдардың қалыңдығы әр түрлі болып келеді (2-5 м), ал сақталған биіктігі 5 метрге дейін жетеді.

Ерте ортағасырларда Оңтүстік Қазақстанда қалалық тұрғын үйлердің екі үлгісі таралған. Бірінші үлгідегі үй - бір бөлмелі, тік бұрышты жоспармен салынған. Осындай көлемі 43 шаршы метр болатын үйлердің бірінде ұзындығы 4 метрлік илген дәліз бен тамбур пішіндес кіреберісі бар. Батыс және солтүстік қабырғаларын бойлай ортасы шығыңқы келген сәкілер орнатылған. Сәкілердің екі 1 м, шығыңқы жері - 1,2 м, биіктігі 40- 45 см. Бөлменің есікке қарсы ортасынан ернеулері балшықпен сыланған көлемі 1x1,5 м болатын тік бұрышты жерошақ қазылған.

Есіктің сол жағында, тамбурда, қабырғаның ішіне екі камин (қабырғадағы ошақ) орналасқан. Оңтүстік-шығыс бұрышы саз қалқамен бөлінген, бұл шаруашылық бөлімі өзінше бір аланды құрайды. Жайдың еденінен тік бұрышты төрт шұңқыр - тіреуіш бағаналардың орны тазартылды.

Төбесінен, сірә, жарық түсетін әрі түтін шығатын тесік жасалған болса керек. Сонымен бірге түтін есіктен де шыққан,

сондықтан да ошақ пен каминдер есікке жақын тұр. Үйлерде диірмендерге арналған тұғырлар бар. Азық-түлік өнімдерін сақтауға арналған қыш кеспектер, құмыралар бұрыштағы сәкіде орналасқан. Күйдірілмеген саз балшықтан жасалған бөшке тәрізді және астау секілді ыдыстар азық-түлік қорларына арналған.

Үйлердің аудандары әр түрлі. Ен үлкен үйлердің ауданы 35-45 $м^2$, ал шағын үйлер 12-20 $м^2$ құрайды. Үлкен үйлердің шатырларын төрт баған тіреп тұрған, ал орташа үйлерде бір немесе қиюластырылған екі бөренеге тіреу болатын бір бағана пайдаланылған. Шағын үйлердің шатырларын қабырғалар ұстап тұрған.

Екі бөлмелі үйлерде екінші бөлме бастапқы бөлмеден мықты қабырға арқылы бөлінген.

Қалалардың сауда-қолөнер орталығы ретінде дамуы қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөліну үдерісімен және негізінен үстем тапқа қызмет көрсететін қолөнер өндірісінің мейлінше дамуымен тікелей байланысты болды.

Ерте ортағасырлық қаладағы қолөнердің дамуы туралы археологиялық мәлімет әзірше аз. Ол туралы негізінен қыш ыдыстар, металл, сүйек пен тас бұйымдар секілді дайын өнімдер арқылы ғана белгілі. Тоқымашылық, теріден, жүннен, киізден бұйымдар өндіру жайлы мәліметтер одан да мардымсыз. Қолөнердің бұл салаларының өнімдері жайлы жазба деректер біршама кейінгі уақыттарға жатады.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларындағы қолөнердің басты бағыттарының бірі керамика өндірісі болды. Көкмардан қазбасынан, Құйрықтөбе мен Отырардың VII-VIII ғасырлардағы мәдени қабаттарынан алынған шоттар, пышақтар, орақтар, темір кесектері оның осы жерде қорытылғанын айғақтайды. Мыс құю өндірісі Жетіасар қаласының жоғарғы мәдени қабаттарынан табылған мыс тоғалар мен белбеу айылбастары арқылы белгілі. Алтынмен апталған нәзік қола жапсырмалар, сырғалар, білезіктер бойынша зергерлердің шеберлігі туралы болжауға болады.

Ерте ортағасырлардағы қалалар негізінен сауда-саттық және қолөнер орталығы ретінде отырықшы аймақты төңіректегі елмен, қала мен даланы, түрлі елдерді байланыстырушы маңызды экономикалық және мәдени орталықтар міндетін атқарды. Сол кездегі халықаралық керуен жолымен сауда жасау кеңінен

дамуында соғдылар мен түркілер маңызды рөл атқарған болатын. Ұлы жібек жолының солтүстік тармағы Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу арқылы өткен. Оның Суяб, Тараз және Испиджаб қалалары арқылы өтетін телімдері туралы жазба деректерде жиі айтылады. Испиджабтан Фарабқа, Шауғарға және одан әрі Сырдарияның төменгі ағысы мен Орталық Қазақстан даласына кететін тармақтары шыққан.

Қытайдан жібек, қағаз, айналар тасымалданған. Орта және Таяу Шығыстан, Византиядан Қытайға опа-далап, бабылдық кілемдер, асыл тастар, інжу-маржандар, шыны, маталар жеткізіліп отырды.

Соғдылықтар күміс бұйымдар, түрлі-түсті шынылар, дәрі-дәрмек және бояу заттарын, кілемдер шығарып, сатумен айналысты. Византиядан, Соғдыдан, Қытайдан және басқа елдерден шыққан әсемдік заттарының бір бөлігі түрік шонжарларының ордаларында, қала тұрғындарының үйлерінде қалып отырған. Византиялық және оларға еліктеп жасалынған алтын теңгелерді, Қытай айналарын ерекше бөліп көрсетуге болады.

## IX ғ. – XIII ғасырдың бас кезіндегі қалалар

IX ғасырдың орта шенінен XIII ғасырдың басына дейінгі кезеңде Қазақстан қалаларының құрылысында елеулі өзгерістер болды. Бұл өзгерістер рабадтардың қалыптасуынан, махаллалар көлемінің ұлғаюынан айқын көрінеді. Сонымен бірге көптеген қалаларда қамалдар (цитадель) салудың сипаты өзгереді. Қала құрылымында жаңа атрибуттар - мешіттер мен қоғамдық моншалар пайда болды. Қорғаныс жүйесі мейлінше мықты бола түседі.

Бұл кезеңде Оңтүстік Қазақстан қалаларының саны айтарлықтай өседі. Жазба деректерде олардың саны 33-ке жетеді. Олар тау етегіндегі белдеулердегі Жумишлагу және Манкент қалалары, Арыстың орта ағысындағы орталығы Усбаникет болған Кенже аумағы туралы мәлімет береді. Фараб аумағында Отырардан басқа жаңа астана Кердер, Весидж және Бұзық қалалары пайда болады. Шауғарда Яссы және Шағылжан, Қарнақ, Қарашық және Шур (Сури) қалалары құрылады. Деректерде алғаш рет ірі Сауран қаласы, Сырдарияның төменгі ағысындағы Сығанақ, Янгикент, Жент, Асанас, Баршынкент аталады. Қаратаудың солтүстік

беткейлерінде Баладж бен Берукет, Сырдарияның орта ағысында Сүткент пайда болады.

Қалалардың қалыптасу үдерісі Сырдарияның төменгі ағысы мен Қаратаудың теріскей беткейлерінде мейлінше шапшаң жүзеге асады. Қалалардың аумағы ұлғаяды. Мәселен, Отырардың ауданы бұрын 5-7 гектардан аспаған болса, енді рабаттың кеңеюі нәтижесінде 170 гектарға дейін жетті.

Қала жұрттарын ауданы бойынша үш топқа бөлуге болады. Біріншісіне жалпы аумағы 30 гектардан асатын ескерткіштер кіреді. Мұндай қалалар облыстардың, аумақтардың орталықтары немесе жай ғана ірі қалалар болды. Екінші топтағы қалалардың аумағы 15 гектардан 30 гектарға дейін жетеді. Оларды орташа қалалар деп санауға болады. Үшінші топқа жататын қала жұрттары өте көп. Бұлар шағын қалалардың қалдықтары.

Жетісудың оңтүстік-батысындағы жаңа қалалардың саны да артты. Бұрынғы 21 қаланың орнына деректер 26 қаланың аттарын атап көрсетеді. Жаңадан қалыптасқан Жікіл, Балу, Шөлжі, Такабкет, Кел, Кенжек сияқты бұл қалалар Талас аңғарында орналасқан. Шу алабындағы Баласағұн қаласы да алғаш рет осы кездегі жазба деректерде тілге алынады.

Қалалардың орталық бөлігінің көлемі бұрынғы күйінде қалған оның есесіне ұзын дуалдар ішіндегі құрылыстар неғұрлым тығыз бола түседі. Дуалдар бойлап тұрғын үйлері бір-біріне қаратылып тұрғызылған және ауласы ішке бағытталған дұрыс жоспарланған көшелер қалыптасады. Мұндай жоспарлау қазіргі заманғы құрылыс жұмыстарының залалы аз тиген Ақтөбе, Степнинское, Төлек және Сретинское қала жұрттарында анық байқалады.

IX-XIII ғасырдың басында Солтүстік-Шығыс Жетісуда қала мәдениетінің жаңа ауданы қалыптасты. Егер IX-X бұл өңірде 10 қала ғана болса, енді олардың саны 70-ке дейін көбейген. X ғасырдағы жазба деректер Іле аңғарының сол жағалауында орналасқан екі қала - Талхиз (Талғар) және Лабан қалалары туралы хабарлайды. Ортағасырлық авторлардың мәліметтеріне қарағанда XI-XIII ғасырлар кезінде мұнда 4 қала мен 6 ірі қалашықтар болған.

Солтүстік-Шығыс Жетісудағы барлық қала жұрттары «төрткүл» немесе «цитадельсіз» деп аталатын типке жатады. Олар айналасындағы жер бетінен сәл биікте тұратын, жоспарында тікбұрышты, трапеция түріндегі немесе дөңелек алаңдар түрінде

болып келеді. Олар бұрыштары мен барлық жағында мұнаралары бар жалдармен қоршалған. Дуалдардың ортасына орналасқан бір, екі, не төрт қақпасы болады. Төрткүлдердің аумағы әр қилы, қабырғасының ұзындығы 260 метрден 1 км аралығында.

Солтүстік-Шығыс Жетісу төрткүлдерін төрт топқа жіктеуге болады. Біріншісіне аумағы 30 гектардан асатын қалалар енген. Бұлар көп қабатты ескерткіштер, мәдени қабаттарының қалыңдығы 2-3 метрге жетеді, тіпті одан да асады. Қазба кезінде түрлі керамика, шыны, мәнет, қолөнер шеберханалары мен өндірістік күл-қоқыстардың табылуы мұнда қолөнер мен сауданың дамығандығын айғақтайды. Бұлар - Антоновка, Дунгене, Шілік, Талхир, Алматы секілді ірі қалалар мен астаналық орталықтар еді.

Екінші топқа ауданы 10-нан 30 гектарға дейін жететін Сүмбе мен Сағабиен, Бақалы 2 қалалары кіреді. Қолөнердің дамығаны анықталып, шетелдік заттар аршып алынған.

Үшінші топтағы қалалардан қақпалық бекіністер, көптеген мұнаралар орны мен жұқа мәдени қабат анықталған. Бұл топтағыларды баспана немесе орда ретінде белгілеуге болады. Оған Қапал, Ақтам, Арасан, т.б. жатқызылады.

Төртінші топтағы қалалар аумағы 10 га-дан аз. Оларда ішкі ауласы бар тұрғын үйлер дуалдардың ішкі жағында орналасқан. Іле қала жұрттарының бұл тобын бұрынғы көшпелілер мен жартылай көшпелілердің отырықшы қоныстары деп санауға болады. Олардың кейбіреулері керуен-сарайлар болуы да мүмкін.

Бұл кезеңде қала құрылымында өзгерістер болады. Оңтүстік Қазақстандағы қала жұрттарының көпшілігінде цитадельдердің құрылысы өзгереді. Құйрықтөбеде IX ғасырдың бірінші жартысында өрт болып, соның салдарынан сарай кешені қирағаннан кейін, оның жобасы толық қайта жасалған. VII-IX ғасырдың бірінші жартысындағы құрылыс кешенінің іргелі дуалдары ішінде қарапайым құрылыс махалласы салынады. XI-XIII ғасырдың басында нақ сол жерде қыш-құмырашылар махалласы қалыптасады.

Отырар алқабының оң жағалауындағы Оксус, Бұзық қамалдарының цитадельдерінде, тау етегі өңіріндегі Бұлақ-қоғал қаласында қарапайым тұрғын үй құрылыстары пайда болады. Кейбір қалалардың цитаделі жалпы құрылыстармен теңесіп, тіпті топографиясында ерекшелену байқала қоймайды. Байырқұм, Төрткүлтөбе, Балықшы қала жұрттарында да осындай жағдайды

аңғаруға болады. Қала бұрынғысынша сол баяғы тұйықталуы сақталған жекелеген тұрғын үй махаллаларынан тұрады және махалланың барлық үйлерінің кірер есіктері жалпы махалла ішіндегі кішкене көшеге қаратылатын жоспарлау дәстүрімен сипатталады.

Құйрықтөбеде қолөнершілер махаллаларының оқшауланы байқалмайды, тек бір жерден ғана құмырашылар махалласы кездеседі. Бірқатар қалаларда махалладардың тұрғындарының атақ-даңқы мен байлық дәрежесі бойынша бөлінетіні байқалады. Әзірше қазақстандық махаллаларға қарап, оларды нақты кедей немесе бай деп жіктеуге болмайды. Олардың бәрі де әлеуметтік жағынан араласып кеткен.

Қарастырылып отырған кезеңдегі қала құрылысының құрылымында пайда болған жаңа элемент мешіт болып табылады. IX-XII ғасырлардағы жазба деректемелерде де мешіт, оның қаладағы орналасуы туралы мәліметтер міндетті түрде кездеседі.

Егер қалаларда мұсылмандар саны аз болса, олардың қажеттілігін шағын дәстүрлі архитектуралық кешендер қанағаттандырды. Ал дінге ұстанатындар көп шоғырланған жерлерде міндетті түрде үлкен мешіттер салынды. IX-X ғасырлардағы дерек көздерінен христиандық шіркеулер мешітке айналдырылғандығы белгілі. Мұндай жағдай Тараз бен Меркеде болған еді.

Құйрықтөбедегі мешіт қала орталығында, үлкен көшелердің қиылысында орналасқан. Ертеректегі ғимараттан оның күйдірілген кірпіштен (22х22х4-5 см) өрілген қабырғалары сақталған. Ол түгелдей бұзылып алынғаннан кейін оның орнына жаңа мешіт салынған. Жаңа мешіт XIII-XV ғасырлардағы мұсылмандық жерлеу орындарының кірпіштері ретінде алынғанымен, негізгі нобайы қалпына келтірілген. Оның қалыңдығы 1,5 м қабырғасы күйдірілген және қам кірпіштермен өрілген.

Мешіттің сыртқы қабырғасымен айналдыра есептегендегі аумағы - 36,5х20,5 м. Ол оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр. Солтүстік-батыс бөлігі жақсы сақталған, бұл жерден күйдірілген кірпіштен тұрғызылған 16 негізгі колонна болғаны анықталды; қысқа қатарда бесеу, ал ұзын қатарда 10-нан. Колонналар арасы 3-3,2 м аралығында. Шеткі базалар мен қабырғалар арасы 1,5 м.

Құйрық мешіті бағаналық немесе колонналы құрылысқа жатады. Мұндай мешіттердің аумағы колонналар мен төбенің стандартты шаршылы санына байланысты болды, олардың арасындағы кеңістік 3,5 метрден 4,6 метрге дейін жетті.

Қала өмірінде базар мен сауда орындарының құрылыстары маңызды рөл атқарды. Қала ішіндегі сауда орындарын араб авторлары «сұқ» және «асуақ», парсылар «базар» деп атады. Олар шахристан, рабад аумағында да орналаса берді.

Дерек көздерінде дүкендер мейлінше жан-жақта сипатталған. Оңтүстік Қазақстандық қалада олар Пенжикенттегі секілді шағын базарларды құрамайды, бір-бірінен оқшау орналасады. Құйрықтөбедегі осындай дүкеннің еденнің ішіне қазып орналастырылған кеспектер табылды. Бұл хумдарда шарап сақталған болуы керек.

Қоғамдық құрылыстар арасынан моншалар көрнекті орын алады. Отырар рабадынан XI-XII ғасырларға жататын екі монша ашылған. Сақталуы нашар болса да солтүстік рабад аумағындағы монша жоспары айқышқа (крестке) негізделгені анықталды: орталық бөлмесі төрт басқа бөлмелермен жалғасқан. Дем алатын орындары бар орталық залдан басқа жуынатын, шешінетін, дем алатын, сондай-ақ құдайға құлшылық ететін бөлмелер де болды. Суды жылытатын және суға арналған цистерналар тұратын бөлме моншаның шығыс жағында орналасқан. Ағын су құбырлар арқылы бөлмеден тысқары шұңқырға құйылды. Монша ыстық өткізетін каналдар көмегімен жылытылды.

Отырар шахристанының қорғаныс дуалы VI-VIII ғасырларда тұрғызылып, IX-X ғасырларға дейін пайдаланылған. Пахса блоктарынан тұрғызылған оның ені 10 м-ге, ал сақталған биіктігі 4,5 м-ге дейін жетеді.

Отырар рабадының дуалының биіктігі 1 м топырақ үйіндісінен жасалған платформаның үстіне тұрғызылған. Қабырғаның ені 6,2 м үш қатар шикі кірпіштен өрілген. Кірпіш қаламаларының жанына пахса блоктары (әр жағына екі-екіден) орналасты да, аралары құрылыс қалдықтарымен, топырақпен толықтырылды.

X ғасырдағы Баба-Ата шахристанының жалдан тұратын дуалы екі қатар кірпішпен тұрғызылған қабырғамен қапталған. Бұрынғы кірпіш қабырғаның арасы құрылыс қоқыстарымен тығыздалып толтырылған. Жалдың жиегіне кірпіштен жақтау жасалынған. Баба-

Ата мұнаралары сегіз қырлы құйма монолиттің үстіне шикі кірпіштен тұрғызылған. Мұнаралардың біреуі толық аршылды. Оның биіктігі 5,1 м, жоғарғы диаметрі 3,4 м, төменгісі – 4,6 м. Мұнараның ішінде бұрыштары дөңгелетілген үшбұрыш түрінде бөлме орналасқан. Бөлменің төбесі жалпақ етіп жабылған. Мұнараның төбесінде дуалдағыдай жасалған жақтаулар бар.

Оңтүстік-Батыс Жетісуда да қамал құрылыстарында өзгерістер байқалады. Қызылөзен қаласы жұртының қамалында, VII-IX ғасырдың бірінші жартысында мықты бекіністі сарай кешенінің төңірегінде қарапайым тұрғын үй салынған. Степнинскоенің Ақтөбе қала жұртының қамалында қалалық бай қоныс-жай (усадьба) мен монша болды. Тараздың қамалынан да X-XI ғасырлардағы моншаның орны ашылды.

Солтүстік-Шығыс Жетісуда Талғар қала жұртын қазу жұмыстары оның құрылысында жекелеген махаллаларды анықтауға мүмкіндік берді. Көлемі 4000 шаршы метр болатын XI-XII ғасырдың басындағы махалла толық аршылды. Ол үлкен көшенің телімін біріктірген және қалған құрылыстардан шеткі үйлердің бүйірдегі фасадының саңылаусыз қабырғаларымен оқшауланған үйлерден тұрған. Үйлердің шағын көшелерге шығатын есіктері бар, ал бұл телімдегі ондай үйлердің саны 12-14.

Талғар махалласы ауданы бойынша Құйрықтөбенің махаллаларымен салыстырғана 4 еседей үлкен. Зерттеушілер мұны Іле қалаларының қалыптасу ерекшеліктерімен түсіндіреді. Олардың көшпелілер мен жартылай көшпелілердің отырықшылануы нәтижесінде пайда болғандығы мәлім. Сондықтан тұрғындар өз құрылысында бұрынғы өмірінің көптеген белгілерін сақтап қалған, атап айтқанда үйлердің қасында мал ұстайтын үлкен аулалар болған. Талғар махаллалары да туысқандар үйлері тобының шоғырлануы негізінде қалыптасқан болса керек.

Талғар қаласының қорғаныс дуалы таспалау әдісімен саз балшықтан тұрғызылған. Дуал табанының ені 7м, сақталған биіктігі 4 метрге дейін жетеді.

Сүмбе қаласы жұртының дуалдарына да осындай құрылым тән. Дуалдың табанына қойтастар қаланған. Олардың арасы балшықпен толтырылған, ал дуалдың жоғарғы жағы қалыңдығы 20 сантиметрге дейін жететін балшық қабатымен биіктетілген. Балшық дуалдың екі жағынан да алынған, бірақ көбіне ол сырт жағынан алынып

тырған, мұның өзі дуал салумен бір мезгілде ор қазуға мүмкіндік берген.

IX ғасырдың екінші жартысы - X ғасырдағы тұрғын үйлер құрылысында алдыңғы кезеңнің дәстүрі жалғастырылады. Бір және екі бөлмелі үйлердің ішіне тамбур (кіре беріс) арқылы кірген. Тұрғын үйдің қабырғаларын бойлай «г» және «п» түріндегі сәкілер орналастырылған. Үйлер айналасында жақтаулары мен каминдері бар ашық үлгідегі ошақтармен жылытылған. Олардың жайпак түрде жабылған төбесін бір немесе төрт баған ұстап тұрған.

X-XI ғасырлардағы үйлердің қалдықтары Күйрықтөбе қала жұртында қазылып зерттелді. Мұнда екі бөлмелі үйлер тұрғын жай мен қоймадан тұрды. Үйге тамбур арқылы кіретін болған. Бөлмеде қабырғаларды бойлай, ені 1-1,5 м және биіктігі 0,3-0,4 м болатын «п» түрінде сыпа (сәкі) салынған. Ортасында, еденде жақтауы бар антропоморфтық алаңша түріндегі ошақ орналасқан. Оның көлемі 1,2х1,5 м, алдыңғы жағы дөңгелек, оған жақын жерде от жағатын шұңқыр тұр. Кіре беріске қарама-қарсы жақтаумен бөлінген шаруашылық орны бар, оған тас диірмен қойылып, еденін қазып, ыдыс кемілген.

Сәкінің бір шетіне тандыр қосып сыланған биіктігі 0,6 м жуан сөре орнатылған. Тандырдың қасындағы қабырғаға шаруашылық қуыстары жасалған. Үйдің төбесі жалпақ және төрт бағанмен тірелген. Басқа үйлердің ішкі көрінісі осыған ұқсас, тек болмашы айырмашылықтары ғана байқалады.

Күйрықтөбеде қазып аршылған XII-XIII ғасырдың басындағы тұрғын үйлерде мұнан да басқа елеулі өзгерістер аңғарылады. Ұзынынан тізбектеле орналасқан үш бөлмеден тұратын тұрғын үйлер сақталған.

Жаңа үлгідегі бөлмелері айқастыра орналастырылған (крест тәрізді жоспарланған) үйлер пайда болады. Ұзын жағымен бас көшеге кесе көлденең тұрғын үй үлгісі пайда болды. Үйдегі бір қатарға тізбектелген бөлмелер саны екеу немесе үшеу. Бұл үлгідегі үйдің айқын бағдары жоқ, жеке бөлмелерінің қандай мақсатқа арналғаны аңғарылмайды.

Бөлменің ішкі көрінісі өзгереді. Сәкілер бөлменің жартысын, тіпті бүкіл көлемінің үлкен бөлігін алып тұрады, бұл орайда еден деңгейі тек өтер жерде немесе кіре беріс алдында ғана сақталады. Ашық ошақтардың айқын тікбұрышты бейнесі сақталмаған. Бұл

ошақ шұңқырлары мейлінше алуан түрлі: сопақша, дөңгелек, таға тәрізді болып келеді.

IX-XIII ғасырдың бас кезінде Оңтүстік-Батыс Жетісуда да тұрғын үйлердің жаңа үлгілері таралады. Олардың біріншісіне орталықтан жоспарлау тән, оның негізі орталық зал немесе аула болып, тұрғын жайлар мен қора-қопсыларға сол арқылы кірген. Бұлайша жоспарлау бай үйлерге де, қатардағы үйлерге де тән. Құрылыстың көлемі мен ішкі көріністің сипатында ғана болмашы айырмашылықтар байқалады.

Қала сыртына орналасқан бай құрылыстармен қатар ұзын дуалдармен қоршалған аумақта құрылыстың тағы бір түрі болды. Бұлар - ауылдық аймақтың негізгі компоненті болған екі және үш бөлмелі үйлер. Тегінде, мұндай үйлердің көпшілігі ауыл адамдарынікі болса керек, басқалары қатардағы қала тұрғындарының жазғы тұрғын жайлары болуы мүмкін.

Солтүстік-Шығыс Жетісудағы тұрғын үйлер туралы Талғар қала жұртының мәліметтері бойынша айтуға болады. Олар тұрғын үй мен қойма міндетін біріктірген бір камералы құрылыс.

Тұрғын үй мен мал ұстауға арналған кең ауланың ұштастырылуы көңіл аудартады. Бұл - шаруашылығында малшылық тұрмыс салты сақталған халыққа тән үрдіс. Талғар қаласының кейбір үйлерінің аулаларында тұрақты тігіліп қоятын киіз үйлер де болған. Киіз үйдің болуы көшпелі тұрмыс дәстүрінің сақталуын аңғартады. Осы тұрғыдан алғанда да Іле қалалары бір жағынан, жергілікті халық арасындағы отырықшылану үрдістерін, екінші жағынан - қала тұрғындары шаруашылығында мал өсірудің әлі де елеулі рөл атқарғанын дәлелдейді. Бұған бүкіл мекен-жайдың жартысын алып жатқан мал қоралары бар ауланың өзі де айғақ болады. Сонымен бірге тастан, күйдірілген балшық кесектерінен, шикі кірпіштен салынған көп бөлмелі тұрғын үйлер қалалықтардың тұрмысының орнықты болғанын, ал олардың өмірі бірінші кезекте қолөнермен, саудамен және егіншілікпен байланысты екенін дәлелдейді.

Зерттеушілердің есептеуінше өңірдегі ірі қала орталығы - Испиджабта 40 мыңдай адам, Кенже аумағының орталығы Усбаникентте 7 мыңдай адам тіршілік етті. Астаналық орталықтар мен неғұрлым ірі қалалардың тұрғындарының саны 4 мыңнан 10 мыңға шейінгі аралықты құраған. Отырарда 16 мыңдай адам

жасаған. Орташа қалаларда 1,5 мыңнан 3 мыңға дейін адам болса, ұсақ қалаларда 1,5 мыңдай тұрғындар болды. Оңтүстік Қазақстанда барлығы 150-160 мыңдай адам болған.

Шу мен Талас алабындағы қала тұрғындарының жалпы саны 100 мыңдай адамға жеткен. Іле алабындағы қалаларда XI -XIII ғ. бас кезінде 350 мың адам тіршілік еткен.

Қалалардың санының артуы, олардың аумағынын кеңеюі, қала халқының өсуі қолөнер мен сауданың одан әрі дамуына игі әсерін тигізді. Қолөнер өнімін тұтынушылардың құрамы өзгерді. Егер бұрын олар бай көпестер мен диқандар болса, енді қатардағы қоғам мүшелері де қолөнер бұйымдарының негізгі тұтынушысына айналады. XI-XII ғасырларда шағын қолөнер шеберханалары пайда бола бастайды. Сол кездің өзінде-ақ шеберханалар бір салаға мамандандырылды, ал қыш құмырашылар цехтық ұйымдарға біріктірілді.

Қазақстан қалаларынан көп табылған шыны бұйымдары X ғасырға жатады. Сол кезден XIII ғасырдың басына денін шыны бұйымдарының түрлері, үлгілері және жиынтығы өзгермейтіні байқалады. Қазақстанның түрлі қалаларынан табылған шыныларда жақын ұқсастық аңғарылады.

Шыны ыдыстардың дені үрлеу әдісімен, енді біреулері қалыпқа құю арқылы жасалған. Қалып ретінде пайдаланылған қабырғалары мен түптерінде «ара ұясы», шеңберлес сызықтар розеткалар түріндегі ою-өрнектер болды. Үрлеп жасалған ыдыс сыртынан жапсырылған қайырмалармен, шыны тіндерімен және жолақтарымен өрнектеледі, кейде түрлі-түсті жапсырмалары бар өрнектермен безендіріледі. Шынылардың көп кездесуі орта ғасырлардағы қалаларда шыны өндірісінің жоғары деңгейге жеткенін және халықтың мейлінше алуан түрлі топтары пайдаланғанын дәлелдейді.

Қалалық қолөнерде темір бұйымдар жасаумен тығыз байланысты ұсталық кәсіп өте кең таралды. Қала ұсталары әдетте жеке махаллаларға орналасты. Темір кен өндірілетін жерлерде өңделген. Металл да сонда балқытылған. Ұста дүкендеріне темір қорытпалары әзірленген крица, құйма және темір сынықтары түрінде әкелінген.

Темір және шойын бұйымдардың сынықтары әрлендіру материалы ретінде де пайдаланылды.

Нашар сақталуына байланысты ұста дүкендерінің құрылысын көзге елестету қиын. Алматы ұста дүкенінде темір балқытатын көрік шикі кірпіштен қаланған, ол цилиндр тәрізді, түбінің диаметрі 2 метрге жуық. Оның іші күлге, көмірге және төбесінен құлап түскен күйген кірпіштің кесектеріне толы. Көріктің жанында ыдыстар - су таситын торт козе тұрды. Оларда су немесе бұйымдарды шындауға арналған ерітінділер сақталды.

Мыс бұйымдарын жасау барлық қалаларда таралған, оның үстіне полиметалл мен мыс орталықтарына жақын Қаратауда, Қырғыз, Іле және Талас Алатауларында өндірілген. Зерттеушілердің пайымдауынша, мыс кәсіпшілігі маңызы мен шеберлер саны жағынан екінші орындағы мамандық болған. Соның алдындағы кезеңмен салыстырғанда, мыс бұйымдары көбірек мәлім. Мыс шеберлері ыдыс-аяқ, шырағдан, әсемдік заттар жасады. Олар керек жағдайда зергерлер де болып, қымбат тұратын металдармен де жұмыс істеді. IX-XII ғасырлардағы металл бұйымдар негізінен, қола шырағдандар мен оларға арналған тұғырлар болып келеді қолөнер бұйымдарының арасында құмыралар да бар.

Зерттеушілердің пайымдауынша IX-XIII ғасырларда Жетіс күміс бұйымдарын өндіретін орталықтардың біріне айналды.

Қоладан, күміс пен алтыннан білезіктер, шолпылар, сырғалар қапсырмалар жасалды. Зергерлік бұйымдардың арасынан Шымкент көмбесінен табылған, X-XI ғасырларға жататын ширатпаль бұратылған күміс білезіктер өздеріне ерекше назар аудартады. Жетісу-Сырдария аймағына тән мұндай білезіктер неғұрлым кейінгі кезде де жасалынды. Отырардан XIII ғасырдың басына жататын әшекейлердің қызқты жиынтығы табылды. Бұл ұштарында сегіз қырлы басы бар қола білезік, күрделі нақышталған, қола шарлар тізілген шаш ұстағыш, айшықты шыны мен көгілдір ұнтақтан қатырып жасалған моншақтар. Әшекейлердің ең көп тобы - шыны мен түрлі-түсті тастардан - ақықтан, агаттан, хрустальдан, көктастан, яшмадан, інжу-маржандардан жасалынған моншақтар.

Аталғандармен қатар киіз, жіп талшықтары өндірісімен байланысты тері өңдеу, жүн тоқу секілді мал шаруашылығы өнімдерін өңдейтін қолөнер салалары да дамыды. Бірақ мұндай өнімдер сақталмаған.

Сүйектен жасалған садақ қаптамалары, түйреуіштер, шахмат мүсіндері табылған.

Тас өңдеу, негізінен орта ғасырлардағы қала жұрттарында ең көп таралған олжалардың бірі - диірмендер жасауға келіп саяды. Олардың ертедегі орта ғасырларда жасалған түрі бүкіл кейінгі ғасырлар бойында сақталып қалды.

IX-XII ғасырларда Батыс пен Шығысты байланыстыратын Жібек жолы бұрынғысынша белсенді жұмыс істей берді. Оның Қазақстандағы бөлігі Газгирдтен (Қазығұрттан) басталып, Испиджабқа, Таразға, одан Құланға, сонан соң Науакетке, Баласағұнға, Бедел және Ақсу асулары арқылы Шығыс Түркістанға барды. Тараздан Бешташ және Кугарт асулары арқылы Ферғана аңғарына, ал Адахкес және Дех-Нуджикес қалалары арқылы кимектерге (қимақтарға) баратын еді. Бұл жерден сауда жолдары Енисей хакастарына бет алып, ол жаққа әрбір үш жылда бір керуен жібек апарып тұрды.

Испиджабтан керуендер Усбаникет, Кедер, Сығанақ арқылы Янтикентке жетті. Усбаникенттен, Кедер мен Сығанақтан Қаратаудың теріскей беткейіндегі қалалар - Балажж бен Созаққа жол шығып, одан әрі Бетпақдала арқылы Дешті Қыпшаққа барады.

Янгикенттен кимектерге шығатын жол басталып, ол Сарысудан Ұлытау етегіне және Есілдің жағалауымен Ертіс аңғарына өтетін.

X ғасырда керуен жолы Іле алқабы арқылы да өтетін еді. Мұнда жол Шу аңғарынан Қордай асуы, Қастек және Сынтас арқылы келетін. Тальхизде керуен жолы тармақталып бөлінеді. Оңтүстік Іле жолы Есік, Шелек қалалары арқылы Кегенге, одан әрі Шығыс Түркістанға өткен. Екінші тармағы Шелектен Сүмбе қаласына, одан әрі Алмалыққа барған. Солтүстік Іле жолы Жақсылық қаласына, Таңбалы тас шатқалына беттеп, Іле арқылы өткен де, содан соң Екі-Оғыз және Каялық қалалары арқылы Алакөлдің жағасымен Алмалыққа, Тарбағатай арқылы Ертіс анғарындағы кимектерге барған. Солтүстік және оңтүстік жолдар Шелектен Борохудзирге апаратын жолмен қосылып, Іле арқылы өткелден өтіп, одан әрі Коктал, Осек және Хоргос алқабы арқылы Алмалыққа шыққан.

Қазақстанның оңтүстігінде Испиджаб, Кедер, Отырар және Янгикент, Оңтүстік-Батыста Тараз бен Баласағұн, Солтүстік-Шығыс Жетісуда Талғар мен Қаялық ең ірі сауда орталықтары болды.

Испиджабта жабық базар және мата базары болды. Испиджабтың басқа сауда орындары арасында тималар аталады. Бұлар қарабас-маталармен сауда жасалатын арнаулы орындар бар

үлкен керуен-сарайлар еді. Олардың кейбіреулерінде нахшебтіктер мен самарқандықтар тұрған. Сонымен бірге Испиджаб көпестері Бағдатқа дейін тауар апарып, онда Мервтен, Балхтан, Бұхара мен Хорезмнен барған көпестермен бірге Харб ибн Абдаллах әл-Бапхи рабадында тұрған.

Сырдарияның төменгі ағысында Янгикент белгілі сауда орталығына айналады, онда хорезмдік көпестердің қоныстары болған. Бұрынғысынша Тараз транзиттік ірі сауда орталығы болып қала берді, ол жөнінде деректерде «мұсылмандардың түріктермен сауда жасайтын орны» және «көпестер қаласы» деп жазылады. Тараз көпестерінің Исфағанда өз тобы болған, ал соңғысының тұрғындары Шелжеде, Талас алқабында сауда жасаған. Жетісудан Тараз арқылы Таластың жоғарғы ағысында өндірілетін күміс тасылған. Күміс өндірілетін орталықтар Шелже, Текабкет пен Кел қалалары болған. Іле аңғарында Талғар мен Қаялық сауда орталықтары болды.

IX-XIII ғасырлар бас кезінде қалалар мен өлке арасындағы сауда кеңінен дамиды. Қалаға сырттан ауыл шаруашылығы өнімі, негізінен астық, жеміс, ет әкелінген. Егінші халық қала қолөнершілерінен қажетті бұйымдар - керамика, шыны, зергерлік бұйымдар, әшекей заттар алып тұрды.

Қала мен далалық өңірдің арасындағы сауда байланыстары туралы жазба мәліметтер көп. Жәрмеңке сипатында болған сауда көшпелі дүниемен шектес Сауран, Янгикент (Жанкент), Дех-Нуджикес қалаларында мейлінше қызу жүргізілген. Испиджабқа мал шаруашылығы өнімі Дех-Нуджикес арқылы келіп отырған. Сауран оғыздармен жасалатын сауда орталығы болды. Сондай-ақ оғыздар Баладж және Берукет қалаларында да сауда жасаған.

Янгикент арқылы оғыздар Хорезммен сауда жүргізген, ал Хорезм Қазақстан даласы, Еділ бойы, Хазария мен славяндар дүниесі арасында өткел міндетін атқарған. Алқаптар мен қалалардың халқы жылқы, мал, жүн, иленбеген тері, киіз, текемет, сүт өнімдерін құлдар алып отырды. Кейбір қалалар тікелей көшпелілерден алынатын, не әкелінген шикізаттан жасалатын тауарларды сыртқа шығаруға маманданды. Мысалы, әл-Макдиси былай дейді: «Шаштан жоғары сапалы былғары ертұрмандар, жебе салатын қорамсақтар мен шатырлар шығарылған. Тері түркілерден әкеліп иленді... Ферғана мен Испиджабтан - ақ маталармен,

қарумен, семсермен және темірмен бірге түркілерден шыққан құлдар шығарылды. Тараздан ешкі терілері, Шелжеден - күміс, Түркістаннан, сол сияқты Хутталдан бұл жерлерге жылқы мен қашырлар әкелінді». Түркілердің жылқылары ерекше бағаланған. Истахри «Хорасанға қой халаждардан, ал Мауераннахрға ет оғыздар мен қарлұқтардан әкелінеді ... өздеріне керегінен көп мөлшерде жеткізіледі» - деп хабарлайды.

Көшпелілер экспортының маңызды бөліктері арасында мускус пен аң терілерін атау керек. Көшпелілер саудасының маңызды бөлігі құлдар болған. Сонымен қоса дала тайпалары қалаға металл жеткізіп отырған. Оны өндіретін орталықтардың бірі Орталық Қазақстан болған. Әл-Идриси кимектердің темір, күміс және алтын өндіргенін айтады. Көшпелілер өз тауарларына қалалық орталықтардан киім-кешек, маталар, астық, қала қолөнерінің бұйымдарын, сәндік заттар айырбастап алған.

IX-XIII ғасырлардың басында тауар-ақша қатынастары өсті және айырбасты ығыстырып шығарды. Қазақстанның ірі қалаларында, соның ішінде Испиджабта, Отырарда теңге сарайлары болған.

Отырарда қарахандар мен хорезмшахтар кезіндегі теңге сарайы одан әрі жұмыс істеді. Отырар, Құйрықтөбе қала жұрттарында самани теңгелері табылды. Отырарда соғылған Мұхаммед ибн Текештің теңгесі мәлім. Яссыда хорезмшах соқтырған теңге табылды.

Қала халқының көбеюі ауыл шаруашылығының тауарлылығын арттыруды, жерді пайдаланудың барған сайын жетіліп баруын талап етті. Өйткені Оңтүстік Қазақстанның бірқатар алқаптарында, сондай-ақ Оңтүстік-Батыс Жетісу қалаларының ұзын дуалдары ішіндегі суармалы және өңдеуге қолайлы жер көлемі шектеулі болатын. X-XIII ғасырларда Іле өзенінің төменгі ағысында ирригация дамиды.

Алдыңғы кезеңдегі сияқты, қала және ауыл тұрғындары бау-бақша дақылдарын өсіру, жүзім шаруашылығы және үй жанында мал өсірумен айналысады.

Төменгі Барсханда, Қызылөзен қала жұртында шарап ашытатын орындардың қалдықтары табылды, Степанинскінің Ақтөбесінде екі шарап ашытатын орын қазып аршылды, қала тұрғындарының үйлерінде ұралар болып, оларда астық, кептірілген жеміс қоралары

сақталған. Қала және ауыл тұрғындары үй жануарларынан жылқы, сиыр, қой, ешкі ұстаған.

Қала мәдениетінің дамуында жаңа дін - ислам маңызды рөл атқара бастады. VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың орта кезін сипаттайтын дерек көздері Оңтүстік Қазақстан халқы исламдана бастағанын баяндайды. Мұсылман діні бірінші кезекте қалаларда таралды. Ибн Хордадбек Фарабтың бас қаласы Кедердегі мұсылман ұжымдары туралы айтады. Ибн-Хаукаль Фараб, Кенже мен Шаш аралығында көшіп жүретін түркі-мұсылмандар туралы хабарлайды. Әл-Макдиси Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың Х ғасырдың аяғындағы қалаларын атай келіп, мешіттерді қалалардағы міндетті құрылыстардың бірі ретінде атайды.

Исламның таралуымен қатар қала халқы арасында пұтқа табынушылық әлі де сақталады. Зерттеушілер Орта Азия халықтары үшін ислам олардың рухани-діни түсініктерін толық ығыстырып шықпағанын атап өтеді. Муны археологиялық материалдар да дәлелдеп отыр.

Сырдария аймағында қойға табыну ерте заманнан бері болған. Бұл бейне зороастризмдегі фарн құдайымен байланысты. Түрлі халықтарда фарнға таяу кезге дейін асқан бақ-дәулет, бақыт, денсаулық, жаман күштерден қорғайтын және үй-ішінің гүлденуімен байланысты күш ретінде қарап келген. Қалалықтарда бұрынғысынша ерте орта ғасырлардағы секілді отқа табыну болған. Ертедегі діни наным дәстүрлері Жетісуда ерекше күшті болды. Онда исламның таралуына қарамастан, бұрынғысынша зороастризм, несториандық түсініктегі христиан діні, буддизм сақталып қалады. Халық арасында шаманизмнің және басқа ертедегі түркілердің діни-нанымдары күшті болды. Несториандықтың таралғанын несториандық жазулары бар қайрақтардың табылуы да дәлелдейді, бұл моңғолдар келгенге дейінгі уақытқа жатқызылады. Х ғасырда Жетісуда манихей діні күшейді.

## XIII-XV ғғ. бірінші жартысындағы қала мәдениеті

XIII-XV ғ. бірінші ширегінде моңғол шапқыншылығынан кейін Қазақстан мен Орта Азияда қала өмірі біртіндеп қалыпқа түсіп, біртіндеп қайта өрлеу жолына түседі. Бірақ өңірдің жекелеген

аймақтарында қала мәдениетінің тағдыры әрқилы болды. XIII-XV ғ. бірінші жартысында Оңтүстік Қазақстандағы қалалар саны 22-ге дейін, XIV ғ. екінші жартысы мен XV ғ. бірінші жартысында 16-ға дейін қысқарды. XIII ғасырда Талас Алатауының беткейіндегі қалалар қаңырап қалды, тек Сайрамда тіршілік сақталып қалды. Арыстың орта ағысындағы Кенже қаласымен теңдестірілетін Қараспанда, Отырар алқабындағы Отырар, Құйрықтөбе, Кедерде, Весидж бен Шілікте тіршілік бұрынғысындай жалғасты.

Сырдарияның орта ағысындағы қалалардан Яссы өркендеп, бұрынғы астана Шауғар құлдырай бастайды. Жаңа жерге көшірілген Қарашық, сондай-ақ Қарнақ, Шаға, Иқан қалаларында да өмір жалғасты. Сауран қазір дәл осылай аталатын қалажұртың аумағына көшеді. Сырдарияның сол жағалауындағы Артықата қаласы қаңырап қалғанымен, қасынан жаңа Бұзоқ бой көтереді, ал Шашпен шекарадағы Сүткентте адамдар әлі де өмір сүріп жатады. Шапқыншылыққа қарамастан Сығанақ пен Ашнас қалаларында өмір қайтадан жалғасын табады. Осы кезде Үзгент пен Баршынкент белгілі болған, ал Аққорған қаласы алқапқа кеңінен танымал бола бастайды.

Қаратаудың солтүстік беткейіндегі қалалардың жағдайы жақсы болды. Жазба деректерде Паркент (Берукет), Соғылкент, Құмкент, Ұрсоған, Созақ қалаларының аттары аталады.

Қалалардың саны ғана емес, олардың аудандары да қысқарады. XIII-XV ғ. бірінші жартысындағы қалалар ауқымын дәл анықтау мүмкін емес, себебі бұл уақыттағы мәдени қабаттар кейінгі кезеңнің қатпарларының астында қалып кеткен. Бірақ тек осы кезге дейін өмір сүрген қалалардың ішінде Құйрықтөбе 30-дан 8 гектарға, Бұзық-Шілік 17,7 гектардан 12,7 гектарға, Құмкент 11,3 гектардан 23,5 гектарға, Баба-Ата 20 гектардан 12,6 гектарға кішірейген. Қарашық көлемі екі есеге азайды. Сүткент ауданы да қысқара түседі.

Бірақ кейбір қалалардың гүлдене бастағанын айғақтайтын мәліметтер де бар. Археологиялық мәліметтер бойынша Отырар, Сығанақ XIII ғ. соңында моңғолдарға дейінгі кезеңдегі аумағын қайта тіктейді, жаңа Сауран аумағы 44 га жерді құрайды. Сөйтіп, қалалық өмірдің жалпы тоқырауына қарамастан ірі қалалар қайтадан қалпына келіп қана қоймай, ірі саяси (Сығанақ, Сауран) және сауда-экономикалық (Отырар, Кенже) орталықтарға айналды.

Егер Онтүстік Қазақстанда қала мәдениеті қайта өрлеу үстінде болса, Солтүстік-Шығыс Жетісуда XII- XIV ғ. бас кезінде, ал Оңтүстік-Батыс Жетісуда XIV-XV ғ. бірінші жартысында құлдырауға ұшырайды. XIII ғасырда мұнда шапқыншылық қарсаңындағы белгілі 27 қаланың 10-ы ғана, XIV ғасырда 7-уі, ал XV ғ. бас кезінде 5-уі қалды. Қалашықтар саны 40-тан 14-ке кейін 10-нан 4-ке дейін азайды. Қалалық өмірдің жалпылама аясында Тараз бен Жаңа-Талас (Янги-Талас) қалаларынан аздап өркендеуі байқалды. Тараздағы теңге сарайы Жаңа мәнетін қарқынды түрде шығара бастайды.

XIII ғ. ортасындағы деректерде Солтүстік-Шығыс Жетісудың төрт қаласы мен бір қонысы аталады. Сегіз қаладан XIII ғасырға жататын мәдени қабаттар анықталғанымен, олардың тек үшеуінде ғана XIV ғ. бас кезіне дейін тіршілік жалғасын тапқан. Солардың бірі моңғолдар дәуіріндегі Жетісудың бірден-бір ірі қаласы болып саналатын Қиялық (Антоновка) болған. Археологиялық қазбалар қалада теңге сарайы істеп тұрғаны жайлы мәліметтер береді. Қала жұртынан «дәулетті қала тұрғынының» үйі, монша, мешіт және будда ғибадатханасының қалдықтары тауып зерттелді. Қиялықта табылған будда ғибадатханасы Ақбешім және Қызылөзен храмдарына өте ұқсас. Олардың салыну жобасы бірдей - аиналмалы дәлізбен оралған орталық зал.

Қиялық ғибадатханасының ерекшелігі айналма дәліздің тұйықтығында. Ғимараттың аумағы сыртқы қабырғалары бойынша 162x18 метрді құрайды. Оның ортасы төрт жағынан дәлізбен оралған шаршы тәріздес целланы құрайды.

Бірақ дәліздердің барлығы бірдей бірімен-бірі байланыспайды. Оңтүстік-шығыс дәліз басқаларынан қабырға арқылы бөлектендірілген. Дәліздің ені 2,5 метрден 2,8 метрге дейін жетеді. Құрылыстың сыртқы бұрыштарында жартылай дөңгелек тәрізді сыртқа шығып тұратын мұнаралары бар. Құрылыстың қабырғалары сұрғыл-сарғыш түсті шикі кірпіштен (36x36x8 см; 36x18x8 см) өрілген.

XIII-XIV ғасырларда Жетісуда қала мәдениетінің күйреуі басталады. XIII ғ. аяғы - XIV ғ. бас кезінде қала мәдениеті Іле алқабында, XIV ғ. Шу және XV ғ. Талас алқабында жойылып кетеді.

Қала құрылыстары, оның құрылымы, қала махалласының, қоғамдық құрылыстар мен тұрғын үйлердің келбетін Отырар,

ішінара Бұзық қала жұрттарының материалдарын қайта қалпына келтіруге болады.

XIII - XV ғ. бірінші жартысындағы қалалардағы дәстүрлі құрауыштар (компоненттер) қатарына бұрынғыдай моншалар да кірді. XIII ғ. соңғы ширегі мен XV ғ. бас кезіне жататын олардың бірі Отырардан қазылды. Ол оңтүстік қақпадан 200 м батысқа қарай, су қоймасының жағалауында, XI-XII ғасырлардағы моншаның орнына соғылған. Жоспардағы бағыттары бұрынғыдай солтүстік-батыс жақта емес; оған келушілер оңтүстік-шығыстан кірген.

Монша тік бұрышты құрылыс, оның айқыш (крест) тәрізді жоспары айқын аңғарылады. Оның екі кезеңде салынғандығы анықталды. Алғашқыда монша аумағы сыртқы қабырғасынан есептегенде 13,5х16,5 м болған. Бұл кезде орталық залдың аумағы 22 шаршы метр еді, қалған бөліктері суға арналған цистерна бөлмесін есептемегенде аумағы 7,2 шаршы метр болды.

Монша 10 бөлмеден тұрды, оған киім шешетін (ләңгіхана), бу және массаж бөлмесі қызметін атқарған екі бенуарлы орталык зал, жуынатын - ыстықхана мен суықхана бөлмелері кірді. Ол су қоймасынан жер асты галлереясымен келген құбыр арқылы сумен қамтамасыз етілді. Су құбыры суық және ыстық суға арналған цистерна тұрған бөлмеге тартылған. Мұнда төрт резервуар болған. Бірнеше бөлікке бөлінген олар өзара біріккен ұзын цистерна түрінде аршылып алынды. Бұлардың неге арналғандығын ибн Синаның айтқан «адамдар шомылғанда бірнеше ерітінді пайдаланды» деген мәліметі кеңінен түсінуге мүмкіндік береді. Ол кейбіріне өсімдік, күкірт, күл қайнатып салынды, басқаларына темір, тұз, кварц, тотияйын қосылды деп көрсеткен болатын.

Жазбаша деректемелердің айтылуына қарағанда, моңғолдар кез келген қаланы басып алған соң, бірінші кезекте оның бекінісін қиратып отырған. Отырардың дуалдары мен қамалының толық қиратылғаны анықталды, Сығанақ пен Ашнастың да тағдыры осындай болған. Моңғолдар қалалардың бекініс ретінде қайта өрлеуіне кедергі жасады. Марко Поло былай деп жазған: моңғолдар кезінде «әскердің кіруіне кедергі жасай алмауы үшін қалалардың дуалдары мен қақпалары болуына рұқсат етілмеген. Осылайша ауыздықталған халықтар тыныштталады және теріс мінез көрсетпейді».

Қалалар кейіннен біртіндеп дуалдармен қоршала бастады. Отырарда қаланың жаңа дуалы XIII ғасырдың аяғы мен - XIV ғасырдың басында ғана салынды. Дуал түбінің ені 4,8 м, сыртындағы сақталған биіктігі 2 м, ішкі жағынан - 3,2 м. Қабырғалары жалпы биіктігі 2 м-ден 3,5 м-ге дейін өзгеріп отырады. Оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс бұрыштарында шығыңқы сипаттағы мықты жартылай шеңбер түріндегі мұнаралар болған. Дуалдың ең жоғарғы биіктігі - 6,1 м. Ол IX-XI ғасырлардағы дуал блоктары мен төселген күл-қоқыс қабатына негізделген. Отырар дуалының тұрғызылған уақытын XIII ғасырдың аяғындағы Сырдария қалалары үшін күрестің күшеюі кезеңімен байланыстырған жөн. Уақыт жағынан бұл қаланың экономикалық өрлеу кезеңіне де сәйкес келеді.

XIII ғасырдың екінші жартысы XIV ғасырдың бірінші жартысында қалалық тұрғын үйдің жаңа үлгілері пайда болады. Бірінші түрге орталыққа орналасқан шағын ауласы бар екі немесе үш әжірелі үйлер жатады. Үйлердің екінші үлгісіне төрт бөлмеден тұратын тұрғын үй жатады. Бұл крест (айқыш) тәрізді немесе төрт бөлікті болып, онда үй шаршы сияқты болады, ал қоймалар ауланың немесе тандыры бар бөлменің сол және оң жақтарына орналасқан. Үйлердің үшінші түріне екі немесе одан да көп бөліктері бар үйлер жатады. Үйдің ор бөлігі екі немесе үш жайдан тұрады, олардың біреуі міндетті түрде тұрғын жай болады.

Тұрғын үйлер ішкі көрінісінде елеулі өзгерістер байқалады. Қабырғаларды жағалатып «г» немесе «п» тәрізді етіп салынған енсіз ердің орнына бөлменің басым бөлігін алып тұратын сыпалар пайда бола бастайды. Тандыр алдындағы әдетте кірпіш төселетін шағын аланша ғана еден деңгейінде болған. Бөлменің ортасында сыпаның шетінде сыланған кеспелтек ағаштың бөренеің, кірпіш тағанның, тас тұғырдың болуы үй төбесінің бөлме ортасында тұрған бір ағаш діңгекпен тіреліп қойылғанын көрсетеді. Шатырды төрт тіреуішпен жабу әдісі жойылады. Тандыр әмбебап ошақ міндетін атқарады. Ол жылыту құралы және тамақ дайындап, нан пісіруге арналған ошақ болды. Олардың сыпаның ішінен өтетін қабырғаға дейін жалғасқан түтін жүретін мұржасы болған.

Осы кезеңде қалаларда ұсақ тауарлы өндіріспен қатар, натуралдық өндіріс те сақталып қалған. Отырар шеберханаларының материалдары бойынша бірінші кезекте үйінің жанындағы өз

шеберханасында жұмыс істейтін жеке өндірісі бар тауар өндіруші болған. Қаланың орталық бөлігінде де, құмырашылардың жеке қоныстары мен махаллалары бар қала іргесінде де қолөнердің шоғырланғаны байқалады. Қолөнершілер арасында мүліктік жіктелу байқалып отырады. Бұл шеберхана көлемі, пештер саны, баспана интерьерінде қолданылған күйдірілген кірпіштер сипатынан да көрінеді.

Отырар шеберханаларының қазба материалдары қалада қолөнершілердің серіктестіктері (цехтық бірлестіктер) де болған деп жорамалдауға негіз береді. Сонымен қатар қолөнершілердің мамандануы моңғол шапқыншылығына дейін болған.

Кірпіш күйдіретін пештер мен шеберханалар санының көп болуы құрылыс жұмыстарының кең құлаш жайғанын дәлелдейді. Қола айналар өндірудің едәуір ұлғайғаны байқалады. Отырар осы кезде Орта Азияда пайда болған айна жасайтын жаңа орталықтардың бірі болуы керек.

Отырардан табылған XIII ғасырдың 60-жылдарында жасалған деп саналатын күміс заттардың көмбесі күмістен жасалған бұйымдар өндірісінің технологиясы, әшекейлердің түрлері және сипаты жайлы мәліметтер береді. Көмбеден табылған зергерлік бұйымдардың бір бөлігін Оңтүстік Қазақстан калаларының қолөнершілері жасаған.

Бұлар - түп негізі XI ғасырдың өзінде-ақ Оңтүстік Қазақстан, Жетісу аудандары мен Орта Азияның солтүстік аудандарынан мәлім шиыршық тәрізді білезіктер. Білезіктерді дайындаған кезде түрлі сипаттағы күміс шанышқылар мен ширатпалар пайдаланылған.

Отырардың жылтыр білезіктері неғұрлым жоғары сапалы күміспен қапталған дөңгелек күміс кесегінен жасалған.

Қалаларда бұрынғысынша түрлі түске құбылып тұратын жасыл, көк, көгілдір, қызыл, сары және қою-қошқыл шыныдан ыдыстар жасау дамыды. Бұйымдардың түр-түрі көп, олар - қақпақтар, тостағандар, бокалдар, рюмкалар, графиндер.

Бұйымдардың бір бөлігі қалыпқа келтіріліп үрлеу кезінде жасалатын басу, шеңберлер, ромбылар түрінде бедерлі өрнекпен әшекейленген, басқа біреулері пісірілген талшықтардың нақ өзіндей немесе басқа түсті шиыршықтардың, қайырмалардың арқасында неғұрлым әдемі көрінеді. Шыныдан әшекей заттар - көз салып

безендірілген білезіктер, түрлі-түсті шыны талшықтарынан жасалған білезіктер, моншақтар, ұсақ моншақтар дайындалған.

Қалаларда дәстүрлі сүйек ою кәсібі дамыған. Олжалар арасында дөңгелек өрнекпен безендірілген пышақ саптары, түймелер мен қарсы ілгектер бар. Жылқы мен сиырдың ұзын сан жіліктерінің сүйектерінен жүн өңдеуге арналған жылтыратқыш, қой мен ешкінің жұқа сүйектерінен біз бен түйреуіш жасалған. Үй жануарлары мен жабайы аңдар - киіктің, қара-құйрықтың, бұғының мүйіздері шикізат ретінде пайдаланылған.

Тастан диірмен, әр түрлі шой балғалар, келсаптар, сүргілер, қайрақ тастар дайындалған. Өкінішке қарай, тоқыма кәсібін кілем тоқу ісін және басқа да қала қолөнерін дәлелдейтін айғақтар аз сақталған, бірақ олардың дамығаны даусыз. Мысалы қала тұрғындарының үйлерінен табылған мақта қауашақтары, ұршық бастар тоқыма кәсібінің дамғанын көрсетеді.

Халықаралық сауда және керуен жолдары бұрынғыдай істеп тұрған. Қытай мен Монғолияны Орта Азиямен, Орта және Таяу Шығыспен, Европамен жалғастырып жатқан Жетісу жолында бұрынғыдай жүргіншілер көп болды. Европаны Азиямен жалғастырып жатқан жол маңызды болды. Ол оңтүстік орыс даласы, Еділ бойы арқылы Оралға, одан әрі Хорезмге, Сырдарияға және Жетісу арқылы Алмалық пен Моңғолияға өтетін. Плано Карпини мен Вильгельм Рубрук дәл осы жолмен жүріп өткен. Плано Карпини жолын кейінірек ішінара Андре де Лонжюмо миссиясы қайталаған

Мөңке хан келгеннен кейін өзара қырқысты соғыстар өршіді. Орта Азия мен Жетісу арқылы өтетін жолмен жүру қауіпті болды. Тек XIV ғ. 20-30 жылдары ғана моңғол иеліктерінде қайтадан халықаралық саудаға қолайлы жағдай орнады. Көпестер мен миссионерлер бұрынғыша Кафадан Таңға, Көне немесе Жаңа Сарайға, Үргенішке, Отырарға, Алмалық пен Ханбалыққа сапар шегіп отырды. Балдучи Пеголоттидің (1340 ж.) есептеуінше бұл жол 290 күнге созылды. Халықаралық сауда нәтижесінде Батысқа жібек, әшекей бұйымдар жеткізілді. Деректер бойынша Пеголотти көпестерге өзімен кездеме маталар ала барып, оларды Үргеніште сатуға және татар елдерінде өтімді күміс жамбылар жинап алуға кеңес береді. Аталған тауарлар ішінара Оңтүстік Қазақстанның қалаларында қалып отырды. Халықаралық сауданың кең көлемде

жүргізілгенін жоғарыда аталған күміс көмбе дәлелдей алады, онда Алмалық, Еміл, Пулад, Жент, Қырым, Сивас теңгелері бар. Көмбе бұйымдарының бір бөлігі, мысалы, жоғарыда суреттелген құрама мәдени өмірдегі өрлеу бұл жерлердің Темір империясының құрамына кіруімен белдіктің белшектері мен ұйғырша жазбасы бар қалақшалар Орта Азиядан, Шығыс Түркістаннан, кіші Азиядан шыққан.

Халықаралық саудамен қатар жергілікті, облыс ішіндегі сауда да дами бастайды. Тауар-ақша қатынасына дала тайпалары да тартылды. Көшпелілер қабірлерінен, қоймаларынан табылған монет олжалар көп.

Қазақстан аумағындағы ақша айналымы тарихын осы кезеңдегі Орта Азия ақша өндірісінен бөліп қарастыруға болмайды. Шағатайлықтар империясындағы ақша өндірісі дамуын үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең моңғолдардың Орта Азияны жаулап алғаннан кейінгі ширек ғасырлық уақыт, шамамен XIII ғ. ортасына дейінгі аралық жатады. Екінші кезең шығарылған жеріне қарамай барлық Шағатай мемлекетінде жүрген сапасы төмен алтын монеттер шығарумен сипатталады. Аясы тар айналым үшін күміс жалатылған мыс дирхемдер шығарылды. Бухара, Самарқанд, Ходжент пен Отырарда монет сарайлары жұмыс істеді. Осы кездері ұсақ ақша саудасы да жанданды. Айталық, Отырарда хижраның 649 жылынан (1251-1252 жж.) 662 жылына (1263-1264 жж.) дейін тек қалада ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан, Ташкент, Ферғана аудандарында күміс жалатылған мыс дирхемдер саудада жүрген.

Үшінші кезең хижраның 670 жылында (1271-1272 жж.) басталған Масудбектің ақша реформасынан бастап есептелінеді. Реформа Орта Азия, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың көптеген қалалары мен облыстарында бағалы күміс теңгелерді тұрақты соғып тұратын етті. Қазір XIII ғ. соңғы ширегінде жұмыс істеген 15-тен астам теңге сарайлары белгілі болып отыр. Олардың арасында Отырар, Тараз, Кенже, Жент, Қиялық сарайлары бар. Нумизматикалық мәліметтерге қарағанда, Қазақстанның оңтүстігі мен Талас алқабы сауда-саттық үшін қолайлы жағдайда болып келген.

1321 ж. Кебек хан жаңа күміс теңгелер - «кебектерді» айналымға енгізді. Бұрынғысынша Отырар, Тараз бен Кенжеде

монеттік өнімдер көптеп шығарылды. XIV ғ. екінші жартысында Сығанақта да монеттер соғылды.

Оңтүстік Қазақстан қалаларында келесі экономикалық және мәдени өмірдегі өрлеу бұл жерлердің Темір империясының құрамына кіруімен байланысты. Мұны XIV ғ. соңы мен XV ғ. ортасында Самарқандта, Бұхарада соғылған көптеген мыс монеттер нақтылай түседі. Осы уақыттарда Ұлықбек те Отырарда мыс теңгелер соқтырады. Отырарда табылған Астрабад, Герат, Йезд, Кашан, Құм, Шираз қалаларында соғылған күміс монеттер көмбесі - Оңтүстік Қазақстанның сыртқы сауда байланыстарының нақты көрсеткіші.

Моңғол шапқыншылығы ауыл шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізді. Дегенмен Қазақстанның оңтүстігінде шаруашылық біртіндеп дами бастайды. XIII ғ. ортасы мен XV ғасырда Сығанақта, Сырдарияның сол жағалауында, Отырар төңірегінде суландыру жүйелері қалпына келтіріледі. XIII ғ. соңы - XVI ғасырда Арыстан тартылған басты каналдар арқасында Отырар-Құйрықтөбе-Алтынтөбе-Күйікмардан қалашықтарының арасында төртбұрышты егіншілік алқабы қалыптасады.

Түркістан, Сауран, Аркөк, Аққорған, Созақ қалаларының жанындағы табиғи аймақтарда да адамдар өмір сүре бастайды.

XIII ғ. ортасына қарай Іле алқабында егіншілік мәдениетінің күйреуі нәтижесінде Жетісуда өзгеше жағдай қалыптасады. Қоныстардың қиратылуы, егін егетін жерлерді жайылымға айналдыру саясаты XIII ғ. соңына қарай Іле алқабының көшпелі мал шаруашылығы ауданына айналуына алып келді.

Осындай жайт Оңтүстік-Батыс Жетісудан да байқалады. Өзара қырқыстар, билік үшін күрес, ауылдық қоныстар мен қалалардың қиратылуы XIII ғ. ортасына қарай егіншілік мәдениеттің (соның ішінде Талас алқабында) күйреуіне алып келді.

Моңғолдар шапқыншылығы күйзелткеніне қарамастан, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы қала мәдениетінің дәстүрлі дамуы тоқтала қойған жоқ. XIII-XV ғасырларда пайда болған инновациялар алдыңғы кезеңдегі мәдениет дамуындағы үзілісті немесе одан қол үзуді білдірмейді. Мұндай құбылыстар моңғолдар жаулап алған аймақтағы дамыған қалаларға да тән еді. Қазақстанның оңтүстігінде бұл сәулет өнері секілді салалардан байқалды. XIV - XV ғасырлардағы архитектуралық нысандарды

зерттеушілер әлемдік сәулет өнерінің жарқын құбылыстарына жатқызады. Солардың бірі XV ғасырдың бас кезінде тұрғызылған Ахмет Яссауи кесенесі болып табылады. XV ғасырда салынған архитектуралық құрылыстар арасынан қазір қирап қалған Сығанақтағы Көккесене белгілі. XIV ғ. соңы мен XV ғ. бас кезінде Отырар маңындағы Арыстанбаб кесенесі салынған.

Мешіт, медресе, кесене құрылыстарының салынуы қала тұрғындары арасында мұсылмандықтың кеңінен таралғандығын білдіреді. Қала тұрғындары арасында сопылық ілім кеңінен таралды. Үй құрылысында, оның жоспарында және баспана интерьерінде көптеген элементтер сақталады. Қыш ыдыстар өндірісінде, әсіресе олардың тұрпаты мен ою-өрнектерінде дәстүрлілік байқалады.

## XV ғ. екінші жартысы - XVIII ғ. бас кезіндегі қала мәдениеті

Бұл кезеңдегі Қазақстан қалалары, бірінші кезекте Сырдария бойындағы Ясы-Түркістан, Отырар, Сығанақ, Сауран, Созақ, Сайрам қалалары туралы жазба деректерде едәуір толық баяндалған. Алдыңғы дәуірмен салыстырғанда деректердегі қалалар саны 20-ға дейін кемейген, ал археологиялық зерттеулер бойынша XV ғ. екінші жартысы - XVIII ғасырдың басымен мерзімделетін қала жұрттарының саны 23-ке дейін азайып кеткен.

XV ғ. екінші жартысындағы жазба деректерде Солтүстік Қаратаудың Ұрысоған, Соғылкент, Құмкент қалаларының аттары кездеспейді. Археологиялық зерттеулер сол қалалармен теңдестіріліп жүрген қала жұрттарының XV ғасырдың аяғы - XVI ғасырдың басына қарай бос қалғанын көрсетеді. Сырдарияның төменгі ағысында - Жанқала, Қызқала қала жұрттары, Бөген бойындағы Бұзықтөбе (Шілік), орта Сырдария ағысындағы Құйрықтөбе мен Оксус (Оқсыз) қала жұрттары тіршілігін тоқтатады. XV ғ. ортасынан бастап Отырар төңірегі қаңырап қалды. XVI ғасырға қарай оның аумағы бір гектардан сәл-ақ асты. Бүкіл қала тіршілігі орталық төбешік маңына шоғырланды. Сайрам, Сығанақ, Ұзкент, Созақ қалаларының аумағы да тарылады. Олардың рабадтары қаңырап, қалалық тіршілік мейлінше бекіністі орталыққа ауысады.

Өңірдің XVI-XVII ғасырлардағы саяси-экономикалық өмірінде Сырдарияның сол жағалауындағы Аркөк, Құжан, Аққорған, Үзкент қалалары маңызды рөл атқарды. Қаратаудың солтүстік беткейіндегі Сайрамның маңызы артады. Ясы-Түркістан бүкіл Оңтүстік Қазақстанның дәрежесіне дейін тез арада көтеріледі. Бұл кезде ол оңтүстік аймағының діни-рухани орталығына айналған болатын. Сол кезден бастап қала өлкенің Темір ұрпақтары, Шайбани ұрпақтары әкімдерінің орталығына, ал сонан соң қазақ хандарының астанасына айналады. Қалада XVI ғасырдың 60-жылдарында теңге сарайы қарқынды жұмыс істейді.

Соңғы ортағасырлық қала жұрттарының топографиясында «хисар» мен қала төңірегіндегі аудандар байқалады. Хисар бұл кезеңдегі қаланың халық тығыз тұратын, үкіметтік үйлер, әскери бөлімдер, жұма мешіт, басты базарлар мен қолөнер шеберханалары, қаланың негізгі топтарының тұрғын үйлері шоғырланған бекіністі дуалмен қоршалған орталық бөлігі. Кейде хисардың ішінде қосымша бекінісі бар цитадель айқын байқалады. Мұндай бекіністер Яссы- Түркістан, Сығанақ, Қараспан, Сүткент, Аққорған қала жұрттарының топографиясына да тән. Дуалдың сыртындағы қала төңірегіндегі аумақ ауылдық өңір болған және оның өмірі хисардың өмірінен күрт ерекшеленген.

Оңтүстік Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қалалары көбінесе дөңгелек сипатта болған моңғолдарға дейінгі жоспарда салынған. Ал дәстүр бойынша тік бұрышты етіп жоспарланған қалалар оны кейінгі кезде де сақтап қалған. Бұған Сайрам мысал бола алады.

Жазбаша деректердің авторлары уәлаяттың әкімшілік орталығына, дуалмен қоршалған ірі елді мекенге әдетте парсыша «шаһар» терминін қолданған. Мұндай термин Сайрам мен Ясы-Түркістанға қатысты ғана қолданылған. Уәлаят орталықтары үшін Ясы, Сайрам, Отырар, Сауран, Сығанақ, Созақ үшін «қала» термині пайдаланылған. Неғұрлым шағын елді мекендер Аркок пен Құжан да кейде дәл осы терминмен аталған. Барлық қалаларға «қалашық», «шағын мекен» дегенді білдіретін «балада» (қалашық, орын) немесе «маузи» (егіншілік елді мекені, қоныс) терминдері де қолданылған. Шығыс авторларының нақты бір елді мекенге байланысты әр түрлі терминдерді қолданғанына қарамастан, олар сол мекендердің сауда-саттық маңызын, қолөнердің, мешіттердің болуын атап көрсетеді.

Қалалардың кейбіреулері әрбір тарихи-мәдени аудан үшін дәстүрлі орталық болды. Мысалы, Сайрам - Талас Алатауының етегі өңірі үшін, Отырар - Арыстың төменгі жағалауы үшін, Сауран Сырдарияның орта ағысы үшін, Сығанақ Сырдарияның төменгі ағысы үшін, ал Созақ - Қаратаудың солтүстік баурайлары. Басқа қалалар мәртебесі бойынша қалашықтар болды. Жазбаша дерек көздеріне қарағанда сол уақыттардағы қалалар да, қалашықтар да аграРЛЫҚ сипатта болған. Сонымен бірге оларды ауылдық қОНЫСтар деп есептеу дұрыс емес, себебі оларға қолөнер мен сауда тән еді. Тіпті аумағы ең шағындары да көшпелілермен мәдени-экономикалық байланыстардың өзіндік орталығына айналған болатын.

Қаланың сұлбасын құрайтын көшелер жүйесі едәуір күрделі болған. Мысалы, Отырарда оңтүстік және солтүстік кіреберістерді жалғастыратын орталық магистральдан басқа, меридиан бағытта созылып жатқан, оны тағы да кесіп өтетін алты көше болғандығы анықталды. Махалла бұрынғыдай кейінгі орта ғасырлық қала құрылысының да негізгі болып қала берді.

Отырар махалласы бір-біріне жапсарластырыла әрі тығыз салынған, тұрғын үйлерден тұратын тік бұрышты, трапеция тәрізді және көп бұрышты түрде болды. Әдетте, үйдің есігі магистраль немесе махалла ішіндегі көшеге қаратылды, ал кіріп-шығу шағын көшелер арқылы жүргізілді, қажет жағдайда ол үлкен қақпалармен жабылса керек. Махалла 6-20 үйден тұрды және аумағы 1500 шаршы метрден аспады.

Ран, Күлтөбе Сауран, Қотан, Бұзық қала жұрттарында да осындай махаллалардың қалдықтары табылды. Махалла қаланың аумактық бөлшегі ғана емес, сонымен қатар әкімшілік бірлігі де болған. Өйткені қаланың билік орындары қаланы махаллалардың ақсақалдары арқылы басқарып отырды.

Археологиялық артефактілер бойынша махаллалар біртектес болған. Оларды «Бай» және «кедей» деп бөлуге негіз жоқ. Әрбір махаллада көп бөлмелі екі-үш үлкен үй, бір, екі және үш бөлмелі бір-екі үй бар, қалғандары ауданы жағынан бірдей үйлер.

Махаллалардың тұрғындарының кәсіптік құрамы әртектес болып келеді. Отырарда бір махалланы ғана «қыш-құмырашылар махалласы» деп сипаттауға болады. Басқа махаллалардың бәрінде әр түрлі мамандардың үйлері аралас орналасқан. Бір махаллада

қыш-құмырашылардың да, темір ұсталарының да, тас өңдеу мамандарының да, тоқымашылардың да үйлері кездеседі.

Оңтүстік Қазақстандық кейінгі ортағасырлық қалаларда жазба деректерде айтылатын мешіт, кесене, медресе, ханака секілді құрылыстардың болғандығын археологиялық мәліметтер растап отыр. Қазіргі танда XVI ғасырдағы Сауран медресесі, XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдағы Отырар мешітінде қазба жұмыстары жүргізілді.

Қаланың қоғамдық құрылыстары қатарына кіретін моншалардың бірінің қалдықтары Түркістанда сақталып қалған. Күйдірілген кірпіштен салынған сегіз бөлмеден тұратын көп күмбезді бұл ғимараттың ауданы 400 шаршы метр болған. XVI – XVII ғғ. салынған бұл монша XIX ғ. ортасына дейін істеп тұрған. Осы кезеңдегі моншаның ерте кездердегі отырарлық моншадан еш айырмасы жоқ.

Дала билеушілерінің Сырдария қалалары үшін жүргізген қиянкескі күресі барысында бірінші кезекте қалалардың өздері зардап шекті, бұл кезеңде олардың әрқайсысында күшті бекініс жүйесі болуға тиіс еді. Соңғы орта ғасырлар тарихшыларының шығармаларында қала қабырғаларының биіктігі мен беріктігінің орлар тереңдігінің мейлінше әдемі суреттелетіні тегін емес. XVI ғасырдың соңғы ширегіндегі Сауранның қалалық бекіністерінің сипаттамасын жасаған сол замандағы автордың бірі «кіретін және шығатын есіктері» бар бекіністі қорғандарды, бекіністі дуалды (баре), орларды (хандак) атайды. «Бекіністік ор жағасының сырт жағынан биік болғаны сонша, - деп жазады ол, өзенге ұқсайтын ... Осы ордан қорғанның басына дейін елу гяздай болатын ... ».

Сауранның бекініс құрылыстарының қалдықтары осы кезге дейін керемет әсер қалдырады. Сауранның дуалы шикі кірпіш араластырып қаланған күйдірілген балшық блоктармен салынған. Оның сақталып қалған биіктігі қазірдің өзінде 6 метрге жетеді.

XVI - XVIII ғасырлардағы тұрғын үйлер алдыңғы уақыттағы ддаму бағытын жалғастырды. Бірақ олармен салыстырғанда үй-жайлардың ішкі безендірілуінде кейбір жаңа элементтердің пайда болғанын көреміз. Тандыр түпкі бұрыштан есікке жақындатылады. Ташнауға арналған орын екінші кезектегі жайды, ауланы, не айуанды, не тұрғын жай мен қойманы «жинақтайтын» тәрізді. Ташнаулар тек тұрғын жайларда ғана емес қоймалар мен аулаларда

да болған. Орталық тұрғын үй бөлмесінің көп бөлігін алып тұратын сыпалар еденнен 30-40 см жоғары болған. Оған аузы сәкінің шетіне шығып тұратын тандыр орнатылған. Мұржа тандырдың қабырғасындағы дөңгелек тесіктен басталады, ол сәкі астынан қабырғаға немесе бұрышқа дейін ең қысқа жолмен салынған. Мұржа үйдің қабырғасындағы тік қуысқа қосылған. Тандырдың тұсындағы сәкінің бұрышына көлемі 0,5 – 1,0 х 0,5 – 1,0 м болатын төрт бұрышты сөре орнатылған. Ол көмір шоқтарына арналған жер болған. Үй-жайдың жалпы безендірілуінде тандыр мен оның алдындағы ташнау алаңшасы шаруашылық істері атқарылатын жер болып табылады. Мұнда сыпа үстінде, тандырдың жанында әдетте қыштан жасалған ыдыс тұрады. Ташнаудың жиегінде немесе алаңшада диірмен тастары жатады. Тұрақты пайдаланылатын диірмен тасы ретіндегі арнаулы дөңгелек сәкі де кездеседі.

Тұрғын жайлардың бұрыштарына ұралар жасалып, көзе, құмыра түріндегі ыдыстар көмілген. Ал кейде бөлменің ортасында, бұрышына жақын жерде саңылау тәріздес ұра болған. Бөлменің қабырғаларында керек-жарақтарды сақтауға арналған сөрелер жасалған. Сәкілерге қамыстан немесе шиден тоқылған төсеніштер төселіп, олардың үстінен киіз, мақта салынған көрпе жайылған. Қазба жұмыстары кезінде шилердің іздері мен шірінділері, сондай-ақ киіздер мен мақта салынған көрпелердің қалдықтары табылды. Қоймалар астық қорларын және сұйық тағамдарды сақтауға арналған.

Үйлердің бір бөлігінде шағын аулалардан басқа, махалла ішіндегі шағын көшеге қаратылған үсті ашық дәліз бар. Ол тегінде, мал ұсталатын қаша ретінде пайдаланылса керек. Сәті түсіп анықталғанындай, мал сонымен бірге үйлердің арнаулы орындарында немесе үйлер арасындағы қашаларда ұсталған.

Тұрғын үйлер тік бұрышты шикі кірпіштен тұрғызылды. Шаршы тәріздес, жан-жағы 24-26 см, қалыңдығы 4-6 см күйдірілген кірпіштер еденге, сыпа (сәкі) бұрыштарына, пештің аузына пайдаланылды. Сондай-ақ саз балшықтан өрілген қабырғалар мен далда (қалқа) кездеседі. Құрылыс ісінде каркас конструкциялары да қолданылады.

Соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үйлерге талдау жасау оның алдыңғы кездегі тұрғын үйлермен байланысын көрсетеді. Мәселен, ортадағы жай, бұрынғысы сияқты, тұрғын үй және шаруашылық

міндеттерін біріктірген. Онда әртүрлі орындар - бүкіл сыпа бетін алып жататын тұрғылықты жер, тандырмен қатар және бөлменің бұрыштарындағы ташнау алаңы шегінде орналасқан шаруашылық бөлімі айқын аңғарылады.

Алайда, соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үйдің жоспарлануы мен тұрғызылуында дәстүрлі сипаттардың сақталуымен қатар жаңа белгілер пайда болады. Үйлерде бөлмелердің саны (5-6 бөлмеге дейін) көбейеді, олардың әрқайсысының неге арналғандығын анықтау қиын. Жартылай жабық аулалардың жаңа үлгісі пайда болады.

Оңтүстік Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қалалық тұрғын үйі көршілес аймақтардағымен едәуір дәрежеде ұқсас болып келеді.

Соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үйлердің XIX - XX ғасырдың басындағы қазақтардың тұрғын үйлерімен ұқсастықтары бар. Этнографиялық зерттеулер қазақтардың қыстауларында шикі кірпіштен жасалған қабырға-қалқа арқылы 2-3 бөлмеге: тұрғын жайға, ас үйге және қоймаға бөлінген біртұтас тұрғын үй болғанын көрсетті. Әдетте, биіктігі 1,5 метрге дейін жететін қалқалар бөлменің төбесіне дейін жетпеген. Олар үйдің ішін жылытқан, өйткені қабырғаның қуысына орнатылған саз балшық пеш - «қазандыққа» текшелер ішінен өтіп, түтінді сыртқа шығаратын түтіндікпен қамтамасыз ететін болған.

Сонымен бірге түтін тура шығатын әдеттегі пеш-қазандық кездеседі. Олар жартылай жертөлелерде пайдаланылған, оларда да мұржа сыртқа шағын саңылау арқылы шығарылған. Сірә, мұржалары және түтін шығаруға арналған арнаулы қуыстары бар текшелерінің болуынан соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үй дәстүрлерінің белгілерін көруге болады.

Қазақ қыстауларындағы «қоржын үй» үлгісіндегі ұзынша үйлердің жоспарлануы соңғы орта ғасырлардағы «сызықтық» немесе «анфиладтық» деп аталатын тұрғын үйлердің жоспарлануына жақындайды. Қазақтардың қысқы тұрғын үйлерінің бұрыштарында дән қоймалары мен қамбалар, шаруашылық ұралар жасалған. Қабырғаларында ыдыс-аяққа, ұсақ-түйек құрал-саймандар мен шырағдандар қоюға арналған ойықтар ғана болған.

Соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үй Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен қыстақтарында, нақ ортағасырлық қала мәдениеті

болган аймақта қазіргі заманға дейін өзгеріссіз дерлік сақталған. Мұндай тұрғын үйлер Түркістан, Қарнақ, Икан, Созақ, Шымкент, Сайрам, Манкент, Қарабұлақ, Қарамұрт қалаларында тіркелген.

XVI – XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қала жұрттарынан бұрынғы кезеңдердегідей қыш ыдыстар көптеп кездеседі. Өндіріске мамандану өріс алғандығы байқалады. Ірі шеберханаларда су таситын құмыралар, екі құлақты ыдыстар мен хумдар секілді бұйымдардың белгілі бір түрлері жасалды. Ашық аулаларда орналасқан пеші бар шағын шеберханалардан да мамандандырылу сипаты байқалады. Олар ұсақ және сырланбаған пиала, кесе, тостаған түріндегі ыдыстарды өндірді.

Ұсталық және металлургия бұрынғыдай қалаларда кең таралған. Қала жұрттарынан табылған крицтер мен темір балқытатын пеш қалдықтары өте көп. Жер жыртатын құралдардың екі жалпақ темірден жасалған түріндегілер табылған. Соғылған құралдармен қатар құйма құралдары да ұшырасқан.

Қолөнершілер шойыннан қазандар да құйып шығарған. Шойыннан дөңгелектердің тығындары да жасалған, әдетте, олар құйып істелген. Бірнеше темір кешен табылды. Темірден орақтар мен балта-шоттар, тұрмысқа қажетті үшкір сымдар, шынжыр сақиналар, ілгектер, шегелер дайындалды.

Мыс өңдеу қаланың қолөнер кәсіпшілігінде бұрынғысы сияқты зор рөл атқарды. Қоладан құйылған бұйымдардың саны көп. Үлкенді-кішілі әр түрлі қоңыраулар, құмыралардың қоладан құйылған тұтқалары және басқалар. Отырардағы қазба жұмыстары кезінде қоңыраулар және басқа да бұйымдар құюға арналған кішкене қалыптар табылды.

Білезіктердің сынықтары көп табылған, бірақ өсімдік және нүктелі қақтаумен безендірілген бүтіндері де бар. Білезік ұшы кейде жыланның басы тәрізді етіп жасалды.

Зергерлер кәсіпшілікте түрлі-түсті тастарды: сердоликті, қызыл тасты, яшманы, нефрит, агат, гагатты, серпентиндерді, тау хрусталын кең пайдаланған. Тастар моншақтар, жүзіктердің көздерін дайындау үшін, сондай-ақ, жүзіктердің өздерін өңдейтін материал ретінде қолданылған.

Серпентиндерден, яшмадан, нефрит пен лазуриттен жасалған ромб тәрізді алқалар тобы да ерекшеленеді. Сондай-ақ түрлі-түсті тастардан қарсы ілгектер, жапсырмалар және басқа заттар жасалған.

Зергерлік өнер жоғары даму деңгейінде болған. Шеберлер әр түрлі техникалық тәсілдерді: қақтау, құю, соғу, қалыптау, оймалау, қаптап ширату, алтын жалату, күміс ойып орнату әдістерін білген және қолданған. Олар күміс және қола сымдар дайындау, түрлі түсті тастарды қырлау мен тегістеу, тесу әдісін білген.

Жоғары дамыған зергерлік өнер дәстүрі Қазақстанда XIX-XX ғасырдың басында да сақталып, дами түсті. Зергерлер басқа да қолөнершілер мамандарынан ерекше болды. Олардың өнімдері сырттан әкелінген бұйымдармен бәсекеге ойдағыдай төтеп берді. Көптеген әшекейлердің өзіндік ерекшелігін, олардың пішімін, өрнектердің үлгілерін атап өту маңызды, олардың арғы үлгілері Қазақстанның орта ғасырлардағы қалалары қолөнершілерінің өнерінде жатыр.

Қола құюшылар белбеулерге айылбастар мен жапсырмалар, көшпенділерде зор сұранысқа ие түймелер мен көзі жоқ сақиналар дайындалды. Құюмен қатар металл өңдеудің басқа әдістерін: қалыптау, оймалау, т.б. пайдаланды. Сірә, мыс пен қоладан бұйымдар жасау техникасына мамандану орын алса керек.

Шыныдан ыдыс-аяқ пен әшекейлер (моншақ, алқа) жасалған. Ыдыстар арасында саптаяқ, тостағандар, бокалдар, графиндер бар. Жасыл, сары, қызыл және қызғылт шыныдан жасалған маржан кезіккен.

Сүйек өңдеу дәстүрлі қолөнер болған. Жабайы андар мен үй жануарларының мүйізі мен жілік сүйектері өңдеу материалы ретінде пайдаланылды. Жылқы мен сиырдың ұзынша сан жіліктерінен жүн өңдеуге арналған жылтыратқыштар, балалар бесігіне арналған жабдық (сувак) жасалған. Кәрі жіліктен көп мөлшерде тескіштер мен біз жасалған.

Құмтас пен граниттен жасалған қол диірмендер қазба жұмыстары кезінде ең жиі кездесетін олжалардың бірі болып табылады. Қол диірмендермен қатар диаметрі 1 метрден 1,5 метрге дейін жететін диірмен тастарының қалдықтары табылды, олар жегілген мал күшімен айналдырылған.

Тастан мейлінше алуан түрлі мақсаттағы, салмағы 5 кг, ұзындығы 30 сантиметрге дейін болатын ірі келсаптардан ұсақ келсаптарға дейін жасалды. Ірілері кенді ұсақтау үшін пайдаланылған, олар әдетте темір балқытылатын шұңқырлармен бірге кездеседі. Үккіштер - құмтастан, кварциттен диаметрін әр

түрлі етіп жасаған тас ядролар көп кездесетініне қарағанда, шаруашылық пен тұрмыста кең қолданылған, мысалы, құйма компоненттерін жағу, топырақты үгу үшін пайдаланылған. Пішіні мен көлемі әр түрлі қайрақ тастар олжалардың ең көп тобы болып табылады. Тастан жасалған бұйымдардың ерте заманнан келе жатқан, бүкіл орта ғасырлар дәуірі бойы өз сипатын сақтап қалғанын атап өтуге болады.

Өкініштісі, тоқымашылық, кілем тоқу, теріден бұйымдар жасау сияқты кең таралған қолөнер бұйымдары өте аз сақталған. Қалаларда мата тоқыған тоқымашылардың болғанын ұршықбастардың, сәкілерден маталар іздерінің, мақта көрпелер қалдықтарының, жанып кеткен ірі мақта-мата кездемелер жыртындыларының табылуы дәлелдейді.

Түркістан қалалары мен Қазақстан далалары арқылы Орта Азия мен Ресейдің сауда қатынастарының қалыптасуы нәтижесінде Қазақстан қалаларының экономикалық дамуы транзиттік саудадағы жаңа құбылыс болды.

Орыс мемлекеті Орта Азиядан мақта-мата, мақта, жібек шикізатын, асыл тастар, Шығыс қаруын алды. Қытай тауарлары Ресейге Орта Азия арқылы түсіп отырды. Қазақстан мен Орта Азияға Ресейден шұға, атлас, айна, аң терілері, күміс әкелінді.

Сауда керуендері Қазақстанның Созақ, Қарашоқ, Түркістан қалалары арқылы жүріп өтетін еді. Рузбихан Сығанақты Дешті қыпшақтың сауда айлағы деп атайды. Шығыс тарихшыларының деректерін археологиялық зерттеулер де растап отыр. Отырар, Түркістан, Сайрам қала жұрттарынан XVI-XVII ғасырлардағы қытай селадоны мен фарфоры табылды.

Халықаралық саудамен қатар Сырдария қалаларының көшпелі дүниемен дәстүрлі саудасы және жергілікті сауда жүргізілді. Даладан мал, тері, жүн, дайын бұйымдар әкелінген. Сырдария қалаларынан далаға астық, қала өнерінің өнімдері, мата апарылды.

Қалалар төңіректегі егінші және көшпелі халықты қажетті тауарлармен базар арқылы жабдықтап отырды. Қалалардың базарлары көшпелілердің жабылған қатарлары болатын. Дүкендер әдетте қолөнерші шебердің иелігінде еді және ол әрі шебер-хана, әрі сауда жасайтын орын болды. Түркістан қаласында дүкендер болғанын Ахмет Яссауи кесенесінің вакф құжаттары мәліметтері растайды.

Халықаралық саудаының және қалалар мен өнердің арасындағы, жекелеген Сырдария қалаларының арасындағы сауданың мөлшері туралы негізінен Отырарды, Түркістанды қазу жұмыстарынан алынған нумизматикалық материал бойынша білуге болады. Отырардан мыс теңгелердің көптеген олжалары шықты, оларды екі топқа бөлуге болады. Біріншісіне Яссы (Түркістан) мен Ташкентте соғылғандары жатады. Екінші топ Орта Азия қалаларының (Бұхара, Самарқанд және басқалар) теңгелерін қамтиды. Ұсақ мыс тиындардың да Түркістан ақша сарайының німі болуы мүмкін. Оларда жазбалардың орнына керамика, ыдыста бейнеленген таңбаларға ұқсайтын әр түрлі белгілердің салынуы жиі кездеседі. Яссы қаласында Абдаллах II (1560-1583) әкесі Ескендір хан атынан күміс монеттер шығарылды. Бұл ханның екі монеті Раң қалашығын қазған кезде табылған.

Мыс теңгелердің басым бөлігі XVI ғасырмен мерзімделеді. Бұл кезеңде мыс қала саудасында маңызды рөл атқарған. Ал XVII – XVIII ғасырлардағы мыс монеттердің айналымдағы орны мәселесі нумизматикада аз зерттелген мәселелердің бірі болып табылады. Кейінгі ортағасырлық мыс теңгелердің нақты белгісі жоқ. Аниэпиграфтық теңгелер көп кездеседі. Олардың бір жағында аң, екінші жағында құс бейнеленген, аң бейнеленген кейбір теңгелердің екінші жағы тегіс.

Орта ғасырлардағы қала тұрғындарының өмірінде қосалқы егіншілікпен айналысу маңызды рөл атқарды. Олардың қала сыртында өңделетін жер телімі болып жазда соған көшіп барған. Бұл тұрмыс белгісі Қазақстанда бүкіл орта ғасырлар бойында сақталып қалды. Егіншілік пен мал шаруашылығы ауылдық қоныс тұрғындарының негізгі кәсібі болды. Жазбаша деректемелерде бірінші кезекте халықты сумен жабдықтаған және егістікті суаруға пайдаланылған арналар аталады.

Түркістан қаласы бай егіншілік өңірінің орталығы болды. Сауран төңірегінде XVI ғасырда суландырудың кәріздік жүйесі жұмыс істеген, оның қалдықтары тауылып зерттелді. Отырар, Отырар алқабы XV-XVII ғасырларда суды Темір арық жүйесінен алып отырған, оның басы қазіргі Шәуілдірден 10 км жоғарыдағы Арыстан басталған. Ортағасырлық жазба деректерде түрлі суармалы арықтар туралы айтылады.

Бұл уақыттағы қалалық мәдениеттің маңызды белгісі оның

дәстүрлілігі болып табылады. Қалаларда ертеректегі жоспарлар сақталды. Басты көшелердің тығыз торабындағы махалла ішіндегі тұйық көшелер жүйесі өзгермейді. Махаллалар өз кескіні мен шекарасын сақтап қалады.

Интерьердің өзгеруі айқын байқалады. Күйдірілген кірпіш кең пайдаланылған үйлер бар, тандырдың аузын әрлендіру үшін арнайы керамикалық жұқа кірпіштер қолданылады. Қалаға көрік беріп тұрған қоғамдық құрылыстар арасында мешіттер, моншалар бар.

XVI-XVIII ғасырларда Қазақстан мен Орта Азияның бөлшектенуі күшейді, өзара соғыстар жалғасты, кейбір қалалар қаңырап қалды. Мұның бәрі шаруашылықтың құлдырауы мен тоқырауына әкеп соқтырды. Бірақ сауда мен қолөнер кәсіпшілігі көлемінің қысқаруына қарамастан қолөнершілер өздерінің жоғары кәсіби шеберліктерін сақтап қалды. Ұзаққа созылған дағдарысқа қарамастан оңтүстік қалаларының дамуындағы өзіне тән ерекшеліктер сақталып қалды. Кейінгі ортағасырлық Түркістан, Отырар, Сауран, Сайрам, Шымкент, Қараспан, Созақ және Сығанақ қалалары қазақ хандығы мен қазақтардың экономикалық және мәдени өмірінде орталықтар міндетін атқарды.

## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Еліміздегі егіншілік пен отырықшылық үшін қолайлы аудандарға қай жерлер жатады?
2. Шу және Талас өзендері алқаптарындағы ерте ортағасырлық қала жұрттарының топографиялық ерекшеліктері бар ма?
3. Оңтүстік-Батыс Жетісудың қала жұрттарына сипаттама жазыңыз.
4. Целла қандай құрылыс ғимараттарының сиыну орны?
5. Ерте ортағасырылық қала жұрттарының қорғаныс дуалдарын құруда қандай техника кең қолданылған?
6. Ерте ортағасырлардағы қорғаныс дуалдарының қалыңдығы бірдей болған ба?
7. XI-XII ғғ. қалалардың аумағының қайсы бөлігі есебінен ұлғаяды?
8. Отырардағы XI-XII ғасырларға жататын екі монша оның қайсы бөлігінен табылды?
9. Қандай саясат XIII ғ. соңына қарай Іле алқабының көшпелі мал шаруашылығы ауданына айналуына алып келді?

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Авдусин Д.А. Полевая археология. - М., 1980
2. Авдусин Д.А. Основы археологии. - М., 1989
3. Акишев К.А. Курган Иссык. М., Искусство, 1978.
4. Акишев К.А. Искусство и мифология саков. - Алма-Ата, 1984.
5. Акишев К.А., Байпаков К.М. Вопросы археологии Казахстана. - Алма-Ата, 1979.
6. Акишев К.А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б. Древний Отрар. - Алма-Ата, 1972.
7. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрар. - Алма-Ата, 1981.
8. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII-XV вв. - Алма-Ата, 1987.
9. Алпысбаев А.Х. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. - Алма-Ата, 1979.
10. Амальрик А.С, Монгайт А.Л. Что такое археология. М.,1966
11. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречъя (VI-XIII в.в.) - Алма-Ата, 1986.
12. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом Пути. - Алматы, 1998.
13. Байпаков К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары. - Алматы, 2005
14. Байпаков К.М., Н.Алдабергенов. Отырар алқабы. - Алматы, 2006
15. Байпаков К.М., НұржановА. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. - Алмағы, 1992
16. Байпаков К.М., Смағұлов Е.А. Ортағасырлық Сауран шаһары - Алматы, 2005
17. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. Учебное пособие. - Алматы, 2006
18. Байпаков К.М., Таймағамбетов Ж.К., Жумағанбетов Т. Қазақстан археологиясы. Оқу құралы. - Алматы. 2006.
19. Батыс Қазақстан облысының археологиялық картасы. Ақтөбе, 2009
20. Брей У., Трамп Д. Археологический словарь. - М., 2004
21. Вишняцкий Л.Б. Палеолит Средней Азии и Казахстана. – СПб, 1996.
22. Гарден Ж.К. Теоретическая археология. - М., 1983.

23. Генинг В.Ф. Объект и предмет науки археологии. - Киев,1983.
24. Грязнов М.П. Первый Пазырыкский курган. – Л., 1950.
25. Грязнов М.П., Аржан. Царский курган раннесакского времени. – М., 1980.
26. Елеуов М. Археологиялық зерттеулердің әдістері. – Түкістан. 2006.
27. Зайберт В.Ф. Атбасарская культура. – Екатеринбург. 1992.
28. Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. – Петропавловск. 1993
29. Зданович Г. Бронзовый век урало-казахстанских степей. – Свердловск. 1988.
30. Евдокимов В. Историческая среда эпохи бронзы степей Центрального и Северного Казахстан. – А., 2000.
31. Евдокимов В.В., Варфоломеев В.В. Эпоха бронзы Центрального и Северного Казахстана. – Алма-Ата, 2002.
32. Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. А., 1992.
33. Каменецкий И.С., Маршак Б.И., Шер А.Я. Анализ археологических источников. – М., 1975.
34. Клейн Л.С. Археологическая типология. – Л., 1993
35. Клейн Л.С. Археологические источники. – СПб., 1999
36. Клейн Л.С. Принципы археологии. – СПб., 2001
37. Клейн Л.С. Введение в теоретическую археологию: Книга 1 Метаархеология. Учебное пособие. – СПб., 2004
38. Литвинский Б.А. Древние кочевники «Крыши мира». М., 1972
39. Маргулан А.Х., Акишев К.А. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966
40. Маргулан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979
41. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1966
42. Мартынов А.И., Шер А.Я. Методы археологического исследования. – М., 2002
43. Массон В.М. Страна тысячи городов. М., 1966
44. Мезолит СССР. //Археологич СССР. М., 1989
45. Монгайт А.Л. Археология Западной Европы. Каменный век. – М., 1973

46. Монгайт А.Л. Археология Западной Европы. Бронзовый и железный века. – М., 1974
47. Палеолит СССР. //Археологич СССР. – М., 1984
48. Предмет и объект археологии и вопросы методики археологических исследований. – Л., 1975
49. Проблемы абсолютного датирования в археологии. – М., 1972
50. Подушкин А.Н. Арысская культура Южного Казахстана. Туркестан., 2000
51. Самашев З.С. «Шаманские сюжеты петроглифов Казахстана (к изучению мировоззрения древнего населения). //Вопросы археологии Казахстана. Алматы-Москва, 1998.
52. Самашев З.С., Фаизов К.Ш., Базарбаева Г.А. Археологические памятники и палеопочвы Казахского Алтая. - Алматы, 2001.
53. Средневековые города Казахстана. - Алматы 2006
54. Таймагамбетов Ж.К. Палеолитическая стоянка им. Ч.Ч. Валиханова. - Алма-Ата, 1990.
55. Таймагамбетов Ж.К., Нохрина Т.И. Археологические комплексы пещеры Караунгур (Южный Казахстан). - Туркестан, 1998
56. Технология производства в эпоху палеолита – Л., 1983
57. Фаган Б., Де Корс К. Археология. В начале. - М., 2007

## ҚОСЫМШАЛАР

## АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК

**АНАЛОГИЯ,** археологиялық заттардың ұқсастығы туралы тұжырым жасау әдісі. Аналогиялар іздеуде заттардыҢ сыртқы (пішіні, технологиясы) ұқсастығына қарағанда олардың белгілерінің ұқсастығына көбірек мән беріледі. [грек-сәйкес]

**АНТРОПОГЕН** - геологиялық тарихтың неогеннен кенін тұратын ең соңғы төрттік кезеңі, кайнозой эрасына кіреді. Адам тіршілігі кезеңі. Соңғы мәліметтер бойынша гоминидтер шамаман 5,5-5 млн. жыл бұрын пайда болған және шамамен 2,6 млн жыл бұрын тас еңбек құралдарын жасай білген. [грек. antropos және genus ]

**АҢ СТИЛІ,** бұғы, қой сияқты кейбір жануарлардың және аңдардың бейнелері.

**АЛЛЮВИЙ,** ағын судың әрекетімен пайда болатын малта тас, қиыршық құм, саздан тұратын төгінді қатары. Ағын судың арнасындағы кесектер ағып бара жатып бір-біріне, өзеннің түбіне, жағаларына үйкелуден жұмырланады, ал шөккенде мөлшеріне қарай ыңғайласады. Аллювий өзен жайылмасына, жағаларына, әсіресе сағасына жиналады. [лат. alluvio]

**АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕН,** археологиялық нысандардың жиынтығы. Археологиялық кешендер ашық және жабық болып бөлінеді. Жабыққешендерге заттар бір уақытта түседі (көмбе, жерлеу саймандары, тосаттан қираған ғимараттардан табылған бұйымдар). Ашық кешендер ұзақ уақыт бойы қалыптасады.

**ГАРПУН,** сүйектен немесе металдан жасалған атқыш құрал, Ұшының бір қапталында немесе екі қапталында тістері болады

**ДЕЛЮВИЙ,** құрамы сазды, құмды немесе лесс тәрізді болып келетін жел қағып, жаңбыр және еріген қар суларының шаюы нәтижесінде үстірт етегінде қалыптасқан шөгінді қатары. [лат. deluer]

**ДЕНДРОХРОНОЛОГИЯ,** датировка ағаштың жылдық сақинасы жәрдемінде мерзімдеу; сақинаның қалыңдығы жауыншашынның көлеміне және бақа табиғи факторлерге байланысты болады.

**ДИАДЕМА,** әшекейлері бар теріден жасалған бас киім; қымба бағалы металдан жасалған тәж.

**ДОЛЬМЕН,** үсті жалпақ таспен жабылған алып тастар түуріндегі қола және ерте темір ғасырының жерлеу құрылыстары. [бретон. tol - стол, men - тас]

**ДОМЕСТИКАЦИЯ,** жабайы жануарларды қолға үйрету.

**ДРОМОС,** жерлеу құрылысын салу кезінде арнайы қазылған жер асты дәлізі.

**ДЮНДЕР,** жел айдап жылжып отыратын су жағасындағы құм төбелер. Олар желдердің әсерінен жылына бірнеше метрге көшіп отырады. Бір бағытта соғатын желдің әсерімен олар ық жақ беткейі тік болып келетін ұзын үйінді тәрізді болып келеді. Дюндер мұхит, теңіз, өзен және көл жағаларында кездеседі (Балтық бойында, Оңтүстік Украина, Байкал, Енисей, Об, Ертіс, Волга бойларында, Балқаш, Арал төңірегінде). [Нем.dune].

**ИНДУСТРИЯ,** тасты өңдеу мен тас еңбек құралдарын даярлаудың нақты, тұрақты қайталану ұсылдары.

**ИНКРУСТАЦИЯ,** бұйымдарды басқа материалдарды қолдану (перламутр, мрамор, ағаш, сүйек және т.б.) немесе бағалы тастарды қондыру арқылы әшекейлеу.

**КАТАКОМБА,** мола шұңқырының қапталынан ойып қазылған арнайы жерлеу құрылысы

**КЕНОТАФ,** мәйітсіз қабір.

**КРЕМАЦИЯ,** өлген адамның денесін өртеу.

**ЛЕСС,** кварц, әктас және тағы басқа да шаң тәріздес өте майда минералды майда бөлшектерден тұратын жұмсақ, үгілгіш сарғыш түсті сазды тау жынысы. Бағзы замандарда жел ұшыруы нәтижесінде қатпарланып шөгіп қалған лесстың қалыптасуы құрғақ және суық климатпен байланысты, оның қатпарларының пайда болуы мұздық кезеңнің әр түрлі сатыларына сәйкес келеді. Лесс қатпарлары көбінесе палеолит тұрақтарын басып жатады, оның қатпарларында сол кезеңнің еңбек құралдары кездеседі. [Нем. löss- қопсыңды, жұмсақ]

**МАКРОЛИТ,** ірі тас құралдар. [грек. macros және lithos]

**МӘДЕНИ ҚАБАТ,** адамдардың тіршілігі нәтижесінде пайда болған топырақ қабаты. М.қ. тұрғын үйлердің және шаруашылық қора-жайларының қалдықтарын, заттар және қоқыстарыды өз ішіне алады. Қабаттар түсі, құрылымы және құрамы бойынша ерекшеленеді.

**МЕАНДР,** сынық сызықтар түріндегі нағыс.

**МЕГАЛИТТЕР,** үлкен тастардан құрастырылып салынған ежелгі ғимараттар.

**МЕНГИРЛЕР,** ұзындығы жүздеген метр немесе бірнеше километрге жететін бір қатар тізбекті құрайтын тіке қойылған ұзын (1-4 м) тас бағаналар, кейде нағыстар және суреттермен әрнектелген. [бретон. Men - тас, hir - ұзын]

